Бірақ, маған дәл қазіргі таңда тәрбиелеу деген сөзден гөрі, «баулу», «сезімін ояту» сөздері көбірек ұнайды. Білім мен тәрбиені қатар бере жүріп, күнделікті алған ақпараттарынан олардың қаншалықты сезімінің оянғанын білу - мен үшін маңызды. Осы орайда, балаларды телефоннан ажыратпай, телефонды қажетті жағдайда пайдалана білуді үйрету мақсатында «Туған елге тағзым жобасын» бастап кеттік.

Жобаның мақсаты: «Бір ел – бір тағдыр» дегенді жастардың санасында қалыптастыру

Жобаның міндеті:

1. Түрлі мәдени орындарға саяхат жасату,
2. Тарихи тұлғалармен кездесу арқылы болашаққа қадамдарын анықтауға үйрету, машықтандыру;
3. «Мен тұратын көше» жобалар сайысын ұйымдастыру

Осылар арқылы «Үштік Одақ» жұмысын жандандыру;

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығында «Мемлекеттік рәміздер - ұлттық мақтанышымыз» атты Астана қаласы бойынша эссе сайысын өткізіп, сайыс жеңімпаздарына Жандарбек Мәлібекұлымен кездесуде, ұлы тұлға қолынан мақтау қағаздары тапсырылды.

Биылғы оқу жылында балалармен бірге «Анаға апарар жол» көркем фильмін қарап, 2 қыркүйек күні Әділ Ахметовпен кездесу өтті.

Тарихи - танымдық саяхаттарды Астанаға жақын жердегі Алжир мен Карлагтан бастадық.

Осы жолдан балалардың алған әсерлерін көрсететін ойтолғауларымен таныстырып өтсем:

Рахымбедиев Хамза: Мен қалалық «Ұлттық рәміздер - мақтанышым» атты сайысқа қатыстым. Мен өз эсседе әкемнің машинасының алдында тұратын көк байрақты мақтан тұтатынымды жаздым. Осы сайыстың қорытындысында мемлекеттік елтаңба авторы Жандарбек Мәлібекұлынан бас жүлдені жеңіп алғанымды естігенде, айғайлағым келді. Жандарбек Мәлібекұлы алып денелі

екен. Менің қолымды қатты қысып, балам дегенде, мен бір батырдың қасында тұрғандай болдым. Сайысқа қатысқан балаларға орын емес, батыр тұлғамен кездескен үлкен әсер қалдырды, деп айта аламын. Осындай кездесулер көп болса екен.

Қалбиат Аман: Гүлназия Ұзақбайқызы киноны ата-аналарыңмен бірге қараңыз деді, қарадық. Анама бір қараймын, экранға бір қараймын. Ілиястың орнында болмағаным қатты қуандым. Тәуелсіз елге Қытайдан аман - есен келгенімізге қуандым. Қиындықты жеңе отырып, Астананың төрінде бізді оқытып жатқаны үшін, ата-анам алғысым шексіз.

Құрбанбай Мөлдір: Менің мектеп қабырғасындағы жетінші алғашқы қоңырауым өте жақсы өтті. Сол күні біздің сыныпқа «Анаға апарар жол» киносында басты рөлде ойнаған елге танымал актер, Әділ Ахметов келді. Ол бізге өте көп өмір сабақтарын үйретті. Әділ аға маған өте қатты ұнады. Ол қайырымды, сыпайы және қарапайым көрінді. Біз секілді қарапайым оқушылармен ашық-жарқын сөйлесті. Сұрақтарға жақсы және нақты жауап берді. Өзінің нағыз патриот екенін дәлелдеді. Мен өскенде Әділ аға сияқты болғым келеді.

Зейнолла Әдемі: Мен мұражайға кірген бетте мұражайдың кіре берісіндегі қара раушан гүлге назар аудардым. Қара раушан гүлдің жоғарғы жағында темір тордағы ақ көгершіндердің бірі жаралы, бірі жоғарыға шығуға үмітті. Бұл композицияны Алжирдан толық түсінік алып шыққанда ғана түсіндім. Қайран аналар үміті..., ақталмағаны қатты толғандырды.

Байдильдина Аиданың естелігінде: Таңғы сағат 7.30 да Ұлттық мұражай алдына жиналған бізді, Карлагқа қарай автобус тап- тамаша алып келе жатты да, екі сағаттан соң жолда сынып қалды. Біз онша мән бере қоймадық. Автобус сол тұрғаннан төрт сағат тұрды. Келесі автобус Астанадан келіп, біз жолымызды әрі қарай жалғастырдық. Осы жолда біздер тамағымызды бөліп жеуді, сабырлық сақтауды, аз да болса үйрендік. Қарын ашқанның, тіпті судың қадірін түсіндік десем артық айтпаймын. Қарашаның суық күні алаш азаматтарының азапты жолдарының, азапты сәттерін аздап татқандай болдық.

Мектеп бойынша 1-жартыжылдықта жасалынған жоспарларға тоқталсам:

Алжирге- 54, Карлагқа-17, Астана қаласындағы мұражайларға - 245, тарихи киноға-150, тарихи қойылымдарға-120, мектепшілік іс шараға - 110, «Мен тұратын көше» жоба қорғау сайысына -70 (5-6 сыныптар бойынша) оқушы өз жобасын ұсынды. Мектеп бойынша 1572 оқушы болатын болса, осы жоба аясында 766 оқушы, яғни мектеп оқушыларының 49 пайызы қамтылып отыр. Мақтанышпен айта аламын мектебіміздің биылғы түлегі, Бисембайұлы Мирас - Қазақстан тарихынан республикалық олимпиаданың үш дүркін жіңіспазы, алтын және екі дүркін күміс медаль иегері. 2016-2017 оқу жылы бойынша Астана қаласының «100 ең үздік оқушысы» қатарында. 2016-2017 оқу жылында 6 сынып оқушысы Абдулла Әли мен 9 сынып оқушысы Ермахан Ерсұлтан «Үздік жас патриот» атағын алып, республикалық тұңғыш патриоттар съезіне қатынасып қайтты. Мектебімізде 2 жылдан бері жүйелі түрде қолға алынған,

Астана мектептерінің оқушыларына арналған «Әлихан Бөкейхан» олимпиадасының тұрақты ұйымдастырушысымыз.

Ұлтымыздың біртуар патриоты, батыр, жазушы - Бауыржан Момышұлы: «Үмітін жоғалтқан жан - ешқашан үміттеніп көрмеген жан» деген екен, менің үмітім - алдымдағы оқушыларымнан арғы жағы Көкбөрі бергі жағы 20 ғасырдың батыр ұлы Мұстафа Өзтүріктің бойындағы ізгі қасиеттерді оқушыларымның бойына дарыту.

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ибраева Лаура Құрақпаевна,
Астана қ., № 59 мектеп-лицейінің
«Өзін-өзі тану» пәні мұғалімі

«Рухани мұраға сүйенбеген елдің жұлдызы жанбайды» демекші, заман ағымы талап етіп отырған ата-бабаларымыздан қалған әдеби мұраларымызды, халқымыздың өсиетін, өнегесін дәріптеп, дәстүрін, таңғажайып тапқырлығын, олардан қалған ескірмейтін көне сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие беретіндей ғасырлар қойнауынан сыр шерткен асыл мұраларымызды рухани-адамгершілік білім беруде тиімді қолдану – «Өзін-өзі тану» пәні бастауы бұрыннан болған, біздің арғы ата-бабаларымыздан келе жатқан жақсы дәстүрлеріміздің жалғасы іспеттес деуге болады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мақсаты – адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау, адамдарға қолдан келгенше көмек беру, туыстарына және жақындарына қамқорлық көрсету, рухани-адамгершілік білім беру.

«Өзін-өзі тану» пәнін өткізетін мұғалім сыныптағы барлық оқушыға бір деңгейде қарамауды басты нысан етіп алуы тиіс. Олардың әрқайсысы бір-біріне ұқсамайтын ерекше тұлға екенін, әр баланың ақыл-парасатын, білімін, мінез-құлқын, қабілетін, қызығушылығын, дарыны мен талантын терең зерттей білуі қажет. Өзін-өзі тануды жеке пән ретінде 1-11-сыныптардың әрқайсында аптасына 1 сағаттан оқыту белгіленген. Оқу материалдары жүйеленіп барлық сыныптарда 4(төрт) тарау бойынша беріледі.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мектепте өтілетін басқа пәндерден бірқатар өзгешеліктері бар. **«Өзін-өзі тану» пәнінің ерекшелігі** – сабақ барысында мұғалім тақырыпты өткенде әртүрлі іскерлік ойындарды, психологиялық жағдаяттарды қолдана отырып, әр оқушы өз ойын еркін айта алатындай, жеке мені, өзіндік көзқарасы айқындалатын атмосфера қалыптастыру.

Бағдарламаның мазмұны төмендегідей оқытудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асырылады: «Тыныштық сәті», «Үй тапсырмасын тексеру», «Дәйексөз», «Мұғалім сыйы», «Шығармашылық жұмыс», «Сергіту сәті», «Ойын», «Топпен ән айту», «Үйге тапсырма», «Соңғы тыныштық сәті».

Әрбір сабақта төмендегідей негізгі үш мәселе ескерілуге тиіс:

- сабақтың тақырыбын балалардың түсінуіне және оған өзіндік көзқарасын жағымды эмоциясымен байқатуына кол жеткізу;
- адамгершілік ережелер мен құндылықтар жөніндегі ұғымдарды балалармен бірге нақтылай отырып бекіту;
- бала бойында тек жақсылық жасауға деген ниет, ынта-ықылас туғызу, өзі өмір сүретін ортада жағымды эмоциялық ахуал қалыптастыру.

«Өзін-өзі тану» пәні басқа пәндерден алған білім мазмұнын толықтырып, адам баласын адамгершілікке, мейірімділікке, кішіпейілділікке баулитын пән. Бұл пәннің әрбір сабағы балаларды достыққа, сыйластыққа, әсемдікке, әдептілікке шақырады. Себебі: күнделікті сабақта «Нұрға бөлену» сәтінен яғни, «Тыныштық сәті» - балаларға күн сайын бірнеше минут «тыныштыққа бой алдыра» білу өте маңызды. Бұл әрекетті кез-келген жерде және кезкелген уақытта жасап көруге болады. Балалардың ыңғайлы жағдайда отыруын ескертіп, қадағалап отыру керек. Арқаны тік ұстап еркін отырады. Бүкіл денені босаңсытып, қолды тізеге қояды. Ойды ізгілік күйге бейімдеу дегеніміз өзіне және жақындарына іштей игі тілек білдіру болып табылады. Толық тыныштықта баланың жүрек соғу ырғағы мен тыныс алуы реттеледі, денесі жеңілденеді. Ол өз ойын жинақтай алу мүмкіндігіне ие болады, өзінің сезімі мен көңіл-күйін жақсы сезінеді. «Дәйексөз» — балалардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу материалын эмоционалды-бейнелі қабылдауына ықпал ететін өзін-өзі тану сабақтарының міндетті элементі болып табылады. Сабақтың дәйексөзі ретінде мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, афоризмдер алынады. Дәйек сөз ретінде алынып отырған халық мақал-мәтелдері, нақыл сөздер сабақта айтылатын негізгі ойды білдіреді. Мәнін түсіндіре отырып, сабақтың тақырыбын ашу, әңгімелесе отырып мәтінді түсіндіру, осы кезде мұғалім сыйын ұйымдастыруға болады. Сабақтарды ұйымдастырудағы ең маңызды кезеңнің бірі «Мұғалім сыйы» - балалардың тақырып мазмұнын түсінуіне мүмкіндік беретін дидактикалық тәсілдің сұрақтар мен жауаптар түріндегі қарым-қатынас нысаны. Балалар әңгімелесу әдісі арқылы тақырыптың мазмұнын саналы түрде меңгереді.

«Әңгімелеу» - балалардың көркем әдебиет шығармаларын, өмірдегі жағдаяттар, өсиет-әңгіме, өлеңдерді, күнделікті тұрмыста кездесетін жеке

әрекет-қылықтарын тыңдауда жетекші рөл атқаратын маңызды әдістердің бір түрі.

- Бала шығарма арқылы адам бойында болуға тиіс құнды қасиеттермен танысып, негізгі ойды түсінуге үйренеді.
- Бала адамгершілік жөнінде жаңа ережелер мен ұғымдарды түсініп, бойына сіңіреді.
- Шығармадағы кейіпкерлер бойындағы түрлі қасиеттер туралы түсінік алып, олардың жақсы немесе жаман екенін талдауға үйренеді.

Мұндай әдеп әңгімелерін тұрақты жүргізу балаға қоршаған ортадағы болмысты тани түсуге қызығушылық тудырып, өз тарапынан ұсынысын, ойын байқатуға жетелейді.

Шығарма, әңгімелерді кідіріспен, сахналау элементтері арқылы мазмұндап айту түрлерін қолдануға да болады. Бала мұғалімге айтады:

- Егер айтып берсең, ұмытамын.
- Егер көрсетсең, мүмкін есіме сақтаймын.
- Егер еліктіре тартсаң, расымен ұмытпаймын, - деген сөзін ескере отырып, әр сабағымды түрлендіріп өткіземін.

Оқушылардың «Өзін-өзі тану» пәні бойынша білім сапасын бағалау бағдарламада белгіленген оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар негізінде жүргізіледі. Бұл талаптар оқушылардың өмірде жалпы адамзаттық құндылықтарға сүйенуге талпыну және қоғамға қызмет ету дағдыларын жетілдірудегі танымдық әрекеттерін дамытуды саралауға (мониторинг) қызмет етеді. Адамгершілік-рухани білім беру ерекшеліктеріне сай сандық емес, сапалық бағалау маңызды, сондықтан әр жартыжылдық қорытындыда «сынақ» деген баға қойылады. Оқушы деңгейіне қойылатын талаптардың жалпы көлемінің кем дегенде 2/3 бөлігіне сай өз жетістігін көрсете алса, оған «сынақ» деген баға қойылады.

Қорытындылай келе, «Өзін-өзі тану» сабақтарында баланың адамгершілік сезімдері, эмоциялары, өзара қарым-қатынас туралы түсініктері кеңейеді. Балалар үлкендермен және құрбыластарымен жағымды қарым-қатынас жасау мәдениетіне қол жеткізеді, адамгершілік құндылықтар мен адами қасиеттердің мәнін терең түсінеді, оның Отанына, отбасына, жақын адамдарына, қоршаған табиғатқа, жалпы өмірге деген сүйіспеншіліктері артады.

Нағыз ұстаз бейнесін Әбунасыр әл-Фараби сөзімен түйіндесек: «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал болмауға да тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өз ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан

барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшымен тас тесетін бейнебір су тәрізді».

Заман ағымы талап етіп отырған ата-бабаларымыздан қалған әдеби мұраларымызды, халқымыздың өсиетін, өнегесін дәріптеп, дәстүрін, таңғажайып тапқырлығын, олардан қалған ескірмейтін көне сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие беретіндей ғасырлар қойнауынан сыр шерткен асыл мұраларымызды білім беруде тиімді қолдану – «Өзін-өзі тану» пәнінің басты міндеті болмақ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БАСТАМАЛАРЫН ДАМУ

Ботагоз Қайратқызы Шапишева,
*Экономика, технология және тағам
өндірісін стандарттау колледжі
директорының тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары Астана қ.*

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсіну керек. Елбасы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешім.

Еліміздің білім беру саласының алдында тұрған басты міндеттерінің бірі-әлемдік қауымдастықта Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Осы бағытта біршама жұмыстар қолға алынды. Олардың ішінде:

- Білім берудің мазмұнын жоғарылату;
- Дәл, инженерлік ғылымдарға ерекше көңіл бөлу;
- Білім беру ұйымдары желісін дамыту;
- Оқу процесін жаңа технологиялармен жабдықтау;
- Білім беру орталықтарын материалдық-техникалық жабдықтау;

Аталған міндеттер кәсіптік-техникалық білім беру саласына үлкен жауапкершілікті жүктейді. Кәсіптік білім беру мекемелеріне еңбек нарығы сұранысы мен жұмыс берушінің талабын қанағаттандыратын маман даярлау қажеттілігі туындайды. Білім берудің қазіргі заманғы негізгі мақсаты білім негізін беріп, білік пен дағдыны қалыптастырып, болашақ мамандық иесі болуға машықтандыру ғана емес, сонымен қатар, жеке тұлғаны дербес, әлеуметтік, кәсіби ұтымды шешімдер қабылдап, оны жүзеге асыра білуге даярлау болып табылады. Яғни, бүгінгі студент, келешек маман бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз Отанына қызмет етуге даяр тұлға болып шығуы тиіс. Қазір жедел ақпараттандыру мен жаһандандыру заманында «Отан сүйгіштік» деген сөздің жанында «Мемлекеттік тіл» деген ұғым қатар тұрмақ. Өскелең ұрпақты мемлекеттік тілімізді, еліміздің тарихын білуге, оны

құрметтеуге, студенттерді қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу оқытушылардың да негізгі міндеттерінің бірі.

Бүгінгі білім беру процесінде студентпен жеке жұмыс жүргізу арқылы дарындылықты дамыту, студенттің жеке зерттеу жұмысына танымдық белсенділік арқылы қызығуды қалыптастыру оқытушы үшін маңызды. Білім берудің ең негізгі, өзекті мәселесі - адамды жан-жақты етіп тұлғаландыру. Осы тұрғыда біздің колледж студенттерімен біршама жұмыстар жүргізіліп келеді. 2017 жылдың қараша айында колледждің 6 студенті Туркия Республикасының Анталия қаласындағы Туризм Академиясы базасында өткен 9 Халықаралық олимпиадаға қатысып, 3 студент бірінші, үшінші жүлделі орындарға ие болды. Сондай-ақ Астана қаласының Басқару колледжінің ұйымдастыруымен өткен «Заманауи ғылым: теория мен тәжірибенің өзекті мәселелері» атты студенттердің республикалық ғылыми-практикалық конференциясында колледждің 3 студенті, бірінші, екінші, үшінші жүлделі орындарға ие болды.

Интеллектуалды ұлт – ол ұлттық негіз, ұлттық рух, ұлттық болмыс. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қана тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, бұл жерде рух тазалығын тәрбиелеудің де маңызы зор. Ал оның түп негізінде инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту сұранысы тұр. 2017 жылдың қараша-желтоқсан айларында колледждің 2-3 курс студенттері «Астана дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі British Council «Ғылым қоры» АҚ-мен бірлесіп «Шеврон» компаниясының қолдауымен оқушылар мен студенттердің арасында өткен Science Stars ғылыми коммуникациясы ұлттық конкурсына өз жұмыстарын ұсынды.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев "Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту" еңбегінде қоғамдық сананы жаңғырту басты шарттарының бірі өзінің ұлттық мәдени-генетикалық кодын сақтау және іргелі негіз – патриотизм болып табылатындығын көрсетті.

Құндылықтар мен адамгершілік бағдарлар және патриотизм өзара байланыса отырып, ұлттық идеяны қалыптастырады.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасы төрт Кіші бағдарламалардан тұрады және әрқайсысын бағытталған мақсатқа қол жеткізу үшін:

- 1) «Тәрбие және білім» – жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу;
- 2) «Атамекен» - қазақстандықтардың азаматтық белсенділік пен жауапкершілік сезімін нығайту, кіші отан тағдырына араласу;
- 3) «Рухани Қазына»– сыйластық дәстүрлеріне, жер мен ел тарихына қызығушылықты жаңғырту;
- 4) «Ақпарат толқыны» – Бағдарламаны іске асыру барысы туралы халықты ақпараттандыру, азаматтардың қоғамдық мониторингі жүзеге асырылатын жобаларға қатысу үшін ақпараттық инфрақұрылымын құру.

Қоғамда жаңа экономикалық жағдайда еліміздің өркендеуі мен ғылымның даму ықпалы білім беру құрылымы мен мазмұны жетілдіру міндеті

қойылды. "Рухани жаңғыру" бағдарламасының «Тәрбие және білім» бағыты бойынша бәсекеге қабілетті, прагматикалық, мықты, жауапты, шығармашыл Тұлға - Біртұтас ұлттың жетістік іргетасы болып білімге деген табынушылық болып табылады. «Тәрбие және білім» бағыты үш базалық жобаларға бөлінеді:



Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз», - деп атап көрсетті. Осындай міндеттерді жүзеге асыру үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» бағытында Экономика технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі жеке тұлғаны дамытудың негізгі бағыты оның шығармашылық, белсенділік, ізгілендіру, зиялылық және өзіндік қадір-қасиет сезімін қалыптастыруға бағыт береді. Колледж техникалық және кәсіптік білім мазмұнын жаңарту мен колледж түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мақсатында үнемі ізденіс үстінде жүреді. Техникалық және кәсіптік білім мен әлеуметтік серіктестердің өзара әрекеті механизмін табысты дамытуда Астана қаласының жетекші кәсіпорындарымен өндірістік тәжірибені ұйымдастыру бойынша колледждің әлеуметтік серіктестіктермен келісім шарттары жетерлік.

2014 жылдан бастап колледж Республика көлемінде алғаш 1508000 «Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» мамандығы бойынша дуалды оқыту жүйесін енгізіп, эксперименталдық алаңға айналды. Дуалды оқыту жүйесін енгізудің арқасында колледж түлектері жұмыспен қамтылды.

Интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеу ісі терең білім, кәсіби алғырлық, жоғарғы біліктілік, ұлттық мүддеге қызмет ету, ел алдындағы парыз ұғымына сүйену, рухани құндылықтарға негізделген жасампаз күш аясына колледж студенттері WorldSkills конкурсының қалалық іріктеу сайыстарында жүлделі орындардың иегері болды.

Студенттердің жеке тұлғалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру бағытында тұлғаның өзін өзі бағалауы, өзгелерді құрметтеуі үшін іс-шаралар жүргізіліп тұрады. Атап айтқанда: «Шаттық -2017» байқауы және колледж мақтанышы «Жеті жұлдыз жастары» көңілді тапқырлар командасы Республикалық, қалалық жүлделі орындарға ие болып жүр. Колледж еріктілері «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы бойынша ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру, патриотизмге тәрбиелеу, үлкендерді сыйлау мақсатында «Аға ұрпаққа қамқорлықпен қарайық» жобасы аясында Қарттар үйімен жұмыс жасаймыз, қамқорлық

көрсетеміз. Колледж студенттері Слоу Фуд халықаралық жастар қозғалысын қолдаушылар.

Халықаралық қатынасты дамыту және колледждің стратегиялық даму жоспарын орындау аясында биылғы оқу жылында Түркия Республикасының Туризм Академиясымен студенттерге білім беруді бірлесіп жетілдіру және оқытушылар арасында тәжірибе алмасу мақсатында келісім-шарт жасалды. Сол сияқты 2017 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан және Ресей өңіраралық ынтымақтастығының XIV Форумына қатысу шеңберінде ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Ресей Федерациясына жұмыс сапарының қорытындылары бойынша *«Ресей оқу орындарымен кәсіби-техникалық білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайту бойынша шаралар қолдансын»* тапсырмалардың 1.6 тармағын орындау үшін және халықаралық қатынасты нығайту мақсатында 2019 жылы «Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» мамандығы бойынша Ресейдің Челябинскідегі ауылшаруашылық техникумымен бірлесіп кадрлар дайындау орталығын ашу туралы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Чебаркуль аграрлық орман шаруашылығы техникумымен білім беру аясында келісім шартқа отыру 2018 жылдың мамыр айына жоспарланған.

Ұлт Көшбасшысы, «Ел ертеңі - жастар» деп үнемі айтып қана қоймай, жастарға үкілі үміт пен мол сенім артып келеді. Мемлекет тарапынан бар жағдай жасап, жастарға кез келген шет мемлекетте оқуына тікелей ұйытқы болып отыр. Мұның бәрі - еліміз Қазақстанның жарқын болашағы үшін.

ИНТЕГРАЦИЯ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

Рахимова Айгуль Куандыковна,
*учитель русского языка и литературы
школы-гимназии №22 г. Астана*

В наш экономический и технический век внимание к воспитанию духовности и нравственности практически ослабевает на наших глазах. Вырастают целые поколения, вызывающие беспокойство в области нравственного воспитания. Общечеловеческие ценности, в основе которых лежат народные традиции, делают личность духовно богатой, внутренне свободной, независимой и одновременно социально зрелой, ответственной.

К вопросам духовности обращали свои мысли и идеи такие классики педагогики, как: Я.А. Каменский, И. Песталоцци, К. Ушинский и другие. Сегодня эта проблема не только не потеряла своей актуальности, но и стала, пожалуй, еще острее.

Я учитель русского языка и литературы, работаю в школе-гимназии №22. Наша школа является пилотной школой по НДО «Самопознание», поэтому самопознание у нас уже фактически вышло за рамки одного предмета и стало

постепенно переходить на другие учебные предметы и внеурочную деятельность. Это не просто уроки, а совместная деятельность и творчество, где учитель и ученики активно слушают, слышат, ищут возможные варианты решения и разрешения проблемных ситуаций.

Мы интегрируем в предмет «Самопознание» не только свои школьные предметы, но и воспитательную работу. Например, программа «Рухани жангыру», очень своевременная, точно показывает задачи духовно-нравственного воспитания.

У нас в школе сейчас действует большой проект «Жизнь замечательных людей». Состоящий из трех проектов.

Первый проект «Сто лиц- жизнь и судьба» благополучно завершился, достигнув своей цели, итогом его стал творческий сборник. Началась работа над вторым проектом «Сто лиц нашей школы-учителя». Эта творческая работа, в которой принимают участие ученики, родители, учителя и завершится он третьим проектом.

«Самопознание» - познание себя. И мы познаем себя. И это правильно, ведь прежде чем интегрировать самопознание в свой предмет, учитель сам должен знать себя, понимать себя и окружение, философию жизни, понимать внутренний мир ребенка.

Не секрет, что большинство учителей считают, что прежде всего, нужно преподать свой предмет, дать базовые знания.

Уважаемые коллеги, все вы знаете, что дети не могут одинаково хорошо знать математику, географию, язык и другие предметы. Но отличать добро и зло, сострадать и любить, понимать друг друга и себя они должны уметь.

Безусловно, мне повезло, моим урокам литературы и русского языка это подвластно, особенно литературы, так как это урок общения, а не только работа, это искусство, а не учебное занятие, жизнь, а не часы в расписании, своеобразный одноактный спектакль с несколькими явлениями, сотворчество двух моралистов – писателя и учителя.

Педагогика словесника – это педагогика экспрессии: «слово + чувство». Учитель идет к ребятам не только с темой урока, а со жгучей проблемой.

Предмет литература дает богатый материал для интеграции с самопознанием. На каждом уроке анализируются поступки героев. Оценивая персонажи, учащиеся оценивают и свою деятельность, осмысливают, изучают, анализируют свои мысли, слова и поступки, получают исчерпывающие определения таких общечеловеческих ценностей как добро, красота, свобода, смысл жизни, истина.

Благодатным материалом для этого являются эпические произведения, творчество классиков, например, Л. Н. Толстого, Ф. М. Достоевского, А. П. Чехова, М. Булгакова, Б. Пастернака и других.

Автор выступает и как писатель, психолог, философ, историк, и как Человек. Герои вместе с автором проживают взлеты и падения, любят и ненавидят, ищут смысл жизни и находятся в бездействии, находят Истину.

В данное время я работаю в среднем звене. Здесь на уроках литературы целый кладезь тем для интеграции в предмет. Использование мифов, притчи (этому способствует и материал учебника), прослеживание их отражения в литературе - благодатный материал для духовно-нравственного развития учащихся, например, целый раздел библейской мифологии. Например, «Притча о блудном сыне» и повесть А.С.Пушкина «Станционный смотритель». Доброе, гуманное отношение к людям независимо от их положения проповедует А.С. Пушкин в этой повести. Он не просто рассказывает о судьбе своих героев, а словно заглядывает им в душу и заставляет нас с вами прожить их жизнь, ощутить их чувства, предупреждает о возможных ошибках.

Тема сбившегося с пути и покаявшегося затем человека актуальна в любое время и для любого возраста. «Как вы хотите, чтобы люди поступали с вами, так поступайте и вы с ними», - сказал когда-то Иисус.

Как вы понимаете эти слова? Как их можно соотнести с повестью «Станционный смотритель?». Завершается работа развернутым ответом на вопрос: «Можно ли финал повести назвать счастливым?»

Анализируя поступки героев, составляем сравнительные таблицы, выявляя истинное и ложное в поведении героев, ценности, выбираемые героями и учениками.

Я предлагаю вам интеграцию на примере того как интегрируется предмет «Самопознание» в литературу на примере одного урока.

Тема урока: «Дедушка, внук Филька и раненый конь». К. Г. Паустовский. «Теплый хлеб».

Ценность: Праведное поведение.

Качества: справедливость, выполнение долга в семье, в школе, Родине.

Методы и приемы: мозговой штурм, беседа, работа в группах, анализ высказываний, работа с притчей, с цитатами.

На этом уроке слово «теплый» является ключевым: теплое слово, погода, отношение, хлеб. Дарим тепло... Подарите тепло друг другу (прикосновение, взгляд, слово)

Цитата урока:

*Ветер жизни иногда свиреп,
В целом жизнь, однако, хороша,
И не страшно, когда черный хлеб,
Страшно, когда черная душа.*

Омар Хайям

Как вы понимаете эту цитату?

Работа в группах.

Каждая группа получает лист с заданиями.

1 группа. Дед Панкрат (Истина)

2 группа. Бабка (Покой)

3 группа. Конь (Ненасилие)

4 группа. Филька (Любовь)

Задания группам:

1. Анализируя слова, действия и поступки героев сделать выводы, как через ту или иную общечеловеческую ценность пришли они к праведному поведению.
2. Показать путь героя с начала произведения до финала
3. Показать связь между героями.
4. Как вы считаете, кто является, по вашему мнению, главным героем сказки и почему?
5. Заполняется оценочный лист

На самопознании и уроках литературы основной метод – беседа. На уроках языка имеем дело с языковым материалом, который подбирается соответственно нравственно-духовным ценностям. Это могут быть работа с упражнениями учебника, синтаксические пятиминутки.

Например: синтаксическая роль глаголов в неопределенной форме.

1. Любить только себя – жить в одиночестве (подлежащее и сказуемое).
2. Человек всегда мечтает достать до звезды рукой (дополнение)
3. Каждый хочет получить возможность мечтать (определение).

Учащиеся объясняют смысл пословиц, определяют, о каких общечеловеческих ценностях идет речь.

Графический диктант. Составить схемы предложений.

Самое прекрасное на земле слово – мама, и оно звучит на всех языках мира одинаково нежно.

У мамы самые добрые и ласковые руки, они всё умеют.

У мамы самое верное и чуткое сердце, потому что в нём никогда не гаснет любовь.

Записать предложение, расставить знаки препинания, составить схему.

Если ты с детства не научился смотреть в глаза матери и видеть в них тревогу или покой, мир или смятение, ты на всю жизнь останешься нравственным невеждой.

Учебный материал литературы и русского языка дает большие возможности для работы с общечеловеческими ценностями, для воспитания гармонично развитой личности. Позволю себе напомнить некоторые методические приемы, педагогические средства, научно-методические принципы интеграции самопознания и уроков русского языка и литературы:

Совместные обсуждения ситуаций. «Мозговые атаки» (мозговой штурм)

Работа в микрогруппах, парах;

Имитационные, ролевые, развивающие игры;

Комментирование мыслей;

Чтение произведений;

Работа с текстом;

Защита проектов;

Упражнения;

Инсценирование;

Метод направленного воображения (творческое рассказывание);

Кластер;

Создание ситуации успеха.

Роль педагога заключается в том, чтобы способствовать развитию способности ребенка, осознавать себя личностью во взаимоотношениях с другими людьми и миром в целом, осмысливать свои действия, прогнозировать и оценивать свои результаты, развить самостоятельность, инициативу, творческий потенциал. Очень важно взаимопонимание ученика и учителя. Ученик должен быть уверен в искренности учителя. А учитель должен проявить интерес к личности УЧЕНИКА. И на помощь ему приходит ЕГО ВЕЛИЧЕСТВО УРОК.

И тогда нам, учителям, никто не скажет: «Вы не воспитываете детей в школах, вы их неправильно учите». Никто не будет упрекать наше подрастающее поколение в бездушии и безнравственности. Ведь, помните, Гесиод еще в 8-7 вв. до н.э. в своей поэме «Труды и дни» написал, что придет конец нашему железному поколению тогда, когда: « ...Совесь и Стыд, закутавшись в белые одежды, уйдут от нас на вершину Олимпа...». Но я уверена, что Совесь и Стыд, Любовь, Истина и другие нравственные ценности есть у наших детей, и у нас есть стимул для работы.

Нравственно-духовное образование позволяет нам педагогам утвердиться в истине, что ученик в процессе обучения обретает духовную и душевную целостность.

С. А. Назарбаева говорит в своей книге «Путь к себе»: «Без духовной любви всякое обучение бесполезно». Приведя своих учащихся в страну. Любви, вместе двигаясь Дорогою Добра, мы сможем достичь поставленных перед собою задач».

Прав был Платон, сказав: «Какими дети рождаются, это ни от кого не зависит, но чтобы они путем правильного воспитания сделались хорошими, - это в нашей власти».

Литература:

1. Брозголь Т.А., Часовских И. Я., ГУ«Гимназия «Самопознание»», ННПООЦ «Бобек», учителя русского языка и литературы, г. Алматы.
2. Источник: журнал "Справочник классного руководителя" № 10–2015
3. Назарбаева С.А. Этика жизни – Алматы, 2001.
4. Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Методика преподавания дисциплины «Самопознание» в школе. Учебно-методическое пособие для учителей.- Алматы: ННПООЦ «Бобек», 2013.-96 с. «Самопознание» и другие учебные предметы возможности интеграции содержания и методов обучения.

**«Педагогикалық идеялар панорамасы» диалог алаңының
жұмыс қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫМДАР**

29.01.2018 ж.

Астана қ.

2018 жылдың 29 қаңтар күні Республикалық іс-шаралардың Желілік кестесіне сәйкес ҚР Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласының негізгі ережелерін түсіндіру бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы Акционерлік қоғамы Филиалы Астана қ. бойынша педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтымен бірлесіп **«Педагогикалық идеялар панорамасы» диалог алаңын** өткізді.

Талқылауға барлығы 72 адам қатысты: "Рухани жаңғыру" қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Республикалық штаб өкілдері, Астана қ. Білім басқармасының Білім беруді жаңғырту орталығының әдіскерлері, мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарының, қоғамдық бірлестіктер мен қозғалыстардың жетекшілері және педагогтері, оқушыларға қосымша білім беру ұйымдары, "Өрлеу" БАҰО" АҚФ Астана қ. бойынша ПҚ БАИ кафедраларының оқытушылары мен бөлім мамандары.

Диалог алаңының жұмыс барысында басты басымдықтар ҚР Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласындағы инновациялық идеялар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Туған жер» арнайы жобасының «Отаным - тағдырым» базалық бағытын жүзеге асыру жүйесінің контекстіндегі өскелең ұрпақты рухани-адамгершілікке және патриоттыққа тәрбиелеуді ұйымдастыру бойынша озық педагогикалық тәжірибелер мен шешімдер қарастырылды.

Диалог алаңының қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар әзірленді:

Астана қ. Білім басқармасының Білім беруді жаңғырту орталығына:

1. ҚР Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласын және «Туған жер» арнайы жобасының негізгі ережелерін іске асыруда қалалық білім беру ұйымдарында дөңгелек үстел, семинарлар, конференциялар, пікірталастар, ашық сабақтар өткізуге ғылыми-әдістемелік жағынан көмек көрсету.
2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі ережелерін іске асыруда жас педагогтерге кеңес беруді жүзеге асыру және үнемі әдістемелік қолдау көрсету.
3. ҚР Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласын және «Туған жер» арнайы жобасын сайттар, ақпараттық стендтер және т.б. арқылы таратуға ақпараттық сүйемелдеу жасау бойынша жұмыстарды жандандыру.

4. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы идеясын білім беру процесінде практикалық тұрғыда жүзеге асыру бойынша педагогтердің тәжірибелерін жинақтау және тарату.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың тиімділігін ашу үшін білім беру ұйымдарының басшыларына:

1. ҚР Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласын және «Туған жер» арнайы жобасының идеяларын талқылау бойынша педагогтермен жүйелі жұмыс жүргізу.

2. Шынайы патриотизмді қалыптастыру бойынша сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруда, оқыту мен тәрбиелеуде белсенді және тиімді әдістерді қолдану, сонымен қатар ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жалғастыру.

3. Білім беру ұйымдарымен тәжірибе алмастыру үшін желілік қауымдастық аясында және мектеп ішінде ашық ақпараттық кеңістіктер құру.

«Өрлеу» БАҰО АҚФ Астана қ. бойынша ПҚ БАИ:

1. Практикалық сабақтар өткізу арқылы ПҚ БА курстарының білім беру бағдарламаларына «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, ҚР Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласындағы идеялардың әлеуметтік аспектілерін жүзеге асыруды зерделеу.

2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында оқу-тәрбиелеу процесінде инновациялық технологияларды қолдану бойынша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі ережелерін іске асыру бойынша жоспарлы жұмыстар өткізу.

**ФИЛИАЛ АО «НЦПК «ӨРЛЕУ» «ИНСТИТУТ ПОВЫШЕНИЯ
КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ РАБОТНИКОВ ПО
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ОТ ПРОЕКТОВ К РЕЗУЛЬТАТАМ

Исимбаев Еркин Турашевич,
*директор филиала АО «НЦПК «Өрлеу»
«Институт повышения квалификации
педагогических работников по Акмолинской области»,
руководитель регионального проектного
офиса программы «Рухани жаңғыру».*

В Послании Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана от 10 января 2018 г. «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» говорится о дальнейшем развитии нашей культуры и идеологии, что является смыслом «Рухани жаңғыру», идей, провозглашенных в предыдущем Послании Президента.

Сегодня перед гражданами Независимого Казахстана стоит глубокая и масштабная задача - модернизация сознания. Рухани жаңғыру – это идейная платформа, призванная стать основой для качественного преобразования всех сфер государства.

В регионе организована соответствующая работа по реализации программы. К работе по проекту привлечена интеллигенция, неправительственные организации, этнокультурные объединения, партии, профсоюзы, молодежь. Программа «Рухани жаңғыру» включает 4 подпрограммы, утвержден реестр проектов и мероприятий по ним. По подпрограмме «Тәрбие және білім» запущено 39 проектов, по «Рухани қазына» - 72 проекта, по «Атамекен» - 4 крупных проекта, идет информационное освещение по проекту «Ақпарат толқыны».

В целом, в реализации проектов приняло участие более 22 тыс. человек. В системе организаций образования Акмолинской области до конца года запланировано 8 проектов.

Система повышения квалификации вносит свой вклад в реализацию идей «Рухани жаңғыру».

В рамках реализации Программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру», обеспечения дальнейшего поступательного культурно-гуманитарного развития страны, а также в соответствии с планом мероприятий, утвержденным Правлением во главе с Председателем АО «НЦПК «Өрлеу», доктором педагогических наук, профессором, Ахметовой Г. К., филиал «ИПК ПР по Акмолинской области» решает поставленные задачи перед работниками образования нашего региона.

Без сомнения, эффективность всей Программы в целом зависит от слаженной работы всех направлений модернизации на своих местах. Наша

главная задача на сегодняшний день – подготовить педагогов области к работе в новом учебном году по программам обновления содержания образования.

Таким образом, в 2017- 2018 учебном году к работе с учащимися 1-х и 2-х классов по программам обновления содержания образования приступило 684 учителя начальных классов, прошедших обучение на курсах в нашем филиале в 2017 году, и 964 учителя, подготовленных в 2016 г.

Всего по программам обновления содержания образования в 2017 году обучились 2815 учителей. Все слушатели курсов подготовлены сертифицированными преподавателями филиала, обеспечены методическими, нормативно-правовыми, дидактическими пособиями.

Убеждены, что внедрение новых программ будет способствовать конкурентоспособности выпускника и, несомненно, станет очередным уверенным шагом, ведущим к успеху нации.

Как отметил Н.Назарбаев, нам нужно «вместе сделать шаг навстречу будущему, изменить общественное сознание, чтобы стать единой нацией сильных и ответственных людей». В связи с этим в филиале АО «НЦПК» «Өрлеу» «ИПК ПР по Акмолинской области» состоялась встреча сотрудников института с депутатом Мажилиса Парламента РК Казбековой Меруерт Айтқажықызы.

Сегодня на педагогов всех рангов возлагается особая ответственность и надежда. Для этого им необходимо обладать набором качеств, достойных XXI века. Не секрет, что сегодня необходимо владеть не только казахским и русским языками, но и английским, так как это способствует профессиональной коммуникации. Это условие для работы в глобальном мире. Обучение языкам официально рассматривается как одно из приоритетных направлений модернизации школы.

Выполняя задачи, поставленные Президентом, реализуем программу трёхязычия, культурного и конфессионального согласия, «Цифровой Казахстан». В рамках реализации полиязычия по 640-часовой программе «Формирование предметной и коммуникативно-языковой компетентности учителей в условиях обучения на трёх языках» и 470-часовой образовательной программе «Развитие профессиональной компетентности учителей по освоению инновационных методик преподавания предмета на английском языке» обучилось 54 учителя. Целью программ является совершенствование уровней владения английским языком от уровня А2 до уровня В2 (640ч.), от В1 до В2 (470ч.) согласно общеевропейской шкале языковых компетенций CEFR и освоение учителями методики преподавания предметов естественно-математического направления на английском языке. Педагоги обучились методу преподавания CLIL, заметно повысили уровень владения ИКТ.

Следующее мероприятие – очередной шаг в реализации задачи полиязычия. В рамках визита в Акмолинскую область Посол Соединённых Штатов Америки в Республике Казахстан Джордж Крол посетил филиал АО «НЦПК «Өрлеу» «ИПК ПР по Акмолинской области» с целью ознакомления с работой института по обучению педагогов английскому языку и налаживания

отношений в сфере образовательной практики. Посол встретился с педагогами Акмолинской области, обучающимися преподаванию предметов естественно-математического цикла на английском языке.

В ходе встречи делегацию ознакомили с работой организации в области внедрения трехязычия в регионе, презентовали стендовую выставку «Өрлеу»: путь к профессиональному успеху», рассказали о состоянии преподавания английского языка и гранях сотрудничества с Посольством США в повышении качества обучения педагогов.

Посол в своей речи высоко оценил политику Президента и Правительства в области образования. Отметил важность и сложность учительской профессии, выразил благодарность учителям за их нелегкий, но благородный труд. Коллективу института, педагогам области Джордж Крол пожелал успешного освоения новых знаний и компетенций, необходимых для плодотворной деятельности в современном мире.

Началось обучение учителей математики, информатики, физики основам робототехники, в ходе которого педагоги изучают виды робототехники, знакомятся с историей и перспективами её применения. Практические занятия составляют основную часть учебной программы. На лабораторных занятиях педагогам предоставляется возможность моделирования и создания роботов на специальном оборудовании: конструкторы Lego Mindstorms EV3 и микроконтроллеры Arduino UNO. Эти знания и умения позволят им повысить профессиональную компетентность по развитию информационной и технической грамотности.

50 учителей нашего региона обучились на курсах по программе нравственно-духовного образования «Самопознание», что способствует усилению роли и значимости нравственно-духовных основ в национальной системе образования. Поистине, будущее общества зависит от системы образования, поскольку сегодняшние дети, окончив школы, став взрослыми и состоявшимися людьми, станут творить судьбы страны и нового времени.

Нам предстоит большая и серьезная работа, в которой мы видим важную и основополагающую роль учителя. Выражаем совершенное согласие в том, что в одночасье невозможно понять и оценить всю глубину идеи духовного обновления Программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру». Но мы настроены позитивно и готовы продолжать реализацию поставленных задач. И самое главное – старт взят, и мы намерены планомерно двигаться к намеченным целям.

ТАРИХ САБАҒЫНДА АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Башарова А. Ж.,

*Ақмола облысы, Зеренді ауданы,
тарих пәнінің мұғалімі,
«Ақкөл орта мектебі» КММ,*

«Ұлы тұлғаларын білмейінше
бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес.
Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің
жүрісін ғана аңдап қоймаймыз,
оның рухын, тынысын сезінеміз. Алаштың
басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте
өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Алаш орыстары
бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді
табыстап кетті. Тарихтың қай кезеңінде
болсын, олар өз ұлтының бетке
ұстар мақтанышы болып келген».

Н. Ә. Назарбаев

XXI ғасырда ұлттық мәдениет пен өркениетті байланыстыра отырып жеке тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыру – қазіргі таңдағы өзекті мәселе. Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстанды XXI ғасырда дамыған елдермен теңестіріп, өркениетті әлемнен мәртебелі орын алуына ықпал етер бірден – бір құдырет – білім, білімді ұрпақ», - деп атаған. Біздің қоғамымызға білімі жан – жақты, халқының нағыз жанашыры болатын, ұлттық мүддені бәрінен жоғары қоятын азаматтар қажет. Мұндай азаматтар мектеп қабырғасында тәрбиеленеді.

Оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беруде халықтық дәстүрге кегізделген алып бабаларымыздың ерліктерін насихаттай отырып, жан – жақты тәрбие жүйесін құру және тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған. Тарих пәні жалпы адамзат дамуын алға басуындағы әр мемлекеттің болашағы үшін өз патриоттарын даярлау жолындағы басты бағыт беруші пән. Менің ұстаз ретіндегі мақсатым әр оқушының өткен тарихты жете түсініп, сол кезеңге ойша саяхат жасауына, тарихи оқиға ортасында болып отырғандай сезімге жетелеу. Тарих пәні небір тамаша тарихи фактілерді, оқиғаларды, жеке құбылыстарды, қайраткерлердің халыққа жасаған қызметін баяндайды. Осылар оқушы жүрегіне, сезіміне әсер етеді, адамгершілігі жоғары, саналы болып қалыптасуына үлес қосады.

Патриоттық тәрбиенің бастауы болып табылатын Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған – отансүйгіштік тәлім – тәрбие беру идеяларының жиынтығы деп айтуымызға болады. ХҮІ – ХҮІІІ ғасырдағы елі мен жері үшін күрескен

Қабанбай, Бөгенбей, Райымбек, Батыр Баянның ерлік істерін жалғастырушы жергілікті халыққа жаппай қысым көрсетуге қарсы шыққан алғашқы күресушілер, патшалық Ресейдің отаршыл саясатына қарсы ұлт – азаттық көтеріліс жетекшілері – Кенесары Қасымұлы, Сырым Датұлы Махамбет Өтемісұлы, XX ғасырда Бекболат Әшекеев, Амангелді Иманов, Тоқаш Бокин сынды батырлар тұлғасы жастарды тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады.

XX ғасырдың I ширегінде Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мыржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев сияқты ұлдары бастаған, ұлттың бойында сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған, Алаш қозғалысы ел тағдырына қатысты барша идеяны өзіне өзек еткені бүгінде көбімізге белгілі. Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да, Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, «Алаш» сөзі аяулы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтатыла айтылып келеді. Күнделікті теледидардан, радиодан, газеттерден «Алаш» сөзінің айрықша мән беріліп айтылғанына, жазылғанына куә болудамыз. Яғни, қазақ баласының жаны мен жүрегіне, ойы мен пікіріне, санасы мен сезіміне «Алаш» ұғымы уақыт өткен сайын бойлай түсуде. «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп отыр» – делініпті «Алаш» партиясы құрылған Бірінші жалпықазақ сиезі жөнінде жазылған «Қазақ» газетіндегі сүйінші мақалада. Сонау XX ғасырдың басында елдің еркіндігі үшін күрескен ерлер қалаған осы қасиетті сөз тәуелсіздігіне жеткен қазақ баласына да соншалықты қымбат, аяулы ұғымға айналуда. Бұл – санамыздың жаңғыруы, тарихи тамырларымызды қастерлеуіміз, елдіктің белгісі, өсер жұрттың өнегесі.

Сонымен қатар, ұлы тұлғалардың қаһармандық жолдары бүгінгі жас ұрпақты патриоттық тәрбиеге баулудың темір қазығы деп сенімді түрде айтуға болады. Сабақта ағымдағы жылдары болып жатқан басты қоғамдық – саяси, әлеуметтік – экономикалық, мәдени саладағы маңызды жаңалықтарды, жетістіктерімізді, кеңінен әңгімелеп, пікірталас, зерттеу, жобалау әдістерін қолданып өткізу оқушының танымдық қабілетімен өз тарихына деген қызығушылығын арттырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында Алаш Орда қайраткерлерінің еңбегін: «XX ғасырдың басындағы ұлт зиялылары қазақтың ұлттық идеясын құрастыру міндетін өз мойнына алып, ұлттық бірігу идеясын ұсынды. Бүгінгі таңда біздің отандық тарихымыздағы ұлттық саяси ұйымдардың құрылу құбылысы толығымен ұғынып қабылданған жоқ. Өз кезінде Алаш партиясының жетекшілері ұсынған көптеген ережелер, бүгінгі күнде де өз маңыздылығын жойған жоқ. Ол қазақ қоғамының біртіндеп трансформациялануын және қазіргі заман ағымына бейімделуін мақсат еткен отандық ұйым болған» деп сипаттаған.

Қазақ халқының тарихында ерекше маңызға ие, айтулы оқиға Алаш автономиясы мен «Алашорда» үкіметінің құрылуы. Үкімет төрағасына Әлихан

Бөкейханов сайланды. Міне дәл осы Алаш ардақтылары ұлт үшін қалай қызмет ету керек екенін анық көрсетіп кетті. Иә, «бүгінгі ұрпақтың назарын өзінің атқарған қызметіне барынша көңіл аударуда олар несімен құрметті?» дейтін сұрақ туындауы мүмкін. Қоғамның бір орталықтан басқарудың жүйесін мықты ұстанған И.В. Сталиннің диктаторлық саясаты, Қазақ өлкесін басқаруды қолға алған Ф.И. Голощекиннің зорлық – зомбылығы т.б. жаңадан қалыптасып келе жатқан тоталитарлық жүйемен күрескен Алаш қайраткерлерінің ерлік істері ұшан – теңіз. Астанадағы ЭКСПО Конгресс орталығында Алаш партиясының құрылғанына 100 жыл толуына орай «Рухани жаңғыру: Алаш және Азаттық идеясының сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция барысында «Сол кездегі ұлт зиялылары арман еткен мемлекет тәуелсіздігі мен ұлт бостандығына бүгінгі ұрпақ қол жеткізді. Еліміз егемендік алып, әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерімен терезесін теңестіріп отыр. Мен «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаламда тағылымы мол тарихымызды зерделеуге, төл тума мәдениетімізді қолдауға қатысты нақты міндеттерді атап көрсеттім. Біздің қоғамдық сананы қазіргі заманның талабына сай жаңғырту арқылы еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді мақсат етіп отырмыз» , -деп Гүлшара Әбдіқалықова Елбасының құтықтау хатымен таныстырып кетті.

Адамзат қоғамының табиғи болмысы сондай – ақ кез – келген халықтың өзін – өзі тануы, әрбір тарихи кезеңдерде алда тұрған кезекті міндеттерін анықтауы алдымен зиялылар қызметі арқылы жүретіні мәлім. Оған дәлел – күші зор отаршыл биліктің алдында мұқалмаған Алаш қайраткерлерінің қайсар рухы – тарихтағы мәңгі өшпейтін ұлттық тағылымы мол құнды дүние.

Атап өткендей, патриотизмге тәрбиелеу көр қырлы үрдіс, соның бірі - таирх сабақтарында Ұлы тұлғаларды мақтан тұтып, еліміздің дамуына көп үлес қосқан азаматтарды үлгі ретінде көрсете отырып, оқушылардың бойында азаматтық қасиеттерді қалыптастыру. Сабақтан тыс тарих апталығында оқушылар арасында түрлі сайыстар, атап айтсақ: «Тарих ата тұғырында», «Тарих белестері», «Не? Қайда? Қашан?», атты ойындарын өткізіп, ұлттық партиясы-Алаш партиясының құрылғанына 100 жылдығына орай «Азаттық аңсаған Алаштың арыстары» атты ғылыми – практикалық конференция ұйымдастырылып, «Ұлт мүддесін қорғаған Әлихан Бөкейхан», «Мұстафа Шоқай – Түркістан автономиясының негізін қалаушы», «Алашорда», «Алаш алпауыттары» атты баяндамаларын оқып, тырдармандарға көп мәлімет берілді.

Жыл сайын тарихшы ұстаздардың ұйымдастыруымен Тәуелсіздік күніне орай түрлі мерекелік іс – шаралар өткізіліп тұрады. «Тәуелсіздік – қазақтың сан ғасырлық арманы», т.б. тақырыптарда мектепішілік шаралардың ұйымдастырылуы еліміздің ертеңгі болашағына патриоттық үлгіде тәрбие бере отырып, олардың елжанды, ұлтжанды, ержүрек азамат ретінде қалыптасуына септігін тигізеді хақ.

Біз бабаларымыздың күресі мен өсиетін бойымызға сіңіруде, олардың бүгінгі күнімізбен тікелей сабақтас құндылық екендігін әрқашан сезінуіміз қажет. Осы тамырластық дегдар сезім бүгінгі қазақтың азаттығына, ел болуына,

- оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету;
- цифрлық білім беру ресурстарын дамыту;
- баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру;
- үздік оқытушылардың видеосабақтары мен видеолекцияларын Интернетке орналастыру.

Аталған орта білім саласындағы іске асырылуы керектірек мәселелер – «озық білім мен құзіреттілікке қол жеткізуге жол ашады», - дейді, елбасы өз Жолдауында. Бұл Жолдауы арқылы президентіміз Абай заманында көтерілген кең ауқымдағы шешімі аса күрделі мәселені, еліміз етек-жеңін жия бастаған тұста, заманауи тұрғыдан шешудің және оны іске асырудың жолдарын практикалық тұрғыдан көрсетіп берді. Мұндай, аса ауқымдағы білім саласын жетілдірудің жолдары түгілі, қазақтың ояну дәуірінде «алашшыл» әдебиет өкілдері: А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, М. Әуезов, Ш.

Құдайбердіұлы т.б. тарихымыздағы аса ірі тұлғалардың, алғашқы оқу-жазу сауаты тым терең өкілдердің де интеллектісімен үйлесім тапқанын айтпасқа болмайды. Тек қана айтып қана қоймай, іске асырудың нақты тармақтарын көрсете отырып, Үкімет пен сала министрлігіне және тұтас ұстаздар қауымына үндеу тастады. Мемлекет басшысы атаған нақты мәселелер қаншама болашақ данышпанның жұлдызын жағып, ел ғылымын өрістетуге жол ашатыны айдан анық. Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов пен Абай заманындағы дер кезінде баланың бойындағы құштарлықтарды ашуға кеңес беруші және сол жолдарға баулып, жетелеуші оқытушылар мен сол ұстаздардың әдістемелік істерін іске асырушы технологияның болмағанын атғанды абзал деп білдік. Терең пайым мен парасаттың иесінің ойларын мына жолдардан аңғармау мүмкін емес:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім,
Ер жеткен соң түспеді уысыма

Қолымды мезгілінен кеш сермедім», - дейтіндей қазіргі балаларға Елбасымыздың жасаған зияткерлік бағдарламасы ешқандай мүмкіндік қалдырмайды. Отаршылдық пен орыстандыру саясаты өз күшіне мініп тұрған тұста, қазақ құндылықтарынан оқшауландыруды көздеген империяның идеялогиясының иірімдерінен «мыңмен жалғыз алысып» жүрген тұста, Абайдың шырмалып шыға алмай қойғанын тамаша түсіндіруге болады. Ал, қазіргі тәуелсіз ой дербестігі заманында Н. Назарбаевтың ұлт құндылықтарын бір сәтте ұмытуға болмайтынын Жолдаудағы мына жолдардан аңғаруға болады: «Барлық жастағы азаматтарға қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» және «Латын әліпбиіне көшу мен қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату» керек дегендері – таза ұлттық құндылық пен рухани жаңғыру менмұндалайды. ЖОО-дағы білім және ғылым дамыту үшін:

- «жасанды интеллектпен және деректермен жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту;
- металлургия, мұнай-газ химиясы, агроөнеркәсіп кешені, био және IT технологиялар салаларын зерттеу ісіне басымдық беру;
- бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыру;
- жеке сектордың бірлескен қаржыландыруға атсалысу;
- жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар аясында квота бөліп, оларды қолдаудың жүйелі саясатын жүргізу;
- инвестициялық жобалар мен экспорттық әлеуеті бар экономикалық жеке саласы ретінде қарау;
- ЖОО-ға білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек құқық беріп, олардың экономикалық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту;
- мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек», - дей келе «рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында», - деп түйіндейді. «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандықтардың біздің қоғамымыздың идеялына айналуға тиіс» деген тұсы Абай ойымен

үйлесіе кетеді. Ұлттық ментальдылықты негіз ете отырып, елімізде жасайтын жүз отыздан аса ұлттың да интеллектісі «қазақстандық» деген біртұтас ұлттың өзегін ортақ байлық деп таниды. Мұны Абай: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және сүй хақ жолы деп әділетті», - дегенімен үйлесім тауып отырғанын, бабалар ойы мен адамзаттық ордалы идеялар діңгегінің ділмарлығын қозғайтынын атаған жөн.

НРАВСТВЕННО-ДУХОВНЫЕ АСПЕКТЫ ФИЛОСОФИИ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА

Уалиев Серик Султанбекович,
*старший преподаватель кафедры МПЕН (Г) Д
ФАО НЦПК «Өрлеу» по Акмолинской области*

Духовно-нравственное воспитание является одним из аспектов воспитания, направленного на усвоение подрастающими поколениями и претворение в практическое действие и поведение высших духовных ценностей. Под «духовно-нравственными ценностями» понимаются основополагающие в отношениях людей друг к другу, к семье и обществу принципы и нормы, основанные на критериях *добра и зла, лжи и истины*.

Бесспорно, богатым наследием является литература, отражающая жизнь и творчество известных людей, которых можно считать ярким примером для воспитания духовно- нравственной личности.

Шакарим Кудайбердиев - одна из ярких фигур в истории казахской литературы. Родился в 1858 году в влиятельной феодальной семье. Его отец - старший брат великого казахского поэта Абая Кунанбаева. С семи лет, оставшись без отца, умершего в возрасте 37 лет, Шакарим воспитывался в доме Абая, что наложило неизгладимый отпечаток на его мировоззрение и творческие способности. Шакарим был одним из образованнейших людей своего времени: в пять лет научился читать. Занимаясь систематическим самообразованием успешно овладел арабским, персидским, тюркским, русским языками. Литература, история, философия, риторика, музыка, религия, естественные науки – все входило в круг интересов молодого Шакарима и стало одним из источников интеллектуальной глубины его творчества. Сам Шакарим писал:

«Смолоду я турецкий изучал не от скуки;
Потому что на турецкий переведены науки.
Я не знал в учении лени - мне из тьмы сверкнуло солнце.
Стали мне понятны краски, запахи земли и звуки.
Пробудило меня рано поэтическое слово.
Понял я, в чем тайна мира, мироздания основа
Через лирику Востока...
Изучив прилежно русский,

Смысл с себя я, смысл и с сердца грязь невежества былого».

Шакарим интересовался историей западной философской мысли, идеями таких мыслителей, как Огюст Конт и Артур Шопенгауэр. Он размышлял над социальными вопросами своего времени, мечтал о справедливом устройстве жизни без насилия, власти имущих, эгоизма и косности. Избрав нелегкий путь искателя истины, он был одержим жаждой познания нового. В 1903 году он становится членом Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского императорского географического общества. В поисках новых знаний и впечатлений совершает путешествие в Турцию, и даже паломничество в Мекку, руководствуясь не только религиозными, но и познавательными целями. Как писал Шакарим в автобиографической поэме «Жизнь забытого», он приобретал различные книги и, относясь ко всему критически, отвергал ложь. Шакарим Кудайбердиев был автором многочисленных стихотворений, поэм, повестей, переводов. При жизни поэта был опубликован сборник стихов «Зеркало казахов» (1912), много его стихов сохранилось в рукописном виде и в памяти народа. Шакарим написал сюжетные романтические поэмы «Калкаман-Мамыр», «Енлик-Кебек» (обе изданы в 1912 г.), «Нартай-лак-Айсулу», он создал роман «Адиль-Мария» и несколько рассказов на нравственные темы. Он автор трактатов по истории и религии казахов. Его работы «Родословная турок, киргизов, казахов и ханов», и «Мусульманство», изданы в 1911-1912 гг. в Оренбурге. «Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий» была написана Шакаримом по совету Абая. Он работал над этим трудом на протяжении всей своей жизни. Шакарим был совершенно независим и мыслил самостоятельно. Он никогда не отказывался от своих убеждений, которые формировались у него не наспех, а были результатом длительных поисков и настойчивых исследований, а также глубоких размышлений. Свидетельством тому является его замечательное философское произведение - «Три истины», в работе над которым Шакарим использовал колоссальное количество источников, вышедших из-под пера адептов различных философских направлений, приверженцев материализма и идеализма, учёных-богословов, представителей христианской, мусульманской, буддийской и других религий. По мнению Шакарима: Честный труд, Совесть, Искреннее сердце - вот три качества, которые должны господствовать над всем. Без них не обрести в жизни мира и согласия.

Шакарим был горячим поклонником русской классической литературы. Он перевел на казахский язык в стихотворной форме прозаические произведения «Дубровский», «Метель» А.С. Пушкина и ряд рассказов Л.Н. Толстого. Посвятил Пушкину, Лермонтову, Толстому свои проникновенные лирические стихи. Перевел на казахский язык роман «Хижина дяди Тома» Бичер-Стоу. В художественных произведениях и переводах Ш. Кудайбердиев стоял на позициях просветительского гуманизма и внес своим творчеством значительный вклад в развитие казахской литературы конца XIX -начала XX века. На основе глубокого изучения различных концепций духовности Ш.Кудайбердиев создал собственное учение, в основе которого лежит идея

духовного возрождения человека через укоренение в нём такого нравственного чувства, как Совесть. «Человеческую скромность, справедливость, доброту в их единстве я называю мусульманским словом *уждан*, русским - *совесть*», - писал он. По Шакариму, причиной, ведущей к возвышению души, является нравственная чистота человека, его помыслов и дел. Обеспечить ее может совесть - как высшее нравственное чувство, преграда к аморальным поступкам и начало стремления к добродетели. Совесть по Шакариму, является мерой нравственности человека. Полное отсутствие совести делают человека не способным установить разницу между добром и злом, добродетелью и пороком. Именно поэтому, Шакарим считает, что нравственное возрождение человека в условиях утраты нравственных и мировоззренческих ориентиров, возможно только через обращение к совести. Согласно Шакариму:

- совесть есть высшее желание и потребность души, так как «душа является такой сущностью, которая никогда не исчезает, не поддаётся порче, а с каждым разом всё совершенствуется, идёт к возвышению. Это потому что она делает для себя обязательными такие причины, которые ускорили бы её возвышение»;
- совесть наделяет личность такими человекозначимыми свойствами, как гуманное отношение к другим, избегание унижающих человеческое достоинство деяний, честный труд и т.д. Индивид вне названных смыслов утрачивает свой человеческий облик и как личность несостоятельна;
- совесть представляет собой своеобразную субстанциональную основу души, универсальный закон ее возрождения и развития;
- совесть позволяет сохранить человеку человечность и личное нравственное достоинство;
- признание совести как необходимой духовной опоры самовозвышения человека, отвращает его от зла и нравственной скверны, ставит на путь праведной жизни.

Поэтому смыслом человеческого бытия должно стать собственное нравственное совершенствование, стремление к добру как изначальных смыслов жизнедеятельности человека, обеспечивающие успех его нового воплощения. Согласно философии Шакарима, вне этих смыслов, индивид утрачивает свою подлинную человеческую сущность и природу. Он утверждает, что если честный и разумный человек не будет причинять зло другим индивидам, то имея подобное качество на массовом уровне, люди и общество в целом обретут благополучие. Отсюда, по Шакариму, необходимым условием искоренения пороков человека является гуманизация общества, осознание того, что от духовного здоровья отдельно взятой личности, зависит духовно-нравственный облик социума в целом.

Он предлагает ряд социальных мер, помогающие регулировать политическую власть: путем избрания и назначения на должности людей, обладающих высокоморальными качествами, а также придания гуманистической направленности законотворческой деятельности. Следует заметить, что Шакарим Кудайбердиев был глубоко верующей личностью. Поэтому нравственное чувство совести, он связывал с верой в бессмертную

душу, а с ней и в идею Творца. Без этих истин, совесть как необходимое моральное качество человека, теряет свой смысл, а мораль теряет свою духовно утверждающую суть, и потому не способна помочь нравственному очищению человека. Только истина, связанная с признанием Бога как создателя всего сущего, души как бессмертной и бестелесной субстанции и совести как её потребности и желания, способна нравственно возродить человека.

Ш. Кудайбердиев убеждён:

- истина не познаётся только лишь чувствами, они переменчивы и обманчивы. Верное познание даёт только разум, так как «истину человек видит и воспринимает не просто глазами, а глазами разума»;
- разум в единении с нравственной волей даёт человека, поведение которого отличается разумностью и нравственностью;
- знание добродетели должно совпадать с поступками человека, что и составляет мудрость, так как «о мудрости и уме разумного, о мощи сильного, о виртуозности мастера мы судим по их делам».

Как видим, центральной проблемой философии Шакарима Кудайбердиева является духовность, как основа, очеловечивающая человека, и условие, придающее общественному развитию гуманизированную направленность. Отсюда, по Шакариму:

- задачей общества, является формирование человека как существа разумного, нравственного, духовного. Человеческая деятельность вне духовности утрачивает свой смысл. Духовность есть условие реализации социальности человека и средство его очеловечивания;
- с утерей духовности деятельностная активность людей обесмысливается в силу того, что главное ее предназначение не только в создании материально-вещных условий и предпосылок существования в целом, а в воспроизводстве человекозначимых смыслов как в самой деятельности, так и в ее продуктах и результатах;
- вымывания духовных ценностей из индивидуального и общественного сознания, ведет к росту отчуждения человека от общества и, как следствие этого, расцвет пороков, эгоистических устремлений в умах современников, социальная конфликтность;
- растущая бездуховность человека и общества усугубляют социальные проблемы, значительно отодвигая историческую перспективу их решения;
- именно духовность вернет веру человека в собственные силы, ликвидирует социальную апатию и безысходность масс;
- просвещение и обращение масс к культуре есть путь становления духовности, осознания жизненной необходимости социальных преобразований.

Определяя духовность как общечеловеческое качество, как универсальную меру человечности и культуры в индивидуе, а ее отсутствие во внутреннем его измерении как показатель и критерий антигуманизма и бескультурия, Шакарим рекомендует введение новой учебной дисциплины, концептуально и научно обоснованной, именуемой им наукой СОВЕСТИ. По его замыслу, главной ее задачей и предназначением является - духовно-

нравственное воспитание подрастающего поколения, включающее возвращение в них гуманных человеческих качеств и формирование в нем чувства отвращения к человеческим порокам и низменностям.

Как отмечает Омаргазин Р.Б. «Философия Ш.Кудайбердиева представляет такой способ мышления, которому присущи толерантность: принятие любой концепции, поиск истины через критическое осмысление каждой формы мировоззрения, выбор того типа мышления, который соответствует собственным убеждениям, личностному ценностному коду на основе веры в высшие идеалы».

Литература

1. Есим Г. Казахская философия. Пирамида в степи, или философия любви. –А., 2005, С.19-20.
2. Нысанбаев А.Н., Барлыбаева Г.Г. Этика как ядро казахской философской мысли //Вопросы философии. – 2012.- №10.
3. Омаргазин Р.Б. Кудайбердиев Ш. Проблема духовности в философских воззрениях Шакарима Кудайбердиева . – Караганда//Журнал: Вестник КарГУ 2006.
5. Кудайбердиев Ш. Три истины. – Алма-Ата: Казахстан, 1991. — С. 69

Рекомендации

Диалоговой площадки «Панорама педагогических идей»

Участники диалоговой площадки «Панорама педагогических идей», посвященной разъяснению основных положений программной статьи Президента РК-Лидера Нации Н. А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», заслушав доклады и выступления, рассмотрев представленные статьи и публикации, отмечают своевременность и актуальность рассматриваемой проблемы.

Основной темой данного мероприятия стало обсуждение и поиск инновационных идей по организации патриотического и духовно-нравственного воспитания подрастающего поколения, а также реализация основных направлений «Отаным тағдырым» спецпроекта «Туған жер» программы «Рухани жаңғыру».

Фундамент реализации программы «Рухани жаңғыру» должен быть заложен с раннего дошкольного и школьного возраста. В этой связи в обсуждении приняли участие директора, педагоги общеобразовательных школ и руководители, методисты дошкольных организации образования Акмолинской области. Участники диалоговой площадки считают плодотворным состоявшийся обмен мнениями и выражают уверенность в том, что целенаправленная, систематическая работа по указанным выше

направлениям будет способствовать непрерывному развитию профессиональной компетентности педагогов.

На основании этого выработаны рекомендации по дальнейшему продвижению программы «Рухани жаңғыру»:

1. В рамках реализации программы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» активизировать воспитательную работу в целях развития национальной системы воспитания и обучения для формирования всесторонне развитой личности на основе казахстанского патриотизма и общечеловеческих ценностей.
2. На курсовых и межкурсовых мероприятиях включать темы, отражающие аспекты воспитания подрастающего поколения в духе патриотизма, любви к своей земле, преданности своему аулу, своей малой Родине.
3. Усилить план мероприятий Программы «Рухани жаңғыру», сделав акцент на реализационные мероприятия подпрограммы «Тәрбие және білім», базовых проектов: «Саналы азамат», «Өлкетану», «Отаным-тағдырым».
4. Проводить мероприятия на всех уровнях образования, учитывая аспекты всех специальных проектов.
5. Активизировать усилия по привлечению детей и молодежи к участию в конференциях, семинарах, выставках, мероприятиях городского, районного, республиканского значения по реализации программы «Рухани жаңғыру».
6. Взаимодействовать с высшими учебными заведениями, предприятиями, бизнес - структурами по развитию экологического и краеведческого творчества детей;
7. Изучить опыт и вклад деятелей «Алаш» в развитие национальной культуры и родного языка.
8. Способствовать профессиональному самоопределению учащихся через данную программу.
9. Сформировать четкие приоритеты по обеспечению интенсивного информационного сопровождения программы «Рухани жаңғыру» через СМИ и на ведущих Интернет-ресурсах.
10. Изучать, обобщать и пропагандировать передовой опыт педагогов общеобразовательных школ и дошкольных организаций и по формированию национальных ценностей у детей и молодежи.

«ӨРЛЕУ» БАҰО АҚ Ф АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ

Ержақыпов Мұратбек Санақұлы,
*«Нұр Отан» партиясы Ақтөбе қалалық филиалының
кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты*

Еліміз сан ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесіне қырын қарамай, өскелең ұрпақтың түзу жолдан адаспай қоғамнан өз орнын табуына зор еңбек сіңірген. Яғни, «рухани жаңғыру» отбасынан басталуы керек деп ұғынған.

Рухани жаңғыру – отбасынан басталады. Өнегелі ұрпақ тәрбиесінде отбасы мен білім ордасы бір бағытта жұмыс істесе ғана нәтиже бермек.

Ең біріншіден, отбасындағы ата-әже, әке-ана жан-жақты, салт-дәстүрі мен ұлттық құндылығын сақтаған рухани бай адамдар болса, сол ортада өсіп келе жатқан бала да рухы мықты болары анық.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлтымыздың алдағы кезеңдегі жүріп өтер айқын жолын көрсеткен тарихи құжатқа айналды.

Санасы сергек, дүниетанымы мол, парасат пен мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын түсінген адамға бұл мақалада ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер бағыт жолы айқындалған.

Ұлт Көшбасшысы бағдарламалық мақаласында **«Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында»** - деген болатын.

Біз балаларымыздың кішкентайынан туған тілі мен қасиетті жерге, мәдениет пен өнерге, әдебиет пен тарихқа деген махаббатын бойына сіңіру арқылы, өз ұлтын мақтаныш ете білуге үйретуіміз қажет. Осы жерде Елбасы мақаласының түп-тереңінде өз тегінді, түп-тамырынды ұмытпа деген салмақты сөзі жатқанын аңғарамыз.

Отбасы институтын сақтау, ата-ана мен мұғалімдер арасындағы байланысты нығайту – саналы ұрпақ тәрбиелеудің басты кепілі. Бүгінгі заманға сай тәрбиеленіп жатқан балаларымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алып шығуы тек мұғалімдерге ғана емес, ата-аналарға да байланысты.

Елбасы кешегі Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында адами капитал – жаңғыру негізі, білім берудің жаңа сапасын арттыру, барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет деп баса айтып өтті. Жалпы алғанда білім беру

бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс.

Ы.Алтынсарин «Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер» - деп атаған болатын. Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайып келгенде, қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы.

Сүйінбай Аронұлынан қалған мына нақыл сөз жастарымыз үшін көркем мінездің өмірлік серігі болатынын дәлелдеп тұрғандай.

Жақсы адам елдің басшы серкесіндей,
Жұғымды болар елге серкесіндей.
Жақсының жүзі жылы, сөзі майда,
Халқымның қалың жүнді көрпесіндей.
Жақсы болар баланың жүзі жақсы,
Орыстың күймей піскен бөлкесіндей.
Жақсыға үлкен-кіші бәрі жақсы,
Жасынан бірге өскен еркесіндей.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша ойлаумен қарауды талап етеді.

Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті. Бала бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүргені бәрімізге аян.

Өздеріңізге белгілі, қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу мәселесі басты назарда болып отыр. Бұрынғы кездері мектептегі ұстаздың мәртебесі биік, сол ұстаздың алдынан шыққан оқушының білімі терең болатын. Ал, қазіргі сәтте адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруда кей адамдардың түрлі жағдайлармен бір-бірін түсінбеуі, көпшілік алдында ұстаздың қадірін түсіріп, кейде орынсыз баласын қорғаштап жатуы сіз бен бізді қатты толғанырады. Өйткені біз сол қоғамның ішіндеміз, яғни оның мүшесіміз. Осы тұста өз заманының ойшыл ақыны болған Дулат Бабатайұлының мына бір жыр жолдарына тоқталып өтсем.

Балам, саған айтқаным:
Даңғыланбай, шаруа жи,
Албырттықты әсерлі,
Құрбыңа еріп көрме сый.
Қолда барың қанағат,
Қолда жоққа құмартып,
Әуреленбе, нәпсің тый.
Әкеңнің айтқан аз сөзін
Құтысына көңіліңнің,
Төгіп алма дәлдеп құй.
Менің айтқан бұл сөзім,
Өміріңе пайдалы,

Басыңда болса егер мый.

Қазіргі қоғамдағы кеселдің дәрісіндей қандай керемет айтылған теңеулер десіңізші. «Ана құрбымда қымбат айфон телефон бар, мен одан кеммін бе?» деп ата-анасын шығынға, қарызға батырып жатқан қаншама жасөспірімдеріміз бар. Бәсекелік тұрмыстық жылтырақта емес, білімде болса ғана біз алға қарай дамимыз. Осыны ата-аналар қауымы да жақсы түсінуі тиіс.

Бәсекеге қабілетті ұрпақты жан-жақты қылып тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың бастауына үңілу керек шығар. Оқыту, білім беру, тәрбиелеу - баланың ішкі жан – дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық.

Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың ортақ парызымыз. Кез-келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет.

«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби бабамыз айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі - тәрбие.

Оқушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық дамуын ескере отырып, жетілген ұрпақ тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындауымыз керек.

- Өзін Қазақстанның азаматы ретінде мақтанышпен сезінуін;
- Отанына деген сүйіспеншілік сезімінің болуын;
- Мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін білу, мәдениетін зерделеуін;
- халықтың өткен тарихын, әдет-ғұрыптарын сақтау, тілін білудің қажеттілігі;
- еңбексүйгіштікке баулу, кәсіпке бейімдеу, күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру;
- үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру;
- өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;
- отбасы мүшелерімен өзара қарым-қатынасын, тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету қажет.

Қазіргі қоғамның сұранысы жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты, жаңа адамды тәрбиелеуді талап етіп отыр. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені әр адам - өз заманының жемісі. Тұлғаны рухани-азаматтыққа тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады.

Келешек кілті – білімді әрі отаншыл жастарда. Жастарымыздың бойында адамгершілік тәрбиенің, жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, өскен ортасына

байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, оң бағыт беріп, теріс жерін дереу жөндеп, демеп жіберу ата-ана мен тәрбиешіге жүктелер міндет.

«Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақыт та қонады» деген сөзге сүйенсек, жастарымыздың бойында жағымсыз қылық-қасиеттер болса одан тез арада арылту қажет.

Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз. Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім, саналы ұрпақ болады.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абулхайрова Гүлнар Едилбаевна,
*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы ПҚБАИ
кафедраның аға оқытушысы*

*Бүгінгі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу –
мемлекеттік идеологияның темірқазығы болуы тиіс*

Н. Ә. Назарбаев.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұсынған Мәңгілік Ел идеясының бүгінде ұлттық идеологиямыздың негізгі өзегіне айналып, қоғамның бірігуімен елдің саяси санасын қалыптастыра отырып, жаңғыртудағы орны ерекше. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел», - деді Президент.

Н. Ә. Назарбаев өз тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы Мәңгілік ел бола алатынымызды атап өтті. «Мәңгілік ел» идеясын айшықтауға Ұлт көшбасшысының Ұлытау төріндегі сұхбаты негіз болды. Сұхбат барысында қазіргі заманның ерекшеліктері мен ұлтымыздың бүгінгі көкейтесті мәселелерін тізбектей келе, Елбасы: «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, біртіндеп Тәуелсіздікке барып тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда болған халық емеспіз», - деп тұжырымдаған болатын.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының ұлы, жазушы Бақытжан Момышұлы “нағыз патриоттар өзінен бұрын Отанының қамын көбірек ойлайды. Шынайы патриот қазақ ата жұртының мәңгі тәуелсіз өмір сүріп, гүлдене беруі үшін өзінің саналы өмірін сарп етуге даяр адамдар” деп дәріптейді. Ол Қазақстанның бүгінгі территориясының сақталып қалуына, халқының ел болып ұйып отыруына, ежелгі дәуірден бері қарай үлес қосып келе жатқандарды нағыз патриоттар дей келе, “патриоттары көбеймеген халық

елдігінен айырылады және елдігін сақтап қала алмайды”, – деп түйіндейді. Бақытжан Момышұлы патриоттық сезім “адамдарға генетика арқылы беріліп, ойына мықтап орнығады. Алайда оған күтім мен қамқорлық, ұдайы шыңдап отыратын тәлімгерлік те қажет”, – дейді. Ол ерлік, рух, ұлттық намыс арасындағы тығыз байланысты: “меніңше, ұлттық намыс болмаса, ұлт батырлары да болмайды. Сонымен қатар ол, ең алдымен, елінің патриоты атанбаса, батыры да емес. Демек, ұлтына деген құрмет патриотизмнің ажырамас бөлігі. Отаны мен халқына деген сүйіспеншілік жоқ жерде патриотизм тумайды. Егер тура мағынасында айтсам, патриотизм – адамды өзінің арғы тегімен жалғастырып жататын арқауы мықты қасиетті жіп”, – деп белгілейді. “Қазақстандық патриотизм” деген ұғымды – педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Құсайынов: “Қазақ елін шексіз сүю деп түсінемін”, – дей келе, “Отан сүю” сезімі – халқының келешегі үшін күресумен, ол үшін аянбай еңбек етумен етене қабысып жатқан сезім, Қазақстанның келешегі үшін ақ жүрек, адал ниетпен қандай салада болмасын өз шама-шарқы келгенше аянбай еңбек етуді мен Қазақстандық патриотизмнің бүгінгі шынайы көрінісі дер едім”, – дейді.

Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары Әбу- Насыр әл- Фараби, Хас Хажиб Баласағұн, Махмұд Қашқари, жыршы- жыраулары Асан қайғы, Доспамбет жырау Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы айтқан болатын. Аталған ғұламалардың еңбектері еліміздің егемендік алуымен байланысты педагогикалық тұрғыда зерттеліп, бір жүйеге келтірілді. Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев шығармаларынан да байқауға болады. Абай өз қызметін Отан мен халық алдындағы борышым деп түсінді. Оның шығармалары Қазақстан тағдырына деген, оның бостандық сүйгіш халқының болашағына деген қамқорлықпен айшықталған. Оның патриотизмі туған ел табиғатына, мәдениетіне, тіліне, озық дәстүрлері мен ұлттық мінезінің жақсы жақтарына деген сүйіспеншілігінен көрініс тапты. Патриотизм қашанда қандай қоғамда да өзінің әлеуметтік мәнін, маңызын жоғалтпайтын ұғым.

Қазіргі таңда білім беру үдерісін жаңарту аясында тарих пәні оқытушылары үшін оқытуда құндылықтарға бағытталған тәсілді пайдалану тиімді. Оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану тәсілі. Құндылықтарға бағытталған тәсіл оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасында қолданылатын құндылықтарға бағытталған ұстаным қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, өз елінің өткен тарихына, ата-бабалар мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді. Патриоттық тәрбиені ойға алғанда бірінші санаға Отан түсінігі келеді. Отанға құрмет көрсету тұрғысындағы патриоттық сезім жалпы адам баласына тән туған түйсік-қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын,

қуаттап-қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады. Қазіргі таңда, педагогтердің алдында тұрған басты міндет – тәуелсіз Қазақстанның әр жас жеткіншегінің жүрегінде Отанына, жеріне, еліне деген ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілік ұялату.

Сондықтан біз адамзаттық көзқарасы қалыптасқан, әлеуметтік белсенділігі жоғары отаншыл ұрпақ тәрбиелеп өсіруге аса көңіл бөлуіміз керек. Егемендігіміз бен елдігіміздің кепілді тұрақтылығын сақтауда білім беру оқу орындарының алатын орны ерекше. Болашақта елдің тізгінін ұстайтын бүгінгі жастарымыз. Сондықтан да еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан буынымыздың патриоттығына, отансүйгіштігіне байланысты болмақ. Патриоттық тәрбиенің маңыздылығы жастардың бойында келесідей қасиеттерді қалыптастырып жатқандығы айтылды. Бұл Отанын сүю және азаматтығын мақтан тұту, өз Отанының болашағы үшін мамандығына сәйкес адал қызмет ету, ана тілін жетік меңгеру және оны қадірлеу, халқының салт-дәстүр ерекшеліктерін білу, дінге, тарихи мұраларға құрметпен қарау, өз отандастарына сондай-ақ, басқа ұлт өкілдеріне адамгершілік көзқарас білдіру.

Бүгінде өскелең ұрпақ бойына болашаққа деген сенім сезімін нығайту педагогтер үлесіне тиесілі жауапты іс екендігін талассыз мойындауымыз тиіс. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мәнін ұғындыру оқушы түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеге жеткізу ұстаздық шеберлікті қажет етеді. Елбасының көреген саясатымен ерен еңбегін оқушы санасына жеткізу, тарих сабағында оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Тарих сабақтарында оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің сан қырлы жолдары бар, солардың кейбіреулері өз тәжірибемде пайдалану арқылы тиімділігіне көз жеткізіп келемін олар:

- халықтың алдыңғы қатарлы дәстүрлерін нақты мысалдармен ашып көрсету;
- халықтар тағдырының ортақтығына әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлерінің ортақтығына назар аудару;
- көрнекі қайраткерлердің қарапайым халық өкілдерінің де тарихтағы халық алдындағы қызметін еңбегін көрсету;
- туған өлке материалдарын тиімді пайдалану.

Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады [2]. «Мәңгілік ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Өзара алауыздықпен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жібергенін де білеміз. Тіршілік

тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама? Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – «Мәңгілік ел» біздің өзіміздің қолымызда. «Мәңгілік ел» идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея.

Ол үшін жастардың тәрбиесін басты мақсат етіп патриоттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлгеніміз жөн. «Болашаққа жоспар құрсаң – баланды тәрбиеле», – деп шығыс нақылында айтылғандай, жас ұрпақты патриоттық сезім негізінде тәрбиелесек, егеменді еліміздің көк байрағы көк аспанда мәңгілік желбіремек.

«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Дүйсенбаев Абай Қабақбайұлы

*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент*

Түйін

Аталған мақалада қазақ патриотизмінің педагогикалық негіздері проблемасы қарастырылады. Қазақ патриотизмі қазақ мәдениетінің феномені ретінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі ерекшеліктер мен жалпыға ортақ қасиеттердің арасындағы байланысты айқындауға бағытталған. Оның алғышарттарында ешқандай ұлтшылдық жоқ, бұл бір халықты екіншісінен жоғары қоюды қолдамайды, Қазақстанның ұлттық оқшаулануына, өз ішінде тұйықталуына ұмтылмайды. Керісінше, Қазақстанның ұлылығы моральдық құндылықтар негізінде барлық халықтарының ұйыса және біріге отырып, ұлттық өзімшілдікті жеңуімен байланысты.

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема педагогической основы казахского патриотизма. Казахский патриотизм как феномен казахской культуры призван выявить связь между особенным и всеобщим в жизни казахского народа. При своем зарождении он не включает в себе никакого национализма, не оправдывает превосходство одного народа над другим, не призывает к национальному обособлению Казахстана, к ее замыканию на самого себя. Наоборот, величие Казахстана связывается с преодолением им своего национального эгоизма во имя сплочения и объединения всех народов на базе моральных ценностей.

Annotation

In given clause the problem of patriotic education of the person in spirit of turkish patriotism is considered. Kazakh patriotism as a phenomenon of the Kazakh culture is intended to identify the relationship between the particular and the universal in the life of Kazakh people. At its origin it does not contain any

nationalism, does not justify the superiority of one people over another, it does not call for a national isolation Kazakhstan, to its closure on itself. On the contrary, the greatness of Kazakhstan is associated with overcoming them of their national self-interest for the sake of unity and the unification of all the peoples on the basis of moral values.

Кілт сөздер: патриоттық рух, ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық намыс, ұлттық мүдде.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық даму барысында жеке тұлғаны отансүйгіштікке тәрбиелеу үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып отыр. Оның дәлелі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында: «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», - деп келтірілген [1]. Яғни әрбір қазақ баласы еліне, халқына адал қызмет ету, бауырларына қамқор болу, т.б. деп түсінсек, оны негізі рухани мұралармен де шендесіп жатады.

Бүгінгі Қазақстан – геосаяси маңызы зор, жетістіктері мен талпыныстарын әлем таныған, қалыптасқан мемлекет. Ең бастысы, біздің еліміз дамудағы болашағы мен әлеуеті мол және әлемдік беделге ие. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы терең мазмұнға және сындарлы сипатқа ие тарихи құжат. Мұнда Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігінің негізгі нәтижелері қорытындыланып, ұзақ мерзімді дамуының басым бағыттары айқындалды. Мұндай мазмұндағы талап-міндеттер бүгінде жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру ісінің жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығын көрсетеді. Қоғамның даму тарихында түрлі кезеңдерде патриотизм, қазақ патриотизмі, советтік патриотизм, елжандылық, ұлтжандылық, қазақстандық патриотизм, т.б. туралы айтылған тұжырымды ойлар бұл проблеманың тамыры тереңде екендігін көрсетеді. Демек, бұл ұғымдардың мағынасы кең.

Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік тәлім-тәрбие дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі патриот тұлғаны тәрбиелеуде оқу-тәрбие үдерісінде ұтымды қолдану – уақыт талабы. Патриоттық тәрбиенің негізі, қазақ патриотизмі ерте кезден бері қалыптасты. Себебі сонау сақ дәуірінен Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде туған жер үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен күресіп, келешек ұрпағына Отанымызды, «қазақ» атауын мұра етіп қалдырған батырлар, билер, хандар заманында хатқа «қазақ патриотизмі» деп жазылмаса да, ауызекі түрде кейде жыр, өлеңмен тараған отансүйгіштік өсиеттердің негізінде бізге жеткен.

Ел ішіндегі бейбіт өмірге іріткі салуға бағытталған топтардың әрекетінен соңғы уақытта халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі пайда болды. Бізде сенім бостандығы бар, бірақ соқыр фанатизм

бейбітсүйгіш халқымыздың психологиясы мен діліне мүлдем жат. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек. Сондықтан біз әлеуметтік, этностық және діни шиеленістердің алдын алуға, дәстүрлі емес секталар мен күмәнді жалған діни ағымдардың іс-әрекетіне тыйым салуға бағытталған іс-шаралар жоспарын жасауымыз керек. Яғни иманды ел – берік ел қағидасын ұстауымыз керек. Тарихты парактасак, қазақ жерін мекендеген ұлы түркілердің ардақтайтын моральдық құндылықтарының ішінде отансүйгіштік рух, отансүйгіштік қасиет жетекші орын алды. Бумын Қағанның баласы Мегенің жат жұртқа бір уыс топырақты беруге болмайтыны туралы: «Топырақ – халықтың негізі, оны беруге болмайды, топырақ жат жұртқа берілсе, халқымыздан айырыламыз!» - деген патриоттық өсиеті бүгінде өз маңызын жойған жоқ.

Ал қазіргі таңда рухани байлығымыз мемлекеттік тілдің қолданылу аясын одан әрі кеңейту күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Жолдауда атап көрсетілген осы міндеттерге орай, әліпбиімізді латын қарпіне көшіру дайындығына кірісуді пәрменді жүзеге асыру қажет. Шетел тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару жөніндегі терминдік комиссия құрып, жаңа бағыттағы сөздік қорын нығайту қажет. «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағытын жүзеге асыруда бізге – қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Тағылымы мол тарихымызбен, ұлы бабалардың ұлағатты өмірінен алар тәлімімізбен біз алдағы асулардан алқынбай асамыз. Үдеудің сыры – бірлікте, жүдеудің сыры – алауыздықта. Осыдан үш ғасыр бұрын Аңырақайда болған шайқаста ата-бабаларымыз бірліктің күдіреті қандай боларын өзіне де, өзгеге де дәлелдеген. Сын сағатта туған елге деген перзенттік парызды бәрінен биік қоя білген. Сол шайқаста төгілген қан барша қазақтың тамырында бар. Бізді бір-бірімізбен біріктіретін де, бауыр ететін де батыр бабаларымыздың бостандық жолында төгілген қаны деп білеміз. Бейбіт күндегі белестерді бағындырып, алдағы сындардан сүрінбей өтеріміз, ең алдымен, өзімізге, бірлігіміз бен берекемізге байланысты. Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан – 2050» стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі.

Қасиет деген сөздің өзі қазақ халқында кездесетін киелі ұғым. Мұнымен байланысты «қастерлеу», «қасиетті жер», «қасиетті сөз», т.б. сөздер қолданыста бар. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Қасиет – адам бойындағы жақсылық, адамгершілік, ар-абырой, қадір», - деп түсінік берілген [2, 45]. Қазақ халқына тән жақсы қасиеттерді профессор А.Тайжанов: «кеңпейілдігіміз, аршылдығымыз, намысшылдығымыз, бәсекешілдігіміз, жаңаруға, жаңа ортаға құмарлығымыз, тәуекелшілдігіміз, т.б.», - деп көрсетеді [3, 6]. Демек қасиет адамның өмір сүру барысында қоғамдық факторлар негізінде тәрбие арқылы қалыптасады. Олай болса батырлардың қаһармандық бейнесіндегі отансүйгіштік қасиеттерді кең мағынасындағы ұғым деп айтуымызға болады.

Зерттеуші Ғ.Б.Базарғалиев өзінің «Х.Досмұхамедовтың ағартушылық қызметі мен шығармашылық еңбектеріндегі отансүйгіштік тәрбие идеялары» атты ғылыми еңбегінде Х.Досмұхамедовтың ғылыми мұраларына сараптама жасай отырып: «Отансүйгіштік сезімнің нысанасы мен қайнар көзі Отан десек, оның мазмұны – туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатады, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы отансүйгіштікке тәрбиелеудің арқауы болады», - деп, отансүйгіштік тәрбие мәселелеріне жан-жақты тоқталады [4].

Біздің көзқарасымызша, *отансүйгіштік тәрбие – халық дәстүрлері негізінде адам баласының бойына жинақталған ерекше белгі. Ол әрбір жеке тұлғаның бойында белгілі бір қасиетке ие. Осы қасиеттер жиынтығы арқылы ғана әрбір тұлға өз Отанының патриоты болады.*

Отансүйгіштің тәрбие мәселесінің өзектілігі айқын. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында: білімді өркендетіп, мемлекеттілік пен демократияны дамыту және сыртқы саясат пен қауіпсіздікті нығайтып, елдегі патриотизмді күшейту. Оның ішінде үшінші бағыт, ұлттық бірегейлікті сақтау өте маңызды болып табылады. Онда: «Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деп Елбасы ерекше атап өтті [5].

Біз еліміздің болашағын сенімді жастардың қолына тапсыруымыз тиіс, сондықтан да тәрбие біліммен қатар жүруі тиіс. Сонау Күлтегін заманынан қалған «Халқы бегіне, бегі халқына сенген ел ұзақ жасайды» деген өсиет өзектілігін ешқашан жойған емес. Сенім – сын сағаттағы серігі екенін нық ұғынған халқымыз, ең бастысы, кемел келешекке деген сеніміне көлеңке түсірген жоқ. Соның арқасында қиындық атаулыны қайыспай көтерді, белестерді бірге бағындырып, асулардан бірге асты. Қысталаң уақыт, қиын кезеңнің бәрінде дұрыс шешім қабылдап, тура жол таба білді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ең қиын-қыстау күндерде бірлігінен танбай, бар қиыншылыққа төтеп берді, қисайған жүгін түзеді, тұманды жерден жол тапты, күмәнді жерден жөн тапты. Елі дүйім дүниеге танылды, Елбасы күллі әлемге сыйлы болды. Бұл – шын мәнінде тәу етер құндылығымыз – Тәуелсіздігіміздің жемісі, тәуелсіз елді өз қолымен құрған Елбасының жеңісі деп білеміз.

Бүгінгі *қазақ патриотизмі* туралы айтар болсақ, ол мынадай принциптерге сүйенуі тиіс:

- өз ұлтын, ана тілін, мұсылман дінін, туған жерін жанындай сүйетін, қорғай білетін;
- өз ұлтын әлемге танытатын;

- өз халқына деген отансүйгіштігі, бауырмалдығы жоғары;
- отандық өнімдерді, ұлттық тағамдарды әрқашан тұтынатын;
- өз елінің ырымдары мен тиымдарын берік ұстанатын;
- өз елінің салт-дәстүрлерін қастерлейтін және үнемі насихаттайтын;
- өз елінің отансүйгіштік тақырыптағы әндерін тыңдайтын;
- мемлекеттік рәміздерді қасиет тұтатын және қорғай білетін;
- отансүйгіштік ой-санасы жетілген, ары таза;
- қазақ батырларының ерлігін, үлгі-өсиетін өнеге тұтатын болуы керек.

Бізге белгілі, жер көлемі жөнінен дүние жүзінде тоғызыншы орынды иеленетін, табиғат ресурстарына бай Қазақстан мемлекеті әрбір азаматына Отан туралы патриоттық санасын, ой-өрісін дамыту, жаһандану үрдісіндегі бәсекелестікке, өзіміздің ұлттық ерекшелігімізді сақтайтын, елімізді өркениетті елдер қатарына жеткізуде патриоттық тәрбиенің ең пәрменді және сенімді идеологиялық құрал ретінде маңызы зор. Яғни:

- ұлттық білім беру жүйесінде мемлекеттік тұрғыдан патриоттық тәрбие берудің басымдық тұстарын қаржыландыру, құқықтық-нормативтік, әлеуметтік статусын көтеру, бүкіл қоғамдық қолдау жүйесін қалыптастыру;

- білім беру жүйесіндегі ұлттық ерлік дәстүрлерді кешенді пайдалану, патриоттық тәрбие берудің технологияларын жетілдіру және біртұтас «қазақстандық патриотизмді» қалыптастыруда (тіл, дәстүр, дін) пәрменді нығайту;

- жастарға патриоттық беруді мемлекет тарапынан тікелей әсер ету – негізінен жалпы білім беретін орта мектептерде білім беру мазмұнында патриоттық тәрбие беру ісін жетілдіру, материалдық базасын нығайту, яғни отбасынан жоғары оқу орны аралығына дейін үздіксіз білім беру жүйесінде патриоттық тәрбиені дамыту. Сөзімізді түйіндесек, Қазақ халқы өз ұрпағына отансүйгіштік тәрбие беруде баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін отансүйгіштік тәрбие жөніндегі халықтық қағидалар, талаптар және әдіс-тәсілдер қолданылған. Демек, қазақ патриотизмінің негізгі талаптары еліміздің тарихи дамуына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, өмір салтына, түрлі тарихи уақиғаларға байланысты қалыптасқан отансүйгіштік тәрбие берудің алғышарттары деп түсінгеніміз жөн.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. Сайд материалы: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Толковый словарь казахского языка. Т.2. «Қ-Я» /Под общей ред. С.К.Кенесбаева. – Алматы: «Издательство АН КазССР», 1961-764 б.
3. Тайжанов А. Ұлтымызда қасиет деген ұғым бар // Қазақ әдебиеті, 1998, №24, 19 маусым.

4. Базарғалиев Ғ.Б. Х. Досмұхамедовтың ағартушылық қызметі мен шығармашылық еңбектеріндегі патриоттық тәрбие идеялары: пед. ғыл. канд. ... автореф.:13.00.01. – Атырау, 2002. – 27 б.
5. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. Сайд материалы: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

КІТАП ОҚУ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Ермекова Нұргүл Нұрдаулетовна,
*«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық
орталығы АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының
кітапхана бөлімінің басшысы*

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру» мақаласында еліміздің рухани дамуы, оның ішінде ұлт болашағы, ұлттық сананы серпілту жайында маңызды мәселелер көтерілген болатын. Бұл дегеніміз – салт-дәстүрімізді, ең бастысы, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлт руханиятының мәртебесін көтеру.

Жүздеген жылдар бойы әлемдегі ең бай кітапхана болып келген Отырар кітапханасы орналасқан қазақ даласында Шыңғыс ханның 150 мың әскеріне 5 ай бойы қарсы шайқасқан халқымыз өз өмірлеріне қауіп төніп тұрғанына қарамастан, көптеген кітаптарды үңгірге тыққандары тарихтан белгілі. Бұл нені білдіреді? Бұл дегеніміз, ата-бабаларымыздың кітапқа, білімге деген жанкешті құштарлығы, құрметі. Одан кейін де халық басына түскен небір зұлматтан сандыққа салынып, шүберекке түйілген, жерге көмілген, сенімді жерлерге тығылған кітаптардың табылуы халқымыздың білім қазынасы – кітапқа деген құштарлығын айғақтаса керек.

Қазақ даласында өмір сүрген дала данышпандары мен абыздары қалдырған сансыз көп жазба мұралар тәуелсіз Қазақстанның рухани-мәдени тарихының тікелей шежіресі екендігіне күмән болмауы тиіс.

Әлем мойындап отырған жас та, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани және мәдени өміріндегі жарқын құбылыстар Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың көрегендік саясатының нәтижесінде дүниеге келді. Елбасы: «Қазақстан әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарынан лайықты орын алуы үшін өзінің қазба байлығымен қатар жазба байлығын да, яғни мәдениеті мен ғылымын, білімі мен білігін-рухани әлеуетін күллі адамзатқа жарқырата көрсетіп, елімізді айдай әлемге паш ете білуі керек» деген болатын.

Еліміздің мәдениеті мен рухани өрлеуіне Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2000 жылды – Мәдениетті қолдау жылы деп жариялауы мен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылдануының үлкен маңызы болды. Тәуелсіз

еліміздің шартарапқа шашылған мәдени, рухани құндылықтарымызды түгендеу, жоғалғанымызды табу, барымызды ұрпақ санасына сіңірту жұмыстарында ғалымдар мен археологтар, әдебиет, мәдениет саласының мамандары, тарихшылар, зиялы қауым бірлесіп қыруар шаруа тындырды.

Ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарды отаншылдыққа әрі өнегелілікке тәрбиелеу мақсатында 2007 жылдан бастап өткізіліп келе жатқан республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясының да мәні зор. Мәңгілік мұра тағылымындай болар шығармаларын кейінгі ұрпаққа өсиет ретінде қалдырған ақын, жазушыларымыздың туындылары институтымыздың кітапханасында өзіндік орын алар өсиет-өнегелерімен қабысқан шаралардың біріне айналды.

Қазақ әдебиеті мен әлем классикасының алтын қорындағы құнды шығармаларды оқытып, сол туындылардың рухани маңыздылығын түсіндіру мақсатында «Өрлеу» БАҰО институты кітапханасында жүзеге асырылып жатқан «100 кітап», «Кітапханаға кітап сыйла», «Бір институт – бір кітап» жобалары игі шара, ізгі бастама болып отыр.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен көтерілген «Ұлы Дала елі», «Мәңгілік ел» идеяларын насихаттау жұмысы да кітапхана қызметкерлерінен жауапты да маңызды шаралар ұйымдастыру міндетін қойып отыр. Институт кітапханасында «Мәңгілік ел – ұлт мұратының ұйтқысы», «Ұлт жоспары – ұлы арманның асқары» атты Елбасы мақаласын талқылау; «Ұлттар достығы – басты қазынамыз» атты түрлі шаралар өткізілуде. Н.Ә. Назарбаев жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру үшін ең үздік 100 заманауи кітапты іріктеп, оларды қазақ тіліне аудару туралы айтты. Бұл, әрине, еліміздің кітап қорына қосылатын үлкен байлық болары сөзсіз.

Әлем елдерінің 70 пайызға жуығы қолданатын латын әліпбиіне көшу арқылы халықаралық ақпараттық кеңістікке шығуға, шетелде тұратын қазақтардың қазақ тілінде ақпарат алмасуына, қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, мол әдеби мұрасымен танысуға жол ашылады. Осы тұрғыдан латын әліпбиіне көшудің қиыншылықтары мен артықшылықтары турасында пікірлер айтылды.

Жаңа ақпараттық технология жетістігінің арқасында кітап жаңа қалыпта көрініс тапты. Ал, кітаптың да Интернет әлемімен кірігуі жаңа шешімдерге жол ашты: электронды кітаптардың компьютер экранынан оқи аламыз, арнайы шағын құралдар да осындай басылымдарды жолда, саяхатта болсын оқуға мүмкіндік берді. Интернет кітап дүкендері арқылы қалаған кітабыңды тапсырыс арқылы қол жеткізуге болады. Қазақ кітабы қазақ мәдениетінің алтын қазынасы болғандықтан Қазақстан Республикасының ұлттық электрондық кітапханасы kazneb.kz. қорында сақталады және оқырман болып тіркеліп ұлттық жазба-құжаттық мұралармен танысуға болады. Осындай ақпараттық-коммуникациялық технологиялар заманында ілгері даму көшінен қалып қоймай, жас ұрпақтың тәрбиелі, білімді, саналы азамат ретінде қалыптасуына, еліміздің нығайып, өркендеуіне өз үлесімізді қоса берейік.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев кітап жайында: «Кітап – ең сабырлы ұстаз. Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның ара жігін айнытпай танып білуге үйретеді» деген болатын. Бұл сөз өткен бабалар мұрасы мен бүгінгі және келешек ұрпақты сабақтастыратын ғасырлар аксиомасына айналары сөзсіз.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Жапакова Гулдана Каныбековна,

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру

институтының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Кілтті сөздер: тәрбие, азаматтық-патриоттық тәрбие, ұлт, «Мәңгілік ел», ұлттық идея, оқу-тәрбие, жаһандану, патриоттық сана, іс-әрекет, түйсік, туған жер, ел, патриотизм, елжандылық, ұлтжандылық, ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм

Зерттеудің өзектілігі. Бүгінгі Қазақстанның басты мақсаты – экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, дамыған елдің қатарынан көріну. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы осы мақсатқа жеткізетін Ұлы бастама.

«Мәңгілік ел» – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы», – дейді Елбасы. Мұндағы «ұлттық» ұғым түсінігі барша Қазақстан халқын қамтыған мағына білдірсе, «Мәңгілік ел» идеясы мемлекет құраушы халықтың сан ғасырлық құндылығын ұлықтауын, көпұлтты, межесі мен мәресін айқындайтын іргетасқа төл тарихымыздың қойнауында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа аманатталған, бәсеке мен сынақтардан шыңдалумен бүгінге жеткен бабалар арманы қаланды. Қазақстанда елдікті нығайтып, тәуелсіздікті баянды ету үшін Елбасы «Ұлт жоспары. 100 нақты қадам» бағдарламасында 85-қадам осы «Мәңгілік ел». Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Бала құқығы туралы декларацияда» және үкімет құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен басылым беттерінде айқын аңғарылады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты «қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық

құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру болып табылады. ХХІ ғаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр. Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда жеке тұлғаның бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру басты міндет болып саналады. Ел егемендігінің тарихына үңілсек, мемлекетіміздің алуан бағыттағы тыныс-тіршілігінің дамуына бірден-бір ықпал еткен фактор – бұл Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауы.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері балалардың, жасөспірімдердің оқу-тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Оқу-тәрбие ісінде назар аударып отырған тәрбие салаларының бірі – патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасы көп ұлтты іргелі ел. Патриоттыққа тәрбиелеу – күрделі педагогикалық үрдіс. Жас жеткіншектерді Отанын сүюге тәрбиелеу бір кезеңдік іс емес. Патриоттық тәрбиені қалыптастыру процесінің өз идиологиясы және айқын жүйесі бар. Мектептерде жас жеткіншектерді Отанын сүюге тәрбиелеу қазақ халқының батырларының өмірі мен ерліктерін олардың туған жерін жауларынан қаймықпай қорғағандықтарын баяндау арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан батырлары мен танымал тұлғалары көп ел екені даусыз. Ал оларды тәрбие беру құралына айналдыру елтану бағытында жасалған оңды шара. Мысалы, Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Ер Көкше, Баян батыр, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек батырлар. Әлемдік озық мәдениеттің шоқ жұлдыздары: Ш.Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев еңбектерінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі мол. Тәлімдік ой пікірмен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М. Жұмабаевтардың педагогикалық тұжырымдары өміршендігімен құнды.

Патриотизм, ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм, елжандылық проблемаларына көптеген тарихшылар мен философтар (М.Қозыбаев, Ә.Нысанбаев, А.Қалмырзаев, А.Ахметова, К.Меңлібаев және т.б.) филолог жазушылар (М.Әуезов, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Ә.Нұршайықов және т.б.) аса назар аударған. Педагогика ғылымында патриоттық тәрбиенің бірқатар салалары, атап айтсақ, оқушылардың саяси мәдениетін қалыптастыру (К.К.Жампеисова, Ю.Г.Наумова, Е.З.Батталханов), жас жеткіншектерді революциялық ерлік және еңбек дәстүрі рухында тәрбиелеу (К.Құнантаева, Ә.Жұмақанов, Ш.Әміралиев, С.Ешімханов, А.Щербаков, Д.Құсайынова және т.б.), оқушылардың адамгершілік-құқықтық (А.А.Калюжный, В.В.Трифонов, Л.К.Керімов және т.б.) азаматтық (С.Б.Омарова, Ж.Мақатова) тәрбиесін жүзеге асыру болашақ мамандардың патриотизмін қалыптастыру (А.Қ.Қалимолдаева) сияқты салалары зерттелген. Қазақ халық педагогикасын патриоттық тәрбие беру мақсатында пайдалануға байланысты орындалған жұмыстардан С.Иманбаеваның (ұлттық жауынгерлік дәстүрлер арқылы оқушыларды ерлікке тәрбиелеу), Л.Бейсембаеваның (қазақ ерлік эпосы арқылы жоғары сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу) зерттеулерін, Қ.Б.Жарықбаевтың (Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда педагогикалық ойлардың дамуы), С.Қалиевтың (Қазақ халық педагогикасында тәрбие мен білім берудің ғылыми-

педагогикалық негіздері), С.Ұзақбаеваның, Р.Төлеубекованың, К.Қожахметованың, Р.Дүйсембінованың патриоттық тәрбиені ішінара қарастыратын зерттеулерін, Ә.Табылдиевтің (қазақ ерлік эпосын оқыту әдістемесі) атты зерттеуін атауға болады [1;45].

Жас ұрпақты ұлттық бірлікке, Отанын, елін, жерін сүйуге, ұлттық тәуелсіз мемлекетті нығайтуға өз үлесін қосуға тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Көркем шығармаларда патриоттық сезімді ардақтап, батырлық, ерлікке мадақталу, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген. Бұл тақырыпта әңгіме, ертегі, өлең, жырлар туғанын, оларда халықтық батырлық, ерлік істерді және оны жасаушыларды ардақтағанын білуге болады. Егер, бала жас кезінен ұлттық жырларымыздың сұлулығын сезініп, мазмұнындағы адами құндылықтарды бағалай білсе, оның өз Отанына, халқына, төл өнеріне сүйіспеншілігі артатыны сөзсіз. Қазақ халқы, оның ішінен шыққан дана адамдар өз заманының адамдарына да, кейінгі ұрпақтарына да жақсы тәрбие беруді көздеген. Философиялық сөздікте «патриотизм (грекше *patris* – отан) – адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға құлшыныс. Патриотизм – адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, тілге, салт дәстүрлерге адал болып, олардан қол үзбеу түрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманда-ақ қалыптаса бастаған» - деп тұжырымдайды [2;80]. Патриотизм – жеке тұлғаның «табиғат-адам-қоғам» жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті. Патриотизм-отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуатын, білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту. Патриотизм грекше *patriotes*- отандас, *patris*-отан, туған жер деген ұғымды білдіреді. Б.Момышұлы: «Патриотизм – Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық- мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым- қатынасты білдіреді» - деп патриотизм ұғымына анықтама берген болатын [3; 95]. Патриоттық сезім жалпы адам баласына тән адами түйсік- қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, қамқорлықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, түйсінуін, қуаттап-қолдауын пайымдайтын көрсеткіші болып табылады. Қазақ совет энциклопедиясында “Патриотизм дегеніміз (грек *patriotes*-отандас, *patrio*-отан туған жер) отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш пен қуаты білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет- ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастады”- деп атап көрсетеді. Ал, қазақ ұлттық энциклопедиясында: «Патриотизм – Отаншылдық, отансүйгіштік, адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі», - деп

анықтама берілген [4; 95]. Патриоттық тәрбие – жастармен жүріп жатқан қазіргі жұмыстардың басым бағыттарының бірі.

Қазақстан қоғамында патриоттық тәрбие деген ұғым – Отанға деген, өзінің халқына деген махаббат, адалдық, азаматтық және қоғам игілігі үшін қызмет ету деген сияқты түсініктер ретінде қалыптасқан. Патриотизм – азаматтардың ұлттық санасының жалпы және ажырамас бөлігі ретінде қоғамның рухани-адамгершілік тұрғыдан жаңғыртуы. Сонымен, патриотизм – кешенді рухани және әлеуметтік феномен, оған өз еліне деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, өзінің күші мен қоғамның күштеріне деген сенім кіреді. Патриотизм – идеология және психология, саясат пен адамның Отанға деген ерекше, көтеріңкі, шын берілген қатынасын білдіретін қызмет. Патриотизм сезімі туа біткен сезім болып табылмайды, оны адам бойына дарыта білу керек. Бұл – күрделі, көп жоспарлы процесс. Оған тарихи сананы, яғни елдің батырлық және қайғылы оқиғаларын сараптап, елдің тарихына, мемлекеттік рәміздеріне, заңдарына, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау кіреді. Бұл процесс отбасы тәрбиесіне, күнделікті қолданылып жүрген дәстүрлерге, еліміздегі өмірдің деңгейі мен сапасына, әлеуметтік бағдарламалармен қанағаттандырылғандыққа, яғни адамның өз елін мақтан тұтуына мүмкіндік беретін барлық факторларға едәуір дәрежеде байланысты болады. Бұл жайында Елбасы Н.Ә.Назарбаев былай дейді: «Әрбір қазақстандық өзінің ұлттық тиесілігіне қарамастан, Қазақстан – бұл оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ылғи да дайын болатын, оның қанына сіңген туған мемлекеті екенін сезінуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана қазақстандық патриотизм сезімін арттыру және тәрбиелеу үшін түпкілікті негіз пайда болады, тек осы жағдайда ғана отандастар қазіргі уақытта Қазақстан ретінде бүкіл әлемге әйгілі мемлекетке тиесілігі үшін мақтаныш сезімін байқайды».

XXI ғасыр жаһандану үрдісі бүкіл әлем халықтарын біріктіру арқылы өркениеттілікті сақтап қалу барысында бар күш-жігерін жұмсап отырған тұста патриотизм ұғымы кең тұрғыда тек Отан емес, әлемдік тұрғыда қарастырылуды қазіргі қоғамдағы және әлемдегі даму үрдісі талап етеді. Бүгінгі жаһандану үрдісінде, патриотизм ұғымы халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау, яғни жалпыадамзаттық патриотизм тұрғысынан қарастырылады. Сондай-ақ, патриотизм ұғымын жан-жақты талдау «елжандылық» ұғымын анықтау оны «ұлтжандылық» ұғымымен салыстыра қарастыруды қажет етеді.

Оқушылардың бойында азаматтық-патриоттық сана-сезім, іс-әрекет адам бойына өздігінен қалыптасатын қасиет емес екендігін, оның өзі білім мен тәрбие барысында Отанды ұлағаттау, халықтың төлтума мәдени-рухани әлеміне терең бойлау арқылы қалыптасатынын теория мен тәжірибе дәлелдеп келеді.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында патриоттық тәрбие берудегі жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан да шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау ісінде тәрбие маңызы

ерекше. Тәрбие бағыттылығының дербес идеясы мұғалімнің балаға ерекше көңіл аударуын қажет етеді. Ол педагогикалық жұмыстың ең жоғары мақсаты. Сондықтан баланы зор ұқыптылықпен зерттеген жөн. Барлық тәрбие жұмысының барысында еске алатын басты тұлға – бала екендігін ұмытпауымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалыбекова Г. Жастарды елжандылыққа тәрбиелеу мәселесі. Ұлт тағылымы №4, 2010, 76-78б.
2. Философиялық сөздік. Ред. кол: Р.Н.Нұрғалиев, Ғ.Ғ.Ақмамбетов және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы 1996, 80 б.
3. Момышұлы Б. Совет балаларын патриотизмге тәрбиелеу. – Алматы 1989, 95 б.
4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Алматы. Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы, 2001, 95 б

КУЛЬТУРА ВЫБОРА ПРОФЕССИИ – ВАЖНЫЙ ФАКТОР СОТРУДНИЧЕСТВА ВУЗА И ШКОЛЫ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ КАДРОВ

Алтын Мырзашова,
кандидат филол. наук, PhD, профессор

*Счастливый человек – счастлив во всём: в семье, в профессии,
в своём окружении... Если вы состоялись как личность,
то большая заслуга в этом – вашей профессиональной среды,
которая стала кузницей личностного роста.*

Эпиграф к этой статье не банальное вступление, а проверенное временем понимание того, что Человека формирует его профессия или деятельность. Все приобретаемые в течение жизни навыки, способности, компетенции, стиль жизни, мировоззрение, личностный менталитет, возвращаются, всё-таки, в профессиональной жизни каждого из нас. Не раз приходилось наблюдать, как по манере общения и поведения, культуре речи и этикету, легко распознают профессиональную принадлежность или сферу деятельности человека. Это не требует специальной диагностики.

Профессиональная среда формирует, преобразовывает и моделирует личностные качества человека, кроме того, известно, что любимая работа или дело – это источник развития личности и духовного благосостояния. И, наоборот, не любимое дело и чуждое окружение – источник поглощения твоей энергии и духовных ресурсов. Обычно, опытные тренеры по личностному росту и лидерству советуют незамедлительно менять такую обстановку и не

подвергать себя самоистреблению. Вот что значит в жизни человека его профессия.

Бытует умная поговорка, что нельзя ошибаться в выборе спутника жизни, профессии и друзей, т.е. своего окружения. Нельзя не согласиться, что эти три важных кита определяют главные ставки нашей будущей жизни, ваш выбор в дальнейшем отразится на плоскости «быть или не быть?». Как известно, все три важных выбора, человек делает, в нашем обыденном, устоявшемся понимании, не в зрелом возрасте, а на заре своей молодости. Так, мы все, будучи молодыми людьми, на начинающем этапе своей социализации, под «давлением» или стечением обстоятельств, в силу требований временных факторов и обязательств, амбиций и менталитета родителей, общества начинаем форсировать все важные события своей жизни. Выбор профессии, выбор вуза, далее – спутника жизни, вот, пожалуй, и весь мобильный перечень необходимых шагов. Выполнен «план развития и становления» себя, в котором, львиную долю участия принимали не сами молодые люди, а все – родители, родственники, школьные учителя и т.д. Это реалии нашей жизни и они «по умолчанию» не требуют критики, оценки, цензуры.

Понятно, что только конкретная доля родителей способна предоставить право выбора, учитывая интересы и потенциал молодого человека – так называемого абитуриента, не только вуза, но и взрослой жизни. Быть родителем абитуриента – это значит быть подкованным и готовым к участию в его правильной профориентации или довериться грамотным специалистам.

Нельзя не отметить хорошую тенденцию – родители, как основные советчики и помощники будущего абитуриента, все чаще стали выбирать между качеством образовательных услуг и «недорогим образованием», отдавая предпочтение первому. Родитель – главный «инвестор» образования своего чада, поэтому ему принадлежит право голоса в расчёте и выборе расходов, связанных с его обучением. Поэтому, именно родители должны обращаться к профессиональной помощи консультантов и спешить принимать единоличных решений, не опирающихся на глубокие знания в этом вопросе.

К сожалению, на данном этапе родителями игнорируются такие важные факторы, как трудоустройство, актуальность рынка труда данной профессии, возможности вуза в сфере практико-ориентированного обучения и подготовки специалиста, рейтинг выпускников и вуза с позиции работодателей, возможности стажировок на базе производственных организаций и дополнительной профессиональной сертификации. Поэтому совместное решение при выборе будущей профессии необходимо принимать с участием не только родителей и родственников, но и специалистов вуза, внешних экспертов, а также с учётом прогнозов рынка труда и возможностях вуза, где вы собираетесь получить своё профессиональное образование.

Нынешних работодателей не удивить наличием диплома об образовании, однако есть гарантия интереса к вам как специалисту, если вы имеете набор конкурентных преимуществ, таких как – *знание нескольких языков* (обычно эта возможность предоставляется студентам на базе клубов и центров по изучению

иностранных языков, зарубежных летних языковых школах), *сертификация в профессиональных сообществах и гильдиях* по итогам стажировок и дополнительной специализации (вузы имеют такую возможность, например, по программам академической мобильности и международного сотрудничества и т.д.), *опыт в проектной деятельности, сертификация по личностному росту, собственные разработки и бизнес-план*, а также четкое видение того, какой вклад вы можете внести в развитие данной компании.

Последний перечень показателей, начиная с *опыта проектной деятельности*, формируется в течение всего периода обучения – для этого действуют Технопарк, конструкторские бюро, стартап-проекты, исследовательские центры и лаборатории, не говоря о научных мероприятиях, формирующих интеллектуально-творческий потенциал и профессиональные «вкусы» выпускника. Всё в руках самого студента и его конкретных целях – получить желаемый документ об образовании или сформировать в себе качества и критерии образованности. Ведь иметь образование, еще не значит – быть образованным.

Вуз, нацеленный на качество выпускника во всех его профессиональных качествах, должен принимать самое активное участие в его становлении, начиная со школьной скамьи – формирование профессионального «вкуса» должно осуществляться в сотрудничестве и взаимодействии со всеми заинтересованными участниками этого процесса – *учащимися, родителями* (поскольку они инвестируют в его образование), *педагогами* – они в дальнейшем влияют на выбор профильной дисциплины. К слову, выбор профильного предмета – не сиюминутная операция, а осознанное решение, от которого зависит уже и дальнейший выбор специальности, в конечном счёте, и, судьба молодого человека. Нельзя сбрасывать со счетов факторы, когда абитуриент, будучи неподкованным в вопросе выбора профессии, выбрал одни предметы ЕНТ в школе, а придя в вуз понял, что не те предметы и не та специальность, а на желаемую идти уже не может – сроки выбора истекли. Профориентационная помощь, профессиональная консультация и самоподготовка в этом вопросе должны быть получены и реализованы до этого важного события – выбора профильных предметов ЕНТ.

Культура выбора профессии – важная составляющая грамотного подхода к выбору специальности и условие для принятия эффективного решения. Безусловно, такое значимое сотрудничество принесёт свои дивиденды – в вуз придут достойные абитуриенты с конкретными профессиональными амбициями и живым интересом к своей карьере, а не временные и случайные «жертвы» безграмотного выбора профессии. Общество, в свою очередь, получит достойных кадров, профессионалов своего дела, равнодушных специалистов, от которых зависит благополучие всех и каждого. Отсюда следует, что профориентационная работа вуза – это не очередная реклама и агитационная кампания, а осознанная, системная и партнёрская деятельность, направленная на становление профессиональной личности.

Человек, который на своём месте, в своей сфере и своём окружении, способен перевернуть мир, в его правильном понимании, способен созидать и создавать, и, наконец, стать неиссякаемым источником энергии, идей, творчества и позитива. Разве не эти факторы определяют по-настоящему счастливых и успешных людей?

ИНТЕГРАЦИЯ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ЦЕЛОСТНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС.

Токбасова Айжан Серикбаевна,
ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР
по Актюбинской области, тренер ЦУП

Свое выступление мне хотелось бы начать со старой индейской притчи. Когда-то давно старый индеец открыл своему внуку одну Истину. В каждом человеке идет борьба, очень похожая на борьбу двух волков. Один волк представляет зло – зависть, ревность, сожаление, эгоизм, амбиции, ложь... Другой волк представляет добро – мир, любовь, надежду, истину, доброту, верность... Маленький индеец, тронутый до глубины души словами деда, на несколько мгновений задумался, а потом спросил: «А какой волк в конце побеждает?» Старый индеец едва заметно улыбнулся и ответил: «Всегда побеждает тот волк, которого ты кормишь»...

Современное общество находится в состоянии духовно-нравственного кризиса, что неизбежно сказывается на судьбах подрастающего поколения.

Выход из этого кризиса видится в духовно-нравственном возрождении нации, которое может начаться лишь **с образования**. Новые тенденции в развитии образования, которые сегодня можно наблюдать, вселяют надежду на то, что мы духовно возродимся и наше будущее общество будет здоровым. Основным инструментом педагогической поддержки духовно-нравственного развития личности гражданина является общеобразовательная школа, выстраивающая партнерские отношения с другими социальными субъектами воспитания: семьей, институтами гражданского общества, конфессиями, общественными организациями. Детство всегда с надеждой обращено в будущее, как бы ни было беспощадно настоящее. И дети, как правило, ждут, чтобы взрослые показали им путь, который определит им жизнь. От этого зависит наш завтрашний день. Духовно-нравственный потенциал школы создается всеми участниками образовательного процесса: учащимися, педагогами и администрацией школы, родителями.

Убеждена, что духовно-нравственная среда может возникнуть только в том случае, когда, **во-первых**, процессы обучения и воспитания становятся сбалансированными и равновеликими, **во-вторых**, обеспечивается всестороннее и гармоничное развитие обучающихся, **в-третьих**, на классных и общешкольных мероприятиях происходит освоение общечеловеческих ценностей. Стержневыми направлениями модели воспитательной системы школы являются интеллектуальное, этическое и эстетическое, ориентированные на формирование общей культуры ребенка, а также патриотическое и физическое.

Перед общеобразовательными школами стоит задача подготовки ответственного гражданина, способного самостоятельно оценивать происходящее и строить свою деятельность в соответствии с интересами окружающих его людей. Решение этой задачи связано с формированием устойчивых духовно - нравственных свойств личности школьника.

Что же такое нравственность? — Это нормы, принципы поведения, мотивы поступков. Духовность? Это устремлённость личности к избранным целям, ценностная характеристика сознания; определение человеческого способа жизни, выраженное в стремлении к познанию мира и, прежде всего, самого себя.

Нравственное воспитание — непрерывный процесс, он начинается с рождения человека и продолжается всю жизнь, и направленный на овладение людьми правилами и нормами поведения.

И все же школа не только место, где наши дети получают образование. Именно здесь происходит духовно – нравственное формирование ребенка, осознание им себя гражданином своей страны.

Образование и воспитание, как известно, неделимы, но также общепризнано и то, насколько сложно добиться результатов именно в воспитательной деятельности, вложив в растущее «Я» частичку себя. Давайте поразмыслим с Вами о том, кто есть носитель нравственного призвания, и я называю его имя – это Учитель! Золотым правилом нравственности: «Поступай с другими так, как ты хочешь, чтобы другие поступали с тобой».

Учитель – сподвижник, потому что он сам призван идти, двигаться «тропой бескорыстной любви», меняться к лучшему, от лучшего – к еще лучшему. Миссия учителя в выявление у подрастающего поколения внутреннего духовного потенциала, который дарован ему изначально, с рождения. **«Духовно-нравственное воспитание направлено на "возвышение сердца" ребенка как центра духовной жизни (И.Г. Песталоцци).** Оно, – по мнению Т.И. Петраковой, – представляет собой процесс организованного, целенаправленного как внешнего, так и внутреннего (эмоционально-сердечного) воздействия педагога на духовно-нравственную сферу личности, являющуюся системообразующей ее внутреннего мира».

Я думаю, что мы, педагоги не должны воздействовать, а целенаправленно создавать условия для становления духовно-нравственной сферы личности, а Учитель - есть самое первое и важное условие любви, доброты, бескорыстного служения!

Важным фактором развития личности 21 века и общества в целом является нравственная культура и духовное творчество самого педагога.

Поэтому Учитель должен осознанно стремиться к собственному духовному росту и оказывать помощь своим воспитанникам в духовном взрослении; – глубже понять себя, свое предназначение – в семье, роде, профессии, Отечестве; – найти путь к своему подлинному «Я»; – жить, следуя своей природе; – различать пласты человеческой жизни – физический, душевный, духовный, помочь в этом своим ученикам. В этом и есть суть духовно-нравственного образования!

Термин «интеграция» означает «объединение, соединение, суммирование», то есть связывает отдельные дифференцированные части в целое, что ведёт к качественному изменению состояния системы. Интеграция чрезвычайно актуальна и необходима в современной системе образования. Педагогическая межпредметная интеграция - это задача усовершенствования учебных планов, программ и учебников состоит в том, чтобы отразить в них не только достижения отдельных отраслей знаний, но и аксиологический характер современной науки, ее преобразующее значение, влияние на нравственность человека, его духовный мир». Задачи, которые призвана решать интеграция:

- выводить учащихся на более высокий уровень осмысления знаний;
- совершенствовать индивидуально-личностный аппарат познания;
- развивать свободу мышления;
- формировать креативность мышления;
- помочь учащимся использовать знания и умения, приобретённые в рамках одного предмета, при изучении другого.

Интеграция нравственно – духовного образования в предметы – это, прежде всего, оживление школьного знания, выявление его нравственно – духовной сущности, это целостное знание, синтез всех предметов на основе вечных общечеловеческих ценностей и видения единства в многообразии. Вечные ценности должны стать фокусной точкой образования, другими словами, должны составить единое целое со всем, чему мы учим. В своё время К.Э. Циолковский говорил «Надо истинную мораль извлечь из естественных начал вселенной, из её общих законов, и сделать её, таким образом, убедительной и приемлемой всеми людьми».

Наша школа - это школа жизни. И именно учителям необходимо уметь создать для детей в школе и школу, и семью как единство жизни.

Строки академика Дмитрия Сергеевича Лихачёва: **«Если человек не любит хотя бы изредка смотреть на старые фотографии своих родителей, не ценит память о них, не любит старую еду, старые улицы, пусть даже и плохонькие, значит, у него нет любви к своему городу. Если человек равнодушен к памятникам истории своей страны, значит, он равнодушен к своей стране».**

У любой школы есть мечта. Мечта нашей школы - построить такой дом, в котором всем было бы комфортно и радостно. В любом доме складывается определенная система ценностей, так и в нашем школьном доме складывается система педагогических ценностей:

- Принимай и понимай ребенка таким, каков он есть.
- Помогай ребенку, когда он нуждается в твоей помощи.
- Не сравнивай одного с другим, а сравни его вчерашнего с ним сегодняшним
 - Не учи ребенка, а развивай его, поддерживай его позитивные устремления.
 - Заботься о его физическом и душевном здоровье, но не навреди.

Хочется верить, что наша школа посеет в душе детей доброту, человечность, чуткость, доброжелательность, станет для детей школой «воспитания добрых чувств». И наши дети вырастут достойными гражданами своей страны.

**«Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласының негізгі ережелерін түсіндіру бойынша «Педагогикалық идеялар панорамасы» өңірлік диалогтік алаңының
ҰСЫНЫМДАРЫ**

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының шеңберінде және Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласы аясында педагогтардың патриоттық, рухани және мәдени дамуына арналған **«Педагогикалық идеялар панорамасы»** пікірлесу алаңы өткізілді.

Өңірлік пікірлесу алаңының тақырыптарын талқылау «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласы идеясының маңызы мен қоғамның рухани жаңаруы үшін барынша күш салу қажеттілігін түсінуді көрсетті. Жас ұрпақтың санасында мемлекеттік құндылықтарды, Тәуелсіздік пен қоғамдық сананы жаңғырту құндылықтарын қалыптастыру мен нығайту үшін қазақстандық мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктеледі.

Жұмыс барысында жас ұрпақты отансүйгіштікке және жоғары әлеуметтік қызметке мақсатты түрде тәрбиелеу мәселелері қаралды, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының және Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласы контекстінде педагогтер қызметінің даму бағыттары анықталды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде өңірлік диалог алаңына қатысушылар ұсынады:

Білім беру мекемелерінің педагогтеріне:

- тұрақты, бәсекеге қабілетті Қазақстан Республикасының жаңа табыстары мен бағындырған жетістіктеріне бағытталған қазақстандық патриоттыққа жас ұрпақты тәрбиелеу және оқыту;
- «Мәңгілік Елдің» жалпыұлттық идеялары мен қоғам санасын жаңғырту мәселелерін оқу үдерісінде енгізу мақсатында жаңа педагогикалық технологиялар мен интербелсенді әдістерді қолдану;
- Ақтөбе облысының тарихи, мәдени мұраларын сақтау және көбейту;
- Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық және отбасылық құндылықтарын мәдениеттендіру үшін ата-аналармен біріге отырып өткізілетін сыныптан тыс шараларды тиімді де жүйелі өткізу.

Білім беру мекемелерінің басшыларына:

- педагогикалық қызметкерлердің «Мәңгілік Елдің» ұлттық идеясы мен құндылығы және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» бағдарламалық мақаласы аясындағы рухани-адамгершілік дамуына ықпал ету;
- жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеу жолындағы педагогтың белсенді де жүйелі жұмысына жағдай жасау;
- педагогикалық ұжымда патриоттық рух пен моральдық-этикалық құндылықты дамыту үшін өзара корпоративтік қарым-қатынас технологиясы мен тәсілдерін қолдану.

«Өрлеу БАҰО» АҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалына:

- «Мәңгілік Елдің» ұлттық идеясы мен құндылықтарын педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесіне мақсатты түрде бағыттау;
- «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» бағдарламалық мақаласы шеңберінде семинарлар, дөңгелек үстелдер, шебер-кластар өткізуді белсенді жүргізу;
- «Мәңгілік Елдің» ұлттық идеясы мен құндылықтарын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу бойынша педагогтердің озық тәжірибелерін жинақтау және тарату.

**«ӨРЛЕУ» БАҰО АҚФ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ИНСТИТУТЫ**

БАЛАМ ОЗСЫН, ПАРАСАТТЫ БОЛЫП ӨССІН ДЕСЕҢІЗ!

Баекешева Клара Елтаевна,
*«Өрлеу» БАҰО» АҚ Филиалы
«Алматы қаласы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»
деңгейлік бағдарламалар орталығының жетекшісі*

«Рухани жаңғырту» бағдарламасының негізінде орын алған «Тәрбие және білім» бағдарламасын іске асыру біздің үлесімізде. Елбасымыздың алға қойған саяси және экономикалық реформаларын тұрақтылық пен мәдени - рухани өрлеу күтіп тұрғанына сенімдіміз. Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Сол себепті, Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басып, 2017-2020 жылдар тиімді жүзеге асырудың арқасында елімізді аралығына жоспарлаған «Тәрбие және білім» ішкі бағдарламасының бірінші кезеңі басталып кетті. Одан біз, Елбасының "Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады" деген ойы бізді жарқын болашаққа жетелейтінін көреміз.

Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады?

Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегіннің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды, жеріне, еліне деген махаббатына тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек, деп Елбасымыздың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ой түйіндеді.

Біріншіден: Ата- бабаларымыздан мұра болып қалған кең байтақ жерімізді, тарихи-мәдени құндылықтарымызды, тарихымызды, ізгі қасиеттерімізді сақтап және де жаңғыртуымыз қажет. Өйткені ұрпақ санасында ұлттық рух мәңгі қалуға тиіс.

Екіншіден: Білім әр адамның рухани азығы. Білімді-саналы ұрпақты өсіру үшін, балалардың бойына ізгілік пен патриоттық сезімді ояту.

Үшіншіден: «Туған жер» бағдарласы аясында, жергілікті және республикалық деңгейдегі тарихи ескеркіштерді көздің қарашығындай қорғау, оларды алыс-жақын жұртқа насихаттау. Өйткені, бұл бағдарлама аясында жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатыны сөзсіз.

Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? деген сұраққа - туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен

өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс екенін түсіндірді.

Оқушылар біздің рухани құндылықтарымызды түсініп білу үшін Бағдарламаны қалай іске асырамыз? - деген мақсат қойып отырмыз.

Осы ретте, жаңартылған жалпы білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-жаратылыстану пәндері педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсына тереңнен қарастырдық. Оның ішінде химия, биология, география пәндері ішаралық және басқа әдебиет, денешынықтыру, музыка пәндерімен интеграциялау жолдарын қарастырдық.

Біздің жастарымыздың білімге деген ұмтылысын халықаралық деңгейдегі жарыстарда ат салысып жүргенінен байқауға болады, яғни жастарымыздың әлеуеті мықты. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Құрметті әріптестер, мектеп барысында бағдарлама ұсынған осы пәндердің зертханалық жұмыстарын, мысалы, ортаның экологиялық факторларын зерттеу (мектеп ауласы мысалында) жүргізілсе жерге деген сүйіспеншілік осындайдан басталмай ма?

Елбасымыз, егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды. Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады, деген.

Ойымды қортындылай келе, айтатыным «Төл тума тарихымызды сақтап қалу үшін, ұлттық құндылықтарымызды берік ұстану үшін, білімді әрі қарай дамыту үшін, халқымыздың рухани жаңғыруы үшін жұмыла жұмысқа кірісейік! Бірінші: тәрбие үйден басталады. Сондықтан үйде жақсы сөз айтып, көңілді сөйлесіңіз. Шылым-алкогольдың зияны туралы күніне 1 мезгіл құлағына құйып отырыңыз.

Екінші: балаңыздың бөлмесін компьютер, ойыншық, т.б. қажетсіз гаджеттерге толтырмай қабырғаға әлем картасын іліп, сөрелерді кітаптарға толтырыңыз. Әлем картасы-тұнып тұрған энциклопедия! Қараған сайын бала әлем тануға қызығушылығы арта түседі. Ол қызығушылығы кітап оқуға итермелейді. Ал кітап - сарқылмас байлық!

Үшінші: ақшаны керексіз жұмсақ ойыншықтарға шашқанша Алаш көсемдерінің, ұлт мақтаныштарының портретін жасатып қабырғаға іліңіз немесе шағын альбом, буклеттер жасап беріңіз. Ол кісілер кім екенін, ел үшін не істегенін, қанша тер төккенін айтудан жалықпаңыз. Бұл оның алдағы уақытта кімге бой түзеп, қандай тұлға болып қалыптасатынына көмектеседі. Жастайынан "бетмен, супермен, человек паук, халктарды" көріп, соларға еліктегеннен әлдеқайда жақсы ғой солай ма?

Төртінші: Өзіңізді "супер-саясаткер" санап, баланың алдында көсіліп полиция, дәрігер, үкіметті, ұстаздарды қаралап, жерден алып жерге салып

отыруды доғарыңыз! Қайталаймын, доғарыңыз! Бала жастайынан қоғамға қарсы көзқараспен өседі мұндайды тыңдап!

Бесінші: Балаңыз ойынхана, түнгі клуб соңында кетпесін десеңіз мегацентр, сауда үйлер, кафе-ресторандарға апарағанша-мешіт, кітапхана, мұражай, кесене, мәдени орталықтарға апарып үйретіңіз. Мұндай ортада өскен бала түнгі клубтардан жиіркенетін болады.

Алтыншы: Олимпиадада неге қазақ баласы жоқ? - деген сұрақ туындатпас үшін сіздерден өтініш, балаңызды үйірмеге беріңіз! Күйген дүние күйіп кетсін! Мейлі жаңа шубаға ақшаңыз жетпей қалсын, сол ақшаға балаңызға қажетті спорт жабдықтарын алдырыңыз. Үйге турник, кір тастар алдырыңыз

Жетінші: салт-дәстүрге, иманына, рухына өтініш уақыт бөліңіз! Сегізінші: ұлыңыз көшеде төбелесіп келсе ұрысып, жекірудің қажеті жоқ. Ол бала болған соң бәрібір төбелеседі. "Ой балам, ол сенен алып қой, сондада тайсалмаған батырым" деп рух беріп, біреуге өзің тиіспе, тиіссе намысыңды берме деп айтыңыз! Бұл менімше ынжық, рухы әлсіреген қазақ жігіттерінің санын азайтады. Рухты жігіттер көбейсе - ешқандай ұлт төбемізге шықпас еді...

Аты шықпаған қызымыз бен аты шулы батыр ұрпағымыз көбейсін!
Саналы,салихалы ұрпақ ата-ана үшін екі дүниенің де бақыты!

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Берекенова Асем Сергеевна,
*Алматы қаласы, Бостандық ауданы №51
мектеп-гимназияның қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі, филология магистрі*

Елбасымыз биылғы жылы рухани жаңғыруға орай келелі ойларын жариялады. Бұл еңбекте еліміздің экономикасы ғана атап өтілмей, халықтың көкейінде жүрген сан түрлі сұрақтардың шешімі жария етілді. Латын қарпіне көшу, «100 жаңа есім», «Туған жер», «Ұлттық код» - барлығы Қазақстанның болашағы үшін жасалған.Еліміздегі біршама саясаткерлер, ел алдында жүрген кісілер жолдау жайлы өз ойларын білдірді. Тіпті, халықтың өзі әлі күнге дейін қызу талқынып жатқаны баршамызға аян.Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білу қажет екенін білуге тиіспіз.Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға қадам бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы оң нәтижелерге қол жеткізгені

бәрімізге белгілі. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойды. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжитатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан үлкен жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс болып табылады. Жас ұрпаққа заманауи білім бере отырып, ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы ғана біз өзіміздің ұлттық табиғи-тарихи бітім-болмысымызды, өзге жұртқа ұқсамайтын ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық ой-санамызды, ойлау машығымыз бен дүниетанымымызды қорғап қалып, жаһандану үдерісіне бейімделе аламыз. Ұлттық тәлім-тәрбие осы бір қауіпті де қажетті, қашып құтылу мүмкін емес үрдістен бізді ұлттық мемлекет ретінде сақталып қалуымызда үлкен рөл атқаратын бірден-бір тетік. Қалай десек те, ендігі жерде жас ұрпақ, ең алдымен, ұлттық тарихи жадын, бірегей ойлау машығын, өзіндік өнері мен дүниетанымын, ана тілі мен дінін, дәстүрлі әдебиеті мен мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту қажеттілігін сезінді.

XXI ғасыр талап етіп отырған дағдыларды оқушы бойына тиімді қалыптастыра алу үшін, алдымен мұғалімдердің өздері де ол дағдыларды меңгеруі керек. Яғни оқушыларды оқытудағы жаңа тәсілдер мұғалімдерді оқытуда да жаңа тәсілдерді талап етеді. Ұстаз – білім беру сапасын ғана арттыратын тұлға емес, ол мемлекетімізге, мемлекеттік тілімізге, барлық ұлттық құндылықтарымызға деген құрмет сезімін шәкірт жүрегінде оятушы, дарытушы. Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуіміз қажет. Бұл жолда елбасымыз халыққа бірнеше принцип ұсынды: Бәсекелестік қабілет – бұл XXI ғасырдағы басты принциптердің бірі. Яғни, адам өз ісінің хас шебері болып қана қоймай, оны әлемдік аренада дәлелдеу керек. Қоғамға өзін бәсекеге қабілетті екенін дәлелдеуі керек. Әркім тек өз ісінің маманы ғана болып қалмау керек, өзін басқа да қырдан көрсетіп, бәсекеге қабілеті бар екенін көрсеткені жөн. Бұл принцип еліміз үшін үлкен рөлді атқарады. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы. Прагматизм – қазіргі заманғы философиядағы субъективті-идеалистік бағыт. Бұл бағыт шапшаң әлеуметтік өзгерістер кезеңінде дүниеге келген практикалық философия, ол парасатты ой мен логикалық әдісті тәжірибедегі істермен астастыруға тырысып, тәжірибеге жүгінеді. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Ұлттық бірегейлікті сақтау – Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық

сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ескірген салт-дәстүрлерді қазіргі заманға сай қылып әкеліп, бірақ өз мәнінің жоғалтпайтындай етіп жаңарту керек. Білімнің салтанат құруы – білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Сананың ашықтығы – рухани жаңғыруда қойылып отырған маңызды мәселенің бірі. Жаһандану кезеңіндігі ел халқына жүктелетін негізгі талап – әлемдік тілдерді меңгеруге ұмтылу болмақ. Елбасы баса назар аударған «сананың ашықтығы» – өркениетке даңғыл жол салған негізгі бағдар болмақ. Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. Заман талабына сай, өркениетті елдердің қатарына қосылу үшін жарқын болашақ жастарымызға қолайлы болары сөзсіз екені баршамызға аян.

АКСИОЛОГИЧЕСКИЕ ОРИЕНТИРЫ ОБРАЗОВАНИЯ В УЧЕБНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ ПО АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Бондарева Ануш Арташевна

*учитель английского языка высшей категории
УМЦ «Альраминь» г. Алматы, Республика Казахстан*

Мы обязаны передавать жизненные ценности из поколения в поколение.

Истинные ценности это наш озоновый щит.

Кент Эймос

Важнейшей направленностью обновленного содержания образования является определение и наполнение общечеловеческих и традиционных национальных ценностей и установок конкретным содержанием.

Что касается общепризнанных, общечеловеческих ценностей, то в первых аксиологических (греч. *Axia* – ценность, *logos* – понятие) исследованиях, основанных на учении И. Канта, предметом исследований выступали ценности, принадлежащие к разным культурам и относящиеся к любому историческому периоду, так называемые трансцендентные ценности, выходящие за пределы одной культуры, или вечные и абсолютные. Далее ценностные категории, сохраняющие положительное значение во все времена и для всех людей стали называть общечеловеческими.

Одной из основных предпосылок развития системы общечеловеческих интересов и ценностей является принцип антропоцентризма (др.-греч. *Antropos*

– человек, kentron – центр): человек есть мера всех вещей [1,с.3]. В настоящее время принципы антропоцентризма и гуманизма отражены как в области гуманитарных, так и естественно – научных знаний.

Аксиологическая сфера (аксиосфера [2,с.67]) мировой культуры включает в себе духовно – нравственный опыт человечества, его, так называемое, ценностное ядро. Однако философы – аксиологи определяют нашу эпоху как время смены ценностной ориентации человечества. В данную эпоху утверждается ценностно – рациональное гуманистическое сознание: ценность жизни на планете, ценность человеческой жизни, осознание последствий техногенных катастроф, ценность человеческой индивидуальности, новые ценностные установки «человек – природа» - не укрощение, а партнерство, диалог с природой. Так же немалые изменения происходят и в антиномии «человек – общество» - происходит осознание ценностей социальной открытости, расширения коммуникативной деятельности, информационного и образовательного пространства. Особую значимость приобретают ценности мира между государствами, идеи толерантности, достоинство и ценность человеческой личности, возможность самореализации и самоактуализации каждой личности. Процесс смены ценностной ориентации проявляет тенденцию гуманизации общества, что предполагает изменения в самосознании каждого человека.

Система образования должна ответить на данные изменения, которые имеют универсальный – общечеловеческий характер. Ценностные изменения, отмеченные выше, это современные смыслы универсалий культуры: космос, природа, человек, общество, деятельность. Данные универсалии создают «несущую конструкцию» субъективного мира человека. Новое наполнение универсалий имеет особую значимость в формировании современной ценностно – мировоззренческой позиции субъектов образования.

Общечеловеческие ценности на современном этапе развития человечества предстают в определенной системе: социально – политические, религиозные, нравственные, эстетические. Однако дело человечества совершается нациями и народами, проникается общим содержанием, возвышает каждую нацию и народность.

Педагогическая мысль нашей страны ставит проблему вычленения для содержания образования ценностного отношения к миру, к людям, к себе казахстанского этноса. В Республике Казахстан, с ее поликультурностью, многонациональностью и полиязычием обновление образования и наполнение его общечеловеческими и традиционными национальными ценностями - задача актуальная, соответствующая новым целям и ценностям современного казахстанского образования, как и образования во всем поликультурном пространстве.

Так как озеленение является одним из направлений «Туган жер», предлагаю школам вместе с исполнительным органом организовать озеленение поселка по проекту «Аллея выпускника», где каждый выпускник должен посадить свое дерево, для оздоровления окружающей среды; создание комфортных условий проживания населения; обогащение ландшафта населенного пункта; увеличение привлекательности и живописности.

3. Проект «25 песен, 25 книг», который способствует духовно-нравственному, патриотическому воспитанию, приобщению детей к чтению художественной литературы, формирует интерес и потребности чтения книг, объединяет различные виды художественной деятельности детей в целостный педагогический процесс формирования представлений об окружающем мире, эстетической культуре и развития средствами искусства творческих способностей (литературных, сценических, музыкальных, к изобразительной деятельности) для:

- формирования целостной картины мира, в том числе ценностных представлений;
- развития литературной речи, способности к освоению и преобразованию окружающего пространства, детского творчества в изобразительной, музыкальной, речевой и театральной деятельности;
- воспитания эмоционального и осознанного отношения к словесному искусству, умения услышать, увидеть, почувствовать и пережить различные эмоциональные состояния, предложенные в литературных произведениях

4. «Истоки настоящего и даже будущего таятся в недрах прошлого», - писал Л. Н. Гумилев

Одна из задач «Туган жер» направлена на изучение региональной истории, восстановление культурно-исторических памятников и культурных объектов местного масштаба. Алматинская область обладает богатым потенциалом природного и культурного наследия. На территории региона имеются охраняемые государством 1519 памятников местного значения. В том числе 1250 археологических, 262 градостроительства и архитектуры, а также 7 памятников природы, находящихся в списке предварительного учета.

Основные работы ведутся в рамках программы «Культурное наследие», которая принята по инициативе Президента Республики Казахстан. При поддержке Управления культуры в областном Центре по охране историко-культурного наследия систематизируется и ведется паспортизация ранее не известных и не документированных памятников. В качестве примера хочу привести памятник Медетбек-батыру, который не включен в список региональных памятников. Медетбек-батыр (1825–1915) - родился в населенном пункте Таутургень Енбекшиказахского района Алматинской области. Он правнук бия Шапырашты Танатара. Верный соратник, главный сарбаз командующего Саурык-батыра. В борьбе против нашествия кокандцев

как воин прославился отвагой и героизмом. Его отличали справедливость, достоинство и честь. Его имя навсегда останется в памяти народа.

Медетбек-батыр стал образцом героизма, ловкости и находчивости в конфликтных ситуациях между соседствующими казахами и киргизами, в кровавых боях между Кокандским ханством и русской империей.

5. Отмеченные Главой государства направления в программе "Рухани жаңғыру" определили основные темы сегодняшнего дня: сохранение национальной идентичности, национального кода, переход на латинский алфавит, воспитание патриотичного поколения и другие, которые нашли отражение в программах казахстанских телеканалов: «Казахстан», «Мәдениет», «Балапан», «Хабар», «Ел арна», «Kazakh TV», «Білім», «24 KZ», «Астана», «КТК», «НТК», «7 канал», «31 канал», «СТВ». К примеру, телепередача "Туған жер тарландары" - "Герои нашего времени" посвящена проекту "100 новых лиц" и повествует о наших современниках, трудящихся, добившихся успехов в независимом Казахстане. Кроме того, герои передачи - известные личности, рассказывают о своей малой родине, показывают свои школы, первых учителей, исторические места, что отражает задачи общенационального проекта "Туған жер". Проект "Сакральная география Казахстана" поддерживается в Almaty TV такими передачами, как "Тысяча троп. Алматы и окрестности", "Алматинские истории". Она ведет зрителя в путешествие по самым живописным объектам, культовым местам, которые расположены вблизи города. "Алматинские истории" - это история тысячелетнего города в лицах и судьбах, так как героями программы являются известные люди, знающие об Алматы не из книг и журналов, а прожившие здесь не один десяток лет. Темы, требующие более глубокого и масштабного анализа ("Казахстанская культура в глобальном мире") затрагиваются в аналитической программе "Айтарым бар" - "Есть мнение". С ведущими экспертами страны уже обсуждались такие вопросы, как переход на латиницу, сохранение национального кода, пропаганда казахстанской культуры и другие. Молодежная программа "Жастар қаласы" - "Мегаполис молодых", несмотря на познавательно-развлекательный формат, легко включила в себе дальнейшее укрепление патриотизма и стремление к новым знаниям, также отмеченные в статье Главы государства "Рухани жаңғыру".

А каком нравственно-духовном, патриотическом воспитании мы можем говорить, если многие семьи смотрят российские каналы?

И для этого нужно увеличить просмотр казахстанских каналов, для того, чтобы быть в курсе новостей во всех областях жизни, мира, бизнеса, не пропустить прогнозы погоды и новинки культуры, ведь программы, представленные телеканалами, содержательные, носят воспитательный характер и достаточно интересные для широкого круга зрителей.

6. Одним принципиальным моментом в переводе казахского языка на латиницу является необходимость его модернизации.

«Я всегда говорю, что залогом нашего развития является стабильность, единство казахстанского народа. Нужно правильно понимать переход на

латинский алфавит, язык должен служить дальнейшему единению нашего народа», - подытожил Глава государства.

Главный аргумент того, что наше независимое государство к 2025 году должно перейти на латиницу, заключается в том, что Казахстан — часть тюркского мира. Переход на латиницу даст возможность укрепить языковые связи, но и коммуникационные, культурные и многие другие. Уверена, что благодаря четкому графику перехода казахского языка на латиницу школьники и молодежь будут легко осваивать знания по политике трехязычия, которая внедряется в рамках обновленной программы, направленная на освоение казахстанцами сразу трех языков: казахского, русского и английского.

7. Всегда на голову выше тот народ, который ценит искусство и лелеет таланты. Проведение праздника «День села», Кустовой фестиваль «Моя родная сторона», направленные на формирование духовно-нравственных качеств подрастающего поколения; воспитание любви к отеческим местам, к родной земле; приобщение к богатству культурных традиций родного края; знакомство с лучшими творческими коллективами и исполнителями, установление творческих контактов между ними, обмен опытом работы в художественном воспитании.

8. Организация выставки фотоочерков «С чего начинается Родина?», «Кіші Отан: бүгін мен ертеңі» - «Малая Родина: сегодня и завтра» с размещением в социальных сетях (фотографии с комментариями), направленная на духовно-патриотическое воспитание. Фотоочерки позволят понять, с чего, а вернее с кого начинается наша страна, какой фундамент лежит в основе её единства и движения вперед, кто создает её славу, богатство. Цель выставки – сделать этот проект уникальным по своей многослойности и многозадачности.

9. Казахстан – это огромная страна с богатейшими природными запасами и богатой духовной культурой, но самое главное богатство – это люди, золотой фонд нации. И поэтому не случайно Президент страны запустил новый проект «Сто новых лиц Казахстана», чтобы воочию продемонстрировать, что в нашей стране растет достойное поколение умных и талантливых людей, тех, кому вершить новую историю Казахстана. Это люди самых разных национальностей, профессий и возрастов, живущие в как крупных городах, так и отдаленных поселках. А нам можно создать энциклопедию «100 новых лиц Алматинской области» («100 новых лиц Енбекшиказахского района»), в которую войдут достойные люди нашей области или района.

Сегодня, когда идет оптимизация системы образования, много говорят о низкоэффективной работе сельских школ. Но хотим напомнить, что многие выдающиеся личности родились и воспитывались в селе, именно село до сегодняшнего дня оставалось хранителем обычаев и традиций народа.

Школа в селе сейчас является носителем инноваций, способствует формированию у детей видения о качественной жизни на селе. Именно со школой сегодня связаны надежды развития, процветания, совершенствование культуры и быта села.

В современной школе всегда была и остаётся миссия — воспитание и обучение «Будущего страны» и «Будущего нации». Об истинности этих слов, можно судить по одному основному факту: если учитывать, что у ребёнка в стенах школы проходят основные этапы жизни: детство, отрочество, здесь же он вступает на порог юности. Ещё мы можем утверждать, что он проходит «школу жизни». В скором будущем современная школа будет обновлённой и полиязычной, многофункциональной, конкурентоспособной, благодаря принятой программе перехода казахстанских школ на 12-летнее обучение и начавшегося эксперимента по коренному обновлению стандарта обучения. Хорошая школа — это школа педагогического мастерства, которая славится педагогами — мастерами «своего дела» и прекрасными выпускниками.

В рамках обновленного содержания образования учителю необходимо развиваться самому, искать активные формы и методы обучения, идти в ногу со временем, проявлять творчество. Сегодня нужно отходить от традиционных форм работы, где учитель-оратор, а ученики — пассивные слушатели. На уроках обеспечивается единство воспитательных, развивающих и обучающих целей и задач, обновленное содержание образования способствует воспитанию общечеловеческих ценностей, патриотизма и толерантности, основанных на общенациональной идее «Мәңгілік Ел», «Рухани жанғыру», которые внедряются в школьное содержание через академические предметы, исследовательскую и внеурочную деятельность, дополнительное образование, элективные курсы. Целью образования является изменение мыслей, чувств и действий детей. Конечным результатом обучения является возникновение личных моральных ценностей и убеждений. Философ Востока аль-Фараби, еще тысячу лет назад писал, что «знания без воспитания рушат судьбу человечества».

Учителя должны подготовить учеников жить и работать в мире, в котором большинству людей необходимо сотрудничать с людьми разных культурных слоев, принимать во внимание различные идеи, перспективы и ценности; в мире, в котором люди должны решать, как доверять и сотрудничать, несмотря на наличие различий, часто преодолевая при этом пространство и время с помощью технологий; и в мире, в котором их жизнь будет зависеть от вопросов, которые выходят за пределы национальных границ. Школы 21 века должны помогать ученикам развивать самостоятельность и самобытность, подготавливая их к тому, чтобы они могли присоединиться к другим в жизни, работе и гражданской позиции.

«Воспитание детей — это огромные инвестиции в будущее», подчеркнул лидер нации Н.А. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства». Будущее нашей страны напрямую зависит от воспитания наших детей, от ценностей, которые мы им прививаем сегодня. Большим подспорьем в этом станут программа «Цифровой Казахстан», программа трехязычия, программа культурного согласия. Эти программы - шаг навстречу будущему, признак

нашей конкурентоспособности, они помогут нам достойно представлять нашу страну на мировой арене.

Наша задача воспитывать подрастающее поколение в духе казахстанского патриотизма, чтобы в уме и сердце каждого гражданина с раннего детства укрепилась простая и емкая мысль «Казахстан – моя Отчизна» и подобно тому, как государство заботится о своих гражданах, мы должны нести ответственность за судьбу своей родины. И это выражается в честном созидательном труде и достойной учебе молодых представителей нашей страны. Будущее Казахстана зависит от степени готовности молодых поколений к достойным ответам на исторические вызовы, готовности к защите интересов многонационального государства.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: «ТУҒАН ЕЛГЕ ТАҒЫМ ЕТУ ПАРЫЗЫМ»

Арипжанова Алтынай Сахановна,

Алматы облысы, Іле ауданы

«№ 24 лицей» КММ, Тарих пәні мұғалімі

Отанға деген сүйіспеншілік алдымен туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруға елім деген әр азамат үлес қосуы керектігі айтылған.

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Елбасы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялады. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу ұсынды.

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық құндылықтарды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс.

Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек «Туған өлке» атты өлкетану–танымдық зерттеу жұмыстарына байланысты, Өтеген батыр кентіндегі «Әлмерек Баба» кесенесі, руханият пен мәдениет орталығына жол тарттық.

Біздің негізгі алға қойған мақсатымыз: Туған жердің тарихи-мәдени орталықтары мен архитектуралық ескерткіштері, табиғатымен танысып, зерттеулер жүргізу; білім, әдебиет саласының жетістіктерімен танысу.

«Туған өлке» атты өлкетану–танымдық зерттеу жұмыстары барысында әр оқушының міндеті – белгілі бір жердің пайда болу тарихын, мәдениетін, өмір сүру кезеңдері мен табиғатымен танысу.

Шырақшының айтуы бойынша бабамыздың ерекше жан болғандықтан, осы жерден архитектура жағынан ерекше шығыс стилінде жасалған бірнеше бояуларды пайдаланып тұрғызылған кесене аса танымал болмаса да тарихымызда ерекше орын алатыны жайында айта өтті.

Оқушылардың қызықтырған жәйттің бірі осы жерден пайда болған бұлақ болды. Ол бұлақтың ерекшелігін айтқанда оқушылар қызыға түсті. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерде Әлмерек Жаншықұлының батыр болған, талай жекпе-жекте жаудың батырларын жер жастандырғаны, қол бастағаны, ерекше қабілетке ие болғаны, оның қартайған шағында билікке араласқаны да белгілі. Ел арасындағы дау-жанжалды шешіп, қажет болған жағдайда бата берген батагөйлігімен де есте қалған. Тіпті, қартайған шағында талай науқасқа ем жүргізіп, әулие, абыз атанған екен. Қартайып дүниеден өтер шағында қатты қиналыпты, «мен дүниеден өтіп кетсем, мына науқастарды кім емдейді» деп қапа болған екен. Алланың құдіретімен осы аңғарда үш жерден бұлақ шығып, сол бұлақтың сулары әлі күнге дейін науқастарға шипа болып отыр. Бұл судың қасиеті мен ерекшелігін білгісі келген адамға химиялық құрамына маңдайшада көрсетілген. Осындай қызықты мәлімет алған соң, біз өз көзімізбен көріп танысуға асығып кесенені аралауға шықтық.

Кесененің маңында жоңғар шапқыншылығы кезінде қаза болған батырдың басына орнатқан тасты көрдік. Ол біз үшін күтпеген жәйт болды. Кесенеге бабамыздың рухына тағзым етіп сыйынып немесе жәй қызықтап келетін зиярат етушілерді көрдік. Кесененің алдында мыстан жасалған кітап жасалған, кітаптын бетінде құраннан алынған сүре жазылған екен.

Ғимараттың сол жағында төмендегі бұлақ көзіне апаратын баспалдақтармен бұлақтың басына бардық. Бұлақ басында шипалы су алушылар бар екен. Судың шипасы мен тазалығын сақтау мақсатында темір тормен қоршап қойған. Басында орналасқан демалатын орындыққа жайғасып салқын ауамен біраз демалып осы жердің ерекше екенін сезіндік. Көптеген зиярат етушілер осы жерге өздерінің денсаулығын жақсарту немесе балалы болу, тағы да басқа да жағдайларымен келіп тілектеріне жетіп жататынын қонақтардың өз аузынан естідік.

Оқушылармен осындай жобаға қатысқаныма өте қуаныштымын. Келудегі мақсатымызға жеттік деп ойлаймын. Менің ойымша, осындай жобалардың

саны артқан сайын, қатысушылардың санасы да жан-жақты өсіп дамиды және де өзінің туған еліне деген сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі оянып, туған жердің тарихымен тереңірек таныса бастады.

«Есік қорғаны» музейіне саяхат

«Туған елге тағзым» атты өлкетану–танымдық зерттеу жұмыстары барысында әр оқушының міндеті – белгілі бір жердің пайда болу тарихын, мәдениетін, өмір сүру кезеңдерін, табиғатын танып, зерттеп, сұрыптай келе өзіне жақын деген, не болмаса ұнаған бір тақырыпты таңдап алып ғылыми жоба жазу.

Бекітілген күні мектеп ауласына жиналып көлікпен сапарға аттандық. Сапарымыз бір күндік болғаннан кейін барған бойда көбірек қызықты мағлұмат алу ойда болды. Әр оқушыға бөлек тапсырма берілді. Сондықтан алдын ала әлеуметтік желі арқылы оқушылар мағлұмат алды. Бірақ, мұражайға жеткен бойда айналамыздағы көрініс пен заттарға қызығушылығымыз артта түсті.

Осы зерттеу жұмысы кезінде «Есік қорғаны» туралы мағлұматтарды тек оқулық кітаптардан, әлеуметтік желіден білген болсақ. Саяхат кезінде өзіміз күтпеген мәліметтерге тап болдық. Мұражайда бізді мұражаймен таныстырған гидіміз қызықты тартымды ақпарат берді. Көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап көрген ерекше әсер береді екен. Бәріміз ерекше әсермен қайттық. Алға қойған мақсатымызға жеттік деп ойлаймыз. Тарихымызды танып біліп, туған жерге деген сүйіспеншілігіміз артты. Оқушылардың атамекенін, Отанын, туған халқын сүюге, адамгершілігін қалыптастыру, сананы сауатты болуға тәрбиеледі. Туған жерге деген ыстық ықыластарын қалыптастырып, елін жерін құрметтей алатын білімді азамат болуға ықпал етті.

Осы зерттеу жұмысынан кейін оқушыларда ой туды..... Ия «Алтын адамды» зерттеп білген Бекен атамyzды еңбек еткен жұмыстарымен көбірек танып білсек, осы күнге дейін атамyzдың келешек ұрпақтарына берері көп өнеге алатын ерекше тұлға, кішіпейіл, білімді, қарапайым «Алтын ата» (мұражайдағы бірге жұмыс істеген әріптестері солай атайды екен) біліп танып басқаларға танытсақ, тарихқа кішкене болса да өз үлесімізді қалдырар едік деген оймен қайтты.

«Анаға құрмет», «Батыр бабаларға тағзым» мұражайларына саяхат

Қарасай аудандық тарихи –өлкетану мұражайында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың балалық шағынан бастап, бүгінгі күнгі әлем таныған, жер бетіндегі тыныштық пен бейбіт өмірді қолдайтын Елбасының бейнесімен тереңнен танысып, оқушылар бойында мақтаныш сезімі кернелгені көрініп тұрды.

Өлкетану мұражайынан кейін лицейдің оқушылар қауымы жақында Елбасы ашып кеткен «Анаға құрмет» атты мәдени орталыққа бет бұрдық. Тосыннан ашылған ғажайып табиғат, күзгі таза ауа саяхатқа келген балалардың көңілін ерекше көтерді. Мейірімі ешқашан сарқылмас «Ана» деген құдіретке арналған мұражай бөлмесін, ерекше талғаммен безендірген экспозицияларды тамашалады. Бұл жерде де қазақ халқының этнографиясы туралы білгендерін толықтырып, көне тарихи жәдігерлермен танысты.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жобасы аясында оқушылармен жасалып жатқан жұмысын жинақтау мақсатында мектебімізде «Атамекен» клубы құрылды. Клубымыздың мақсаты: мәдени орталықтары мен архитектуралық ескерткіштерін, табиғатын, жинаған мәліметтерін жинақтап, зерделеп өз арамызда талқылап зерттеулер жүргізу болды.

Іле ауданы әкімі ұйымдастырған «Ең үздік мектеп» сайысына қатысып, комиссия мүшелерінің мектепке саяхат барысында, жоба аясында жасалып жатқан іс-шараларда «Атамекен» клубының оқушылары жобамызды абыроймен алып шықты. «Ең үздік мектеп – 2017» кубогын алуда үлестерін қосты.

Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай-талай жаңалық ашар білімді ұрпақтар керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!», - деп ұлы ақын Абай атамыздың сөзімен аяқтағым келіп тұр.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ТҮЙІНДІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Ауелгазина Т. К.,

саяси ғылымдарының докторы, доцент,

Педагогикалық білімнің халықаралық

Ғылым Академиясының академигі,

«ӨРЛЕУ» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы

бойынша педагог қызметкерлердің

біліктілігін арттыру институты»

директорының ғылым жөніндегі орынбасары

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мәні аса зор еңбегінің жас ұрпаққа берер үлгі-өнегесі өлшеусіз. Қоғамдық сананы жаңғырту жолында рухани сілкініс туғызған еңбектің тарихи тағылымы ұшан-теңіз. Аталған мақаласында Мемлекет басшысы халқымыздың өткен тарихынан тағылым ала отырып, таяу жылдардағы міндеттерді белгілеп берді.

Екі тарау мен алты тармаққа, алты тапсырмаға құрылған Елбасы бағдарламасы – рухани кеңістігіміздің жаңа жаңғыруының жарқын нышаны! «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» атты бірінші бөлімнің «Бәсекелік қабілет», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың

ашықтығы» атты алты тармақ және «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екінші бөлімдегі ойлар мен идеялар әлемдік өркениет көшіне ұмтылған халықтар санатына қосуды мұрат тұтады. Бұл бағыттардың барлығы өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді.

Уақыт өтіп, заман өзгерген сайын «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген халық нақылының құндылығы артып келе жатыр. Өйткені алдағы дәуір – нағыз білімділердің дәуірі болмақ. Осы орайда Президенттің «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген тұжырымы айрықша мәнге ие. Өйткені қоғамдық құрылымдағы барлық саланың қарыштап дамып, өркендеп өсуі білім мен ғылымның даму қарқынына тәуелді.

Ұлттық санамызға серпіліс берген бағдарлама Қазақстан халқы үшін, болашаққа нық қадаммен қарайтын өскелең ұрпақ үшін аса қажет дүние. Болашаққа бағдар ретінде «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» Елбасы идеяларын насихаттай отырып, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласында көрсетілген көптеген бағыттарды жүйелі түрде жүзеге асыруда. Институтта «Айналанды нұрландыр», «Ұстаздар оқуға тиіс 100 кітап», «Салауатты өмір» жобалары жүзеге асуда. Бұл жобалар – ұстаздар қауымының жас ұрпақты азаматтық және рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуге қосқан үлесі болып табылады.

Аталған жобалар аясында «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» қызметкерлерінің ұйымдастыруымен бірнеше ғылыми-әдістемелік, тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар, **«Рухани жаңғыру – мектеп оқушыларының ғылыми ізденістерін ұлттық құндылықтар аясында әлеуметтендірудің негізі» тақырыбында 2018-2020 жж. аралығында жүргізілетін ғылыми-әдістемелік эксперимент жұмысы басталды.**

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласында: «Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым - әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл – мағынасы өте терең сөздер», - деп «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды [1].

Осы орайда Елбасы жоғарыда аталған бағдарламалық сипаттағы мақаласында еліміздің қоғам мүшелеріне туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді деген сауал тастап, «Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен

мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», - деп бұл бағытта мақсатты жұмыстар атқарудың маңызын атап көрсетті [1].

Бұл бағытта еліміздің тарихында бұрыннан қалыптасқан тәжірибе бар. Кеңес дәуірінде көптеген мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында тарихи, өлкетану, жауынгерлік даңқ, археологиялық, этнографиялық т.б. мұражайлар көп болды. Олардың жұмыстары жақсы деңгейде ұйымдастырылып, орталықтан үйлестіріліп, бақыланып отырды. Осындай тәрбие ошақтарында түрлі семинарлар, конференциялар, экскурсиялар, лекторийлер т.б. жұмыс түрлері жүйелі ұйымдастырылып, жастарды тәрбиелеуде пайдаланылды. Кеңестік замандағы жастар тәрбиесінде пайдаланылған өлкетану жұмыстарының тиімді тәжірибесін бүгінде жаңғырту маңызды. Яғни, жас ұрпақ өкілдерін туған аймағының археологиялық ескерткіштерімен, тарихтан қалған жәдігерлерімен таныстыру қажет. Әрбір жас өзінің кіші Отаны – туған аймағында тарихтан қалған жәдігерлерінің мән-маңызын жете білгенде ғана олардың туған өлке тарихын білуге, құрметтеуге деген сезімі оянары анық.

Ел Президенті Қазақстанның киелі жерлерін насихаттау мәселесіне басым көңіл бөлді. Мақаланың бір бағыты «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасы аясындағы түрлі іс-шараларды жүзеге асыруда аталған ғылыми эксперименттің негізінде «Саяхат» атты өлкетану клубын ашу жоспарлануда.

Бұл жоба еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғырту, сақтау, дамыту, халыққа таныту, оларды насихаттау, тарихын жете зерделеу болып табылады. ұлттық бірегейліктің басты тірегі бола алады. Аталған жобаны жүзеге асырудағы «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының» мақсаты заманауи қазақстандық мәдениетті әлемге таныту, ұлттық мәдениетті, қасиетті рухани құндылықтарды жас педагог мамандарға кеңінен таныстыру болып табылады.

Бүгінгі күні филиалда осы жоба аясында қосымша білім педагогтарына арналған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарын өткізу кезінде тыңдаушыларды Алматы облысындағы тарихи, киелі орындармен таныстыру мақсатымен Есік қаласындағы музейіне саяхат жасалды. Осы үрдіс әрі қарай да өз жалғасын табады.

Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының көздеген басты мұраты. Ендеше, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына серпін беріп, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп білеміз және рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз.

Рухани жаңғыру аясында өткізілген іс-шаралардан түйген қорытынды ретінде төмендегі идеяларды ұсынамын:

1. «Рухани жаңғыру – мектеп оқушыларының ғылыми ізденістерін ұлттық құндылықтар аясында әлеуметтендірудің негізі» тақырыбында 2018-2020 жж. аралығында іске асырылатын ғылыми-әдістемелік эксперимент жұмысын жүргізу.

2. «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасы аясындағы түрлі іс-шараларды жүзеге асыруда аталған ғылыми эксперименттің негізінде «Саяхат» атты өлкетану клубын ашу.

3. Жас ұрпақ өкілдерін туған аймағының археологиялық ескерткіштерімен, тарихтан қалған жәдігерлерімен таныстыру мақсатында тарихи, өлкетану, жауынгерлік даңқ, археологиялық, этнографиялық т.б. музейлерге т.б. апару.

Пайдаланылған әдебиет:

1. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Белгожаева Хатира Батыхжанқызы,
*Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,
«Нұрлы орта мектебі» КММ, қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Көшбасшымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол

адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп тірейді. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Н.Ә. Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

- *Бәсекеге қабілеттілік;*
- *Прагматизм;*
- *Ұлттық бірегейлікті сақтау;*
- *Білімнің салтанат құруы;*
- *Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.*

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді.

Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Рухани жаңғыру – бұл адам сана сезімінің, сенімі мен сапасының, білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткіші. Ал, жастардың рухани байлығы дегенде бірінші кезекте, олардың білімділігі, ана тілін білуі мен мәдени деңгейі,

дүниетанымдық ой-өрісі тұрады. Өйткені, болашақ – жастардың қолында. Қоғамдық сананы жаңғыртудың басты басымдығы ұлтымыздың жахандық қоғамдастықта бәсекеге қабілетті болуы екендігі сөзсіз. Бұл ретте өзіміздің бірегейлігімізді, құндылықтарымыз бен дәстүрімізді сақтауға тиіспіз. *Бұл адам бойындағы патриоттықты оятады.* Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде.

Біз жаһандық өзгерістер мен сын-кәтерлерге дайын болу қажеттігін ескеріп, «Қазақстан-2050» даму стратегиясын қабылдадық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқаруымыз қажет. Еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім. Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы

керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Қанымызға сіңген көптеген дағдыларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытуға болмайды.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІ БОЙЫНША ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА «ТУҒАН ЖЕР» ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУ

Биқожаев Мақсат Жумалыпұлы,
*Алматы облысы, Талғар ауданы,
№45 мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды, оның ауқымы кеңейіп «Туған елге» ұласатыны атап көрсетілген. Туған жерге, елге деген патриотизмді және тарихи сана қалыптастыруда тарихи білім берудің маңызы зор. Қазіргі уақытта тарихи білім беру мазмұны да заман талабына сай жанартылуда. Атап айтқанда, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы әзірленді.

Елбасы мақаласына сәйкес тарихи білім мазмұнына «Туған жер» тарихын зерделеуге арналған тақырыптар енгізілді. Бұл білім алушының әр тарихи кезеңдегі тарихи жағдайлармен қатар өзі туып өскен өлкедегі тарихи тұлғалар, тарихи ескерткіштер, тарихи оқиғалар туралы сабақтастықта білім алуына мүмкіндік береді. Бұдан білім алушының «Қазақстан тарихы» пәні аясында өз жерінің тарихын да жүйелі зерделейтінін көруге болады.

«Қазақстан тарихы» пәні мазмұнына өлкетанулық материалдарды енгізу білім алушылардың тарихи оқиғаларды терең түсінуіне, оқу материалына деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды тәсілдерінің бірі. Туған жер тарихын зерделеу білім алушыларды Қазақстан тарихының әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихымен қатар оларды туған жердің тарихи-мәдени мұраларын да меңгеруге, зерттей білуге бағыттайды.

Туған жер тарихын оқытудың басты міндеті өз туған жерінің патриотын, әлеуметтік мәдени құндылықтарын құрушы, сақтаушы, қолданушыларын қалыптастыру және туған жерге деген құрметке баулу, білім алушылардың танымдық, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық, экологиялық құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Туған жерінің тарихын зерделеу сонымен қатар, тұлғаның туған жері бойынша әлеуметтенуіне, өз өлкесінде еңбек етіп, өмір сүруге, туған жерінің өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жаңғыруына үлес қосуға бағыт береді.

Туған жер тарихы туралы тарихи материалдар оқытудың тәрбиелік міндетін де іске асырады. Тарихи деректер мен кейіпкерлер білім алушылардың туған жердің өткен тарихын түсінуге, өз туыстарының өткен өмір салты мен рухани әлемін, олардың туған жерді дамытудағы еңбегінің рөлін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Туған жерге қатысты сабақ барысында өткен дәуір тарихын тұлғалық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік беріледі, себебі, құндылық қатынасты жеткізушілер туған жердің халқы, яғни туыстары мен жақындары болып табылады. Қазақстан тарихы сабағы аясында туған жердің материалдық және рухани дамуына, мәдениет, білім мен ғылымның дамуына үлес қосқан тұлғалардың тарихын білу, білім алушылардың қызығушылығын, патриоттық мақтаныш сезімін арттырады. Бұл сәйкес құндылықтардың алғашқы баспалдағы болып табылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуде туған жерге қатысты өлкетанулық материалдар күшейтілген. Бұл материалдар тарихи білім мазмұнымен кіріктіріліп беріледі. 5,6,7 – сыныптарда өлкетану материалдарын меңгеруге 12 сағат (әр сыныпта 4 сағаттан) бөлінген.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының бір ерекшелігі сағат санын бөлуде мұғалімдерге еркіндік берілген. Бұл мұғалімге кез келген тарихи оқиғаларды туған жерге қатысты материалдармен кіріктіріп оқытуға мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстанның ежелгі, орта, жаңа, қазіргі заман тарихын оқу барысында білім алушылар сол кезеңдегі өз туған жерінің тарихымен және ескерткіштерімен танысады.

Сонымен қатар, жоғары сыныпта Қазақстан тарихы бойынша өңірлік компонент келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- туған жер тарихын Қазақстан тарихы материалдарымен өзара байланысын ескере отырып тұтас қабылдауын қалыптастыру; тарихи қалыптасқан ұлттық мәдени дәстүрді, әлеуметтік және адамгершілік

нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;

- өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұны білім алушыларға Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Оқу пәнінің білім мазмұны: Өркениет: даму ерекшеліктері; Этникалық және әлеуметтік процестер; Мемлекет тарихы және қоғамдық-саяси ойдың дамуы; Мәдениет, білім және ғылымның дамуы атты төрт бөлімді қамтиды. Әр бөлім мазмұнында Туған жер компоненті қамтылған, Мысалы, «Өркениет: даму ерекшеліктері» (Менің өлкемнің Ұлы Дала өркениетіне қосқан үлесін зерделеу); «Этникалық және әлеуметтік-саяси процестер» (Ұлтты біріктіретін мәдени-генетикалық кодының негізі, Туып-өскен жерің – қасиетті мекенің); «Мемлекет тарихы және қоғамдық-саяси ойдың дамуы» (Бабаларымыздың ұлан-ғайыр аумақты қорғап сақтаудағы рөліне байланысты туған жерінің батырлары туралы деректермен жұмыс); «Мәдениет, білім және ғылымның дамуы» (туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне атсалысу- шынайы патриотизмнің маңызды көріністері, Білім мен ғылымға, мәдениетке үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары тақырыбында сұхбат, ойтолғау ұйымдастыру) бөлімдері материалдарымен кіріктіріп оқыту қарастырылған. «Туған жер» тарихын зерделеу келесі оқу мақсаттарында көрсетілген:

- халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде «Туған жер» ұғымын қолдану;
- туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде «мәдени генетикалық код» ұғымын қолдану.

Бұл мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді. «Қазақстан тарихы» сабағында мүмкіндігінше тақырыптарға өлкетану ұстанымы арқылы шығу ұтымды болады, игерілетін материал оқушыларда қызығушылық тудырады және одан әрі зерттеуге (ізденуге) жол ашады. Өлкетанулық тарихи материалдар, фактілер тарихи оқиғалар мен процестерді нақтылайды, суреттейді және олардың қазіргі заманғы оқиғалармен ара қатынасын белгілеуге көмектеседі.

Өлкетанулық материалдар білім алушының шығармашылық қызмет түрлерін (белгілі тақырып бойынша ақпарат жинау, оның ішінде естелік жазбаларды дайындау, өлкетанулық фактілерді талдау және бағалау, оларға қатысты сыни көзқарасты негіздеу және т.б.) меңгеруге мүмкіндік береді.

Білім алушыларға елінің тарихын өз көзімен көріп, сезіну үшін мүмкіндігінше мұражайларға, тарихи ескерткіш орнатылған немесе тарихи-археологиялық орындарға экскурсия ұйымдастырған орынды. Себебі «Туған жер» тарихын зерделеуде білім алушылардың білімін жаңа мәліметтермен толықтырып, нақтылайтын, теориялық білімді тәжірибемен байланыстыратын

сыныптан тыс және мектептен тыс тарихи өлкетану (тақырыптық экскурсиялар, мұражайларға бару т.б.) маңызды болып табылады. Бұл оқу процесін жоғары сапалық деңгейге көтереді.

Білім алушылардың әлеуметтік нормалар мен дүниетанулық құндылықтардың тарихи тамырын білуі, өз халқының тарихи тәжірибесін түсінуі саналы түрде ұлттық бірегейлікті анықтауына мүмкіндік береді. Білім алушылардың өзін тұлғалық анықтауы ұлттық мәдениет пен тарихи дәстүрді қабылдауымен тығыз байланысты.

Бұдан шығатын қорытынды, рухани жаңғыру талабына сәйкес қазіргі қоғам мен өткенді байланыстыратын тарихи сана өскелең ұрпаққа бүгінгі күнгі оқиғалардың мәні туралы түсінік қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Сондықтан да «Қазақстан тарихы» пәні білім алушыларды тарихи оқиғалармен таныстырып қана қоймай, оған қоса ғасырлар бойы Ұла Дала кеңістігінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды түсінуге жетелейді. Пән мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпы әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін туған жер компонентімен кіріктіре түсінуге мүмкіндік береді.

Рухани жаңғыру аясында мектебімізде жас ұрпақтың саналы ғұмыр кешуіне бастама беру үшін, аудан көлеміндегі қазіргі таңда өзекті болып отырған жастар арасындағы діни сауаттылықты көтеру үшін дінтанушылары мен имамдармен кездесулер өткізіліп отырады.

Оқушыларға төл тарихымызды дәріптеу мақсатында тәуелсіздік күні мектеп көлемінде «Тәуелсіздік жолы» көрінсітер байқауы, «Тәуелсіздік жырлары» мәнерлеп оқу жарысы, «Тәуелсіздік ұраны» әндер байқауы ұйымдастырылды. Осы жобалар оқушылардың Тәуелсіздік туралы түсініктерін тереңдете түсті.

Рухани жаңғыру аясында өткізілген іс-шаралардан түйген қорытынды ретінде төмендегі идеяларды ұсынамын:

- Ғылыми-этнопедагогикалық жобалар бойынша мектепте тақырыптық байқаулар ұйымдастыру;
- Мектептерде келесідей бөлімдер бойынша сурет көрмелерін ұйымдастыру, жергілікті жердегі тарихты нәсихаттау үшін «Туған жердің тарихы» көрмесі;
- «Жаныңда жүр жақсы адам» бөлімі бойынша аймақтан шыққан азаматтардың өнегелі ғұмыры, өмірлік тәжірибесі мен жақсылығын дәріптеу үшін әр кабинетте стендтер жасау;
- Қазақ қоғамының қайраткерлерінің өнегелі ғұмырын дәріптейтін «Алаш тарихы» сурет көрмесін ұйымдастыру. Осы көрмені мектептің әрбір қабаттарына орналастыру;
- Алаш зиялыларының еңбектері жайында оқушылармен ғылыми ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру;

- Қазақ халқының бай салт-дәстүрін дәріптеу мақсатында этнопедагогикалық оқулар, жарыстар, олимпиадалар, жоба жарыстарын ұйымдастыруды ұсынамын.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУДЕГІ БАҚЫЛАУ – БАСШЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

Валиева Майра,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
«Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты», Басқару және білім
сапасы кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының кандидаты

*«...замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді
табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына
айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани
тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды»*

Н.Ә. Назарбаев

Ұлы бабамыз Әл-Фараби: «Тәрбиелеу дегеніміз – адам бойына білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерлерді дамыту», - деген қанатты сөз қалдырып кеткен екен. Бұдан туындайтын міндет – өскелең ұрпақты рухани мұралар сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу. Руханилық – жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген болатын. Яғни білімді ұрпақтың еліміздің табысты болуында алар орны зор екендігі белгілі. Олай болса білім мекемесінің басты мақсаты – өзіндік рухани-азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару. Қазіргі заманғы мемлекет құрудың бағыттарын айқындаған «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты реформасы ел өміріндегі ерекше саяси оқиға болды. Аталмыш бағдарламаның 89 қадамында «Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік Ел құндылықтарын енгізу» туралы баяндалған. Осыдан білім беру жүйесінде туындайтын басты мақсат өз тарихын жетік меңгерген, салт-дәстүрін ұғынып, құрметтейтін, өзге ұлттардың мәдениетіне сыйластықпен қарап, қарым-қатынас жасай алатын тұлғаны қалыптастыру. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру,

ұлттық құндылықтарды тұлғалық қасиетке айналдыру, білім мен тәрбие беру жұмыстарын ұштастыру мәселелерін қарастырудың алар орны ерекше. Осыған орай институттың ғылыми кеңесінің шешімімен 2017 жылдың қаңтар айынан 2019 жылдың аяғына дейінгі мерзімге облыстың 13 мектебінде «Мәңгілік Ел құндылықтары – мектеп оқушыларының құзыреттілігін дамыту шарты» тақырыбындағы эксперименттік-тәжірибе жұмысын жүргізу жоспарланып, қазіргі таңда практикалық кезең жүргізілуде. Мақсаты: «Мәңгілік Ел» құндылықтары аясында мектеп оқушыларының құзыреттілігін дамытуда мектептердің серіктестік, шығармашылық үндестік іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, тұлғаның сұранысын қанағаттандыруға бағытталған білім беру кеңістігін қалыптастыру, қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі бағытында тәрбиелеуге тұлғалық – бағытталған көзқарасты жетілдіру, мектепаралық шығармашылық практиканы зерделеу.

Осы ретте Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді», - деген сөзінің терең мағынасы бар екені анық. Елімізде болып жатқан өзгерістерге сәйкес білім беру саласы да өзгеруде. Жүргізіліп жатқан өзгерістер жеке тұлғаның өзіндік дамуына мүмкіндік жасайтын жаңа жүйені қалыптастыруға бағытталуда. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімінің мұғалім үшін маңызы зор. Демек, оқушының санасына кәсіби даярлығы мол, заманауи өзгеріске өзі терең бой ұсынған мұғалімнің берген білімі ғұмырлық сақталатыны анық. Ал мұғалімдердің шығармашылық жұмыс істеуіне жағдай жасай отырып, оқушылардың білім, білік, деңгейлерін көтеру үшін мектепшілік бақылау мен басшылықтың рөлі зор. Себебі мектепте жасалынған жұмыстарға бақылау нәтижелері – мектеп жұмысының алға басуының, оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде нәтижелі, сапалы білім, саналы тәрбие берудің негізгі көзі. Мектепшілік бақылаудың бағыттарын дұрыс анықтай білу оқушылардың білім, білік, дағды деңгейлерін нақтылауға, оқыту сапасының нақты бағалануына әсерін тигізеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін басқаруға қол жеткізуіміз керек», - деген сөзі білім беру ұйымдары басшыларына жүктелер міндетті айқындайтыны анық.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқу-тәрбие үдерісіне енгізуде мектептегі бақылау-басшылық қызметінің міндеттері:

1. Оқушылардың сапалы білімінің Мәңгілік Ел құндылықтары негізіндегі құзыреттіліктеріне ықпал ету.

2. Білім мекемесінде оқушылардың Мәңгілік Ел құндылықтары негізінде қалыптасуына педагогикалық-психологиялық жағдай туғызу;

3. Мұғалімдердің шеберлігін шыңдау, шығармашылық еңбегін қалыптастыруда кәсіби құзіреттілігін жетілдіру;

4. Мамандарға арналған әдістемелік семинарлар, ғылыми шараларды ұйымдастыру;

5. Мұғалім мен оқушылар арасында шығармашылық-серіктестік орта қалыптастыру;

6. Ата-аналардың оқу тәрбие үдерісіндегі ролін нығайту

7. Оқушылардың бейіміне қарай дифференциалды ықпал жасау, қосымша білім беруді жүзеге асыру;

8. Қазақстанның тарихи ұлттық және мәдени құндылықтарын ескере отырып білім беру үрдісін дамыту;

9. Атқарылуға тиісті жұмыстадың барысын, сапасын зерттеу, зерделеу, анықталған кемшіліктер мен олқылықтарды түзету;

10. Көзделген мақсатқа жету жолдарын қарастыру, қадағалау.

«Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде оқушылардың қалыптасу сапасына қатысты педагогикалық өлшемдер:

- Тәрбие үдерісін бағалаудың өлшемдері;
- Тұлғаның рухани өсуінің өлшемдері;
- Мектеп оқушыларының өмірлік дағдыларының өлшемдері;
- Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің өлшемдері.

Сапаны жетілдірудің субъективті факторлары:

- кәсіптік шеберлік;
- жалпы білімдік деңгей;
- адамның психологиялық қалыптасуы;
- нәтижеге әр адамның тырысуы.

Жетілдірудің тиімді жолы – басқару. Ол үшін:

- жоспарлау;
- бақылау;
- ынталандыру;
- бағалау.

Қорыта айтқанда, білім беру ұйымдарында «Мәңгілік Ел» құндылықтары аясында өркениеттілікке құлаш сермеген заманда тәлім-тәрбие беруде ұлттық дәстүріміз бен ұлттық сана сезімімізді, болмысымызды сақтап қалуда, адамгершілігі мол, сапалы әрі саналы ұрпақ тәрбиелеуде қазақтың ұлттық тәрбиесінің орны ерекше. Оны жүзеге асыруда мұғалім шығармашылығы мен құзыреттілігінің мәні зор десек, ал оның мақсатты түрде кәсіптік деңгейінің үздіксіз өсуіне жағдай жасау, көмек көрсету, кәсіптілігінің табысты дамытудағы жауапкершілікті, сезінушілікті ұйымдастыруға ықпал жасау, үніне үн қосу білім мекемесі басшыларының бірден – бір міндеті. Менеджмент принциптері бойынша басқарушы – негізгі қуат көзі және оны өзгелерге жеткізуші, сонымен бірге олардың қызметін ұйымдастырушы, өз қызметкерлерінің шығармашылығын, іс-тәжірибесін дамытуға

ынталандырушы. Демек, тұлғалар қызметінің талап деңгейінде ұйымдастырылуы білім беру ұйымдарында сауатты түрде жүргізілетін мектепішілік бақылау мен басшылық ісіне тікелей байланысты. Яғни, басқару қызметінің мақсаты – педагогикалық ойлары мен пікірлері бір жерде тоғысатын кәсіби мамандар ұжымын және олармен кері байланыс жүйесін құру болмақ.

**«ПАТРИОТИЗМ В СИСТЕМЕ ЦЕННОСТЕЙ СОВРЕМЕННОЙ
МОЛОДЕЖИ В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПРИОРИТЕТНЫХ
НАПРАВЛЕНИЙ ПРОГРАММНОЙ СТАТЬИ ПРЕЗИДЕНТА РК
Н. А. НАЗАРБАЕВА «ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ: МОДЕРНИЗАЦИЯ
ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»**

Ермухамедова Ж. Е.,
ст. преподаватель кафедры
«Воспитание и социализация
личности» Филиал АО «НЦПК
«Өрлеу» ИПК ПР по Алматинской области»

На протяжении более двух десятилетий проведения реформ в нашей стране и, в частности, в системе образования многие факты нашей истории получили новую интерпретацию. То, чем гордились многие поколения наших соотечественников – победы в войнах, освоение новых территорий, деятельность великих полководцев, подвиги героев – стало рассматриваться исключительно с критических позиций. Характерной чертой времени стало крушение различных догм и постулатов. Патриотизм стал считаться отжившей ценностью, мешающей строить новое демократическое общество, свободное от прежних стереотипов. Произошла резкая переоценка ценностей, прежде всего, моральных, изменилась мотивация деятельности, отношение к труду, к своей роли в обществе, в истории своей страны. Болезненными для общества проблемами стали: растущая популярность националистических и шовинистических идей и идеологий в молодежной среде; преступность, алкоголизм и наркомания. В связи с этим возникла необходимость создания национальной идеи, которая подчеркнула бы важность понятия патриотизма в современном обществе, т.е это любовь к Родине, гордость за свой народ, за свою нацию, возрождение национальной культуры, истории.

А также осознание того, что без патриотизма невозможно построить новое сильное государство. Без уважения к собственной истории, к делам и традициям старших поколений, возрождения национальной гордости, национального достоинства невозможно вырастить морально здоровую молодежь. Поэтому, важной составляющей в воспитании учащейся молодёжи должен быть - патриотизм, в котором заложены общечеловеческие ценности, нормы, традиции и т.д.

Это отмечено в программной статье Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», где определены основные приоритетные направления духовной модернизации – конкурентноспособность нации, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие Казахстана, открытость сознания, что является реформаторскими новациями в духовной сфере Казахстана. Сделан акцент на модернизации образования и сохранении культурно-нравственных ценностей как основном приоритете и направлении перспективного развития Казахстана. В статье отмечено о сохранении национальной идентичности. Это, прежде всего, изменение в рамках национального сознания. А масштабные преобразования в стране невозможны без преобразования общественного сознания. Одним из главных условий модернизации общественного сознания является сохранение собственного национального культурно-генетического кода, фундаментальная основа которого – патриотизм. Соединяясь с ценностями и нравственными ориентирами, патриотизм приобретает национальную идею – основную национальную стратегию государства. И одна из его основ закладывается в любви и преданности своему краю, его истории, культуре, традиции и быту, нравственному долгу перед Родиной, своей малой родиной, родной земле – Туған жер.

Поэтому одним из приоритетных направлений в Программе «Рухани жаңғыру» является формирование высокой духовности с ее патриотизмом.

Только через любовь к своей Родине, семье, природе можно вырастить настоящего гражданина, который будет гордиться своей землей, на которой он родился.

Особую важность и актуальность сегодня приобретает воспитание широко образованной гармоничной личности, формирование нового гражданина Казахстана. Очень важно помочь детям и молодежи сориентироваться, найти себя в мощном потоке современной информации, научить отделять хорошее от плохого, истинное от мнимого, вернуть интерес к настоящим культурным и общечеловеческим ценностям.

Воспитание казахстанского патриотизма является неотъемлемой частью сохранения духовности и культуры народа.

Казахстанский патриотизм является логическим результатом становления и развития народа, с ним формируется и развивается. Вместе с тем он становится критерием роста и силы общества. Чем крепче патриотизм, тем крепче казахстанский народ. Это – проявление общности интересов, общности судьбы, готовность трудиться и творить во имя возрождения и расцвета страны. Казахстанский патриотизм основывается на идее гуманизма, нравственности, свободы личности, правового общества и демократии. Казахстанский патриотизм, воспитывая людей на этих идеях, становится объединяющим и консолидирующим духовным фактором.

Необходимо продолжить системную работу по воспитанию чувства гордости и глубокого уважения к национальному наследию (традициям,

обычаям, культуре), сопричастности к общим целям страны, формированию у учащихся ценностного отношения к своей Родине.

Важность патриотического воспитания молодежи подчеркивает Президент Казахстана Н. А. Назарбаев в своём ежегодном Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» – новый политический курс состоявшегося государства» отметил: «что новый казахстанский патриотизм – основа успеха нашего многонационального и многоконфессионального общества. Наша главная цель в данном направлении проста и понятна: мы должны сохранить и укрепить общественное согласие. Это – непреложное условие нашего существования как государства, как общества, как нации. Фундамент казахстанского патриотизма – это равноправие всех граждан и их общая ответственность за честь Родины». Непосредственной нормативно-правовой основой патриотического воспитания являются такие правовые документы: Конституция Республики Казахстан, «Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2006-2008 годы», Закон Республики Казахстан «О правах ребенка», Концептуальные основы воспитания.

В наши дни в задачи образования входит укоренение в сознании молодого поколения священных понятий, определяющих духовную жизнь нации: родина, семья, родной язык, родная природа, народ, его история, вера, духовная культура в целом.

Все это – фундамент становления личности. Проблема патриотического воспитания требует изучения и всестороннего анализа происходящих в обществе изменений, процессов и явлений, оказывающих влияние на общественное сознание, мнения, настроения, традиции, взаимоотношения, на процесс воспитания и практику социально-педагогической деятельности. Особое значение сегодня приобретает поиск и разработка новых подходов к воспитанию школьников, включающих комплекс организационно-педагогических методических, научно-исследовательских мероприятий. Задача учителей и воспитателей, разъяснять основы патриотизма, вести патриотическое воспитание и всесторонне развивать здоровое чувство патриотизма. В организации воспитательной работы по патриотическому воспитанию учащейся молодежи в процессе формировании личности, умении свободно проявлять свою индивидуальность и способности к саморазвитию и самосовершенствованию личности оказывают содействие такие подходы как: личностно-ориентированный, аксиологический, компетентностный, деятельностный, культурологический.

Разнообразны и многочисленны формы патриотического воспитания: учебно-воспитательная работа, применяемая в ходе проведения учебных занятий; культурно-досуговая работа (посещение музеев, выставок, встречи с людьми, экскурсионные поездки); формы, связанные с участием в создании музеев и комнат боевой славы, уходе и сбережении мемориальных памятников, монументов на местах знаменательных событий и битв, приведением в порядок воинских захоронений и др. Патриотическое воспитание осуществляется также

в ходе проведения бесед, исторических лекториев и чтений, вечеров встреч с героями боевых действий, просмотром и обсуждением кинофильмов, телепередач по военно-патриотической тематике, экскурсий по местам боевой и трудовой славы.

С целью воспитания патриотизма в школах создаются и работают патриотические клубы, в которых проводятся встречи с руководителями, известными представителями культуры и искусства, мастер-классы, диспуты, лингвистические КВН, посвященные Дню языков народов РК, конкурсы знатоков казахского (русского или английского) языков, интернет-олимпиады, выставки по этнографии казахского народа, классные часы, ко «Дню единства», где учащихся знакомят с обычаями и традициями, с культурой народов, проживающих в Казахстане, акции «Забота», «Обелиск», «Читаем книги о войне», участие в поисковых и исследовательских проектах, в дебатах, в сетевых сообществах, проведение психологических тренингов с целью построения взаимоотношений между учащимися, разрешения конфликтных ситуаций и др. Все эти мероприятия пробуждают патриотические чувства школьников, мотивируют к деятельности, формируют активную гражданскую позицию и помогают социализироваться в обществе.

В своей деятельности педагоги организаций образования, прежде всего, должны делать акцент на ценностные ориентиры, которые помогают осмыслить духовный опыт поколений и обеспечивают движение человечества к прогрессу. Важно, чтобы наши дети воспитывались в духе национальной идеологии, культурных традиций. Идеологическая составляющая должна присутствовать во всех проводимых мероприятиях.

Организации образования имеют огромные возможности и богатый опыт работы по формированию у учащихся патриотических качеств личности, приобщению к культурно-историческим и социально-политическим традициям, развитию желания быть полезным людям, своей стране.

Существенным фактором гражданского становления подрастающего поколения является активная социализация и формирование у учащихся таких качеств, как социальная ответственность, равнодушное отношение к судьбе страны, к судьбе своей малой родины. Чем полнее и содержательнее получены знания о родном крае, его людях, его прошлом и настоящем, тем более эффективно будет решаться одна из главных задач –воспитание гражданина, который уважает и почитает традиции своего народа, гордится его материальной и духовной культурой.

Педагогам рекомендуется продолжить работу по изучению национальных особенностей и традиций казахстанского народа. На занятиях особые акценты необходимо делать на разъяснении учащимся гуманистических ценностных ориентиров нашего народа: уважение к старшим, трудолюбие, стремление жить в гармонии с социумом и природой и др.

Педагогам необходимо продолжить работу по развитию культуры творчества, воспитанию чувства прекрасного.

Приобщению детей к истории, культурному наследию своего народа, своей страны способствует организация экскурсионной деятельности. В рамках туристско - краеведческих экспедиций школьников желательно ежегодно проводить пешие, лыжные, водные, велосипедные походы, экспедиции и экскурсии по самым различным маршрутам. Важно активизировать организацию экскурсий и экспедиций школьников по следующим темам: «От достопримечательностей родного края -к святыням Казахстана», «Ұлы Дала Елі», «Казахстан-моя золотая колыбель», "Твой первый в жизни перевал", «Золотой компас» и др., начиная от местных природных и исторических памятников до столицы нашей Родины –г.Астаны и других регионов страны.

В соответствии с «Планом нации –100 конкретных шагов» в рамках проекта «Большая страна – большая семья» предлагается активизировать работу по реализации культурно-образовательного проекта «Поколение», который направлен на развитие исследовательского и творческого потенциала учащихся школ посредством участия в реализации коллективных и индивидуальных тематических научно-исследовательских и творческих проектов в области отечественной истории, археологии, этнографии и культуры.

Для повышения эффективности и оперативности развития детско-юношеского движения предлагается сделать акцент на виртуальные ресурсы, то есть участия школьников в дистанционных конкурсах: «Я выбираю профессию...», «Народное рукоделие-наследие предков», «Отанымның айбыны», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Урок дружбы», «Ұрпаққа ұран болған Ұлы ерлік», «Патриот и гражданин», «Сіздерге алғысымыз шексіз, ардагерлер!», "Познай Родину – воспитай себя" и др.

Вся проводимая педагогами работа должна быть направлена на формирование человека образованного, обладающего развитыми лидерскими качествами, готового самостоятельно принимать решения в ситуации выбора, способному к сотрудничеству и межкультурному взаимодействию, обладающего чувством ответственности за судьбу своего народа.

Тема патриотизма очень важна в наше время и государство оказывает различное влияние на политику, с целью заинтересовать молодое поколение в участии в делах страны. Донести до них, что они - будущие граждане государства. Формирование патриотических ценностей у современного школьника должно быть целенаправленным и адресным процессом, главная цель которого – моральная и психологическая подготовка к защите Отечества, служению ему. Так как именно на основе патриотических ценностей можно воспитать ответственную, мужественную, духовно-развитую личность. Воспитательные мероприятия патриотического характера способствуют не только формированию патриотических понятий, но и совершенствованию интересов и идеалов.

Настоящий патриот не тот, кто говорит об этом во всеуслышание, а тот, кто честно живет и работает, ведет здоровый образ жизни, имеет нормальную семью, помнит своих предков, на их примере воспитывает своих детей. В такой

семье и может вырасти патриот своей Родины. Основы патриотизма закладываются именно в семье. И от того, какой будет казахстанская семья, будет зависеть, кого мы воспитаем, и каким будет наше будущее и будущее Казахстана.

От патриотического и духовного воспитания молодёжи зависит настоящее и будущее нашего государства, в том числе ее безопасность, успешность и стабильность.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САПАСЫ

Гүлжан Жұбайқызы Ерубасева,
*Алматы облысы, Іле ауданы,
Өтеген батыр кенті
№24 лицейдің директоры*

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы туды.

Тақырыптың өзектілігі:

Мемлекет болашағының кепілі – жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел таланты, ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген ұшқыр ойын «Бүгінгідей жаһандану жағдайында мемлекет пен адам озық, бәсекеге сай болуы үшін, ең бірінші білім мен ғылым өркендеуі қажет», - деп елбасымыз Н. Ә. Назарбаев айқындап, атап көрсетті.

Міне, осы орайда көрегенді елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы мақаласының тарихи мәні саяси реформа мен экономикалық жаңғыру бағдарламасын қазақстандық қоғамды және әр қазақстандықты рухани жаңғырту арқылы жалғастырады. Тек жоғары білімді және рухани бай халық қана сыртқы әсерлерді дұрыс қабылдап, оған жауап бере алады. Сондықтанда мақала қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық жобалар ретінде бірқатар шаралардан тұратыны өте маңызды. Ұлт көшбасшысы атап көрсеткен бұл шаралар еліміздің дамудың жаңа деңгейіне көтерілуіне өз септігін тигізетініне сенімдімін.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол **ұлттық кодыңды** сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс.

Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» деді елбасымыз өз мақаласында.

«Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бір-

неше бағытын атап өтер едім» - деп елбасымыз қоғамның санасын жаңғыртуға арналған бірнеше бағыттарды атап кетті.

Жаңашыл педагогикалық ұсынысымының сүйенетін жетекші идеясы: Елбасының 2014, 2015, 2016, 2017 жылдардағы Қазақстан халқына Жолдаулары, «100 нақты қадам – Ұлт жоспары», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», Білім беруді дамытудың 2016- 2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.

Мақсаты: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Отаным - тағдырым», «Туған жер» бағыттары негізінде оқушылардың ізденістерін, бәсекеге қабілеттілігін, дүниетанымын ұлттық құндылықтар аясында әлеуметтендіру.

Міндеті:

1. Білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламасына ұлттық құндылықтарды енгізуге ықпал ету.
2. Бәсекеге қабілеттілікті дамыту.
3. Мектеп оқушыларын ұлттық құндылықтар аясында әлеуметтендіру негізінде қалыптастыру мен дамыту.
4. Оқу - тәрбие үдерісіне қажетті әдістемелік нұсқаулық әзірлеу.

Практикалық кезең – 2018-2019 оқу жылдары

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Отаным - тағдырым», «Туған жер» бағыттары негізінде оқушылардың ізденістерін, бәсекеге қабілеттілігін, дүниетанымын ұлттық құндылықтар аясында әлеуметтендіру үшін жалпы білім беретін мектептерде ұлттық құндылықтарымызды, оның ішінде ата - бабамыздың ғасырлар бойы баспанасы болған киіз үйдің макетін мектептерге орналастыру.

Жаңашыл педагогикалық ұсыныс:

1. Киіз үй макетін мектептерге орналастыру

Күтілетін нәтиже:

- Педагог мамандарға әдістемелік құрал болады.
- Мектеп оқушыларының ғылыми ізденістерін ұлттық құндылықтар негізінде әлеуметтендірудегі тұлға күзіреттілігі дамиды.
- Эксперименттік зерттеу алаңы бола алады.
- Оқушылар ата- баба еңбегін көзімен көріп, қолымен ұстап, қадірлей біледі, тарихи деректермен танысады.
- Киі үйді ғасыр талабына сай жабдықтау, т.б. идеяларға негіз болады.
- Бүгінгі ұрпақтың бойында мәдени мұраларға деген көзқарас патриоттық сезімді дамытады.

2. Білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламасына жаратылыстану бағытында білім беретін мекемелерге «Шахмат» сабағын енгізу. Қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже:

- Мектеп оқушыларының логикалық қабілеттері дамиды.

- Оқушының физикалық және интеллектуалдық деңгейі, өзін-өзі басқаруы, эмоционалдық тұрақтылығы шындалады.
- Оқушының шығармашылық ой-өрісін кеңейтеді.
- Тактикалық ойлау дәрежесі артады.
- Еңбекқорлыққа, жинақылыққа, табандылыққа тәрбиелейді.
- Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады.

Лицейімізде көнеден көз тартқан руникалық жазулар бейнеленген «Шаңырақ» туындысын жасап, жас ұрпақтың ұлттық құндылығымызды дәріптеуіне жол аштық.

№24 лицейде 2016 жылы сәуір айында «Толқын» шахмат клубы ашылды. Арнайы кабинет бөлінді. Клубқа 245 оқушы мүше ретінде тіркелген. Клубқа демеуші «Гранит» ЖШС АҚ директоры Адамов Талғат Несіпбайұлы. Т.Н. Адамов «Толқын» шахмат клубына 25 шахмат тақтасын, 25 шахмат сағатын, шахматтың көрнекілік тақталарын сыйға тартты. Лицейде жылына бір рет интеллектуалды тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған ауданаралық дәстүрлі «Шахмат» турнирі жоғары дәрежеде өткізіліп тұрады. Турнирде жастардың зияткерлік тәрбиесіне үлесін қосып жүрген «Гранит» ЖШС директоры Т.Адамовқа педагогикалық ұжымның шешімімен «Құрметті лицейіст» атағы берілді. Аудан оқушылары арасында жеңіске жеткен «Толқын» шахмат клубының ойыншылары ЕХРО-2017 көрмесіне жолдама, планшет, глобус т.б. бағалы сыйлықтармен және мақтау қағаздарымен марапатталды.

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу біздің қанымызда бар қасиет. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұратындығы баршамызға аян. Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа етеді. Ұлт көшбасшысының қазақ елінің өркендеуіне арнаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының негізіндегі, оның басым бағыттарын жүзеге асыру мақсатындағы ұсыныстарым: сананы жаңғыртумен қатар жас ұрпақты білімділікке ұмтылдырады, ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтайды деген сенімдемін.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - БІЛІМ ҮДЕРІСІН ЖАҢҒЫРТУ НЕГІЗІ

Жамалова Инкар Камардиновна,

Алматы облысы, Жамбыл ауданы,

*Ұзынағаш ауылындағы орта
мектебі бастауыш сынып мұғалімі*

Жаңғыру дегеніміз не? Жаңғыру – даму режимі. Жаңғыру мен даму режимі саяси жүйенің тек жай ғана қайта құрылуын емес, оның жаңғыру мен даму элементтерін ендіре отырып қайта құрылуын білдіреді. Нәтижесінде қоғамның саяси мәдениетінің өсуі, саяси қажеттіліктерге оның бара-барлығы, әрекеттердің тиімділігі көтеріледі.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының басты мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру болып табылады. Мақалада 6 бағытқа басымдық берілген. Соның бірі - білім беру жүйесін жаңаша жетілдіру яғни, білім алушылардың әлеуметтік құзіретін қалыптастыру.

Мақаладағы «Білімнің салтанат құруы» бағыты қалған барлық бағыттарға тікелей қатысты дер едім. Себебі, бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін делінген. Демек, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», т.б. сияқты бағдарламалар нәтижелі болу үшін білім салтанат құруы тиіс.

«Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы» делінген. Ал, осы айтылған мінез-құлық прагматизмінің алғышарттары мектеп қабырғасында қаланары сөзсіз.

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» делінген. Ұлттық салт-дәстүрді білу, оны құрметтеу, ұлттық әдебиетіміз мен тарихымыздың бастау алар бұлағы да «А әрпін» танып білумен қатар берілетіні анық. Қарап отырсақ, еліміздің өркендеп жаңғыруы білім саласының жаңғыруына тікелей қатысты.

2018 жылдың 10 қаңтары күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың **«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»** атты Қазақстан халқына Жолдауда білім саласына, әсіресе мұғалім мәртебесін арттыру мәселесіне ерекше мән берілуі бізге, ұстаздар қауымына, үлкен жауапкершіліктің артылғаны деп білеміз. Себебі, еліміздің **индустрияландыруда жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы үшін, ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту үшін, «Ақылды технологиялар» кешенін қарқынды дамыту үшін, Көлік-**

логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру үшін, «Ақылды қалаларды» дамытатын «ақылды ұлт» қалыптасу үшін *Білім берудің жаңа сапасы* - адами капиталды жаңғырту, функционалды сауатты болашақ ұрпақ тәрбиелеу, әлем стандарттарына сай біліммен қаруландыру – мұғалімдерге тікелей қатысты екені анық.

Елбасы Жолдауында білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы жаһандық өзгерістерге үнемі бейім болу қажеттігі айтылған және бір ерекшелігі – мұнда білім саласының барлық сатылары бойынша нақты міндеттер айқындалған. Сондықтан жаңа білімді меңгеру мемлекет дамуының басты бағыты болып отыр.

Біз оқытып отырған бүгінгі Жаңартылған білім бағдарламасында орыс және ағылшын тілдері бірінші сыныптан бастап оқытылып жатыр, цифрлық білім беру ресурстарын дамыту мақсатының алғышарты ретінде 3-сыныптан бастап ақпараттық құрылғылармен жұмыс жасауға арнайы сағат бөлініп отыр. 10-11 сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін оқытуды ағылшын тіліне көшіру, жас ұрпақты ғылыми-зерттеу саласына дайындау ісі де зор маңызға ие болуда. Елбасы мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасы өз тарихымыз бен мәдениетімізге, халқымызға құрметпен қарау сезімін қалыптастыруды, мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне, шынайы патриотизмнің маңызды көріністерін кіріктіре оқытуды міндеттейді. Жаңартылған бағдарламада рухани ұлттық тәрбиені сабақ үдерісінде пәнге кіріктіру жүзеге асырылуда. Бұған дәлел ретінде барлық пәндерде бір мезгілде қатар жүретін ортақ лексикалық тақырыптарды тілге тиек етсек болады. «Туған жер» ортақ тақырыбы кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып берілген әрбір тың деректердің маңызы ерекше. Алғашында отбасы мүшелерін танып, білу, сүйу, құрметтеуден бастау алған материал, спиральді түрде өз ауласы, көшесі, ауылы, ауданы, облысы, Отанын, туған жерін қастерлеуге, сүйуге, қамқор болуға тәрбиелейді.

Әрине, мектеп табалдырығын енді ғана аттаған бүлдіршінге кіші Отаны-отбасы туралы, оның шежіресі, тарихы туралы білуге, тануға, құрметтеуге үйрету біздің, бастауыш сынып мұғалімдерінің құзырында. Балаға үйрете отырып, ата-аналардың да ізденуіне, өз отбасы тарихын білуіне ықпал етудеміз. Бұл – өз Отанының болашақ патриоттарын тәрбиелеудің алғашқы қадамдары десек қателеспейміз. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Білім – шексіз мұхит. Оны орта білім беру жүйесінде тауысу, барлығын игеру мүмкін емес. Сондықтан ең басты басымдық баланың бейімін бағамдау, сол бағытта тереңдете оқытуға икемдеу болса керек.

Қорыта айтқанда, әлемдік деңгейдегі озық елдер қатарында болудың ең басты факторы білім екенін біз білеміз, ол үнемі айтылуда және дәлелденуде. Кез-келген салада жетістікке жетуде басты басымдықтардың қатарында білімнің тұруы шартты. Себебі, тарихынан да, мәдениетінен де, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық санаттарынан да, адамдық құндылықтарынан да білімі жоғары ұлт қана табысты ұлт бола алады.

Табысты ұлт ұрпағын тәрбиелеуде, тиісті деңгейде білім беруде, ең алдымен, біздің теориялық және әдістемелік кәсіби біліктілігіміздің деңгейімен қатар адами құндылықтарымыз сай болуы тиіс деп ойлаймын. Елбасы өз мақаласындағы «Сананың ашықтығы» бағытында «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі» дейді.

Жылдам өзгеріп жатқан жаһандық ақпараттарды сауатты қабылдап алдымызда отырған шәкірттерге заманауи стандарттарға сай білім беріп, кез-келген жағдайда шешім қабылдап, өзгерістерге дайын тұратын қабілеттермен қаруландыру үшін әрқашан өз білімімізді жетілдіріп, өз тәжірибемізге қосып отыру, жаңалыққа құштар болуымыз қажет. Біз тек оқушыға ғана емес, жанымыздағы әріптестерімізге, ата-аналарға, көрші-қолаң, ағайын-туыс арасында да ел бірлігі мен дамуымыздың, тарихымызды ұлықтаудың, тіліміз бен мәдениетімізді дәріптеудің насихатшысы, жол нұсқаушысы болуымыз тиіс. Елбасы айтқандай «Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАҢА ФОРМАТТЫ ПЕДАГОГ РӨЛІ

Өркен Иманғали,

*Алматы облысы, Талғар ауданы, №45
мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен
қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасының, ел ертеңі – жас ұрпақтың болашағы үшін табысты болуы, оны іске асыратын мұғалімдердің еңбегімен өлшенетіні сөзсіз. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім екенін ескерсек, білім беруді реформалау жағдайындағы айрықша өзекті мәселелердің бірі – қазіргі қоғамдағы мұғалімнің қызметі. Қазіргі мектеп қоғамдық өзгерістерге тез икемделетін, жаңалыққа құмар мұғалімдерге аса зәру болып отыр. Сол себепті кез-келген инновациялық тапсырмаларды шешуге ойлы, шығармашылық тұрғысынан қарайтын аса қабілетті мамандар қажет [1].

Бағдарлама оқушылардың білім алуы мен қатар олардың өмірге қажетті дағдыларының қалыптасуына бағытталған мақсаттарды жүйелеп, спиральді әдіспен жас ерекшелігіне сай тұлғалық дамуға әсер етуді көздейді. Осы іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін жаңа форматтағы мұғалімнің кәсіби біліктілігіне негіздей отырып, атқаратын ең маңызды рөлі – сабақты өз бетімен жоспарлау.

Бұл – өте күрделі мәселе. Себебі сабақтың табысты және сапалы болуының 99% жоспарлауға байланысты екенін қазіргі заманғы зерттеулер дәлелдеп отыр. Жоспарлау арқылы мұғалім іздену, талдау, болжау, жоспарлау, құрлымдау дағдыларын белсендіре отырып өзін-өзі дамытады. Іздендім деп, ғаламтордан дайын жоспарларды сол күйінде қолданудан аулақ болу керек, себебі ол кәсіби адалдыққа қайшы ұғым.

Бағдарламаның түйінді идеясының бірі – сындарлы оқыту. Жоспарлау кезінде мұғалім – өтілетін тақырыпты шынайы өмірмен байланыстырудың жолын таба білсе, ол сыныпты бірлескен оқуға тарта алады. Бірлескен оқу арқылы оқушылар ақпаратты белсенді ізденеді, талдайды, талқылайды. Әр жеке тұлғаның үлесі мен қабілеті тығыз қарым-қатынаста мойындалады.

Сыныптағы әр оқушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін жоспарлауда оқуды саралауға көп көңіл бөлген маңызды. Себебі, оқушы қажеттілігін ынталандырмаған жағдайда, пәнге қызығушылық төмендейді. Қызығушылық жоғалса, ол оқушыны оқуға тарту күрделі мәселеге айналанады. Саралау арқылы талантты және дарынды оқушыларды тауға, анықтауға жол ашылады. Осы іс-әрекеттерді алдын ала жоспарлап, орындау арқылы жаңа форматтағы ұстаздың зеріттеушілік дағдысы шыңдала түседі.

Табысты оқытуға қол жеткізу үшін мұғалім оқушының тақырыптың мәнін өз бетінше меңгеруін түсініп, бағалай алуы да маңызды. Қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін пайдаланып, үнемі оқушының жетістік деңгейін анықтап беріп, қолдау көрсетіп, осалдау тұсын нұсқау беру арқылы көрсетіп тұруды да алдын ала жоспарлау маңызды.

Жоспарланған сабақты өтіп болған соң, өз жоспарлауына рефлексия жасау арқылы мұғалім өзін-өзі реттеп, кәсіби тұрғыда өзін-өзі жетілдіріп отырады.

Бағдарламаның түйінді идеяларының жүзеге асатын жері – сынып. Сондықтан, мұғалім өзінің сыныптағы оқушылармен белгілі бір мақсатқа бағытталған іс-әрекетін жүйелей алса, жаңа форматтағы мұғалім рөлін атқарған болып есептеледі деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Strong, Ward. Grant, 2011.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛУЫ ҚАЖЕТ

Исмайлова З. Қ.,

*Алматы облысы, Жамбыл ауданы,
«Аққайың бөбекжайы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны*


Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын мұқият оқып шығып, көкейіме көп ойлар келді. Рухани жаңғыру – қазақтың руханиятына бет бұратын маңызды дүниелер. Жалпы, рухани жаңғыру әуелі «Тәрбие – тал бесіктен басталады» демекші, балабақшадан басталуы қажет-ақ. Сондықтан балабақша қызметкерлері бала тәрбиесіне рухани жаңғыруда қандай бағыт-бағдар беру қажет, қандай жұмыстар жасалуы керек деген мәселе қойып оның толық шешімін табуда ізденіспен жұмыс атқаруда. Осы тұрғыдан келгенде, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың мақаласының алатын орны ерекше. Бірінші толғандырып жүрген мәселе – тіл, тілге қажеттілік тудыру, ұлттық код осының барлығы бала санасында бірінші кезекте қалыптасуымен қатар болашақ ұрпақтың үш тіл тұғырын меңгеруін осы баспалдақтан бастау қажеттігінің туындауы заманауи талабы.

Өзінің руханиятын түгендейтін, еліне, ұлтына қызмет ететін патриот азаматтарды тәрбиелеу қазіргі жағдайда қиын. Себебі, қазіргі ұрпақтың әлеуметтік желіге құмарлығы, батысқа еліктеуі, құндылық ретінде өзгені тануы алаңдатады. Елбасы мақаласында өте құнды ойларды көтеріп, жастарға жаңа жаңғыруды атап бергені қуантады. Бүгінгі басты мақсатымыз – әлемдегі елімізді дамыған 30 елдің қатарына ену дер болсақ, осыған орай Президент заманға сәйкес жаңғыру, оның ішінде рухани жаңғыру мәселесін көтеріп, алдымызға зор міндеттер қойды. Енді бүкіл қазақстандықтар, осы бағытты өз іс қызмет бабымызға қарай икемдеп, жұмыла жұмыс істеуіміз керек.


Ұлы мәселе ұрпақтың қамы үшін жасалып жатыр. Ендеше, осы бағытты бала жасына сай бала тілін үш тілде дамытуды жобалап болашақ ұрпағымыздың өз тілі мен өзге де тілдерді меңгеруі үшін өзім басшылық етіп отырған «Аққайың бөбекжайында» тәрбие-білім беру қызметін қазіргі таңда телекоммуникациялық, компьютерлік және хабар тарату технологияларының өзара қызметі коммуникациялық ортаны өзгертудегі іс-шараларды атап айтқанда жаңа медиа-жүйелерді пайдаланып мультимедиялық, цифрлық, интерактивті коммуникациялар дәуірінде бәсекеге қабілеттілік танытып, бала бойына бәсекеге қабілетті болуда мектепке дейінгі ұйымда үш тіл бірлігін дамыту үшін үш тілді кіріктіру барысында жаңа міндет, жаңа талап, жаңа мақсаттарды қою туралы нақты іс-әрекеттерді қолға алып жүзеге асыруда қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі анықталған үштілді бірлік сызбанұсқасы мен міндеттерді дайындап оның іске асуын қолға алдық. Ондағы үш аспект мақсаты: Білімдік аспект (көзқарасы) – балалардың оқу материалдарын қабылдауы, оқу нысандары қатынас байланыстарының мәнін түсіну;

Дамыту аспектісі – баланың танымдық қызығушылығын қорытындылау, салыстыру, талдау біліктілігін жетілдіру;

Тәрбиелік аспект – ғылыми көзқарасын, өзіндік және топтық жұмысты нақты ұйымдастыру, серіктестік сезімдерін тәрбиелеу мен үш тілді бірлік арқылы іске асыруда ізденіспен жұмыс жасауда:



«Үш тілді бірлескен» (қазақ, орыс, ағылшын) анықтама мазмұнын негізге алдық. Мектепке дейінгі ұйымдардан бастап үш тілді қатар алып жүру шаралары олардың есте сақтау қабілеттерінің жоғары деңгейде дамитыны туралы ғылыми деректерге сүйене отырып балаларға шет тілді меңгертуде жан-жақты іздену жұмысы атап айтқанда «Үш тіл патшалығы» қызметі қолға алынды.




Бұл қызметтің негізгі мақсаты –өмірден өз орнын тандап алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортада тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен біліктілігін көрсете алатын, көптілді және көп мәдениетті құзыреттілікті игерген полимәденитті жеке тұлға қалыптастыру және бірнеше тілді меңгеріп, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу демек, педагогикалық үрдісте үш тілді орта қалыптастыру.

Аталған қызмет түрі «Қатынас» білім беру саласында яғни, тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, сауат ашу, мемлекеттік тіл мен орыс, ағылшын тілдерін оқыту арқылы мектепалды тұлғаны көптілділікке тәрбиелеу, ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, қоршаған ортадағы тіларалық қатынаста вербалды және вербалды емес құралдар арқылы қоршаған ортамен тілдік қатынасқа түсу нәтижесінде үш тілді оқып үйрену білім беру салаларындағы мектепалды балалардың қатынас сапасы мен тұлғалық дамуын

болжайды. Тілдік қатынас құзыреттілігі ана тілі мен басқа да тілдерде ауызекі сөйлеу қатынасы мен өзар әрекеттестік қатынаста түрлі әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Балалардың тілдік-қатынас құзыреттілігі қызметтің барлық түрлерінде жүзеге асырылады.

Үш тілді оқытуда заманауи әдістерді қолдану мектепалды балалардың зат атаулары, қоршаған орта құбылыстары туралы белсенді және белсенді емес сөздік қорларын үш тілде жинақтауға мүмкіндік беретінін ескере келе, мектепалды балалардың белсенді сөздік қорын кеңейтуде балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып режимдік сәттерде үш тіл лексикасын қолдану қажеттілігін айқындадық және балабақшада қазақ, орыс, ағылшын тілдері ойын арқылы инновациялық технологияларға негізделі отырып белсенді жұмыс әдістері арқылы жүргізу іс-әрекетін қолға алдық.



Мектепалды жасындағы балалар басқа тілді үлкен қызығушылықпен қабылдайды. Міне, биыл ағылшын тілін М.Н.Алдабергенова төртінші жыл жүргізіп, «Ағылшын тілін оқытудағы белсенді әдіс-тәсілдер» тақырыбында аудандық педагогикалық оқуға қатысты. «Ауылдағы үй», «Сиқырлы орман», «Көңілді паровоз» тақырыптарындағы ашық оқу іс-әрекеттерін мультимедия негізінде жүргізсе, қазақ тілді топ балалары орыс тілін ата-аналарының тілді жақсы біліп үйде тілдік қатынас жасаулары ықпал етіп өте жеңіл үйренуде «Майшелпектің саяхаты», «Шырша ертегісі», «Киім дүкені» тақырыптарындағы ашық оқу іс-әрекеттерінен олардың орыс тіліне деген бейімділіктерін көрсетті. Ал орыс тілді топтарда балалар мемлекеттік тілді меңгеруде аудандық, облыстық байқауларға қатысып жүлделі орындарға ие болуда. Жоғары санатты қазақ тілі мұғалімі Ғ.Б.Орынтаева педагогикалық кеңестерде өз тәжірибесімен бөлісіп «Күнқызға қалай көмектесеміз?» ашық оқу іс-әрекеттерінде мультимедиялық технологияларды жоғары деңгейде қолданып, екінші педагогикалық кеңесте жас тәрбиешілерге сөйлеу тілі туралы «Фонетикалық есту қабілеті ойындары» тақырыбында баяндама жасады. Жыл сайын мекемеде тілдер апталығы жоспар негізінде жүргізіліп тіл мамандарының ұйымдастыруымен түрлі іс-шаралар өткізу дәстүрге айналса ересек топтарда латын қарпі алфавиті туралы жадта сақтау және көздерін үйрету мақсатында суреттермен таныстыру іс-әрекеттері осы оқу жылына

жоспарланып отыр. Нәтижесінде үш тілді меңгеру жұмыстары жемісін беріп, тілдік құзыретілікті меңгеру сапасының өсу динамикасы оңтайланды.

Қорыта айтқанда, ұйымдастырылған «үш тілді» оқыту шаралары өмірде көптілді әлемде мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу міндеттері арқылы рухани жаңғыру мәселесін шешуге көмектеседі деп сеніммен айта аламын.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БОЛАШАҚҚА БАСТАР НЫҚ ҚАДАМ

Комаева Анаргуль Болекбаевна,

Алматы облысы, Қапшағай қаласы

№3 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – идеологиялық бағытымызды айқындау ұлттық дамуымыздың негізгі тірегі саналатын бастама. Рухани жаңғырудың міндеті ол – Отанға, елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігімізді арттыру, ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту. Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алға батыл қадам жасауымыз керек.

Мемлекет басшысы өскелең ұрпақты әуелі білімге құштар болуға шақыруымыз керек дегенді айтады. Бұл рухани жаңғырудың басты шарты. Білім бүгінгі ұрпақтың басты қажеттілігі. Сондықтан рухани жаңғыру процесі өте дұрыс әрі дер кезінде қабылданған оң шешім деп білемін. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім мен ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Елбасымыз тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың алты бағытына жеке-жеке тоқталады.

1. Еліміздің болшақтағы келбетін анықтайтын – бәсекеге қабілеттілік. Бәсекеге қабілеттілік саясатта экономикада руханиятта яғни барлық салада болуы керек. Бәсеке болған жерде жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, санамызды жөндейміз. Бәрі санадан басталады. Сол үшін сана түзелуі керек.

2. Прагматизм.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау.

4. Білімнің салтанат құруы.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.

6. Сананың ашықтығы.

Латын әліпбиі туралы Елбасы «2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауымыз қажет. 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығаруға тиіспіз» деп, бұл ауқымды іске асықпай жету жолын көрсетіп, латын қарпіне көшудің нақты кестесін әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар, Елбасы бағдарламалық мақаласында ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт болу үшін «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруды да баса айтқан. Сонымен қатар, бүгінгі қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан заманауи мәдениетіміз бен мәдени қазыналарымызды жаһан жұртына таныстырудың жаңа тәсілдерін ойластыруда осы жобада көрсетілген.

«Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. Осы орайда Қапшағай қаласының №3 орта мектептің бастауыш сынып ұжымы Елбасымыздың бағдарламалық мақаласын толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі атсалысуда. Елбасы халқымызға өз дүниетанымын түбегейлі өзгерту жөнінде нақты кеңес береді. Тұғырнамалық мақсатында әрбір қазақстандықтың мақсат-мүддесі қамтылғандықтан біздің ұжымға да үлкен серпін әкелді. Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарымен ақпараттық насихаттық жұмыстар: «Болашаққа нық қадам» атты тренинг, «Рухани жаңғыру – өскелең ұрпақтың дара жолы» атты баяндама, «Рухани жаңғыру – ұлттық өрлеудің ұлы күші» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігі бойынша 11-21 желтоқсан аралығында өткізілген «Ұлы Жібек жолымен, болашаққа нық қадам» атты апталықта атқарылған жұмыстар да қазақтың киелі шаңғырағы астында ұжымымыздың жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағаласақ артық болмас. Апталықтың әрбір күні көне Жібек жолының қалаларының атауымен белгіленіп, әрбір сынып «Көне қала – Түркістан», «Шұрайлы – Шымкент», «Тарихқа толы – Тараз», «Отырар дастаны», «Әсем қала – Алматы», «Туған қалам – Қапшағай» деп белгіленіп, өткізіліп отырылды.

Ата-бабаларымыздың баяғыдан келе жатқан үлкен құндылықтар жүйесі оқушыларымыздың да санасына сіңіп, олар әр нәрсеге сын көзбен қарап, жақсы үрдістеріміздің бәрін бойына сіңіріп өссе нұр үстіне нұр болар еді.

ТУҒАН ЖЕР – ТҮМСА ТАРИХ

Қайыркенова Жақанкүл Опайқызы,
*Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,
«Нұрлы орта мектебі» КММ,
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*

«Туған жерге туыңды тік!» деген дана халқымыз. Бұл – әрбір адамның кіндік қаны тамған жеріне деген сүйіспеншілікті білдіреді. Кез-келген азамат өзінің тарихына, әдет-ғұрпына, мәдениетіне, терең бойлай білуі керек. Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін атап өтті.

Қазақ «Отан отбасынан басталады» дейді. Отанды сүюдің іргетасы алдымен туған жерге деген сүйіспеншілікпен қаланады. Сондықтан мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев ұсынып отырған «Туған жер» бағдарламасын көп болып қолдау жасаудамыз.

Елбасымыздың «*Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*» атты мақаласы – қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру – баршамыздың міндетіміз.

Туған жерге сүйіспеншілік туған тарихыңды тереңнен білуден басталады. Еліміздің әрбір тауы мен өзені, сайы мен қыры – тұнып тұрған тарих. Оған сай сол өлкеде халқына пана бола білген, ел есінде қалған біртуар перзенттер бар. Ал, олар жайында жас ұрпақтың білгені абзал. Сондықтан, білім беру саласында өлкентану жұмыстарын жүргізіп, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру қажет. Ел Президенті ұсынған «Туған жер» бағдарламасының мәні – осында.

Ел басшысы білім, ғылым, зияткерлік қабілет және сапалы еңбек арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру керектігіне ерекше тоқталды. Яғни, әрбір адам өз тарихын терең біліп қана қоймай, заман талабына сай қасиеттерге де ие болуы керек. Сондықтан, қазір «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» бағдарламаларын жүзеге асыру маңызды.

Қазақ елінің бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамуға ұмтылуы заңдылық. Дегенмен, ең бастысы жаһандық өзгерістер кезеңінде біз ұлттық ерекшелігімізді, құндылығымызды сақтай білуіміз керек. ХХІ ғасырдағы рухани жаңғырудың мәні осыда болмақ.

«Әркімнің туған жері-жерұйығы» дегендей әр адамға өз Отаны қашан да ыстық. Шыр етіп дүние есігін ашып, алғаш кіндік қаны тамған жер, сол адамның туған мекені болып табылады. Қайсы бір адам болмасын «туған жер» сөзімен намыс, күш, жігер, рух сынды қасиеттерді ұштастырады. Бала бесікте жатқаннан кең дүниені көзімен көріп өседі, туған жердің топырағының иісін иіскеп, Отан сөзінің мәнін түсіне бастайды. «Атамекен – анаң екен, қысылғанда

панаң екен» деген сөздер тегін айтылмаған. Атамкенді «ана» сөзімен пара-пар қылу әбден мүмкін, өйткені кім болмасын өз мекенінде алшаң басып, еркін жүре алады. Қиын кезеңдерде туған жерді, елі құшақ жая қарсы алып, қол ұшын береді. Бұл қасиетті ұғымды әрбір патриот биік бағалайды, алайда оны түсіне алмай жүргендер де бар екені айтпаса да түсінікті. Сол себепті де қазіргі таңда Қазақстанда патриотты жастарды тәрбиелеу көзделген. Ел басына күн туса етігімен су кешетін нағыз азаматтар елімізде бар, оған күмән келтіруге болмайды. Алайда туған жерді қорғау, сүю біздердің, барша халықтың міндеті деп білемін.

Ең бастысы – жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. «Ұрпақ тәрбиесі – ата-баба арманы», «Өзімнен асып түссе ұлдарым, ана болу бақытын ұмытпаса қыздарым» деген халық тілегі қандай десеңізші.

Ұлы философ Платон: «Ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең- ұлтыңды тәрбиеле», - деген екен. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным – өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын, пікір бостандығын сездірту, олардың ұстанымдарымен санасу.

Ұлтымыздың патриотизмге бай тарихын жауынгерлер мен батырлардың ерліктерін, ата- бабаларымыздың өнегелі өмірін жас ұрпаққа жеткізу патриотизмге баулудың бірден-бір көзі. Биыл «Алаш» атты ұлттық- демократиялық партиясының, Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл. Жас ұрпақ ерлеріміздің ерлігін біліп өсуі тиіс. Бұл ретте халқына суықта пана, ыстықта сая болған аттары ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Қазақ халқының біртуар ұлдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, М.Жұмабаев, Павлодар өңірінен Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, Қ.Сәтбаев сынды азаматтар өз елінің теңдігін ұран етіп, азаттықтың салтанат құруына үлес қосқан. Олар өздерінің өнегелі өмірімен, биік парасатымен асқан білімділігімен, халқына деген шексіз махаббатымен ел есінде, тарих тағылымында қалды.

«Мәңгілік Ел» ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу. Елдігіміз танылып, атымыз шартарапқа таралып жатқан кезімізде, еліміздің өткенін, өшкенін жаңғырту әр азаматтың қасиетті борышы.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - дегені жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде баға жетпес ұсыныс. Әсіресе бүгінгідей шетелден жұмақ іздеп кетіп жатқан жастарға ой сала отырып, туған жер мен ата-ана алдындағы парыз бен қарызды өскелең ұрпақтың ойына сіңіріп, санасына сілкініс әкелетін қадам деп қабылдадық. Ата- бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, бүгінгі ұрпағына аман-есен сақтап жеткізген атамекенге адалдық идеясы деп қабылдадық.

Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегiнiң түбiнде әлдiлеп өтпейтiн жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениетi мен салт-дәстүрлерiне айрықша iңкәрлiкпен атсалысу – шынайы патриотизмнiң маңызды көрiнiстерiнiң бiрi. Бұл кез-келген халықты әншейiн бiрiге салған қауым емес, шын мәнiндегi ұлт ететiн мәдени-генетикалық кодынның негiзi. Бiздiң бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгiрген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бiздi қорғады. Сан тараптан сұқтанған сан жұртқа атамекеннiң қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас еттi. Туған жерге деген сүйiспеншiлiк ненi бiлдiредi, жалпы, бағдарламаның мәнi неде? Бiрiншi, бұл бiлiм беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізудi, экологияны жақсартуға және елдi мекендердi абаттандыруға баса мән берудi, жергiлiктi деңгейдегi тарихи ескерткiштер мен мәдени нысандарды қалпына келтiрудi көздейдi. Патриотизмнiң ең жақсы үлгiсi орта мектепте туған жердiң тарихын оқып бiлу. Туған жердiң әрбiр сайы мен қырқасы, тауы мен өзенi тарихтан сыр шертедi. Әрбiр жер атауының төркiнi туралы талай-талай аңыздар мен әңгiмелер бар. Әрбiр өлкенiң халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есiмдерi ел есiнде сақталған бiртуар перзенттерi бар. Осының бәрiн жас ұрпақ бiлуi тиiс. Екiншi, басқа аймақтарға көшiп кетсе де туған жерлерiн ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсiпкерлердi, шенеунiктердi, зиялы қауым өкiлдерi мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезiм, ол әркiмде болуы мүмкiн. Оған тыйым салмай, керiсiнше ынталандыру керек. Үшiншi, жергiлiктi билiк «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелiлiкпен қолға алуға тиiс. Бұл жұмысты өз бетiмен жiберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсiндiру қажет. Туған жерiне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудiң түрлi жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерде компьютерлендiруге, жергiлiктi жоғары оқу орындарында демеушiлiк жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнiң нағыз өзегiне айналады. Туған жерге деген сүйiспеншiлiк Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезiмге ұласады. Төртiншiден, жергiлiктi нысандар мен елдi мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, бiз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиеттi орындар ұғымын сiңiруiмiз керек. Ол үшiн «Қазақстанның қасиеттi рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелi жерлерiнiң географиясы» жобасы керек. Әрбiр халықтың, әрбiр өркениеттiң баршаға ортақ қасиеттi жерлерi болады, оны сол халықтың әрбiр азаматы бiледi. Бұл- рухани дәстүрдiң басты негiздерiнiң бiрi. Бiз – ұлан-ғайыр жерi мен аса бай рухани тарихы бар елмiз. Ұлы даланың көз жеткiзгiсiз кең-байтақ аумағы тарихта түрлi рөл атқарған. Бiрақ, осынау рухани географиялық белдеудi мекен еткен халықтың тонның

ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз.

Туған жер Отан – кімнің де болса жүрегін шымырлататын тәтті сөз. Жер-дүниені сан айналсаңда туған жерінен артық жайлы қоныс таба алмайсың. «Ат айналып қазығын табар» дегендей, қанша ғажайып мекен көрсең де, түбінде Жерұйықтың өз туған жерін екенін түсінесің.

Мен өзімнің туған жерімді мақтан етемін және оның алдындағы перзенттік борышымды өтеуге әзірмін. Туған жерім менің тұлға болып қалыптасуына өз әсерін тигізді. Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары демекші өз туған жерім өзіме ыстық. Дүниенің қай бұрышында жүрсеңде туған аймағында өткен күндер есінен кетпейді. Онда өткізген балалық шақ, аяулы мектебім, ұлағатты ұстаздарым, оның тұрғындарының жайдарлы жүздері, менің жан достарым, асыр салып ойнаған көк орай шалғын, анамның қара қазанда пісірген бауырсағы, мереке сайын жайылатын дастарқаны осының бәрі күні кешегідей көз алдымда. Қанша биік белес бағындырсақ та, торқалы туған жердің құдіретінен аса алмаймыз. Туған өлкем әр ісіме шабыт береді, мұнайған кезде көңіліме жұбаныш болады, өмірдің қатал сыңына ұшырағанда да осы жерден пана табамын. Мыңдаған тағдырларға куә болып, қойнауы сырға толы бұл мекен менің арманымға қанат бітіреді. Дүниеге шыр етіп келгеннен анамның ыстық махаббатымен сезінген туған жерге деген махаббатым ешқашан жүрегімнен сөнбес.

ҰЛТТЫҢ ҰСТЫНЫ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Молдасанова А. А.,

Алматы облысы,

Рахат орта мектебі КММ,

тарих пәнінің мұғалімі

«Ұлттың ұстыны – рухани жаңғыру» әрине өзекті тақырыптардың бірі. Ұлт, ұстын, рух, жаңғыру деген сөзге жеке тоқталып өткім келеді. Әр сөзде терең мән мағына жатыр. Қазақстан көп ұлтты мемлекеттердің бірі, сол көп ұлтты бірлікте, ынтымақта, тыныштықта, тату – тәтті өмір сүріп отыруы үшін ұстын керек екен. Ал ұстын сөзінің мағынасына тоқтала кетсем: ұстын – қыстау үйлердің төбесін жабу ісінде арқалық (бел ағаш) астына қойылатын тіреу. Ол арқалықтың ортасы немесе екі басына тіреледі. Ұстын ағаштан алуан үлгіде (жұмыр, төрт қырлы,бунақты, оймышты, т.б.) жасалады. Ал ұлттың тіреуі рух екен. Рух бар жерде жаңғыруда, жаңаруда, дамуда, өзгеруде, алға жылжуда болады екен. Ұлттың рухани жаңғыруына әрине тірек керек. Елбасы жолдаулары Қазақстанның әлеуметтік мемлекет ретінде дамуының басты бағыттары есептелінеді. Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан бергі уақыттан бастап өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруды басты даму бағыты етіп айқындады.

Қазақ елі 1991 жылы тәуелсіздігін ала отырып, «күрес кеңістігіне аяқ басты». Тәуелсіз елге ешқашан ертеңге енжарлық танытуға, саяси және экономикалық өмірге селқос қарауға болмайды. Бұл туралы Елбасы мақаласында: «Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырудағы мақсатым, бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап теру емес. Қазақтардың бұлжытпай екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстрынан бас тарту керек», - деп айтып өткен. Яғни, қарапайым тілмен айтқанда рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана сезімі жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғырудың тағы бір негізгі ұстыны біртұтас ұлт болу. Бұл мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында кеңінен талқылануда. Ұлттық мәдениет, ұлттық сана ең басты құндылықтарымыз емес пе?! Жастарымыздың бойында, ұлттық мәдениет пен ұлттық сана мектеп қабырғасынан тіпті бала бақшалардан бастау алады.

Тәуелсіз ел болып, егемендігімізді алғанымызға, бөлек шаңырақ көтергенімізге, өз алдына мемлекет болғанымызға 26 жыл толып отыр. Осылай бейбіт өмір сүргеніміз, қазақ батырлары мен қайсар жастарының арқасында. Сол аға, апаларымыздың Отан үшін от кешкен еңбектері бүгінгі жастарға үлгі болуда. Сол үлгі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында халқымыз тыныштықта, Отанымыз еркіндікте, жастарымыз дамуда, бейбітшілігіміз жарасуда. Елбасымыз айтқандай, елдің болашағының көркейіп, гүлденіп, одан әрі дамып, өркендеуі біздің қолымызда. Яғни, болашақтың жастары мына біздер. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын оқи отырып, еліміздің бүгінгі мен ертеңі мына біздердің ұлттық санамыздың өзгеруіне, бәсекеге қабілетті бола білуімізге, нақты бір мақсатқа жетуге, ұлттық мәдениетімізді, бірегейлігімізді сақтауға, сауаттылыққа, дамуға, әлемдік бәсекелестерге қабілетті болуға, туған ел, туған жерімізді құртеттеуге, патриот бола білуімізге тәрбиелейтін тамаша туынды. Елбасының Отанға, елге, ұлттық сүйіспеншілікке деген іс-әрекеттері әрбір азаматқа үлгі. Ұлтымыздың бойындағы тек жақсы қасиеттерді дарытсақ, бәсекеге қабілетті бола білсек, ұлтжанды азамат болсақ, жат идеологияларға тойтарыс берсек, жерұйықты мемлекетке айналарымыз даусыз.

Тәуелсіздік алғалы біз ата-бабамыз салып кеткен жаңа даңғыл сара жолға түсіп, күн озған сайын қарыштап дамып келеміз. Оны мойындау керек. «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» - деді Ұлт Көшбасшысы. Рас, рухани жаңғыру – ең үлкен һәм маңызды бастама. Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекет құра отырып, Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Сосын, «2030 – Стратегиясын» қабылдап және Астананы салып, Қазақстан 50 дамыған елдің қатарына енді – бұл Екінші жаңғырудың нәтижелері. Үстіміздегі жылдан бастап, Қазақстан жаһандық бәсекелік

қабілетке қол жеткізуге бағытталған елдің Үшінші жаңғыруын іске асыруға кірісті. Басты мақсат – Ұлт жоспарын орындау негізінде әлемнің 30 озық елінің қатарына ену.

Гуманитарлық білімді жаңарту – қоғамдық сананы жаңғырту негізі ретінде, оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасы, «Туған жер» патриоттық бағдарламасы, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы ұлт болашағына керек жобалардың бірі. Қазақ елінің мақсаты дамыған 30 елдің қатарына кіру. Мақсатқа жету үшін біздің санамыздан ісіміз озып жүруі тиіс.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі», - деп атап көрсетілген. Осы орайда мектебімізде өткен «Туған ел», «Туған жер» бағдарламасын іске асыру барысында сабақты мұражайларда, мәдени ұйымдарда өткізу барысында жұмыстар жүргізілді. Соның бірі Алматы қаласында орталық Елбасы мұражайын аралау бізге ерекше әсер қалдырды. Бұл мұражайдан аларымыз көп болды. Елбасының қырық мемлекетке жуық елдермен қарым-қатынас орнатып, төс белгі алғандағы марапаттары ерекше әсер қалдырды. Көрші елдермен тату-тәтті өмір сүруіміз, саяси келісім шарттардың жасалуы, сауда байланыстарын орнатуымыз мемлекеттің дамуы үшін ерекше көрініс. Елбасының балалық шағынан бастап, атқарған қызметтерінен бастап, қазіргі уақытқа дейінгі жүргізген жұмыстары ұлт болашағы үшін маңызды. Туған жерден бастау алған Елбасының ісі баршаға үлгі болуы керек. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек. Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Сол кезде елін, жерін қорғайтын, ұлт жанды, білімді, саналы, рухани дами алатын ұрпақ өніп өседі.

Ел Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын зер сала оқып шықтым. Елбасы елдің бүгіні мен болашағы туралы ой толқындарын – қуатты сезім ағысымен жүректен өткізе отырып толғана, тебірене сыр шерткенде, танданыстан бас шайқамау қиын. Оның Отанға, елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі сүйсінтеді.

Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жарактануы, халықаралық коммерциялық һәм

концептуалды жобаларды ілгерілетуі маңызды. Бұл – Қазақстан көшбасшысы айтқан «бәсекеге қабілеттіліктің» бір шарты.

Елбасымыздың саясаты әрқашанда қазақ елінің тыныштығы үшін жүзеге аса берсін. Біздер, жастар, әрқашанда белсенділік танытып, ұлт болашағы үшін аянбай еңбек етеміз. Елімізді, жерімізді көркейту біздің алдыға қойған мақсатымыз. Сондықтан ата-ана да, орта мектеп пен жоғары оқу орындарының ұстаздары да ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қойғанымыз абзал. Қорытындылай келгенде, рухани жаңғыру – заман талабы. Заманға сай болу ұрпақ санасы. Санамыз үнемі дамуда, жаңғыруда, бәсекеге қабілетті болуда болсын. Өз ойымызды еркін жеткізе білуге, ұлттық құндылықтарымызды құрметтеп, тәуелсіздігімізді сақтап қалуға барынша адал еңбектенуге ат салыссақ, біз алмайтын асу мен қамал болмас. Сондықтан рухани жаңғыру, заман талабына сай жастарымыз жалынды, ұрпағымыз білімді, санамыз таза, арымыз адал, ұлтымыз ұйымшыл, заманымызға қарай дамып отыру біздің басты мақсатымыз.

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Отарбаев Бақытжан Әубәкірұлы,

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

«Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің

біліктілігін арттыру институты»,

Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру

кафедрасының аға оқытушысы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ұлттық сананы жаңаша қалыптастыру, басқа елдердің озық тәжірибесін, жетістіктерін бойға сіңіріп, пайдамызға асыру туралы айтқанын зиялы қауым қуана құптап отыр. Білімге ұмтылу, жақсыға үйрену, жаманнан жиренуді ата-бабаларымыз баяғыда айтқан. Бұл енді ұлттық идеологиямызға айналып отыр. «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», - деп өз мақаласында Мемлекет басшысы қадап айтты. Ұлттық сананы жаңғыртқанда өзіміздің, қазақстандық дербес даму үлгісін қалыптастыруымыз керек екендігін айтып отыр Елбасымыз. Бұл дегеніміз – қазақтың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, ең бастысы, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, қазақи рухымызды жаңғырту. Бұл ретте Президенттің жаңғыру ұғымының мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдыларымыз бен әдеттерден арылуымыз керек деген сөзінің жаны бар. Өйткені бұл – өмір заңы, даму заңдылығы. ХХІ ғасырдағы адамзаттың басты, негізгі құндылықтары білімнен басталатын болады. Жастарымызды осы бағытта тәрбиелеп, әлемдік білім ошақтарынан тереңде-тілген білім алып халқымыздың игілігіне жұмыс істеуге баулуымыз керек.

Мемлекет басшысының Үндеуіндегі «Білімнің салтанат құруы» бөлімінде осыны меңзеп, халықты жаппай білім алуға шақырады. «Таяу жылдардағы міндеттер» деген екінші бөлімінде алдағы уақытта жүзеге асырылатын нақты жобалар көрсетілген. Мұнда айтылған қазақ тілін біртіндеп латын алфавитіне көшіру – заман талабы. Латын қарпіне көшу туралы Елбасы өзінің мақаласында «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процестерінің ерекшеліктеріне байланысты» деп атап көрсетті. Бұл әлемдік ғылым саласын игеру үшін жасалып жатқан оқу бағдарламасына сәйкес, бүкіл әлем қарым-қатынас жасайтын ағылшын тілін жастарымыздың тезірек игеруіне мүмкіндік жасайды. Сол үшін қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы жүзеге асырылмақшы. Жалпыұлттық патриотизм ұғымын кеңейтуге бағытталған «Туған жер» бағдарламасы туралы Елбасы өзінің мақаласында жан-жақты түсініктер берген. Бұл бағдарламаның халқымызға жаңа рух, жаңа серпін беретіні анық. Бұл бағдарламаның аясына тарихымыз да, руханиятымыз да кіріп кетеді. Соның нәтижесінде, болашақта елін, жерін, халқын сүюге қазақша тәрбиеленген нағыз қазақстандық жаңа буын пайда болады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 2017 - 2018 оқу жылындағы тәрбие жұмысының басты ерекшелігі Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың басымдықты идеяларын оқушылар арасында кеңінен насихаттау болып табылады. Отанды сүюге, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағыттау. Жалпыадамзаттық, мәдениетаралық білімдері мен сыни ойлау, зерттеушілік дағдылары дамыған, отансүйгіш тұлға. Өзінің даму барысында, өмір бойы оқуға қабілетті, жоғары адамгершілік құндылықтары бар, жоғары білімді, зияткерлік жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған мектеп қауымдастығын құру. Қазақстандық патриотизмді әр оқушының бойына өмірлік принциптері ретінде қалыптасады. Жалпы, жеке адам үшін де, тұтас халық үшін де құндылық атаулы материалдық және рухани болып екіге бөлінетіні айқын. «Алдымен, экономика содан кейін саясат», - деп Елбасымыз үнемі айтып келеді. Ол алдымен, халықтың көңіл күйі дұрыс болуы керек дегенге саятын әңгіме. Мақала рухани байлықты нығайту жөнінде болды. Рухани байлықтың кемел, күшті болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, жеке азаматтардан жасақталған еліміз үшін де өте маңызды. Ақыл-ойы толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны анық. Осынау құндылықтарды қалай игеретініміз және ол арқылы қайда жететініміз жан-жақты талданған. Бұл мақаланы аса маңызды стратегиялық құжат деп білемін. Өз басым солай қабылдадым. Осыны жүзеге асыру үшін қандай іс қолға алынуы тиіс және қандай қадамдардан өтетініміз нақты көрсетілген. Елді рухани жаңғыртудың жолы екі түрде келтірілгені қуантады. Біріншіден, ұзақмерзімдік стратегия және оны орындау

үшін қысқамерзімдік жоспар жасақталып, көрсетілген. Мұнда бірқатар тақырыптар қамтылып, ол Елбасының осыдан 10 және 20 жыл бұрын айтылған идеяларымен үндесіп жатыр. Себебі, біздің елдің алып келе жатқан саяси жолы, экономикалық бағдары, рухани құлшынысы бір желіден айныған емес. Сонымен қатар таяу жылдардағы міндеттердің ішінде латын әліпбиіне көшуіміз де жан-жақты талдап айтылған. Бұл – ғаламдық ақыл-ойға, ғылымға жақын, бәсекеге қабілетті болуға бастайтын үлкен қадам.

Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай-талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТУҒАН ЖЕР ТҮТАСТЫҒЫ МЕН ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Пермұхаметова Гулим Мейрхановна,
*Алматы облысы, Кербұлақ ауданы,
«Ақтиін» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі*

Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін киелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын

және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Білім беруді жаңғырту үрдісін мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастаған қажет, өйткені бұл кезеңде тұлғаның қалыптасу негізі қаланады. Қазақстандағы көптілді білім беру моделі, үш тілді – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қарқынды түрде меңгерту, әр білім алушының мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап, ел дамуының игілігі үшін бойындағы тұлғалық қабілеттерін толық ашуға бағытталған.

Бүгінгі күн бәсекелестілікпен жоғары технологияның, ғылым мен – білімнің заманы. Біздің балабақша педагогтар қауымы тәрбиелі де білімді жаңа инновациялық технологияны меңгерген, заман ағымына қарай білім беру саласында технологияларды өздерінің іс – әрекетінде, тәжірибелерінде кеңінен қолдануда.

Атап айтқанда:

- Ойын технологиясы;
- ӨТШТ технологиясы;
- Денсаулық сақтау технологиясы;
- Монтессори технологиясы;
- Зайцев технологиясы;
- М. Монтесорри технологиясы;
- Дьенеш әдістемесі;
- Глен Доман әдістемесі.

Балаларды отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында Тәуелсіздік мерекесіне арналған «Байтақ елім – Ұлы Қазақстаным», «Тәуелсіздік көптен күткен бақытым», «Тәуелсіз елім – Қазақстан», «Тәуелсіздік – Бақытым» тақырыптарында өткен мерекелік шараларымен бірге халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған адами асыл қасиеттерін ата салт пен ұлттық дәстүрлерімізді жас ұрпақтың бойына сіңіру жұмыстары да балабақшамызда үздіксіз жүргізіліп келеді. Әсіресе «Наурыз» мерекесіндегі «Жыл басы – Наурыз», «Тұсаукесер», «Ата-баба дәстүрі ұрпаққа өнеге», «Бесікке салу», «Ат қою рәсімдері», «Ұлттық киімдер көрмесі» балалар мен ата-аналардың да салт-дәстүрге деген қызығушылықтарын арттырды.

Балалардың туған еліне, жеріне, табиғаттына деген сүйіспеншілігін арттыру. Патриоттық сезімге баулу мақсатында “Тәуелсіздігім тұғырым” атты ертеңгілік өткіздім. Балабақша бүлдіршіндерінің арасында «Менің Отаным» атты көрме ұйымдастырдық. Көрменің мақсаты: Бүлдіршіндерді отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Халық ертегілеріне педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ мұның балаларға танымдық әсері жоғары. Қазақ халық ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттікке, еңбек сүйгіштікке, тазалыққа, достыққа, әдептілікке үйретеді. Жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелейді.

«Коммуникация» білім беру саласы бойынша Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет оқу қызметінде ізденіп журнал және құрал(лэпбук) арқылы өз ұйымдастырған оқу қызметтерін жаңдандарып өтуге тырысамын.

Отансүйгіштікке тәрбиелеуде қойылған міндеттерді шешу мақсатында топта заттық-дамытушы орта білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары ескеріліп құрылды. Балалардың туған жеріне, еліне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне деген білімдерін шығармашылық ойын және бейнелеу әрекеті барысында балалардың ортаға деген белсенді қарым-қатынасының көрінуіне жағдай жасалды.

Елбасымыздың мақаласында атап көрсетілгендей, қазіргі жастар өздеріне үлгі тұтар тұлғалардан өнеге ала білуі керек. Осыған орай бұл туралы «Ақтиін» балабашасында «Рухани жаңғыру» аясында көптеген ашық оқу қызметінде көрсетті Атап айтсақ, өз тобымда «Менің Отаным – Қазақстан» атты тақырыпта ашық оқу қызметін өткіздім.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады».

Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ. Мектеп жасына дейінгі кезең тілдерді үйренуге ең қолайлы кезең, өйткені осы жастағы балалардың зейін аударуы икемді, есте сақтауы мен логикалық ойлау қабілеті жоғары болады, сондықтан үш тілде оқытуды мектепке дейінгі ерте жастан бастау қажеттілігі туындады және тілдерді ары қарай үйренуде сөздердің лексикалық қорын құруға мүмкіндік береді.

«Тілдердің үштұғырлығының» өзектілігі практикалық маңыздылығымен де ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалар алған білімдерін мектепте оқыған кезде де қолдана алады. Мектепке алғашқы барған кезде балалар үшін ең бастысы – екінші тілді әрі қарай үйренуге деген қызығушылықтарының қалыптасуы, белгілі білім көлемінің жинақталуы тиіс, бұл балаларға бастауыш мектепте тілдердің үштұғырлығы бағдарламасын жеңіл меңгеруге мүмкіндік береді. «Рухани жаңғыру» «Туған жер» бағдарламасының аясы бойынша біздің «Ақтиін» бөбекжай-балабақшамызда өзара жүргізіліп жатқан жұмыстарымыз «Латын» әліпбиін қазірден бастап үйренуді қолға алдық.

Қазіргі педагог қоғамдағы тез өзгеріп тұратын педагогикалық ғылыми өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жеке

шығармашылық кәсіби түрде тәрбиеленуші балалармен тез ортақ тіл таба алатын, педагогикалық үрдісте жүйелі бағыттармен жұмыс істей алатын болу керек

Осыған байланысты біздің бөбекжайдың әдістемелік мәселесі – жана ақпараттық, педагогикалық технологияларды пайдалану негізінде оқу-тәрбиесі жұмысында осы бағыттың қолданылуын сапалы білім беру бойынша жұмыстар жүргізуді бөбекжайдың стратегиялық даму бағыты бойынша жалғастырып келеді. Яғни, бөбекжайдағы жылдық міндеттердің бірі-жана инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың тіл тұғырлығын дамытуын жалғастыру. Күтілетін нәтижесінде көпұлтты тұлға қалыптасады, балалардың коммуникативті – тілдік құзыреттілік дағдылары дамиды. Оны айқындауда ең алдымен ата-аналар қауымымен «Балабақшада балаларға үш тілде сөйлеуге үйрету жайында сіздің көзқарасыңыз?» сауалнама жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде ата-аналар қауымы үш тілді үйрету жұмысы осы балабақша табалдырығында бастау алғанын құптап, жұмысты жетілдіруге шығармашылық табыс тіледі. Сондай-ақ, бала дамуының құзіреттілігіне үнемі бақылау, яғни бала білімінің құзіреттілігіне диагностика жасау сияқты бірқатар жұмыстар жүргізіліп отырады.

Біз, білім беру азаматтың ортақ мүддесіне арналған дәуірде өмір сүрудеміз. Бір жерде жаңалық ашылса, басқа жерде оны тез үйреніп үлгеруде. Біздің міндетіміз барлық жаңалықтар мен дамуларды назарға ала отырып, одан да жақсысын, тиімдісін ұсыну. Барлық салада даму өте жедел жүзеге асуда. Ал дамудың негізі – балабақшадан басталуы тиіс.

КІТАП ОҚУ МЕН КІТАПХАНАНЫҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Садиекова Гүлнара Алдибековна,
«ӨРЛЕУ» «БАҰО» АҚ филиалы
«Алматы облысы бойынша педагог
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»,
Кітапхана бөлімінің басшысы

*Мен кітапханаларды ақыл білім,
адамгершілік, парасат, иман ордасы деп білемін,
ал кітапханашыларды сол ешқашан
жоғалмауға тиісті ең асыл құндылықтың
ең жан кешті сақшылары ретінде санаймын*

Ә. Кекілбаев

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы таяу жылдарға ауқымды міндеттер қойып берді. Шын мәнінде, көз ілеспес шапшандықпен дамып, жедел өзгеріп отырған мына

дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңісті болып қалған таптаурын қағидалардан арылып, рухани жағынан серпілуіміз, жаңғыруымыз қажет деді. Бұл арада рухани жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодымызды сақтау екенін әрдайым есте ұстап, әлемдік өзгерістерге сай жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырғанымыз абзал. Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру деген сөз.

Елбасымыз жыл сайынғы Жолдауында жастарға кітап оқудың маңызы мен қажеттілігіне тоқталып өтеді. «Кітап – ең сабырлы ұстаз, тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның ара жігін айнытпай танып білуге үйретеді», - деген болатын.

Жаңғырудың жаңа бағдары экономикалық-әлеуметтік жағдайымызды арттыруға және рухани жаңғырудың жаңа белесіне көтерілуге бағыттайтын тың саяси-экономикалық әрі рухани-мәдени бағдар деп білеміз.

Кітап-рухани жаңғыру құралы болғандықтан, кітапхана оқырмандардың білім біліктілігіне өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Алайда ақпараттық технологиялардың қарыштап дамыған кезінде оқырмандардың кітапханаға келу ықыластарын бұрынғымен салыстыруға келмейді. Кітапхана орнын интернет, ал кітапты компьютер алмастырып отыр. Қазіргі жағдайда керек ақпарат табу үшін, аудио, видео, интернет секілді жеңіл жолдар табылып тұрғанда оқырмандардың кітап оқуға деген ынтасы азайып барады.

Ежелден кітапхананың қоғамдағы маңызы мен атқаратын рөлі жоғары екені белгілі. Тіпті, ұлы шайқастардың өзінде білім қазынасы жиналған ошақты жауынгерлерден сақтап қалуға тырысқан. Оған дәлел ретінде сан жүз жылдар бойы әлемдегі ең бай кітапхана болып келген Отырар кітапханасын келтіруге болады. Шыңғыс ханның 150 мың әскеріне 5 ай бойы қарсы шайқасқан Отырар халқы көптеген кітаптарды үңгірге тыққандары тарихтан белгілі. Бұл дегеніміз, ата-бабаларымыздың өз өмірлеріне қауіп төніп тұрғанына қарамастан кітаптарды аман алып қалуға тырысқандары үлкен мақтаныш екенін естен шығармауға тиіспіз.

Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында адами капиталдың жаңғыруы кітапхана ісімен тікелей байланысты екендігіне келіп тіреледі.

Кітапхананың басты мақсаты – сапалы адами капиталды арттыруға ықпал ету, оқырмандардың білім біліктілігін арттыруға үлес қосу. Ал басты міндеттерінің бірі оқырмандардың кітап оқуға құштарлығын арттыру арқылы ұлттық рухымызды, төлтума мәдениетімізді сақтап, дәріптеу.

Рухани байлықтың адамзатқа берері мол, қайтарымы шексіз. Сондықтан кітапхананың бұдан былай да маңызы артып, беделі де биіктей түседі деп ойлаймыз. Қазіргі уақытта қоғамдық қатынастар, оқырмандардың санасы, менталитеті айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Рухани құндылықтар басқаша формаға ауысып, насихаттау жұмыстарына өзгерістер еніп жатыр. Білімнің қайнар бұлағы, сарқылмас қазына және рухани байлықты, жалпы ой-өрісті дамытудағы талап талғамды қалыптастырудағы ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап.

Кітап адамзаттың баға жетпес рухани құндылығы, кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес екендігін, тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін де кітапханадан табатынымызды әр кез оқырмандардың есіне салып отырамыз.

Институт жоспарына сәйкес кітапхананың белсенділік рөлін арттыру, оқырмандардың кітап оқуын ынталандыру мақсатында «Кітапхананың кітап оқуды ынталандырудағы іс-шаралары» атты тақырыпта семинар, «Кітап әлемі», «Кітаптар сыры» тақырыптарында тренинг, коучингтер, «Оқуда шек жоқ» атты тақырыпта көрнекті безендіріліген баяндама-слайдтар, «Бір ел – бір кітап» акциясы библиокеруені жоспарланып, өткізілуде.

Жақсы кітаптың жанға рухани азық болар қасиетін сезіну, материалдарды шығармашылық жұмыстарында пайдалану мақсатында оқырмандарды 100 кітапты оқуға тарту іс-шарасы қолға алынып, кітап оқуды қызықтырудағы инновациялық іс-тәжірибелерді, кітап көрмелерін слайд беттері арқылы жариялап отырамыз.

Мұндай іс-шараға институт қызметкерлерімен қатар, облыстың курс тыңдаушылары да қатыстып отырады. Нәтижесінде жылдан жылға кітапхана оқырмандары саны артып келеді. Мысалы, алдыңғы жылдармен салыстырғанда соңғы 2 жылда екі есе оқырман саны көбейді. Оқырмандардың сұраныстарына сай біртұтас интернеттік кітапханалық жүйені қалыптастыру, интернет ресурстары жұмыстарын кеңейтудің негіздерін үйрету, кітапханалық үдерісте интернет ресурстарымен кеңейту мүмкіндіктерін ашу, электрондық каталогтің тиімділігін арттыру, интернетті пайдалану арқылы тиімді, сапалы қызмет көрсету, тапсырыс бойынша сайттар мен анықтамаларды, тақырыптарды іріктеу, мүдделі тақырыпта жедел ақпарат таба алу қызметтері қолға алына бастады. Десек те, біздің тарапымыздан басшылыққа электрондық оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, көпшілікке арналған әдеби-мәдени, техникалық, т.б. саладағы кітаптар қорының аздығы, электрондық кітапхананың жоқтығы, мультимедиялық кабинеттің жоқтығы туралы ұсыныстар жасалып келеді.

Адам ресурстарының ұтқырлығы білім және ғылымдағы өзгерістердің алдыңғы қатарында болуы тиіс десек, жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT- технологиялардың қарқынды дамуын жүзеге асыру үшін кітапхана ісінде онлайн қызмет көрсету мен электронды басылымдарға басымдық беруді, кітапхананың материалдық-техникалық базасын жақсартуды, интернеттік кітапханалық жүйені қалыптастыруды, кітап қорын толықтырып отыруды қолға алу алдыңғы қатарда болуы тиіс.

Әлемнің жетекші экономикалары жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен ғана гүлденуге қол жеткізуде. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаты ықпал етеді.

Сондықтан адами капитал сапасын нығайту және ұлттық рухани, интеллектуалды серпілісінің қажетті құралы ретінде кітапхана оқырмандарын оқуға тартуға, олардың заманауи білім алуына барлық мүмкіндіктерді жасауға тиіспіз. Оқырмандардың ақпараттық сұранысын орындауда таптырмайтын ақпарат орталығы, оқырманның көбеуіне жол ашады.

Алайда институт кітапханасының оңтайлы жұмыс істеуіне қолғабыс ету жағы бүгінгі күні төмен. Қаржының жеткіліксіз бөлінуіне байланысты, кітапхана жұмысының тиімді нәтижесіне ықпал етуге қажет компьютерлермен жабдықталмаған. Кітапхананың мерзімді баспасөзге жазылуға және кітап қорын жинақтауға қаржыны жеткіліксіз бөледі. Сондықтан кітапхананың даму дәрежесі де бірдей емес, әсіресе жаңа ақпараттық технологияларды өндіріске ендіру бөлігі бойынша.

Уақыт талабына сай жаңаша қызмет көрсетуді игеру мен оны өндіріске ендіру кітапхананың қазіргі уақыттағы күрделі мәселесі деп ойлаймыз. Адамның ойын байытып, сауатын жоғарылатып, білім нәрімен сусындатар ортасы – кітапхана екенін естен шығармауға тиіспіз.

ЖАҢАША ОҚЫТУҒА - ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Туркеева Дина Аккалиевна,
*Алматы облысы, Жамбыл ауданы,
Қазбек бек ауылындағы орта мектебі
бастауыш сынып мұғалімі*

Әлемде көз ілеспес жылдамдықпен, бүкіл ғаламды шарпып келе жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті барынша күшейте түсуде. ХХІ ғасырда экономиканың дамуы үшін ең негізгі фактор мемлекеттің қазба байлығының мөлшері, мемлекеттің географиялық ыңғайлы орналасуы және т.б. мәселелер емес, экономиканың алға басуының негізі – адам, оның денсаулығы, білімі, кәсіптік деңгейі, икемділігі...

Елбасымыздың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында білім беру саласына байланысты нақты тапсырмалар берді. Жолдауда білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру – біздің міндетіміз болса, жас жеткіншектерге арналған оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттігі нақты атап көрсетілді. Заманның талабы – мектептегі оқыту үдерісінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жаңа мүмкіндіктерді табу, жаңалықтар енгізу, білім беру сапасын арттыру. Сондықтан білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енудің батыл қадамдары жасалынуда. Бұл педагогика

теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы /үлгісі/ өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап, зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді.

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен құрастырудың тұлғаны дамытатындығы дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім (репродуктивтік) тек есте сақтау дәрежесінде болса, құрастырылған (конструктивтік немесе сындарлы) білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау секілді әрекеттерді талап етеді. Қайталау емес, өздігінен білім құрастыру қажет бұл күнде. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берілген білім күткен нәтижені бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Сондықтан мен өз тәжірибемде белсеенді оқыту әдістерін қолданамын. Белсенді оқыту әдістері – бұл әдіс-тәсілдер жүйесі, оқу материалын меңгеру үдерісінде оқушының практикалық іс-әрекеті мен ойлау/танымдық қызметінің түрлілігі мен белсенділігін қамтамасыз ететін әдістер. Белсенді оқыту әдістері практикалық бағытта, ойын әрекетінде, оқытудың шығармашылық түрі, интерактивті, коммуникациялық дағдыларды диалог, полилог, оқушылардың тәжірибесі мен білімін қолдануына, топтық жұмыс ұйымдастыру, оқу үдерісінде барлық сезім мүшелерінің қатысуы, оқытудың іс-әрекеттік ұстанымы, қозғалыс және рефлексияны қамтиды.

Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері:

- Ойлау әрекетін белсендіру мақсатына бағытталған, оқушы өз еркінен тыс белсенділік көрсетуге мәжбүр болады.
- Оқушыларды оқу үдерісіне жеткілікті ұзақ уақыт қатыстыру, белсенділігі қысқа уақытқа ғана немесе бір эпизодта ғана көрініс таппай, белгілі дәрежеде тұрақты және ұзақ болуы тиіс
- Өз бетінше шығармашылық шешім табуы, жоғары қызығушылық деңгей мен көңіл-күйінің көтеріңкі болуы

- Оқу әрекетінің субъектілері (оқушы және мұғалім) арасындағы өзараәрекеттестік, кері байланыс, мәселені шешу жолын еркін талқылау және пікірталас

Бастауыш сыныптарда белсенді оқытуда сын тұрғысынан ойлау стратегияларының «Топтастыру», «Болжау», «Венн диаграммасы», «Т кестесі», «Ақылдың алты қалпағы», «Постер құру», «Ыстық орындық», «Автор орындығы», «Қара жәшік», «Блум түймедағы» тәсілдерін тиімді пайдаланамын. «Сәйкестендіру», «Ретін анықта», «Семантикалық карта», «Иә/жоқ» сияқты тест жұмыстары және постер тапсырмасын бергенін өзінде «Галлерей», «Елші» әдістері оқушының ойын жинақтауға әсер етеді. Бұл стратегияларды барлық сабақтарда қолдану оқушылардың белсенділіктерін арттырып, алған білімдерін еске түсіру және сын тұрғысынан ойлау дағдыларының дамуына ықпал етеді. «Қос шеңбер», «Терминдер кестесі», «Атаулар туралы 3 сұрақ», «Серпілген сауал», «Судан шыққан хат», «Теннис», «Конверттегі сұрақ», «Бірге ойлаймыз», «6 неге», «Қарлы кесек», «Шынжырдағы үзбелер», «Білім биржасы», «Өрмекшінің торы», «Білім биржасы», «Бағытталған оқу», стратегияларын қолдану барысында оқушылар топтық жұмыстар арқылы сыни тұрғыда ойлауға төселеді. Бір-бірімен біліммен және түсінігімен бөлісе отырып, бірлесіп белсенді жұмыс істейді.

Оқыту үшін бағалау мен оқу үшін бағалау модулі оқушының білім алуға деген ынтасының артуына көп мүмкіндік берді. Саналы түрде оқуға жетеледі. Баланы «нашар баға алдың» деп қорқытқаннан гөрі оқытудың түрлі белсенді әдіс-тәсілдерін (топпен жұмыс, жұппен жұмыс, жеке жұмыс) тиімді, оңтайлы пайдалану арқылы бағалауды жүзеге асыру тиімді. Сабақ үрдісінде қалыптастырушы бағалау оқушының өз мүмкіндігін анықтауға, әділ бағалауға үйретеді. Бұл арада ең тиімді тәсіл «Тир» арқылы бағалау болды. Себебі оқушы ойнай отырып өз жұмысын бағалайды. Ал «Бағдаршам», «Бас бармақ» арқылы топ аралық бағалау мен жұптарын бағалауда сәтті қолданылады. Топ басшысының бағалау парақтары арқылы бағалауы тиімді болды. Кері байланыс оқушылардың ойын жинақтап, іс-әрекетіне бағалауға мүмкіндік беріп отыр. «Аяқталмаған сұрақтар», «Көңіл-күй маятнігі», «Блоб ағашы», «Кемпірқосақ», «Рефлексиялық нысана» техникасы, «Арал», «Қосу, алу, қызықты», «Рахмет...», «Бүйір журналы», «SMS», «Табыс баспалдағы» стратегиялары арқылы оқушы ойын жинақтап, өзінің білімінің қай деңгейде екенін анықтауға, жұмыс барысында кімдерден көмек алғанын не кімдерге көмек бергенін анықтаулары, диалогтік қарым-қатынасқа түсулерінің нәтижесін бағалаулары болып табылып отыр. Бұл өте тиімді деген пікірдемін.

Шульман айтқандай, мұғалімнің үш көмекшісі бас, қол, жүрек демекші, егер де шын ниетімен мұғалім оқушыны марапаттап, қолдап жатса, бала бәрін де сезеді. Ол да сізге солай қарым – қатынас жасайды екен. Қандай ұстаз болса да оның бастапқы мақсаты алдындағы оқушыны алға жетелеу, ал бағдарлама бізге дайын жол салып беріп отыр. Біз енді сол жолмен жүрсек, сыни тұрғыдан ойлап, алған білімін өмірінде де пайдалана алатын оқушы тәрбиелейтініміз анық.

Менің ойымша, оқытудағы басты назар оқушыға білімді түсіндіру арқылы беруге емес, оның өзінің жаңа тақырыпты игеруіне әдістемелік қолдау көрсетуге аударылуы тиіс. Бұл міндеттер педагогтерде қалыптасқан ойлау мен іс-әрекеттік дағдыларын, оқытудың қалыптасқан әдістерін өзгертуді талап етеді. Сондықтан педагогтер қатарында инновациялық-коммуникациялық, әдістемелік-ақпараттық проблемаларды шеше алатын, оқушымен бірлесіп әрекет етудің жаңаша үлгілерін жасай алатын адамдар болуы – бүгінгі басты сұраныстардың бірі. Сонда ғана мұғалімдер білім стандарттарын меңгертудің тиімді жолдарын жақсы игеріп, оқушылардың оқудағы жетістіктері объективті бағаланады және шын мәніндегі білім сапасына қол жеткізеді дей аламыз. Қазақстанның болашағы жасөспірім, жас ұрпақтар біз оларға болашақта үлкен сенім артамыз. Олардың сол сенімді орындауы үшін біз оларға үлкен жол көрсетуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана, 2014 ж.
2. «Бірінші сыныпта оқу үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсыныстар» Астана, 2016 ж.
3. «Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық» Астана, 2016 ж.
4. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару» Алматы, 2014 ж.

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ПАНОРАМАСЫ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АЛАҢЫ

Хамитова Елена Рахмановна,

*«Біз әуелі елді түзетуді бала
оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек»
Ахмет Байтұрсынұлы*

Бүгінгі күні мектепке дейінгі білім беру жүйесі елдің көшімен бірге үздіксіз дамып, бәйтеректей жайқалып халыққа өз қызметін ұсынып отырғанын мақтанышпен айта аламыз. Сонау тоқсаныншы жылдары елімізде қаншама балабақшалар жабылып, осы кәсіппен айналысып жүрген әріптестеріміздің жұмыс орындары қысқарып, балабақша ғимараттары басқа мақсаттарға пайдалануға берілді. Сол кезде балаларымыз күні бойы отбасында тәрбиеленуге немесе түрлі жағдайларда мектепке дайындықсыз баруға, ал халық үшін еңбек етіп өз отбасын асырап, отырған мамандарымыз қызметінен айырылып, басқа салаларда жұмыс істеуге мәжбүр болды.

Ал қазірде балабақшалар бой көтеріп мектепке дейінгі білім беру жүйесі қарыштап дамуда. Көптеген ұғым-түсініктер де, көзқарастар да өзгеруде, ескі нәрселер жаңаруда.

Зымыран уақыттың желісінде еліміз тар жол, тайғақ кешулерден өте отырып, көптеген толағай табыстар мен жемісті жетістіктерге қол жеткізді. Бүгінде қабырғамызды қатайтып, қорғанысымызды бекітіп, мығымдап, айдай әлемге өзіміздің айбынды кескін-келбетімізді танытып, Мәңгілік ел болуға қарышты қадам жасадық. Әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу деген асыл да биік арманның арғымағына мініп, алысқа, көз жетпес қиянға қырандай қанат қағып, осы жолда рухани түлеп, жаңғыруға, жаңаруға бет алдық. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек.

Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы мен кемелді келешегінің қамын ойлаған Елбасы ұлтқа арналған маңызды құжат, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын жариялады. Аталмыш мақалада Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу» деп баяндады.

Елбасының жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жобасы елім, жерім деген әрбір қазақстандықтың ойланатын ісі деп білемін. «Мен өткен өмірімде Қазақстанға, туған жеріме қандай игі іс істедім», - деп өзінің істеген ісіне баға беретін кез келді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласының жариялануы мектепке дейінгі білім беру саласы мазмұнының одан әрі қарыштап дамуына тың серпін берді. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Ендеше, «Ел боламын десек, бесігінді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбиені» балабақшалардан бастап қолға алғанымыз жөн. Балабақшаларда қазақ тілін «1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына сәйкес екінші кіші, ортаңғы топтарда 0,5 сағат көлемінде жүргізілуде. Осы берілген уақыт аз деп ойлаймын. Себебі бала бірінші аптада білгенің үшінші аптаға келгенде ұмытып жататындығы практикадан көрінеді. Ана тілін қадірлемеген халықтың болашағы жоқ, себебі ана тілінсіз ұлт мәдениеті, ұлт әдебиеті жоқ. Сол себепті тіл үйренуге берілетін уақыт 1 сағат болғаны дұрыс деп ойлаймын. Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі баланың парасатты және рухани қалыптасуына ықпал ететін жұмыс келесі бағытта жүргізілуде:

- Қазақ балалар ауыз әдебиетімен таныстыру;
- Қазақтың ұлттық ойындарын ойнату;
- Ұлттық өнерімен таныстыру.

Ұлттық тәрбие жүргізуде болашақта арнайы оқу қызметі еңгізілсе, ұлттық тәрбие беруге арнай әдістемеліктер шығарып педагогтармен жұмысты жүргізу

бойынша оқыту жұмыстар жүргізілсе деген ұсыныс жасар едім. Арнайы уақыт бөлініп жүйелі түрде оқытылған кезде ғана нәтижесі жақсы болады деп ойлаймын.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғам үшін, әрбір қазақстандық үшін жаңғырудың бірнеше жолдарына баса мән беріп, соның ішінде бәсекеге қабілеттілікке айрықша тоқталған болатын. Біз мұны қалай түсінеміз? Әуелі, бұл – алға қойылған мақсаттарға жету жолында өз мүмкіндіктерің пайдалана отырып, өзгелерден озып шығу қабілеті.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен жоғары қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ өсіру – басты міндет. Жаңартылған мазмұндағы білім беру мәселесі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында да қолға алынып жатыр. Жеке тұлғаны адам етіп қалыптастыру үшін қыруар уақыт пен үлкен жауапкершілік керек. Тәрбиешіге қойылатын талаптар оқу тәрбие жұмысының табиғатына қарай күнделікті жаңарып, жаңа сипатқа ие. Мұның өзі қоғамның үздіксіз дамуының белгісі. Тәрбиешілердің қосатын үлесі – жас ұрпаққа жаңа қоғам мүшесі болатындай білім мен тәрбие беру. Бүгінгі білім беру саласында білім мазмұнын жаңарту, үш тұғырлы тіл, оларды игерудің, оқу үрдісінде қолданудың ұтымды тұстары мен әдістерінің берер жемісі мол. Бәсекеге қабілетті маман болу үшін – ең озық жетістіктерді бойға сіңіру, шет тілдерін білу, компьютерлік сауаттылық алға басуға сөзсіз қажет. Балабақшаларда шет тілдерін «1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына сәйкес тек ересектер тобында 1 сағат көлемінде жүргізілуде. Көптілді білім беру – бүгінгі заманның басты талабы. АҚШ-тың тілшісі Э. Пулгрэмнің айтуынша, егер баланы орыс, шет тіліне 4-5 жастан оқытса, осыған тез үйреніп кетеді. Осыған қосып айтарым балабақшаларда ата-аналар ағылшын тілін ертерек үйретсе деген ұсыныстар беріп жатады және менің ойымша аптасына бір сағат деп қойылса жұмыс нәтижелі болар еді. Балабақша тәрбиешілерін жаңа технологияларды меңгеруде жағдай жасалған, оқыту жұмыстары жүргізілуде. Дегенменде материалдық жағдайға байланысты кейбір балабақшаларда толығымен компьютермен жұмыс жасау мүмкіншілігі жоқ, интерактивті тақталармен қамтамасыз етілмеген. Сол себепті балабақша педагогтері түрлі бағдарламаларымен, атап айтсақ флипчарт бағдарламасымен жұмыс жасауды білмеді. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» дей келе, Елбасымыз бәсекеге қабілеттіліктің маңызына ерекше көңіл бөлген. Демек осы салада әліде көптеген жұмыс атқару қажеттілігі туындап тұр.

«Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз»

делінген. Сол себепті болашақта әдістемеліктер шығару барысында балаларға білім беруде осы түсінік сөзі ескерілсе.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерін қозғайды. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Балабақша педагогтері ата-аналардың сауаттылықтарын жетілдіру мақсатында осы салада көптеген жұмыс атқару қажет. Дөңгелек үстел өткізу, жеке және топтық кеңестер, көрнекі-ақпараттар беру, сайыс, көрмелер ұйымдастыру.

«Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» делінген. Кәзіргі таңда балабақша педагогтеріне жұмыс жүргізуде көптеген керекті әдебиеттер қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» делінген. Мектепке дейінгі мекеме педагогтер қауымы жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, еліміздің экономикасының дамуына, озық отыз елдің қатарынан көрінуге өз үлестерін қосатындарына сенімдімін.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. XX ғасыр қасіреттерін қаперімізге сақтап, одан сабақ алу және де дүрбелең туғызу экономикалық күйреуге алып келетінін қазіргі кезде болып жатқан әлемдік толқыныстарды мысалға келтірді. Ревалюциялық өзгеріс емес, эволюциялық жаңару алып келуіміз керек екеніне ой қорытты.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарын сипаттап берді. Қоғамдық сананы жаңғырту жөніндегі Мемлекет басшысының идеясы бүгінгі таңда өте қажетті және орынды идея. сананың ашықтығы, аума-төкпе заманда қоғамның және әрбір адамның өзгеріске дайын болуы.

Осы рухани жаңғырту жолында өсіп келе жатқан ұрпаққа ұлттық сана – сезімдерін ояту, бүлдіршін балалармен жұмысты ұйымдастыру, бүгінгі жаңару талабына сай білім беруді өз міндетім деп білемін. Тәрбиеші жұмысы – оңай жұмыс емес. Бірақ абыройлы, сыйлы. «Ел есінде бір жыл қалғың келсе – ас бер, он жыл қалғың келсе – ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғаң келсе – бала тәрбиеле» дейді дана халқымыз. Халқымыздың рухани құндылықтарын, салт-дәстүрлерімізді, тілімізді, дінімізді, мәдениетімізді жас буынға дәріптеп, оны ұрпақтан ұрпаққа айтып жеткізсек, болашақ балаларды ұлтжанды етіп тәрбиелейтініміз сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының басым бағыттары «ӨРЛЕУ» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында» талқыланып, диалогтік алаңда төменде көрсетілген педагогикалық идеялар мен практикалық ұсынымдар ұсынылды:

- «Үлкен ел – үлкен отбасы» жалпыұлттық жобасы шеңберінде «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» жобасына сәйкес, оқушылардың зерттеу және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған «Ұрпақ» мәдени-ағартушылық жобасын жүзеге асыру бойынша жұмысты жандандыру, ұжымдық және жеке тақырыптық зерттеулер мен ұлттық тарих, археология, этнография және мәдениет саласындағы шығармашылық жобаларға қатысуын жүзеге асыру.
- Балалар мен жастар қозғалысының тиімділігі мен жүйелі дамуын жүзеге асыру үшін виртуалды ресурстарға көңіл бөлу, яғни «Мен ... кәсіпті таңдап аламын», «Халықтық қолөнер – ата-бабалар мұрасы», «Отанымның айбыны», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Достық сабағы», «Ұрпаққа ұран болған Ұлы ерлік», «Патриот және азамат», «Сіздерге алғысымыз шексіз, ардагерлер!», «Отанын тану – өзінді тәрбиелеу» және т.б.
- «Рухани жаңғыру – мектеп оқушыларының ғылыми ізденістерін ұлттық құндылықтар аясында әлеуметтендірудің негізі» тақырыбында 2018-2020 жж. аралығында жүргізілетін ғылыми-әдістемелік эксперимент жұмысын жүргізу.
- Оқушылардың патриоттық сезімдерін дамыту үшін мектептерде ғылыми және этнопедагогикалық жобалар шеңберінде түрлі байқаулар, сурет көрмелерін ұйымдастыру, жергілікті жердегі танымал тұлғаларды, тарихты насихаттау үшін «Туған жердің тарихы» атты көрме жұмысын өткізу.
- Оқушылармен бірлесе қазақ зиялыларының, Қазақстан мен облыстың ұлы тұлғаларының өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.
- Елімізде тұратын қазақ және басқа да халықтардың ұлттық салт-дәстүрлерін кеңінен тарату мақсатында жобалар, олимпиадалар, байқаулар, этно-педагогикалық оқулар ұйымдастыру.
- «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасы аясындағы түрлі іс-шараларды жүзеге асыруда аталған ғылыми эксперименттің негізінде «Саяхат» атты өлкетану клубын ашу, жас ұрпақ өкілдерін туған аймағының археологиялық ескерткіштерімен, тарихтан қалған жәдігерлерімен таныстыру мақсатында тарихи, өлкетану, жауынгерлік даңқ, археологиялық, этнографиялық т.б. мұражайларға, қорық-мұражайларға т.б. апару.
- Қоғамдағы білім беру үдерісіне және әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тәжірибесіне әсер ететін процестер мен құбылыстардың өзгерістерін зерттеу және кешенді талдау.
- Оқу-тәрбиелеу іс-шараларын ұйымдастыру үдерісінде, мектеп оқушыларын оқытудың жаңа тәсілдерін іздестіру, оның ішінде педагогикалық, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын кіріктіру. Оқушыларды өз

елінің, өз халқының тарихымен, мәдени мұрасын зерттеумен таныстыру жұмыстарын жалғастыру.

- Педагогтар жүргізетін барлық жұмыстар көшбасшылық қасиеттері дамыған, жауапкершілік сезімге ие, тәуелсіз шешім қабылдауға, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық өзара іс-қимыл жасауға қабілетті, білімді тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы керек.

- «Туған жер» бағдарламасын іске асыру барысында сабақты мұражайларда, мәдени ұйымдарда өткізу барысында жұмыстар жүргізу, Алматы қаласында орталық Елбасы мұражайын аралау.

- Оқырмандардың кітап оқуға құштарлығын арттыру арқылы кітапхана жұмысын дәріптеу. Осы мақсатта кітап оқуды ынталандыруға бағытталған іс-шаралар, атап айтсақ, семинар, тренинг, коучингтер, «Библиокеруен» акциясын өткізу.

- Кітап оқуға ынталандыратын инновациялық іс-тәжірибелерді, кітап көрмелерін слайд беттері арқылы жариялау.

- Оқырмандардың сұраныстарына сай біртұтас интернеттік кітапханалық жүйені қалыптастыру, кітапханалық үдерісте интернет ресурстарымен кеңейту мүмкіндіктерін ашу, мүдделі тақырыпта жедел ақпарат таба алу қызметтерін оңтайландыру, оңлайн қызмет көрсету мен электронды басылымдарға басымдық беру, кітап қорын толықтырып отыруды қолға алу.

- «Туған жер» бағдарламасына сәйкес, әрбір мектеп бітірушісі қоршаған ортаны жақсарту, жердің ландшафтын байыту үшін «Түлектер аллеясына» өз ағашын отырғызу керек.

- Оқушыларға Тәуелсіздігіміздің тарихын дәріптеу мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

- «Туған жер» атауымен жеке пән енгізу және бағалау балдық жүйемен іске асыру.

- Мектепте «Туған өлкені қорғаушылар» клубын құрып, ауыл-аймақтағы азаматтармен кездесіп, ауылды абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу.

- «Жаныңда жүр жақсы адам» аясында танылмаған жергілікті ақындарды таныту үшін «Жергілікті ақындар оқулары» байқауын ұйымдастыру.

- Мектепке дейінгі ұйымдарда «Ұлттық тәрбие» деген арнайы оқу қызметі енгізіліп, ұлттық тәрбие беруге қатысты арнайы әдістемелік оқулықтар жазылып, педагогтарды осы бағытта оқыту жұмыстарын жүргізу.

- Балабақшаларда мемлекеттік тіл – қазақ тілін оқытуға берілетін ортаңғы және екінші кіші топтардағы 30 мин. уақытты 1 сағ. дейін ұзарту.

- Қазақстандағы мұражайларды виртуалды мұражай ретінде ұсынып, мектеп оқушыларына қолжетімді ету.

**«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ ФИЛИАЛЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ**

Алғы сөз

Галимжанова Маржан Анесқызы

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Атырау облысы бойынша педагогикалық

қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының

директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында жетінші басымдық адами капитал сапасын жаңғырту бағытына ерекше көңіл бөлуі куантады. Оның ішінде, білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту басты назарға алынған.

Заман талабына сай IT білімді және қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға көңіл бөлініп, қазіргі кезде қала мен ауыл мектептерінің арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту бағытында көптеген істер атқарылуда.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар — ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына сай даярлаудың қамы. Аталған бағдарламалардың ішінде «Үш тілде білім беру» жүйесі іске асуда. Жалпы білім беретін мектеп, жоғары оқу орындарында үш тілде білім беру, көп тілді меңгеру жан-жақты талқылануда. «Қанша тіл білсең, сонша адамсың» деп айтқандай, тілмен қатар сандық қазақстанды қалыптастыру, дамыған технологияны меңгеру, мәдени қарым-қатынас орнату еліміздің қазір және болашақта тұғырлы болуының кепілі. Осыған байланысты облыстың білім саласында еліміздің білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерге сәйкес бастауыш, негізгі білімнің жаңартылған мазмұнға көшуіне, әлемдік білім берудің озық тәжірибесіне, адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу қағидаларына басты басымдық берілуде.

Білім беру саласындағы оң жаңалықтарды жүзеге асыруда облыс ұстаздарының рухани жанару арқылы кәсіби біліктілікпен және тың бастамалармен жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, көздеген мақсаттарға қол жеткізетініне сенімдімін.

Ұстаздық еңбектеріңізге толағай шығармашылық табыстар тілеймін!

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САПАСЫ – ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Дүйсекенова Злиха Қадырбайқызы

*Атырау облыстық білім беру
басқармасы басшысының орынбасары*

Жаңа жыл күнпарағының алғашқы беті ашылғаннан сәтінен Қазақстан қоғамының әдетке айналған асыға күтетіні – Елбасының кезекті Жолдауы десек артық айтқандық болмас. Себебі, Жолдаумен бірге елге жаңа серпін, жаңа бағыт келеді.

Биылғы ерекшелік - Елбасы бір күн бұрын өз халқына Мәлімдеме жасап, ертесіне толық нұсқада жарияланатын Жолдаудың қысқаша мазмұнын алдын-ала баян етуі болды.

Толық мәтін жарияланбастан бұрын тікелей эфирдегі Президент сөзінен халық өзіне көрсетіліп отырылған сенім мен үмітті айқын сезінді. Ұлы жобаларды жүзеге асыруға дайындалды.

Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында «алдыңғы қатарлы дамыған 30 елдің қатарына сенімді түрде кіруді қамтамасыз етеді» деген «10 міндет» көрсетілген.

Он міндеттен тұратын құжатта барлық сала қамтылған. Соның ішінде білім беру саласына тоқталсақ, жаңа сапаға көшуді жеделдету, білім беру саласын дамыту Жолдауда жетінші міндетпен берілген.

Педагог мамандығының мәртебесін арттыруды көздеген Жолдау ұстаздар қауымына келелі міндеттер жүгін артады. Ұстаз – білім беру сапасын арттыру саясатын жүзеге асырушы, мемлекетіміздің өркениетті даму саясатының насихатшысы. Бір сөзбен айтсақ, мұғалім – мемлекет өкілі.

Елбасы Жолдауындағы басым бағыттарды жүзеге асыруда Атырау облысы педагогтарының мүмкіндігі ерекше. Соның ішінде Жолдауда көрсетілгендей білім мен ғылымға жақын, еңбекқор, жұмысына жауапты азаматтарға төртінші өнеркәсіптік революция үлкен мүмкіндік береді.

2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының біріне айналды.

Мектепке дейінгі білім беру ісінде балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандарты бірнеше рет өзгерістерге ұшырады. Соған сәйкес білім беру бағдарламалары да жаңарып отырады. Мұндай өзгерістер балаларды мектептегі оқытуға дайындауға байланысты болады. Бүгінгі күні еліміздің білім саласындағы болып жатқан барлық өзгерістердің, жаңалықтардың бастауы-мектепке дейінгі ұйымда. Яғни, үштілділік, пәндерді кіріктіріп оқыту, ақпараттық технологияларды қолдану, жаңа инновациялық әдіс-тәсілдер,

жобалау қызметі, т.т. мектепке дейінгі ұйымдардың оқыту бағдарламасына енгізілген.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға салмақ салмай, тәрбиелік, дамытушылық, білімдік мақсаттар мен міндеттердің бірлігі қамтамасыз етілуі тиіс болса, бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептерде жүргізіліп жатқан жаңа оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің апробациялары бірыңғай Стандартты жасауға негіз болады деп ойлаймын.

Жаңартылған білім мазмұнын енгізу.

2017 жылы Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттік рейтингісінде орта біліммен қамту деңгейі бойынша әлемнің 20 жетекші елінің қатарына қосылды.

Елімізде жаңартылған білім мазмұнын енгізуге 2014-15 оқу жылынан бастап дайындық жұмыстары басталды. Биылғы оқу жылында 1,2,5,7-сыныптар жаңартылған білім беру мазмұнына көшті. Келесі жылы 3,6,8,10 – сыныптар, 2020 жылы 4, 7, 9, 11 сыныптар білім берудің жаңа мазмұнына көшетін болады. Сөйтіп 2021жылы аяқталатын болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 556 бұйрығына сәйкес облыста 8-9 сыныптарда «Химия», «Биология», «Физика», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде оқыту элементтерін енгізіліп, оқыту пилоттық режимде оқыту 12 мектепте 15 сыныпта жүзеге асуда. Облыста 4 мектепте (Білім-инновация, №30 мектеп-гимназия, қыздар лицейі, Жылыой лицейі) «Химия», «Биология», «Физика», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде оқыту пилоттық жоба түрінде енгізілген.

Атырау қаласында үш тілде оқытылатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған №30 мектеп гимназиясында 8 және 10 сыныптарға арналған «Химия», «Биология», «Физика», «Информатика» пәндерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендері апробациядан өткізілуде.

Облыста 2019-2020 оқу жылында 10-11 сыныптарда информатика, химия, биология, физика пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін мұғалімдерді даярлау жұмыстары жүргізілуде

Аталған пәндерді ағылшын тілінде оқыту 2018-2019 оқу жылы 10-сыныпта, 2019-2020 жылдары 11-сыныпта тереңдетілген деңгей және стандарттық деңгей бойынша оқушылардың таңдауы бойынша жүргізілетін болады.

Осы тұрғыда, педагогтар мен ата-аналар арасында терең түсінік жұмыстарын жалғастырау үшін жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу бойынша біртұтас мақұлданған құжат дайындалуы керек деп ойлаймын.

Балалар үшін қажетті инфрақұрылым желісін құру. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту

Цифрландыру өнеркәсіп пен кәсіпорындардағы жұмыс орнын азайтады. Бірақ өндірістің көлемі мен сапасы ұлғаяды. Бұл мемлекеттің экономикасы үшін өте пайдалы әрі қажет даму үрдісі болмақ. Өйткені әлем елдері де осы бағытпен келеді. Сондықтан цифрлық технологияны меңгерген, білімді, қабілетті азаматтардың көп болуы маңызды.

Оқушыларды робототехника саласындағы зерттеулерге, техникалық ақпарат және бастапқы инженерлік біліммен алмасуға тарту мақсатында 70 педагог «Робототехника» элективті курсынан өтті.

10 мектепте робототехника кабинеті ашылды. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті 10 мектепке демеушілік көмекпен құрал-жабдықтарын алып берді.

Қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға және инновациялық робототехника және интерактивті лабораториялық құрал-жабдықтар алуға жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп, 2016 жылы – Жылыой аудандық жас техниктер станциясына, 2017 жылы – Индер аудандық Оқушылар шығармашылық орталығына жаңадан робототехника кабинеттері сатып алынды.

Президентіміздің биылғы жылғы Жолдауына сәйкес Атырау қаласындағы Оқушылар орталығы, Құрманғазы мен Исатай аудандарындағы Оқушылар үйлеріне жаңа форматтағы робототехника кабинеттерін алу жоспарлануда.

Облыстың барлық мектептері компьютерленген, 5 оқушыға

1 компьютерден келді. 191 мектеп (98,4 %) кең жолақты интернетке, 170 мектеп «Күнделік» электронды журналдар мен күнделіктердің бірыңғай ақпараттық жүйесіне және 192 мектеп «Білім лэнд» инновациялық білім беру онлайн ресурсына қосылған.

Бұл жоба іске асқан жағдайда қағазайналымды 20 пайызға қысқартуға, жұмыс уақытын тиімді пайдалану, ата-аналарға мәліметті тез және сапалы жеткізуге мүмкіндік береді.

2018 жылы жергілікті бюджет қаржысына облыс мектептеріне робототехника және физика кабинеттерін сатып алу жоспарлануда.

Елбасы цифрлық білім беру ресурстарын дамытуда материалдық-техникалық базаны нығайту және педагог кадрларды қайта дайындауды жеделдету арқылы білім беру ісінде жаңа сапаға қол жеткізу тапсырмасын қойып отыр. Сондықтан, мектеп бағдарламасына цифрлық білім беру туралы алғы шарттарды бастауыш сыныптардан бастап-ақ енгізе беруіміз керек. Информатика пәні оқулықтарын да жаңа талаптармен тез арада қайта жаңғыртуымыз керек болар.

Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру жобасын жалғастыру

Бүгінде мемлекет тарапынан жаңа мамандық алу үшін барлық жағдай жасалған. Сондай-ақ кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында ақылы және тегін білім алу мүмкіндігі бар.

Оқу орындары үздік оқытушыларының видеосабақтарын интернет арқылы қолдану, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тарту қажеттіліктері де назардан тыс қалмаған. Бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Үш тілді еркін меңгеру - тек өз елімізде емес, жаһандық әлемде өмір сүрудің және нағыз азаматтық қоғам құрудың да кепілі екені жолдауда баса көрсетілген.

Жұмыспен нәтижелі қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасына сәйкес облыстағы 25 техникалық кәсіптік білім беру

ұйымдарынның 12-інде жұмысшы мамандықтарын тегін оқыту ұйымдастырылған. Оқу орындары жұмысшы мамандықтарын оқыту үшін 32 қосымша лицензиялар алды.

2358 студент «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының бірінші бағыты бойынша *тегін жұмысшы мамандықтарына* кәсіптік оқуға қабылданды.

Ақыл да, парасат та, даналық та ұстаздан жеткен. Ұстаз сауатты, теориялық білімі терең, жаңалықтарды тез қабылдай алатын болуы керек. Осы бағытта ұстаздар алдына үлкен міндеттер жүктеледі.

Жаңа Жолдауда педагогтардың беделін көтеруге жан-жақты қолдау көрсетіліп, тағыда білім саясатына басымдық берілгені біз үшін үлкен мақтаныш.

Мұғалім мәртебесін арттыру мақсатымен білім берудің жаңартылған мазмұнына көшкен ұстаздардың лауазымдық жалақысын 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 процентке көбейту жоспарлануда.

Сонымен қатар, 2018 жылы категориялар арасындағы алшақтықты арттырып, мұғалімдер үшін біліктілік деңгейін ескеретін категориялардың жаңа кестесін енгізу жоспарлануда. Категорияларды бүкіл әлемде қолданылып жүрген ұлттық біліктілік тест арқылы беріледі. Бұл педагогтарды өздерін ұдайы жетілдіруге ынталандыратын болады. Нәтижесінде, мұғалімдердің жалақысы біліктілігінің расталуына байланысты тұтастай алғанда 30 проценттен 50 процентке дейін өседі.

«Аталған міндеттерді орындау үшін бүкіл қоғамның бірлігі мен ынтымағы керек. Отанымыздың көркеюі әркімнің жаңа «цифрлық дәуір» талаптарына сай болуына байланысты. Осыны әрбір қазақстандық терең түсінуі керек» деген Президент тапсырмасының өзі халыққа терең ой салары сөзсіз.

Биылғы Жолдауды «100 нақты қадам», үдемелі индустриялық-инновациялық даму, «Рухани жаңғыру» сияқты ауқымды бағдарламаларда көрсетілген бағыттардың жалғасы деп қарауымыз керек. Әрине, заман өзгерген соң біз де өзгеруіміз керек. Адами капиталды қалыптастыру – ең негізгі межеміз. Адами капитал арқылы жаңа білім мен кәсіпті игеріп, санада да, қоғамда да айтулы өзгерістер жасап, алпауыт елдер санатына қосылуға болады.

ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САПАСЫ

Ихсанов Ерсайын Валитханұлы,

*Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының ректоры,
физика - математика ғылымдарының докторы, профессор,
«Нұр Отан» партиясы Атырау облыстық филиалы жанындағы
«Мирас» қоғамдық кеңесінің мүшесі, облыстық маслихат депутаты*

Әлемдік даму аренасына қадам басқан кез келген мемлекет жаңа биік белестерді бағындыруға әрекет жасайды.

Елбасы, Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жаңа Жолдауы жаңа әлемге, яғни Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін айқындайды. Бұл мемлекет дамуының маңызды басымдықтары енгізілген, еліміздің әрі қарайғы дамуының негізгі бағыттары белгіленген нақты бағдарламалық құжат және бұл құжатта төртінші өндірістік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктерін анық көрсетіп берді.

Мемлекет басшысының биылғы жолдауында да жаңа әлемге – Төртінші индустриалды революция әлеміне сәтті бейімделу үшін ел дамуының отыздыққа енгізетін он қадамының басым бағыттарын белгілеп, тұғыры биік тәуелсіз ел дамуының жолдарын нақтылап берді. Уақыт өткен сайын заман талабының өзгеріп, жаңарып отыруы – табиғи құбылыс. Сондықтан да болар «*Адами капитал – жаңғыру негізі*» деп аталатын 7-міндет бойынша барлық жастағы азаматтарды қамти алатын алдыңғы қатарлы озық білім беру жүйесін құруды жеделдету жұмыстары жүктелді. Мемлекет басшысы жүктеп отырған міндеттермен қатар қазақстандық барлық педагог қызметкерлер «Рухани жаңғыру» аясындағы жұмыстарды жандандыру міндеті тұр. Барлық пән ұстаздары осы бағдарламалық мақаладағы идеяларды іске асыру аясында рухани ұлттық тәрбиені сабақ үрдісінде пәнге кіріктіріп, жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынына сенімім мол.

Жолдауда әдеттегідей ағарту саласына, әсіресе мұғалім мәртебесіне көп көңіл бөлініп отыр. Өйткені мұғалімдердің мәртебесін көтеру – елдің мәртебесін көтеру. Бұл ұстаздар қауымы арасында маңыздылығын жоймаған, көптен көтеріліп келе жатқан мәселе. Мұғалім еңбекақысының аздығы бұл салаға білікті мамандардың келуіне және мұғалімдік мамандықты таңдауға шектеу болып жүргені шындық. Елбасы осы орайда жыл басынан бастап мұғалім еңбекақысын көтеруді, сонымен қатар қосымша мұғалім біліктілігін екшеуді тапсырып отыр. Яғни, жаңа категориялық кестеге сәйкес, мұғалімдер ұлттық біліктілік тестінен өтіп, осы арқылы, яғни біліктілігінің расталуына байланысты олардың еңбекақысын көтеру көзделген. Бұл Президент айтқандай, мұғалім қауымын ұдайы өзін-өзі жетілдіруге ынталандыратын бірден-бір тетік. Шын

мәнінде, бүгінгі уақыт – өзгерістер уақыты. Білім саласының қызметкерлері де кез келген сынаққа, өзгеріске әзір болуы, сергек жүруі қоғамды алға жылжытатын фактордың бірі. Жолдауда айтылғандай, білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдетудің өзекті екені анық. Қазір орта білім беру саласында жүргізіліп жатқан жаңартылған мазмұнға көшу үдерісі 2021 жылы аяқталмақ. Осы уақытта жаңа заманауи білім жүйесіне негізделген әрі ұлттық дәстүр мен танымнан тамыр алған төл білім кеңістігін қалыптастыра білу мұғалімдерге жүктеледі.

Осыған байланысты облыстың білім саласында еліміздің білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерге сәйкес бастауыш, негізгі білімнің жаңартылған мазмұнға көшуіне, әлемдік білім берудің озық тәжірибесіне, адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу қағидаларына басты басымдық берілуде.

Білім беру саласындағы оң жаңалықтарды жүзеге асыруда облыс ұстаздарының рухани жаңару арқылы кәсіби біліктілікпен және тың бастамалармен жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, көздеген мақсаттарға қол жеткізетініне сенім білдіре отырып, ұстаздық еңбектеріңізге толағай шығармашылық табыстар тілеймін!

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: БІЛІМ, ТӘРБИЕ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Өмірбек Бекежан

Философия ғылымдарының докторы

Әрбір тарихи кезеңнің өзіне тән терминдері мен концепциялары болатыны мәлім. ХХІ ғасырда әлемдік саяси-әлеуметтік лексиконда кең тараған ұғымның бірі – «жаңғыру» (модернизация) сөзі болып отыр. Бұл қазіргі әлемдегі мемлекеттер мен ұлттардың ұстанған бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін білдіретін әмбебап терминге айналды. Модернизацияның бағыты мен саласы да көп. Біздің елімізде көп жыл бойы экономика мен әлеуметтік-саяси модернизация алдыңғы орынға қойылып келді, яғни, қоғамның базистік, материалдық жаңғыруы мәселесі басым сипат алды. Соңғы кезде, Президент мақаласына орай, рухани жаңғыру да болашақтың негізгі құндылығының бірі ретінде жиі талқыға түсуде. Ғаламдану дәуірінің бір қыры- елдер мен ұлттардың өзін өзі сақтау үшін, заманауи өркениет көшінен қалмау әрекетіне көшуі. Оның өзі осы заманның «жаһандық» сипатына байланысты бола отырып, соған реакция жасау, қарсы тұру, амалы жетсе тайталаса өмір сүріп, өз болмысын, мәдениетін әлемге көрсету, қара үзіп кеткен елдерге ілесу мақсатынан туындайды. Өткен ғасыр бойы бұрынғы бодан, колония елдер өз тәуелсіздігі үшін күресуімен болды және ғасырдың аяғында кеңес елдерінің тарауымен деколонизация үрдісі аяқтала келді. Енді ХХІ ғасырда осы және басқа да елдердің алдында тұрған мақсат-барлық жағынан жаңғыру болып табылады. Ғалымдар, соның ішінде баяғы «Рим клубы» өкілдері және басқа да

футуролгтар техногендік өркениет, жаһандық қоғам, әлемдік біртұтас эконмика қалыптасуына байланысты жеке ұлттардың аясы тарылады деген пікір айта бастады. Осындай пікірлерді атақты А.Печеи, Ф.Фукуяма сияқты ойшылдар да айтады. Жалпы батыстық зерттеушілердің техногендік қоғам дәуірлеуіне қатысты қазіргі көптеген ұлттар, ұлттық мемлекеттер орнына әлдебір әлемдік ұлт немесе әлемдік ортақ мемлекет, қала берді жаһандық корпаративтік құрылым келеді деген болжам жасауға бейім екенін көреміз. Сондықтан батыс ойының өкілдері қазіргі әлемдік мегақоғам мен ұлттық мемлекеттер бәсекесінде соңғылары жеңілуі мүмкін деген жорамал жасауға тырысады. Міне, осының бәрі әлемдегі ұлттар мен олардың мемлекеттік өмір сүру формасына деген қауіпті көрсетеді. Менің ойымша, Президент мақаласы да осындай жаһандық қауіптердің алдын алу мақсатынан туындап отырғаны сөзсіз.

Президент өз мақаласында ұлттық кодты сақтау мәселесін қозғайды. Қазір ғалымдар мәдени кодтың үш кезеңі туралы пікір айтып жүр: 1.дәстүрлі.2. жазбаша (кітаби).3. экрандық. Қазақ мәдениетінде үшеуі де бар. Біз дәстүрлі мәдениеттің озық үлгілерін кітап түрінде жарияладық («Мәдени мұра» бағдарламасы). Ендігі мақсат оларды экрандық үлгіге көшіру. Порталдар, сайттар, роликтер, вайндар арқылы ұлттық дәстүрді вербальді және вербальді емес формаларда беру мүмкіндігі мол. Олар арқылы ұлттық символды, тұспалды, ишараны, ымды беруге болар еді.

Жаһандану міндетті түрде ұлттық мәдениетке, рухани құндылықтарға инвентаризация жасауды мәжбүр етеді (тозығы мен озығын айыру), мысалы келешектің өкілдері өз таңдауын жасағандай, олар Ертөстікті Бетманға, Керкұлатты Кендебайды «өрмекші адамға» баяғыда ауыстырды, үлкендер бізде орнап жатқан компьютерлік, нарықтық базистік қоғамға қондырма тапқанша, болашақ өз қалауын жасап үлгерді. Сондықтан мақсат, жаһандық бәсекелестікте өз рухани құндылықтарымызды сақтау мен дамыту һәм тарату.

Біздің шет мәдениеттік тасқынға қарсы тұрарлық ештеңе қоя алмауымыз, ұлттық енжарлықпен, қосымша қаржылық шарасыздықтан туып отыр, бірақ осы соңғы уәж сенімсіз көрінеді, себебі біреулер «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» сияқты голливудтық рухтағы, ұлттық намыстан жұрдай мультфильмді түсіруге қаржыдан қиналмаған сияқты. Ал соңғы жылдары шыққан «Ер Төстік және айдаһар» фильмі балаларға ешқандай әсер етпей, елеусіз өте шықты.

Біз жаңа ақпараттық технологиялар арқылы, заманауи арнайы техникалық әдістермен дайындалған жат ықпалдармен әлі де «кітаби» жолдармен, ауызша үгіт - насихат арқылы қарсы тұрғымыз келеді. Көп жағдайда бұл тиімсіз болып шығып жатады. Ұлттық мәдени мұралар мен салт – дәстүрлік құндылықтарды заманға сай озық технологияларды қолдану арқылы насихаттау ғана балама дүниетанымдық жүйе ретінде белгілі бір табысқа жеткізуі мүмкін. Қазіргі бала білімі аз болса да ақпаратты көп алады, сондықтан басқа елдер мен мәдениеттер туралы молынан хабардар, Америка мен Жапон мәдениетінің шоқтығы неге олар үшін өз мәдениетінен биік деген, жалаң патриоттық күйіну ештеңе әкелмейді, себебі әңгіме мүлдем басқа нәрседе. Әңгіме біз рухани, тарихи

тұрғыдан мол әрі терең мәнді санайтын ұлттық мұраларымыздың өзінің формасы жағынан әлі ескі форматта сақталуында, тіпті жазбаша түрінің өзі модернизациялауды қажет етеді, тіпті оларды жаңа дәуірге бейімдеу үшін мазмұндық тұрғыдан да жаңарту жасау, ревизиялау қажет сияқты. Мысалы, Қобланды батырды, Ер төстікті болмаса Қыз Жібекті қазіргі жас ұрпақ өзінің ата-анасы қабылдағандай сезініп, түсіне алмайды. Себебі бұрынғы ұрпақта оларды түсінетін әлдебір архетиптік негіз болды, карттар, ескі тұрмыстық артефактар, жылқылар, кең дала, қаймағы бұзылмаған ұлттық, образдық тіл-міне осының бәрі санаға, эмоцияға, қиялға ерекше әсер етті. Қазіргі жастарда оның көбі жоқ, енді ондай атмосфераны тек қана жаңа технология жасай алады. Сондықтан Қобландының заманауи суперменге, ал Ер Төстіктің, Керкұла атты Кендебайдың танымал компьютерлік ойынға айналуы өзімізге байланысты. Ал әлемге өзін көрсетуі ұлттың техникалық, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуымен байланысты. Бұл ешкім таласа алмайтын қағида, сондықтан кез-келген тәуелсіздік алған ел өзінің тәуелсіздігін шынайы егемендікке айналдыру үшін осыларды қатар дамытуға ұмылады. Бірақ онсызда тәуелсіз болу салыстырмалы болып табылатын заманда рухани және мәдени тәуелсіздік қаншалықты дәрежеде екенін анықтау тағы да көңілге қаяу түсіреді және күмән тудырады.

Жоғары экономикалық жетістік, қарыштаған материалдық даму өзімен өзі рухани биіктіктерге жеткізбейді, себебі немістің немесе жапонның озық технологиясының барлық жерде сапасы бірдей, айырмашылығы бағасында, бірақ неміс елінде немесе жапон еліндегі жасалған фильм болмаса басқа да туынды, басқа да қоғамдық құбылыс басқа ұлт үшін құндылық болмауы мүмкін, міне рухани жағынан сақтық туралы осыны айтуға болады. Өз елінде шыққан бренд аталатын қазіргі ұғымның патриотизм, ұлттық құндылық жағынан орны осында. Сондықтан жоғары технологияларды игере отырып оған рухани нақыш беру, материалдық – техникалық құбылысты ұлттық семиосферамен байланыстыру және ұлттық санада бекіту, тәрбиелік аспектіде ұтымды мемлекеттік іс болып табылады. Бізде өкінішке орай символикалар жүйесінде, әсіресе жастар субмәдениетінде шетелдік белгілердің ролі үлкен және оған қарсы қоятын, жастарды баурап алатын ұлттық дискурстегі белгілер, бұқаралық мәдениеттік деңгейдегі «артезаттар» әлі тапшы. Қорыта айтқанда, ұлттық жаңғыруды рухани жағынан дамыту кезек күттірмейтін жұмыс болып табылады.

Осы жағдайда ұлттың бәсекеге лайық болуы, рухани өресі биік болуы өзіне байланысты. Техника, ақпарат құралдары-адамзатқа ортақ, бірақ әрбір халық сол құралдан өзінше пайда көріп, өзінше заманауи көшке ілесуге тырысады. Бізде техника мен технология дамып келеді, ұлттық рухани құндылық пен менталитет әлі сақталуда, бірақ оларға төніп тұрған қауіп те баршылық, сол жағдайды ескере отырып әсіресе мәдениет, рухани салада, тәрбиеде, білім саласында техниканы пайдаланудың әлдебір ұлттық концепциясын жасау міндетті шарт. Әрине, әртүрлі идеялар, теориялар бар, бірақ олардың көбі теория түрінде тамаша болғанымен іс жүзінде іске аспайтын

болып шығады. Бұл бағытта бізде әлде жалтақтық көп, әлде посткоммунистік сана әсері қатты, болмаса жаһандану жағдайында ол идеялардың тұзы жеңілдеу болып шығып тұр. Бірақ, менің ойымша техниканы, әсіресе ақпарат, интернет, компьютер құралдарын ұлттық нақышты тарату мен насихаттауға кеңінен қолдануға болар еді. Мысалы, қазір айтыс өнерінің интернет арқылы кеңінен тарауын осы мүмкіндіктің бір көрінісі деп санаймын. Айтысты дәстүрлі ұлттық код ретінде заманауи ғаламторға салу, олардың үздік жерлерін тарату қазір жастардың да қызығушылығын тудыруда. Қазақта сөз мәдениеті жоғары деңгейде дамыған, ол әуелі ауызша болды, кейін жазбаша болды, мысалы, кешегі кеңес үкіметі кезінде қазақтар көп оқитын халықтың бірі екенін танытты, енді сол рухани жетістік компьютерлік, интернеттік сипат алуы керек, ол үшін жаңа формаға ие болып, халықты, әсіресе жастарды тартуы тиіс. Қазіргі кезде интернетте қазақ тілді сегменттің жақсы дамып келе жатқаны белгілі. Әрине, онда тәрбиелік, шығармашылық, мәдени нәрселермен қатар арзанқол - «бұқаралық мәдениет» элементтері де баршылық. Бірақ соған қарамастан заман талабына сай электрондық, коммуникациялық технологиялар мәдениетіне көшуді жалғастыру қажет болады, сонда біз жаһандану дауылына қарсы тұра аламыз, ұлт ретінде өзімізді сақтаймыз.

«ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНА КӨШУ КЕЗЕҢІНДЕ ЕЛБАСЫ МАҚАЛАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ»

Бектурлиева Гүлнар Мыңбайқызы,

Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті

Б. Қанатбаев атындағы орта мектебінің директоры

«Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» атты мақаласында «Елінің ертеңі үшін» жасалған батыл қадам мен байыпты пайым деп есептеймін. Заман талабына орай еліміз озық та өркендеген елдерге қарап бой түзеуде. Бас құжатта айтылған барлық басымдықтар іске асқаннан кейін егемен еліміздің өзі заманауи дамудың үлгісіне айналып, дамушы елдерге үлгі-өнеге көрсететін болады. Елбасының «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» мақаласында «Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық. Әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайды. Сол себепті, уақыт ұттырмай, ең заманауи, тандаулы үлгілерді алып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек. Бұл – мемлекеттің міндеті. Үкімет мұны аудармашы мамандармен қамтамасыз ету, авторлық құқық, оқу-әдістемелік бағдарламалар мен профессорлық-оқытушылық құрамды белгілеу сияқты жайттарды ескере отырып, кешенді түрде шешуі керек. Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен

«Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» - деп атап өткен болатын.

Туған жер... Сан ғасырдан бері көптеген жырларға, әндерге, дастандарға арқау болған мәңгі тақырып. Нұрсұлтан Назарбаев туған жерге деген сүйіспеншілік кішкентай өлкеден, қаладан, алғаш қадам басып, ата-ананың ыстық ықыласына бөленген отбасынан, алғаш қолыңа қалам алып, әріп таныған мектебіңнен, бірге ойнап-ренжіскен достарыңнан басталатынын айтып өтті.

Осы тұста айта кетерім мектебіміз бен өңірімізде атқарылып жатқан істерге тоқталсам. Биылғы оқу жылының өзінде біршама жұмыстар атқарылды. Атап өтсем Қазақстанның халық жазушысы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әдебиет қайраткері З. Қабдолов білім алған білім ошағы Абай атындағы орта мектебінде кентіміздің төрт мектебінің оқушылары мен ұстаздары ұйымдастырған әдеи кеш өткен болатын. Осындай істің жалғасы ретінде мектебімізде мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен елбасы мақаласын насихаттау мақсатында «Кітап айнымас досың, жан серігің» тақырыбында кітап оқу және кітап көрмесі өтті. Жақсы десе жан сүйінетін қазақтың ең жақсы қасиеті – жомартығы. Олай дейтініміз Елбасының осы мақаласы төңірегінде Тәуелсіздік мерекесіне орай Доссор кентіндегі «Ұлы Жеңіске – 50 жыл (1945-1995)» атты монументалды ескерткішінің толық жөндеуден өтіп, тарихымызды тасқа қашағандай болып жаңару... Өйткені осы игі істі барша оқушылар алдында «Туған жерге туынды тік» деген нақыл сөзді ұстанған ел ағаларының кейінгі буын өкілдеріне көрсеткен өшпес өнегесі болды.

Өскелең ұрпаққа, жастарға дұрыс бағдар беріп, отансүйгіштікке тәрбиелеу ұлт болашағы үшін жасалатын міндетті жұмыстардың бірі. Туған елге деген сүйіспеншілікті жастардың бойына дарытудың алуан түрлі жолы бар, солардың бірі–еліміздің тарихи өлкелерін таныту, құнды жәдігерлерімізбен таныстыру.

Ұлан-ғайыр еліміздің кез-келген аймағынан ежелгі, ортағасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлер мен деректерді көптеп кездестіруге болады. Туған өлке әрбір адамға ыстық өлке болуымен қатар, халқымыздың басынан кешкен сан ғасырлық тарихтан сыр шертетін асыл мұра. Кең байтақ қазақ жерінде қанша тарих, қанша сыр, бізге бірі белгілі, бірі белгісіз аңыз-әңгімелер, оқиғалар жатыр десеңізші. Әрбір қарапайым адамның өмірінен тамаша туынды жазуға болатын болса, ел маңдайына біткен ерекше тұлғалар, ел бастаған, қол бастаған қанша азаматтар мен азаматшалар туралы сыр да кең дала қойнауында. Қазақстанның жарқын болашағының іргетасын қалайтын

жастар, өскелең ұрпақ екені белгілі, және сол ұрпақтың саналы, көзі ашық, өткені мен болашағын айқын танитын болуы абзал.

Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарды жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға аса мән беруді, тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектептерде туған жердің тарихын оқудан көрініс табатыны белгілі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ білуі тиіс. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы еліміздің рухани өміріне үлкен серпін әкелді. «Біз әркімнің ар-ожданы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этникалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруға тиіспіз» делінген ел Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында.

Рухани жаңғыру дегеніміз – тарих, дәстүр, тарихи тамырымыздан ажырамай, жаңа технологиялары қоса меңгере отырып, бәсекеге қабілетті, білімді де, парасатты ұрпақ тәрбиелеу.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Булекова Айнагуль Каиржанова,
*Атырау қаласы №37 орта
мектеп директоры*

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптастасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А.Каменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі объект – субъектілері педагогикасының орнын басқасы басты, ол бала оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін -өзі өзектілендіруге, өзін тануға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын жазушы тұлға ретінде бағытталды. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің манызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер-оқытушы мен оқушының тұлғалық– бағытталған өзара әрекеті болып табылады. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы, дамуын қойып отыр. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі

қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық -әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру қажет. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде мәселенің шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық – дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін» үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене

отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді.

Елбасының «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» жолдауында он-лайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет деп айтылған болатын. «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін -өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушылар оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім - қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- ☐ бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- ☐ мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- ☐ оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- ☐ коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ☐ ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- ☐ әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

□ тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет. Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болу керек;

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя білу керек;

«Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу–тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнның, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды» Бүгінгі таңда П.М.Эрдниеvtiң дидактикалық бірліктері шоғырландыру технологиясы, Д.Б.Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқында оқыту технологиясы, М.Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның модульды оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа кәптеген ғалымдарың технологиялары кеңінен танымал. Қазақстанда Ж.А.Караевтің, Ә.Жүнісбектің және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда. «Қазір біз жаңа ХХІ ғасырда өмір сүріп отырмыз. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті

дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.» Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағида атап көрсетілген. Бұл білім беру мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануына, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен құра беруіне мүмкіндік береді. Қазіргі уақыттағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшелігі баланың тұлғалық дамуына бағытталған. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жанару оқытушының ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық инновациялық технологияны енгізуді міндеттейді. Осыған орай, Елбасымыздың халыққа жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп атап көрсетті. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселе. Бала жанының бағбаны, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалім ары таза, әдепті, ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, ұстамды, өз ойын шәкіртіне анық, дәл жеткізетін болуы тиіс. Ол үнемі ізденіп, білімін толықтырып отырса, оның өмірлік ұстанымы тұрақты, күш-қуаты, көңілі әрдайым жоғары, сабақ беру сапасы арта түсіп, еңбегі еленеді. Білім берудегі жаңалық пен қоғамдағы жаңалық бір мақсатты көздейді, олар даму мен прогрестің қабілетін арттыруы қажет. Сондай-ақ, Елбасы ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап өтті: компьютерлік техниканы, интернет, коммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электронды оқулықтарды оқу үдерісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Қазіргі кезде ақпараттық- коммуникативтік оқыту мәселесіне ерекше назар аударылуда. Жаңа қоғамға жаңа адам керек. Мұндай адамды дамыту – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Мұғалім еңбегінің бүгінгі нәтижесі қандай болса елдің, қоғамның ертеңі, болашағы сондай болмақ. Бүгінгі таңда әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан қазіргі заманға лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Қазақстан

Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау»-деп атап көрсеткендей, қазіргі кезде әрбір оқытушының алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық үдерістегі технологияны меңгеру. Ал білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру. Сондай-ақ, оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасына мұғалімдердің өзіне ыңғайлы нұсқаны қолдануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім сапасының алдында шығармашылық бағытта жұмыс істейтін тың жаңалықтар ашатын ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлғаны дамыту міндеті тұр. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда білім берудің озық технологияларын тиімді қолдану білім алушылардың пәнді жетік меңгеруіне ықпал етеді. Ал пәнді жетік меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру оңай мәселе емес, сондықтан білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруда, олардың бойындағы қабілеттерді анықтап, ары қарай жетілдіруде, тұлға қабілетін дамытуда қандай инновациялық технологияларды қолданған дұрыс? «Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда жаңа технологиялар пәннің коммуниктивтік қызметін ескере отырып, оны коммуникативтік танымдық жағынан меңгертуді көздейді. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын оятқан кезде ғана шығармашылық жетістіктерге жетуге болады. Ол бүгінгі күн талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға құзіретті жеке тұлғаны дамыту.

Білім берудің озық технологияларымен оқытудың негізгі қағидалары білім алушыларға өз бетімен ықпал ету, өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын тұлға дамыту. Сондай-ақ білім алушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту. Инновациялық технологиялар жүйесімен оқытуда көрсетілетін әдістердің барлығы өзара байланыста қолданылады. Ақпаратты-коммуникациялық жүйемен оқытуда мультимедиялық презентациялар, бейнематериалдар көрсету, слайд-лекция, слайд-шоу, электронды оқулықтар, тренингтік компьютерлік бағдарламалар, флипчарттар қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Қазіргі уақытта мультимедиялық технологиялар – бұл оқу үдерісіндегі жаңа ақпараттық технологиялардың ең қарқынды дамып отырған бағыттарының бірі. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен және осы шеберлікті шыңдай түскендігімен ғана жүзеге асады. Сондықтан білім алушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр мұғалімнен оларды терең игеруін, іске асыруын және оған сай болатын іскерлікті талап етеді. Бұл

технологияның өзін мұғалім түрліше іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушының тұлғалық компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге білім алушының әрекеті – оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады. Инновациялық білім берудің дамуы оқу үдерісінің мазмұнына және ұйымдастыруына өзгеріс енгізуді талап етеді. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбеттің дамуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, өзін-өзі жетілдіру оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі кезде инновацияның білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерінің бірі – жаңалықтарды топтастыру. Мұғалім үшін ашылған жаңа әдісті жан-жақты түсіне білу үшін, бұл жаңалықтың басқа жаңалықтардан ерекшелігін, айырмашылығын, артықшылығын көре білу қажет. Білім беру саласындағы инновациялық технологиялардың басты мақсаты күнделікті өзгеріп жатқан өмірге білім алушыларды дайындау болып табылады. Инновациялық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты мақсат – білім алушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Оқыту процесін жандандыру білім алушылардың оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбегін тиімді ұйымдастыру және олардың практикалық іскерлік пен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқу процесінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік дайындығы және сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, инновациялық технологияларды игерулеріне тікелей байланысты болады. Педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Оқытудың инновациялық технологиясын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны, инновациялық жетілуіне әкеледі. Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Бүгінгі күнгі инновациялық білім беру, оқу және әлеуметтік - тәрбиелік іс-әрекеттің үдерісі мен нәтижесі, ол жеке адамның және жалпы қоғамның іс-әрекетінің жаңа түрін жоспарлайды және ынталандырады.

Тәуелсіз еліміздің ертеңі-жас ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ойлау қабілеті мен біліміне байланысты болады. «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны» «Бұған дейін жасалғандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады». (Генри Форд) Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен

және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған орай ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді пайдалана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының рухани жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін талап етеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне келді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады:

Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Ерте заманнан қалған бес балдық бағалау жүйесі жойылады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «иірімді әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс жасауда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамып отыр. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде өз қажетіне пайдаланып отыр. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуде.

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕУ- РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ

Галиева Жемис Кулжановна,
*Атырау облысы, Махамбет ауданы,
Алмалы орта мектебінің
география пәнінің мұғалімі*

Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы барша қоғамымызға зор сілкініс әкелді. Еліміздің ертеңіне көз тіккен Елбасымыз ұлттық құндылықтар арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеуге айырықша мән беріп, «Идеяның түп төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды», [1] деп жаңаша ізденістер мен нақты атқарылар жұмыстарды көрсетіп берді.

Елбасының 2017 жылғы сәуір айындағы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан мынау қарыштап дамыған әлемдік өркениетте әр мемлекет өзінің құндылықтарын басымырақ насихаттамаса, берік қорғамаса басқа мемлекеттердің тасасында қалу қаупі бар екенін түсініп білуге болады.

Таяу жылдардағы міндеттер бойынша үшінші жобасында:

«Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы - шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер-әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу-шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. [1] Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс»-деп кеңінен айтылған. Патриотизмнің бастауы да жалғасы да ол –жас ұрпақтың білім алатын, бос уақытын тиімді ұйымдастыратын білім ордаларында. Білімді,

¹ [Н.Ә Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Егемен Қазақстан №70, 2017 ж. 12 сәуір.]

елін, жерін сүйетін шәкіртті тәрбиелейтін ұстаз. Олай болса ұстазға қойылатын талапта ерекше.

Сарайшық – қазақтың киелі мекені

Еліміздің әр өңірінде тарихқа тұнған ғажап орындар бар. Әр өңіріміз табиғат белдеулеріндегі әртүрлі табиғат ерекшеліктерімен қоса тарихта іргесі бірнеше ғасыр бұрын қаланып, сақталып келген құндылықтармен бай. Солардың бірі қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі-Сарайшық қаласы. Ол Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылындағы «Хан ордалы Сарайшық мұражай қорығы».

Алдын-ала жасалған жоспар бойынша саяхатты 2017 ж қыркүйек айында 4-5-7 сынып оқушыларымен, сынып жетекшілерімен бірге ұйымдастырып бардым. Мақсатым өзіміздің жергілікті жердегі 30 шақырым қашықтықта орналасқан тарихи құндылықтарды оқушыларға таныстыру. Мұражайда бізді мұражай директоры Бердімұратов Молдаш ағай қарсы алып, әрбір жәдігерге жеке тоқталып, таныстырды:

Тарихи – мемориалдық кешен құрылысы 1999 жылы 2 мамыр күні басталып, сол жылы 3 қыркүйекте ашылу салтанаты болды. Құрылыс бүкілхалықтық құрылыс болып саналды. Құрылыс жұмысына жергілікті халық түгелге жуық қатынасып, облыс, аудан әкімшілігі құрылыс жұмысына тікелей араласып, басшылық жасады. Кешен құрамына:

1. Хандар Пантеоны кіреді. Архитекторы, сол кездегі облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетов.

Бұның биіктігі 17 метр, 8 қабырғалы. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арналып құлпытастар қойылған. Бұл құлпытастарға, қара мраморға жазылған хандардың аттары мен хандық құрған жылдары жазылған. Бұл хандар:

1. Мөңке темір (1266-1282ж.ж)
2. Тоқтағу (Тоқты) (1291-1312ж.ж.)
3. Жәнібек (1343-1353 ж.ж.)
4. Әмір Оқас (14 -1447ж.ж)
5. Қасым Хан (1511-1518 ж.ж)
6. Ших Мамай (1549-1554 ж.ж)
7. Жүсіп Хан (1549-1554 ж.ж)

2. Мешіт. Мешіттің ұзындығы 13 метр, ені 6 метр 50см. Мешіттің іші толықтай жасақталып Михраб, Мінбарлар қойылған. Мешіт ішінде Құран, тағы басқа діни кітаптар қойылған.

3. Мұражай. Мұражай ішіне Сарайшық қазбасынан шыққан тарихи жәдігерлер қойылған. 14 ғасырдағы Сарайшық қаласының макеті жасақталған. Музейдегі естелік кітабына жазып қалдырған қоғам қайраткерлері, ғалымдар, өнер шеберлері, шет ел азаматтары мен қарапайым халықтың ой-пікірінің түрін оқуға болады.

1999ж 3 қыркүйекте Елбасы Н.Ә.Назарбаев келіп ашқан. Кіре берісі осы салтанатты жиынның фото суреттерімен жабдықталған. Ал мұражайдың негізгі бөлімінде 13 ғасырдағы қаланың көшірмесі орналасқан.

Оқушылар Молдаш ағайдың әрбір таныстырылымына қызыға көңіл бөлді: Танымал саяхатшы Ибн Батутта Сарайшыққа 1334 жылы келіп, қаланы аралап, өзінің «Өмірлік саяхат» деген кітабында мынадай естелік жазып қалдырыпты: «Мен дүние жүзінің бәрін араладым. Сол аралаған қалаларымның ішінде Сарайшық қаласы Бағдаттан кейінгі дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі екен. Сол Бағдаттағыдай мұнда да қайықтардан жасалған көпір көрдім, қалада ханның сарайы бар екен, төрт мешіт, өте көптеген қонақ үйлер бар екен. Бірақ біз оларды көріп таң қалған жоқпыз, менің таң қалғаным жер шарын аралап жүргенде көрмеген қызықтың көкесін Сарайшықтан көрдім. Мұнда су әрбір үйге өзі барады екен». Су өзі барады деп тұрғаны XIV ғасырдың ортасында Сарайшықта су құбыры болған. Әрбір үйге су құбыры жүріп тұрған. Оның құбырлары қыштан жасалған, мынау сол құбырлар. Қаланың орны әр жылдары қазылып келе жатыр. 1999 жылы жердің астынан екі қабатты 45 бөлмелі қонақ үйдің екінші қабаты шығарылды. 2000 жылы соның бірінші қабатын қазылды. Қасынан XIII ғасырдың моншасы табылды. Табанына кафель сияқты тастар төселген, бояулары сол күйінде сақтаулы тұр. Канализация, септигі, тіпті ішінен сол кезде пайдаланған шылапшындарына дейін шыққан екен. Құдық та табылған. Құдықтың жеті метрге дейін тереңдігіне барғанда бір құмыра, қасынан кесе шығыпты. Құмыраның қасиеті таңертенгі бояуы бір бөлек, түстегі бояуы бір бөлек, кештегі бояуы бір бөлек болып құбылып тұрады. Бір жақ бүйірінде «Бұған адамның көз жасы құйылмасын» деген арабша жазуы бар. Кесеге қатысты айтатын болсам, ол да уникал, дүние жүзі бойынша осындай екі кесе ғана табылыпты, біреуі Мысырдан, екіншісі бізден шығып тұр. Кесенің қасиеті сол, ішіне құйылған тамаққа у салып жіберсең, кесенің бояуы сол бойы өзгеріп қоя береді. Бұл заттар дүние жүзінде өте сирек кездесетін заттар. [2]

Оқушылар Молдаш ағайдың үлкен сурет арқылы баяндаған «Шекер көл» немесе «Аққу көл» деп аталатын аңыз әңгімесін ерекше ықыласпен тындап, өздерін ойландырған сұрақтарына жауап алды. Оқушыларды тағы бір қызықтырған жағдай мұражай ауласындағы шүберек байлаған ағаштың тұруы. «Сарайшық» кешені алғашқы қонақтарын қарсы алуға дайындалып жатқан 1999 жылы қалашықта 12 адам асылып қалады. Ақсақалдар мұның себебін сол 90-шы жылдардың басында осындағы адамдардың қолымен құртылған сексен гектар жердегі алма бақтарының киесінен көріп, мемориалдық кешеннің қақ ортасына аман қалған алма ағаштарының бірін жоғалғанның символы ретінде отырғызуды ұсынады. Ол «Әулиеағаш» атанып кетеді. Бұдан кейін асылып өлу оқиғалары сап тыйылған.

Менде бұл жағдайдың куәсі болдым деседе болады, себебі 1999ж 3-қыркүйек мұражайдың ашылатын күні қатты дауылды жел, шаң болды, қалай Елбасы Н.Ә.Назарбаев тікұшақтан түсіп келді, күн шайдай ашылып, халық қуанышқа бөленді. Осындай тарихқа толы, шежірелі орындарды көріп тамашалау ұрпақ бойына патриоттық рухты қалыптастыратыны сөзсіз.

² [<https://egemen.kz/article/sarayshyq-%E2%80%93-qazaqtynh-kieli-mekeni>]

Мұражайды тамашалап болған оқушыларымыз мұражай қызметкерлеріне алғысын білдіріп, естелік кітабына өз пікірлерін жазды.

Қорыта келгенде өткен заманда Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық халқымыздың сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін, елдік пен ерлікті дәлелдейтін, бабалар аманатына адалдықты айғақтайтын киелі шаңырақ. Рухани жаңғыру бағыты киелі Сарайшықты сақтап қана қоймай, өскелең ұрпақ сезініп, көзімен көретін, өмірлік тәлім-тәрбие алып бабалар алдындағы қарызымызды өтеуді, кешенді ізденістер мен мемлекеттік оң көзқарасты талап етеді.

Егер әр қазақтың азаматы өз туған жерінің тарихын біліп, көзбен көріп, қамқорлыққа алып, оны жас ұрпаққа жеткізе білсе Қазақстанның «Мәңгілік ел» болуы дегеніміз осы. Еліміздің әр облысындағы осындай тарихи-мәдени ғажайып орындарды өзіміз біліп, өзгеге насихаттай білсек міне, Қазақстандық патриотизм деген осы. Осы бағытта жыл сайын әр мектептің озық оқушыларынан құралған Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді тамашалап көруге туристік саяхаттар ұйымдастырылса жақсы болар еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан, № 70, 1-2 бет, 12.04.2017 ж.
2. <https://egemen.kz/article/sarayshyq-%E2%80%93-qazaqtynh-kieli-mekeni>
3. [inform.kz http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293](http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293)

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ – БІЛІМ САЛАСЫНДА

Данбаева Қарлыға Серікқызы,

*Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау селосы
Жалпы білім беретін Өркен орта мектебінің мұғалімі*

«Рухани жаңғыру» - еліміздегі білім берудің бүтіндей жүйесінің, оның ішінде мектептер үшін айрықша «мүмкіндіктер кеңістігіне» айналуға.

Бұл маңызды құжат мектептің тәрбие және идеологиялық жұмыстарын жүйелеуге кең мүмкіндіктер ашады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгінгіміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты

тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңару да білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Еңбастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлесі – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің барлығы – білім, оқу мен тоқу арқылы жасалған. Білім алу сипаты алуан түрлі екенін ескерсек, заманауи білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті, жан-жақты, көп тіл білетін маман дайындау. Осы орайда білім саласы ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтың назарынан ешқашан тыс қалған емес. Мұндай қамқорлықты Елбасы Жолдау туралы айтқан мәлімдемесінде де айқын аңғартты.

Бұл Жолдауда білім қоғамын дамытуға арналған құндылықтар екі бірдей басымдықта жарияланғанын байқаймыз. Мәселен, «Экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы» атты бірінші басымдықта ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қарыштату тетіктері айтылды. «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл–маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты.

Осыған орай, Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын» деген Елбасы инновациялық біліктілікке баса назар аударылатынын жеткізді. Төртінші басымдық ретінде аталған «Адами капитал сапасын жақсарту» бөлімінде «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері

арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет», – деген Мемлекет басшысы үштілді білім беру туралы айтып, оның ішінде ана тіліміздің рөліне тоқталады. Қазақ тілінің басымдығы сақталып, оны дамытуға зор көңіл бөлінетіндігі көңілдегі күдікті сейілтері айқын.

Жаңаша ойлау туралы білімді ұсыну мен өңдеу – инновациялық қоғам үшін аса маңызды екені анық. Сондықтан Елбасының биылғы Жолдауы бұған дейін жасалған 5 жалпыхалықтық реформасы мен дамыған елдердің қатарына жету бағытындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырудың айқын тетіктері екенін астарсыз-ақ түсінуге болады.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уалиханов «Халықтың кемеліне келіп, өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек» деп айтқан қанатты сөзі бүгінгі тәуелсіз еліміздің жастары үшін болашаққа бастау мұраты болмақ. Бұлай дейтініміз, қазіргі қарыштап дамып жатқан әлем өркениеттің негізгі сапалы оқу- біліммен тығыз байланысты екені баршамызға аян. Сондықтан еліміз бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болуы үшін біз сауаттылығы жоғары алдыңғы қатарлы елдердің біріне айналуымыз керек. Ол үшін ең бірінші ел ішінде оқу – білім саласына көп көңіл бөлуіміз керек. Бұл мәселе елбасы жолдауларында назардан тыс қалған емес.

Биылғы 2018 жылғы Елбасы жолдауының «Адами капитал – жаңғыру негізі» жетінші бағыты үлкен басымдыққа ие болып отыр. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдары, математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту, балалар технопарктері мен бизнес – инкубаторларының желісіне құру, жөнсіз терминология, латын әліпбиіне көшу мәселесі, цифрлы білім беру ресурстары секілді өзекті мәселелерді шешуде педагогтар қауымының аянып қалмай, жұмыла еңбек етеріне сенім білдірді.

Елбасымыздың сарабдал саясатына негізделген жолдауын іске асыру мақсатында Исатай ауданы Өркен орта мектебі де ауқымды жұмыстар жүргізуде. Оқушыларымыздың сапалы білім алуына, жоғары жетістікке жетуіне мектебімізде жан – жақты жағдайлар жасалған. Мектепте 5 кабинет жаңаша жабдықталып, 84 компьютер оқушылар игілігіне жұмыс жасауда.

Үш тілде білім беруда дайындық шаралары жасалып физика, химия, биология пән мұғалімдері курстан өтуде.

«Игілігімді еліме арнаймын» жобасы аясында мектеп оқушылары ауылдың тарихи танылған тұлғалар өмірімен танысып, қайырымдылық шараларын жасауда. Жалғызбасты, көмекке мұқтаж жандардың үйін жинастыру, азық – түліктер дүкеннен жеткізіп беру сынды көмек қолдарын ұсынуда.

«Туған жерім- тұғырым» жобасы аясында ауылдың табиғатын, жер – су атауларын зерттеп жинастырып жүрген оқушыларымыз да бар. Мектеп мұражайын да рухани жаңғыру бағытында жасақтап, оқушылар үшін де мұғалімдер үшін де көнені танудың көзі ретінде жағдайлар жасалуда.

«Өнерім– өмірім» тақырыбында ісмер ауылдың аталары және шебер аналарымен кездесу өткізілді. Кездесу мақсатқа жеткен жүздесу болды деп есептеймін. Себебі өңірде қамшы тоқитын көненің көзі Есболай қарттың

ұлықты әңгімесінен кейін 6-7 сынып ер балаларының қамшының тарихына және түрлері, тоқу әдісіне қызығушылық танытып қарияның үйіне ағыла бастағынынан байқадық.

Біз дамыған алдыңғы қатарлы ел болу үшін тілімізді, дінімізді, рухани дәстүрімізді, мәдениетімізді дамытуымыз керек. Дамытқан кезде барлығы бір-бірімен үнемі рухани байланыста болуы шарт. Пәндік апталықтар және жүргізілген жоспарлы шаралардың мақсаттары оқушылардың даму барысында, өмір бойы оқуға қабілетті, жоғары адамгершілік құндылықтары бар, жоғары білімді, зияткерлік жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған мектеп қауымдастығын құру. Қазақстандық патриотизмді әр оқушының бойына өмірлік принциптері ретінде қалыптастыру.

Халқымызда үш күндігін ойламаған қыздан, үш жылдығын ойламаған ұлдан келешегіне жауапкершілікпен қарайтын азамат шықпайтыны туралы дәмді де әділ үкім бар. Осынау ұлттық сана ұлт кодына негізделген «Рухани жаңғыру» бағдарламасында жалғасын тауып отыр.

«...жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін», – деген Елбасының сенімін ақтау мектеп ұстаздары қауымының Отан, жас ұрпақ алдындағы абыройлы да патриоттық міндеті деп есептеймін.

Ұсыныс:

Латын тілінің қолдану аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру; көркем әдебиетті насихаттауды жандандыру; халық арасынан талапты, талантты жастарды іздеп табу мақсатында мектепішілік жинақтар шығарып оқушыларды ынталандыру; жүргізіліп отырған жобаларды жалғастыра отырып рухани жаңғырған ұрпақ тәрбиелеу.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Салиева Ақсұлу Кузекешовна

*Атырау қаласы №22 орта
мектеп директоры*

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы,сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ,бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.»,- деген еді елбасымыз Н. Назарбаев

Дүниеде барлық адам, барлық халық тәуелсіздік пен бостандықты, теңдікті аңсайтыны анық. Сол жолдағы тынымсыз күрес әлемнің кей түкпірінде әлі де жалғасып жатыр. Тәуелсіздік ұғымының терең астарын тарих

қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның сан ғасырлық арманынан іздегеніміз абзал.

Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, «Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде». Сол бірліктің арқасында еліміз экономикалық даму мен әлеуметтік жаңару, жаңғырудың даңғыл жолына түсті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгініміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десек, бесігінді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде мектептерде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Білім саласындағы ең нәтижелі бастамалардың бірі – жаңа мазмұндағы оқыту үрдісі.

Мақсат–бала дамуына түрлі әдіс-тәсілдерді шеберлікпен қолдана отырып, оқыту мазмұнына қойылатын талаптарды қалыптастыру

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері оқушының білімін дамытып, танымын арттыруға бағытталды.

Рухани жаңғыру – білім саласының жаңа көкжиегі»-деп Елбасының бағдарламалық мақаласындағы сананы жаңғырту, ұлттық болмысты жүзеге асыру мақсатында білім мен ғылымға, тәрбие саласына да үлкен мән беріп отырмыз.

Өткенді қуғанды қойып, осы күйінді жөндеуге жөн іздеу керек деп А.Байтұрсынов айтқандай:

Әсіресе, қазақ тілін біртіндеп латынға ауыстыру, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы, «Туған жер» бағдарламасы,

«Қазақстанның қасиетті жерлері», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның жаңа 100 тұлғасы» атты Елбасының қоғамдық сананы жаңғыртуға қатысты ұсынған жобаларының маңыздылығына назар аударып отырмыз..

Осы бағыттарды негізге алып мектепте кең де ауқымды шаралар өткізілуде.

Бүгінгі таңда Қазақстанның алдында тұрған әлемнің барынша дамыған 30-елдер қатарына кіру мақсатына жету үшін қазақстандық әрбір азамат бәсекеге қабілеттілік, прагматизм секілді қасиеттерге ие болуы тиіс, сонымен қатар, өзінің ұлттық бірегейлігін сақтай отырып, батыстық өркениеттің тек жағымды жақтарын ғана сіңіруі қажет екендігіне назар аудартты. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек.

Қорыта айтқанда, бұл елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген үндеу өсиеті деп білемін. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Ұстаз талантты болса, шәкірті талапты болады деген халық даналығы. Ендеше көкжиектен ауытқымай ұлт көшбасшысының өскелең ұрпақтың меңзеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Тастаев Дулат Ғалымжанұлы,

*Атырау облысы Мақат аудандық білім бөлімінің
Әдістемелік кабинет меңгерушісі*

Ақпараттық технологиялар жетекшілік еткен қазіргі қоғамда білім мен тәрбие беру жүйесі мемлекеттің инновациялық экономикасының негізгі бөлігі болып табылады. Жаһандану заманындағы мемлекеттік басты айқын міндеттің бірі - білім беру жүйесін интеграциялау жөніндегі міндеттерді талапқа сай жүзеге асыру және жалпы адамзатқа қызмет ететін, әлемдік маңызды мәселелерге шешім табатын азамат тәрбиелеу. Өйткені, қай елдің ғылымы мен білімі, мәдениеті жоғары - сол елдің әлеуметтік жағдайы жақсы, болашағы айқын.

Сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты адамды тәрбиелеуде **Жаңартылған білім беру мазмұнына** тәрбие принциптері сай болуы керек, толыққанды жүргізілуі тиіс. Өйткені, білім беру мен тәрбие - егіз ұғым. Білім беру бағдарламасында да тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы мен «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауының білім беру

саласының дамуын бағдарлаудағы маңызы ерекше. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында Мақат ауданында өткізілген жас ұрпақ тәрбиесі үшін аса маңызды шаралардың бірі - «Қазақстан Жазушылар Одағы» қоғамдық бірлестігінің Атырау филиалы мен Атырау облыстық білім беру басқармасы ұйымдастырған Зейнолла Қабдоловтың 90 жылдығына арналған «Естен кетпес сұлу сөздің Сардары» атты тәрбиелік шара. Қазақстанның халық жазушысы, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Зейнолла Қабдолұлы Қабдоловтың шығармашылығы мен өміріне кеңінен талдау жасаған оқушылар жазушы жерлесіміздің қаламгерлік-кеменгерлік-ғалымдық қасиетінен үлгі алып, қазақ елінің жарқын болашағына Әбіш атасындай қызмет етуге нық бекінді.

Мемлекет басшысының бағдарламалық мақаласының нақты алты бағытының алғашқысы да, айқын басымдылық танытатыны да - латын алфавитін біртіндеп енгізу арқылы төл жазуымызды қалыптастырып, ұлттық ұлағатымызды ұлығылау. ХХІ ғасырдың 17-ші жылымен жеткен жаңалыққа бастапқыда қарсылық білдіргендер де, оның маңызын түсінбегендер де болды. «Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Өзгеріске көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» деп Елбасымыз айтқандай, сатылай жүргізілетін шара аясындағы түсінік жұмыстарын мектептерде жоспарлы түрде жүзеге асыру арқылы, біз, ұстаздар қауымы мемлекеттік саясатымыздың толыққанды атқарылуына тиімді ықпал ете аламыз. Осы мақсатта 2017 жылдың 27 қазан күні Мақат ауданында Облыстық Әдістемелік Орталығы мен Мақат аудандық білім беру бөлімі бірлесіп ұйымдастырған «Латын әліпбиі: Жаңғыру – жазудан басталады!» атты облыстық филологтар съезі өткізілді. Съезд жұмысының мақсаты - латын әліпбиіне көшудің маңызын насихаттау. Жас ұрпағымызды тарихтың шаңына қалдырмай, қалың бұқараны кемел келешекке ұмтылуға үйрету мұғалімнің асыл міндеттерінің бірі екенін ой түйгізе баяндаған облыс ұстаздары Қазақ елінің рухани құндылықтарын нығайтуға және өз мүдделеріне бағытталған өркениетке бет бұруына арналған жаңа алфавиттің мүмкіндіктерін шара барысында кеңінен талқылады.

Мемлекет басшысының бағдарламалық мақаласында атап көрсетілген «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асырудағы тәрбиелік міндеттерді орындау мақсатында Мақат ауданының білім беру ұйымдарында «Жас туристер» бекеттері ашылып, өз жұмысын бастады. Мұнда оқушылар сабақтан тыс уақыттағы қоғамдық қызмет аясында туған өлке тарихын үйренеді. Бекет жұмысының алғашқы көрінісі - оқушылардың күзгі каникул уақытын тиімді пайдалану мақсатында 2017 жылдың 3 қарашасы күні Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайына және қала күніне ашылған «Ретро саябағына» саяхат жасалды. Бұл шараға ауданымыздың барлық мектептерінен «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 57 белсенді оқушысы мен 9 тәлімгері қатысты. 2018 жылы да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, өлкеміздің өнегелі өткенінен үлгі алып өсетін оқушылар қатарын арттыру жоспарлы түрде жүзеге асырылады.

Елбасымыз жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында тәрбиенің қоғам дамуындағы маңызын ерекше атап өтіп келеді. «Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық. Бұл құндылықтар меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да сіңірілуге тиіс» деген Елбасы сөзі оқу-тәрбие жұмысының басты бағдарына айналды.

Тағылымды тәрбие отбасы мен мектептен бастау алады. «Сендер – Қазақ елінің болашағысыңдар. Қазақстанның қандай болуы – сендер алған білім мен тәрбиеге байланысты. Президентіміздің елімізге сіңірген ерен еңбегінің арқасында сендерді жарқын болашақ күтіп тұр. Біздің мемлекетіміздегі игілікті істің бәрі сендер үшін, сендердің болашақтарың үшін жасалып жатыр» деп болашағына сенім арта тәрбиеленген бала ғана Елбасымызды аса құрметтейтін, еліміздің заңдарын сыйлайтын, рәміздерін мақтан ететін, мемлекеттік мүддеге адал қызмет ететін ұлтжанды азамат болып өседі. Осы ұлағатты мақсатта 2018 жылдың сәуір айында Мақат ауданында «Астана – Қазақстанның қасиетті орталығы» атты облыстық ғылыми – практикалық конференция ұйымдастырылғалы отыр. Шараны ұйымдастырудағы басты міндет - Отанымыздың жүрегіне айналған әсем қаланың өткені мен болашағын түсіндіруде, тарихи маңызын меңгертуде ұлттық патриотизмнің қоғамдық сипатын да, отбасылық ұлағатын да кеңінен қамту.

Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десен, қазақ, ең алдымен бесігіңді түзе!» деген ұлағатты сөзі тегін айтылмаған. Елдің бесігі де, білімге ашылар есігі де – мектеп. Мектептегі әрбір бала – зерттелмеген құпия жаңа әлем. Сол әлемнің жүрек көзін ашу, әр баланың жеке тұлғалық қасиетін дамыту мұғалімнің ғана қолынан келеді. Ендеше, қоғамның қозғаушы күші болған ұстаздар қауымы болашақта өзіне қойылған жаңа заман міндеттерінің оң шешімін табарына, азаматтық қоғам талабының биігінен көрінеріне сеніміміз мол.

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ-ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДА

Тастемірова Әмина Бисенғалиқызы

*Атырау облысы, Исатай ауданы Жалпы білім беретін
Аққыстау орта мектебінің мұғалімі*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы еліміздегі рухани құндылықтарды нығайтуда өте маңызды бағдарламалық құжат болып табылады. Мақаланың басты ерекшелігі Қазақстанның рухани өркендеуі, әлемдегі тоқтаусыз өзгерістер мен жаһандану жағдайында өзінің ұлттық ерекшелігін, рухани әлеуетін жоғалтпайтын ел ретінде дамуы. Ел басшысы ұлттық сананы жаңғыртып, рухани жаңғырудың қыр-сырын атап көрсетті. Халқымыздың тағылымы мол тарихы мен ұлттық салт-дәстүрін алдағы өркендеудің берік тіні ете отырып, болашаққа сеніммен бет алуды айқындап берді. Елбасымыз мақаласында: «Табысты болудың ең

іргелі басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен де биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деп айрықша атап көрсеткен болатын. Тұғырлы мемлекетіміздің мәртебесін көтеретін-сапалы білім мен саналы тәрбие. Білім беру саласында әлемдік білім беру кеңістігіне енуімізге байланысты жасалынып жатқан игі жұмыстар мектеп оқушыларының сыни тұрғысынан ойлау қабілетін дамытып, білім мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайына пайдалана білуге үйрену қажеттілігін туғызады. Биылғы оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердің 1,2,5,7-сыныптары жаңартылған оқу бағдарламасына көшкен болатын. Жаңартылған мазмұндағы білім беру жүйесі дегеніміз-халықаралық стандартқа сай келетін және Назарбаев Зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен заманауи оқу бағдарламасы. Бұл бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сын тұрғысынан ойлау қабілетін жетілдіруге көмектеседі. Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда, оқушыларға тілдік-коммуникативтік төрт дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) меңгертуде жаңартылған оқу бағдарламасының берері мол екені даусыз. Осы бағытта ұстаздарымызға үздіксіз ізденісті, креативті жаңашылдықты, үлкен шығармашылықпен жұмыс жасауды жүктейді.

Әрбір ұлт әлемдік деңгейге өз ұлтының құндылығымен ғана шыға алады. Ұлттық құндылықтар - дүниетаным бастауы, әлемдік деңгейге апаратын рухани көрсеткіш. Біз дамыған алдыңғы қатарлы ел болуымыз үшін ұлттық тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді, тарихымызды дамытуымыз қажет. Жас ұрпақтың бойына осындай ұлттық құндылықтарды дарыту, сіңіру тамырын тереңнен алатын шежірелі тарихты ардақтаудан басталады. Рухани жаңғыру кезең-кезеңмен атқарылып жатқан елдегі реформалардың жалғасы деп ұғынғанымыз абзал. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында Исатай ауданының Аққыстау орта мектебінде де ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу бағытында «Туған жер», «100 жаңа оқулық», «100 жаңа есім» жобалары бойынша іс шаралар жасақталып, жоспарлы жұмыстар жүзеге асып келеді. Оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру мақсатында өткізілген әдеби шараларда, атап айтқанда, республикалық Абай-Шәкәрім оқуларында 10-сынып оқушысы Жолдасқалиқызы Әсел жүлделі 2-орынды, аймақтық Қадыр оқуларында 10-сынып оқушысы Мағзом Шолпан 1-орынды, ән номинациясы бойынша 9-сынып оқушысы Мәжитова Дана 1-орынды, республикалық Мұқағали оқуларынан 11-сынып оқушысы Қалиматова Ақнұр «Асыл сөз» номинациясын иеленді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мектебімізде «Адал ұрпақ» атты ерікті мектеп клубы жасақталып жұмыс жасауда. Олар мектепте оқушыларды азаматтық патриотизм, рухани адамгершілікке тәрбиелей отырып, таза қоғам қалыптастыруға, адалдыққа дәріптейді. Оқушыларды рухани адамгершілік бағытта тәрбиелеуде «Қоғамға қызмет ету» жобасы аясында мектеп оқушылары

жалғызбасты, көмекке мұқтаж жандарға құрмет көрсетіп, қайырымдылық шараларын ұйымдастырып келеді. «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру аясында аудандық өлкетану мұражайында жаңа экспозициялық көрме ашылып, мектеп оқушылары көрмені көруге мүмкіндік алды. Елбасы мақаласына арқау болған рухани жаңғырудың сара жолы,күретамыры осы мұражайдан басталады деп есептеймін. Өйткені,жастарымыздың санасына өз туған жерінің топырағының тарихын сіңіріп,туып-өскен жері туралы құнды деректермен, Исатай өңірінің өсіп өркендеуіне үлесін қосқан белгілі тұлғаларды танып білуіне өлкетану мұражайының қосар үлесі ерекше.

Ұлтымыздың сүйенер алтын діңгегі-ана тіліміз. Елбасымыз қазақ тілінің дамуына зор көңіл бөліп, ана тіліміздің мәртебесін көтеруге, «Үштұғырлы тіл»-қазақ тілі,орыс тілі, ағылшын тілінің маңыздылығына айрықша мән берді. Атап айтсақ:« Қазақстандықтардың болашағы-қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет. Орыс тілін білу маңызды болып қала береді. 2019 жылдан 10-11-сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін оқытуды ағылшын тіліне көшіру басталатын болады. Нәтижесінде, біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді меңгеретін болады.»

Ұлтымыздың рухани әлемі үшін маңызды болып табылатын өзекті мәселелердің бірі - қазақ тілін латын әліпбиіне біртіндеп көшіру мәселесі. Елбасымыз бұл мәселені де қамти отырып: «2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде латын әліпбиіне көшудің нақты кестесін жасау қажет. Латын әліпбиіне көшу қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындатуға мүмкіндік береді», - деп ерекше атап көрсетті.

Мемлекет басшысы жүктеген ауқымды міндеттердің бірі -жастардың білім деңгейін көтеріп, бәсекелестікке төтеп беретін білікті мамандар даярлау міндеті. Сондықтан оқыту үдерісіне заманауи технология мен жаңашыл әдістемелерді енгізу қажет деп есептеймін. Елбасымыз биылғы

Жолдауында: «Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет. Мемлекет жастарға алғашқы мамандықты береді. Жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен цифрлық дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жанарту керек», -деп айрықша атап көрсетті. Елбасының бастамасымен былтырдан бастап «Баршаға арналған тегін-кәсіптік білім беру» жобасы іске асырыла бастады. Болашақта техникалық мамандықтарға бөлінетін оқу гранттары көбейеді. Бүгінде еліміздің индустриалдық орталықтарында құрылысшы,токарь,электр дәнекерлеуші мамандықтары өте тапшы. Сондықтан мектеп қабырғасында оқушылардың бейімділігі мен қабілетіне қарай дұрыс кәсіптік бағдар беруіміз қажет деп есептеймін.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» атты мақаласында: Қазақ туған жерге туыңды тік деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе,өскен ауылыңа,яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.

Туған жер-әркімнің шыр етіп жерге түскен,бауырында еңбектеп,қаз басқан қасиетті мекені. Туған жерге оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу-шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі деп атап көрсетті. Міне,Елбасымыз айтқандай ,туған жеріне,еліне адал қызмет еткен абзал азаматтар ауданымызда да жетерлік Исатай ауданы-90 жылдық тарихы бар ерлік,еңбектің киелі өнердің,өміршең дәстүрдің мекені. Осынау өлкеде талай-талай тарихи тұлғалар,батырлар мен ақындар,әншілер мен күйшілер дүниеге келіп,кейінгі ұрпаққа өшпестей із қалдырды. Олардың өнегелі өмір жолын насихаттау-бүгінгі ұрпақтың бұлжымас борышы.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұсынылатын жобалар қоғамдық сананы жаңғырту жұмыстарына бағытталуы тиіс деп есептеймін. Ауқымды жобаларды ауданымыздың жалпы білім беретін мектептері кәсіби-желілік қоғамдастықта байланыста болып,қоғамдық ұйымдармен,аудандық ішкі саясат бөлімімен,мәдениет бөлімімен,селолық округтармен бірлесе отырып жүзеге асыруға болады деп санаймын. Қорыта келгенде,ауданымыздың ұстаздар қауымы Елбасымыздың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» атты мақаласынан туындаған келелі міндеттерді жауапкершілікпен жүзеге асыруға атсалысады деп сенім білдіремін. Рухы биік ұлттың ғана ұтары-көп, болашағы-зор. Біздің міндетіміз-айқын,алған бағытымыз-нақты. Тәуелсіз елімнің бүгіні мен ертеңі-оның рухани жаңғыруында. Сондықтан туған жерге қызмет ету,елдің патриоты болу-баршамызға ортақ парызымыз. Тіл – ұлттық құндылық, ұлттық мұра, ұлттық тәлім тәрбие құралы. Ұлттық тәрбие қазірде елімізде орын алып отырған қоғамдық қауіпті дерттерді: ана тілін, ата тарихын,ұлттық салт дәстүрін білмейтін имансыз жастардың, тастанды жетім балалардың көбеюіне, «қиын» балалардың, ата анасын қарттар үйіне тапсырған безбүйрек ұл- қыздардың, нашақорлыққа, жезөкшелікке, маскүнемдікке салынған жастардың ерсі қылықтарын бірте бірте жоюда, олардың алдын алып, болдырмаудың бірден- бір жолы болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Оқушыларды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез құлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек», деп атап көрсетуі де – бүгінгі заман талабы. Ендеше, ұстаз алдындағы ендігі міндет ұлттық тәрбиені бүгінгі күннің талабына сәйкестендіре сіңіру. Қойнауы шежіре мен сырға толы дархан даланы мекен еткен дана халқымыздың ұлттық құндылықтарын ұрпақ санасына жаңғыртып, сіңіре білсек қана, тәуелсіз егеменді еліміздің ертеңі жарқын болмақ. Қорытындылай келе төмендегі ұсыныстарымды назарларыңызға ұсынамын:

1. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүзеге асырылып келе жатқан «Туған жерге тағзым», «Кіші тағзым» атты жобаларды Исатай ауданына қарасты жалпы білім беретін мектептерде ұйымдастыруды ұсынамын;

2. «Әлемнің жеті кереметі» іспеттес «Исатай өңірінің жеті кереметін» енгізуді ұсынамын. Оның ішінде әр сала бойынша бөліп «Әдебиет саласының

жеті кереметі», «Күй өнерінің жеті кереметі», «Нарын өлкесінің жеті кереметі» деп нақтылап көрсетілсе екен деп ойлаймын.

3. «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру аясында әртүрлі зерттеу экспедициялары мен археологиялық қазба жұмыстары кезінде өзі туып өскен өлкесінің тарихы мен байлығын өз көзімен көріп білу үшін жоғары сынып оқушыларын волонтер ретінде жіберіп отыруды ұсынамын.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ДӘУІРІ- БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Тюрина Фазила Жауғаштықызы,
Атырау облысы Махамбет ауданы
Есбол орта мектебінің директоры

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасауымыз қажет.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Екі дәуір түйіскен шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» деген.

Білім –бүгінгі жаһандану жағдайында өркениеттіліктің әрі өлшемі, әрі тетігі, құндылығы болып табылады. Себебі, кез-келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік- экономикалық та дәрежесі онда сүретін халықтың білім деңгейіне байланысты. Осыған орай қазіргі білім берудің мақсаты- білім алып, білік пен дағдыға қолжеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүріп, жұмыс істей алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, өзгенің ісіне әділ баға бере алатын жеке тұлға қалыптастыру.

Қазір Республикада білім берудің жана жүйесі жасалынып, әлемдік білім кеңістігіне ену бағытында елеулі істер атқарылуда, атап айтқанда

Білім парадигмасы өзгерді;

Білім берудің жана үлгісі жасалынды;

Жаңа мазмұн мен оқу кешендері дайындалды.

Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Мақсатымыз – алдымызда тұрған өзекті мәселелер турасында жұмыстану, көп

еңбек ету. Соның ішінде ең бастысы – әлемдік білім кеңістігіне ену жолындағы алғашқы қадамдар. Тәуелсіз мемлекетімізде білімнің маңыздылығы жоғары бағаланып, оған барынша жан-жақты қолдау көрсетілуде. Жаһандану заманында жас ұрпақтың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, оқу-білімге деген құштарлығын ояту, бала бойына құндылықтарды дамытып отыру ұстаздың қазірде басты міндеті болмақ. Аталған міндеттер орындалу үшін кез-келген маман «смарт педагог» болуы қажет деп есептеймін. Осы үлкен жауапкершіліктің үдесінен шығу мақсатында елімізде ұйымдастырылып жүрген «Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жанарту аясында» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсынан өтіп, өз білімін теория және практикамен ұштастыру керек деп білемін.

Біз үстіміздегі оқу жылын жаңа бағдарлама және жаңа оқулықтар бойынша, оқу жетістіктерді критериалды бағалау жүйесі бойынша бастадық. Оқушыларға инновациялық білім берудің нәтижесінде – сыни ойлауы, зерттеу жұмыстарын жүргізуі, тәжірибе жасауы, АҚТ –ны тиімді қолдануы, коммуникативті қарым-қатынасқа түсе білуі, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай алуы, шығармашылықпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады. Алған білімдерін өмірмен байланыстыру арқылы функционалдық сауаттылықтары артады.

Мұғалімнің кәсіби дамуына тікелей әсер етудің бір жолы-мектепте және мектептер арасында желілік қоғамдастық құру. Қоғамдастықтың тиімділігі озық іс-тәжірибе алмасу үшін мүмкіндігі мол кең сипаттағы құрылым болып есептеледі. Осы орайда мектебімізде «Жалын» қоғамдастығы құрылып жұмыс жасауда. Бұл қоғамдастықтың негізгі мақсаты

Ортақ проблеманы анықтау;

Мұғалімнің кәсіби қызметіне көмек көрсету;

Желілік қоғамдастықтың әрбір мүшесіне қолжетімді деңгейдегі біртұтас ақпараттық педагогикалық ресурс қалыптастыру;

Қоғамдастық құру арқылы ой бөлісу, тәжірибе алмасу, білім мен біліктілікті дамыту. Мектебіміздегі «Жалын» қоғамдастығы қаладағы «Бәйтерек» желілік қоғамдастығымен тығыз байланыста жұмыс жасауда. Осы серіктес мектептер арасындаа жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Желілік қоғамдастық құрамында аудан, қала мектептері бойынша 12 мектеп жұмыс жасайды. Өткен оқу жылында мектебімізде «Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау» тақырыбында облыстық семинар өткізілді. Семинар барысында жалпы мұғалімдер қауымы оқу жетістіктерін қалай өлшеу және оқушылардың дамуға қол жеткізіп өзін-өзі реттей алатындығын көрсете отырып тәжірибе алмасты. Семинарда мектеп мұғалімдері 1 коучинг, 3 ашық сабақ, «Идеялар жәрмеңкесі» өткізілді. Өткізілген ашық сабақтарда қалыптастырушы бағалаудың күнделікті іс-тәжірибесі барысында оқушының меңгеру деңгейінің өлшемі мен ілгерлеуін анықтауда оқыту үдерісінде төменгі әдіс-тәсілдерді « Қол сигналы», «Бағдаршам» , «Қортындылауға арналған карточка индексі», «Попс формуласы», «Екі жақты күнделік» , «Балық қаңқасы» т.б түрлерін қолданылды.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Құйрықты жұлдыздай жарқ еткен, ұлы ағартушы Шоқан Уәлиханов: «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген. Азат, тәуелсіз мемлекетпіз, енді жүйелі білім беру міндеті ғана тұр. Бұл міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне ендіру – ұстаздар үшін парыз. Оқушы бойындағы қасиеттерді ескере отырып, сезімін, ынтасын оятар іс-әрекетті жоспарлап әрі қарай оқушының таным белсенділігін арттыруды мақсат еткенде ғана оқу өз нәтижесін берері сөзсіз!

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Хамзина Бахытгүл Бөкейқызы,
*Атырау қаласы Жалпы білім
 беретін М.Мөңкеұлы атындағы
 №6 орта мектеп директорының тәрбие
 ісі жөніндегі орынбасары*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында халықтың тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алу қажеттігі айтылған. Осыған орай тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңартудың бірнеше бағытын атап көрсетті:



Тәуелсіз Қазақстан үшін жалпы адамзаттық құндылық пен рухани бай тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті сипатқа ие болып отыр. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік рухани қайнарын сіңіріп, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарды әділдік пен өзара көмекті ғұмыр бойы мұрат тұтуға бет бұруы қажет. Сондықтан рухани жаңғыруға үлес қосу әрбір азаматтың борышы деп білемін. Дегенмен басты жауапкершілік тәрбиеші мен мұғалімге жүктеледі. Себебі олар ұлт болашағын тәрбиелейді. Сондай ақ

Елбасымыздың мақаласында «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптауырын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыр тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең баста шарты сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп оңай. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр алмас, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдыретімен маңызды. Бұл тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын деп жүрекжарды ойын ортаға салған еді».

Рухани жаңғыру негізінде оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі болып отыр. Олардың санасына туған халқына құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, мәдениетін, өнерін, салт дәстүрін, тарихи мұраларды қастерлеуге тәрбиелеу, тәлім мен тағылым, білім мен біліктерін шыңдау басты міндет. Осы міндетті дұрыс түсініп, адамзатқа жеткізудің де орны ерекше. Ол үшін басты идеяларды басшылыққа ала отырып оны оқушы санасына сіңіріп, артық ақпараттар емес білім беру жүйесін рухани адамгершілікке тәрбиелейтін жалпыадамзаттық құндылықтарға негіздей отырып қайта құруда сөзден іске көшу керек. Жоғарыда айтып өттік, ұлттық код деп, міне ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды деп. Ал екіншіден алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұтастарынан бас тарту керек. Осыған орай, оқыту үрдісінің ұлттық құндылықтарға негізделуі ең маңызды мәселе оны тұтас білім беру үрдісінде үздіксіз іске асырылуына көңіл бөлінуі қажет.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде рухани бастаулар ашу, олардың жүректеріне ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып ұлттық сананы жаңғыртуға баса назар аудару мақсатында өзім қызмет жасап жүрген мектебімде тәрбие бағыты бойынша ұл балалармен бөлек және қыз балалармен бөлек үйірме аштым, бұнда жаңа айтып өткендей мақсатым жас ұрпақ бойына рухани адамгершілік, ұлттық сананы, ұлттық дәстүрді қалыптастыруда бағыты болатын.

Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа байлық, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару басты ұстаным болмақ. Өз ұлтын

қадірлеп қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: Терең рухани қазынамыз: қазақ болмысы, ұлтаралық қатынастар, руханилылық пен адамгершілік нормалары, мәдениет, оқу білім, тәрбие мәселелері туралы айтқан тұжырымдары осы күнге шейін маңызын жойған жоқ.

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал мәтелдері, лиро эпостық және батырлар жырлары, әдет ғұрыптары, салт санасы, менталитеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Міне осы салт дәстүрімізді дәріптеу мақсатында пәннен бөлек әрбір мектепте үйірмелер ашсақ, ол үйірмелерді қауымдастық ретінде әр пәннің мұғалімдері тақырыпқа сай өткізіп баланың қызығушылығын арттырса деген маған тұжырымды ой келді де мен осы бағытта жоспар құрып, мектебімде әдейі бөлме ашып ол бөлмені салт дәстүр, рухани жаңғыру бағытында безендіріп, бала одан бір нәрсе алатындай құнды деректермен толтырсам деген мақсатымды жүзеге асырып жатырмын.

Сонымен қатар Елбасының Жолдауындағы «Мәңгілік ел» идеясы көтеретін бірінші мәселе ол рух, патриоттық, отансүйгіштік мәселелер айтылған міне осы мақсатты да жүзеге асырубағытында үйірмелерде біз ата бабаларымыздың ерлік істерін, мыңдаған жылдық жауһар шығармаларды өскелең ұрпаққа таныту арқылы ұлттық идеяны қалыптастыруға қомақты үлес қосамыз деп ойлаймыз. Бұл жұмысты әрбір мектепте қолға алатын болсақ, рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда маңызды тәрбиелік міндеттер бар, оны бала бойына сіңіре біледі: біріншіден, рухани адамгершілік, руханилылық, әсемдік ақиқат, ізгілік, еркіндік, рахымшылдық, кешірімділік, тәуелсіздік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтардың өмірге еркін ене бастауы; екіншіден: жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар, ұлттың өз мәдениетін меңгере отырып, әлемдік рухани ынтымақтастық рухта басқа ұлттармен бейбітшілікті сақтау; үшіншіден: оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, жан дүниесін адами құндылықтар арқылы рухани адамгершілік пен руханилылықты берік орнықтыру.

Рухани жаңғыру кезінде ең алдымен біз елін, жерін, халқын шын сүйетін ұрпақ, қалың қауым тәрбиелейміз десек, әуелі тарихи санамыз жаңғыру керек. Қазақтың ертеңгі ұрпағы ең әуелі осы елдің, осы кең байтақ жерді қалай иеленгенін, бұған қанша қан төгіліп, қанша тер сіңгенін, мұндай ұланғайыр даланы біздің ата бабаларымыз қалай сақтап қалғанын, бұл даланы бізге өсіп өну үшін аманаттап кеткенін, осы дархан даланың әр қарыс жері үшін батырларымыздың, хандарымыз бен билеріміздің қасық қаны қалғанша қалай күрескенін бүгінгі ұрпақ білуі керек, сонда ғана тарихын тану арқылы біздің ұрпақтың бойында қазақ екенін мақтан тұтатын, «мен мынадай ата бабадан, намысын таптатпаған ержүрек, батыр ұлттан тараған ұрпақ екенмін ғой» деген

түсінік қалыптасқан, елі мен жерін сүйетін шын мәніндегі отаншыл, ұлтшыл, патриот ұрпақ өсіп өнеді деп ойлаймын. Сонымен қатар, білімнің салтанат құруын, оқушылардың білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылуын талап етеді. Жоғарыда айтылғандарды топшылай отырып, біз рухани адамгершілік құндылықты белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе деп түсіндіреміз. Яғни рухани адамгершілік құндылық адамның ішкі жан дүниесі қасиетінің өлшемі адамның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, өмір сүруге талпынысы, өмірді дұрыс түсіну мәселелері жайында ізденуі, өзін өзі танып, өзін өзі бағалап, сол арқылы дүниені, әлемді тануына жол ашуды жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру рухани азғындықтан шығудың ең басты жолы. Осы орайда бүгінгі таңдағы білім беру ұйымдарында жүргізілетін тәрбиенің өзіндік басты мақсаты да осында айқындалып, бағыты белгіленуі қажет. Ұлттық тәрбие деп, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез құلقىның ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыруда ұстаз тарапынан педагогикалық қолдаудың мәні зор және жағымды психологиялық жағдай жасау тұлғаның өзбойындағы мүмкіндіктерін ашуға бағыт беру, ұстаздың кәсіби деңгейі мен мәдениеттілігінің жоғары болуы. Ұжыммен белгілі бір іс әрекетте қарым қатынас барысында пайда болатын жағдайлар белгілі бір әдетке мінез құлықтың белгілі бір бағытын таңдауға әкеліп, ұлттық сана қалыптасуына негіз болады.

Жоғарыда атап өткен үйірмеде рухани жаңғыру негізінде оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыруда төмендегідей әдіс тәсілдерді пайдалануды ұсынуға болады:

Дәрістер ұлттық құндылықтарға негізделген теория мен тәжірибенің бай мұраларын берілген жарқын ақпарат, деректер, қызықты мысалдыр, әлқиссалар, ертегілер, жырлар, шешендік сөздер негізінде өткізілсе оқушылардың ынта ықыласын, қызығушылығын тудырып, ұлттық сананы қалыптастыруға мүмкіндік береді;

Ұлы тұлғалар күні халқымыздың батыр ұлдары мен қыздары, ұлттық мақтаныштарымыз болған Ұлы тұлғалар (Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Ахмет, Мағжан, Міржақып т.б) мерейтойларына орай өткізілетін танымдық, құндылық бағыт беретіндей қызықты да мазмұнды шараларға атсалысып, өз үлестерін қосуға ықпал ету;

Пікір сайыс екі топ кезегімен ой толғаныстары мен шешімдерін ортаға салып, өз жобаларын қорғауға жаттықтырады;

Сыр сұхбат қазіргі кезеңде қоғамымызда болып жатқан өзгерістерге сай, адамдардың бойындағы ұлттық сана деңгейінің өзгеруі, халықтық педагогика идеяларындағы ой пікірлердің ерекшелігі; мәселенің шешімін табу жолдары;

Ашық микрофон рухани адамгершілік тәрбиені біртұтас оқу үдерісінде үздіксіз жүргізу арқылы, ғұлама ойшылдар мен ұлылар ұлағатының идеяларының ықпалы туралы мәселені талқылаған маңызды болмақ;

Ұлттық сананы қалыптастыруда ақын жыраулар тағылымдарын, Абайдың «Қара сөздері» секілді тәлімдік мәні зор материалдарды пайдаланып, этикалық тақырыптағы әңгімелер, түсіндірмелер, дәрістер, этикалық әңгіме сұхбаттар, ақыл кеңестер, мысалдар қолдану өз нәтижесін беретіні дәлелденуде.

Біздің мектебіміз өзін өзі танудан пилоттық мектеп, оның шығармашылық тақырыбы мен мақсат, міндеттері бар. Біз әр аптаны бес құндылыққа байланысты бөліп тастап, мысалы «Сүйіспеншілік», «Ақиқат», т.б, соған орай «Бүгінгі күнге ұлы сөз», «Бүгінгі күн тамаша» деп жылжымалы стендке керемет ғибратты сөздер, адам жанын мейірімге бөлейтін сөздер жазылып отырылады. Сөз құдіреті өте керемет күшке ие екендігі белгілі. Бұл стендте сонымен психологиялық адамға күш жігер беретін сөздермен де толықтырылған, осы сөздерді материалдарды үйірме мүшелеріне беріп жіберген уақытта олар керемет құнды сөздер тауып әкеледі, міне бұл оқушылардың ізденуіне, сонымен қатар кітапханаларға барып кітаптар іздеп, оның парақшаларын парақтауға белсенділіктерін арттырады. . Ұсынылған шараларды оқу тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану оң нәтижеге жеткізіп, оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыруға негіз болады деп есептеймін. Дұрыс ұйымдастырылған оқу білім, еңбек, іс әрекет оқушылардың ақыл ойын дамытады, өмірлік дұрыс бағыт таңдауына, ұлтын, жерін сүйуге мүмкіндік береді.

Ең бастысы ұрпақ тәрбиесінде ата ана, ұстаз, білім беру ұйымдарын басқарушы әкімшілік өздері үлгі бола отырып жас өркенді ақпараттар ағымымен қаруландыруды ғана мақсат тұтпай, адами құндылықты, рухани адамгершілік тәрбиені жас ұрпақтың бойына сіңіруде нақты іске көшудің жолдарын жасау қажет. Мұнда тұлғаның рухани бастауын ашуда кемел мұғалім ретінде ізгілік стилін, ата анамен ынтымақтастық орнату, әрдайым жағымды көңіл күй туындату арқылы жас ұрпақтың бойына имандылық, ізгілік, кісілік, бауырмалдық, ұлтжандылық т.б құнды адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру маңызды болмақ.

Қорыта айтар болсақ, рухани жаңғыру негізінде оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыруға ықпал ететін бірқатар мәселелерді атап өтейін: қоғамдық сананы жаңғыртып, заман сынағына лайықты нақты тәрбиелік мәні бар іс шараларды жүзеге асыруымыз қажет. Мектептегі қосымша білім беру бағытын жандыруымыз керек, үйірмелер санын көбейтіп, оны жүйелі жүргізіп, жек тұлғаның бойына адами құндылықтарды сіңіре білсек, Қаныш Сәтбаев айтқандай «Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ жеңіске жетесіздер» деген болатын. Мұғалім бұл ақылдың шектеулігін жоятын, сонысымен жер бетіндегі тыныштыққа ықпал ететін және өзіңді өзің ұстай білуге үйрететін адам. Біз тек адамды өзгерту арқылы, адамның қасиетін өзгерткен кезде ғана адами құндылығымызды дамыта аламыз. Біздің мақсатымыз мәңгілік рухани адамгершілік құндылықтарға негізделген кемел

мінезді, ойы ұшқыр, сөзі мен ісі бірлікте болатын адам тәрбиелеу болып табылады. Міне, Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы айқын міндеттерді орындауда әрбір педагог ұлтын сүйетін, ұлт тағдырын өз тағдырымен байланыстыратын жүрегі ізгілікке толы әрбір азамат тәрбиелеуіміз керек деп ойлаймын.

РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА-ВКЛАД В БУДУЩЕЕ

Алмаш З. Т.,

Директор школы-лицей №17

г. Атырау

Начало каждого нового года мы, педагоги, с воодушевлением ждем ежегодного Послания главы государства Н.Назарбаева. Знаем, что он всегда обращает особое внимание на сферу образования. С вдохновением ждем, с какими стратегическими задачами и заботой о благосостоянии обратится Президент к педагогическому сообществу.

В нынешнем Послании от 10 января 2018 года «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» Елбасы определил десять задач действия «для успешной навигации и адаптации в новом мире». Президент указал, что мир вступает в эпоху четвертой промышленной революции, происходят глубокие изменения в промышленных технологиях, в экономике, в быту. В Послании озвучены не только работа и достижения, которые проделаны народом Казахстана, но и сказано об «узких местах» и недостатках, о том, как предстоит работать над ними. Это вселяет уверенность в то, что мы справимся с текущими глобальными вызовами. Особое значение для нас, педагогов, имеют приоритеты, поставленные в седьмой задаче, где акцент сделан на модернизацию человеческого капитала. Президент подчеркнул, что все уровни системы образования должны отвечать современным реалиям и потребностям экономики.

Особо актуальными являются вопросы обновленного содержания образования и профессиональной компетентности. Школа-лицей №17 г. Атырау 2015-2016 учебном году вошла в пилотный проект внедрения обновленного содержания образования в числе 30 республиканских школ. Учителя школы одними из первых в городе пересмотрели подходы к обучению и росту квалификации педагогов. «Обновленное содержание – это современные учебные программы, соответствующие международным стандартам», которые дают нашим детям «необходимые функциональную грамотность и критическое мышление». В процессе внедрения обновленного содержания мы всегда ощущаем постоянную поддержку коллег АОО «Назарбаев Интеллектуальной школы», Центра педагогического мастерства и других вышестоящих ведомств. Для нас стало очевидным, что обучение в пилотных классах, а в последующем и в классах, перешедших на обновленное содержание образования, основанных

на стандартах мировой образовательной практики с учетом сохранения лучших традиций и стандартов отечественного образования, невозможны без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе ,нового отношения к ученику. Педагоги понимают ,что велением времени они должны владеть не только фундаментальными знаниями по предмету ,но и IT-технологиями ,иностранными языками.

В Послании прозвучало ,что с января 2018 года должностной оклад учителей, которые переходят на обновленное содержание образования, будет увеличен на 30%,помимо этого, вводится новая сетка категорий педагогического работника, будет учитываться уровень квалификации, тем самым заработная плата возрастет от 30 до 50% . Все эти действия направлены на укрепление престижа учителя -ключевой фигуры образования. Сегодня в школах города стоит острый дефицит педагогических кадров ,особенно в классах с русским языком обучения. Педагоги, работающие в классах с русским языком обучения, предельно загружены ,особенно учителя начальных классов, которые ведут по два класса. Учитель не в полной мере может достигать эффективности и результативности обучения, реализовывать повышения квалификации, самосовершенствования, ведения электронных дневников . В школах города в последнее время остро стоит проблема старения педагогических кадров, учителя пенсионного возраста уходят или задерживаются, а новые кадры не идут. Хотелось бы,чтобы в школы пришли работать неравнодушные, талантливые, творчески мыслящие ,владеющие английским языком выпускники педагогических вузов. Наша задача руководителей школ -помочь молодым учителям адаптироваться удержать их в школе. К сожалению, в «кузнице» кадров, в местном педагогическом вузе почти нет выпускников физиков,математиков,начальной школы обучающихся на русском языке на дефицитных специальностях.

А молодым педагогам из других регионов, желающим приехать в Атырау, необходимо жилье. Хотелось бы, чтобы местные акиматы помогли им в предоставлении служебного или арендного жилья. В школах необходимо вести воспитательную работу по мотивированию и профориентации наших выпускников на педагогическую профессию, проводить больше дней самоуправления, дней дублера.

С дефицитом кадров в учебных заведениях города параллельно стоит вопрос дефицита ученических мест. Данный вопрос решается акиматом г.Атырау : выделяются средства: на пристрой учебного корпуса для начальных классов, на капитальные и текущие ремонты школ ,на пополнение материальной базы школ города. Глава государства подчеркнул :«Нагрузка на учеников у нас самая высокая среди стран СНГ и в среднем более чем на треть выше ,чем в странах ОЭСР ,нужно ее снизить». Дети сегодняшней школы очень любознательные, продвинутые в информационных технологиях, и это надо развивать. В седьмой задаче Послания сделан акцент на «усиление качества преподавания математических и естественных наук». Качество преподавания этих предметов в лицеях- один из важных приоритетов ,академические знания

тут необходимы для применения универсальных способностей, умений и навыков, одной компетентностью в обучении этих предметов не обойтись. В целом, учитель должен открывать ценности в каждом предмете и мотивировать на изучение этих ценностей, применять полученные знания в определенной деятельности. В Послании дается поручение на «успешное интегрирование молодого поколения в научно-исследовательскую и промышленно-технологическую среду». Правильное использование свободного времени, ориентирование детей на посещение различных кружков, поможет учащимся развивать и разовьет их творческие способности, сформирует конструкторские умения и навыки. Занятия в кружках научат детей целенаправленно применять полученные знания и практические навыки.

Всегда радуется то, что наша молодежь стремится владеть языками. «Будущее казахстанцев - за свободным владением казахским, русским и английскими языками», и тут же Президент подчеркивает, что «переход на латинский алфавит способствует решению этого вопроса». В данное время ведется интенсивная подготовка учителей к внедрению трехязычного образования. Уже в следующем учебном году учителя нашей школы-лицея № 17, получившие международные сертификаты, будут вести уроки информатики, химии и биологии на английском языке. Стоит непростая задача, сами педагоги, которые проходят курсы, заверяют, что справятся. Непростая задача перед руководителями и заместителями школ, методистами различных уровней, которым предстоит колоссальная работа по реализации реформирования образования в целом. Эксперты ОЭСР отмечали, что без соответствующей поддержки этого звена в образовании реализации реформ не будет действенного толчка. В ведущих странах мира уделяется большое внимание профессионализации менеджеров школ. Необходим стимул для привлечения и удержания креативных руководящих кадров школ. Средняя заработная плата директора школы ниже заработной платы учителя. Многие мои коллеги считают, что легче и выгоднее быть просто учителем, так как заработать можно больше, и ответственности меньше. «Не должен директор школы или детского сада получать зарплату вдвое меньше своего рядового сотрудника», этот вопрос по изменению системы оплаты труда управленческого звена поднимала на совместном заседании палат Мажилиса Депутат Дарига Назарбаева. Британские исследователи указывают, что «эффективность работы учителей в большей степени зависит от личности первого лица школы». Директор казахстанской школы – это хозяйственник, который должен владеть вопросами бухгалтерии, юриспруденции, государственных закупок. Многие управленцы школ в течение 9 месяцев на базе Центра педагогического мастерства проходили курсы, а также краткосрочные курсы на базе филиалов АО «НЦПК «Орлеу, однако никаких надбавок они не имеют, не оплачивается и квалификационная категория, так не ведут преподавания. Надеемся, что эти вопросы стимулирования труда руководителей, методистов найдут свое решения на уровне Правительства или местных исполнительных органов. Эти меры стимулируют на

совершенствование работы по продвижению к успешности школ. Вместе со всеми реформами в различных сферах идет «обновление национального сознания» человека, меняется мышление людей в решении социальных проблем с учетом интересов страны. Остро стоят вопросы нравственных и духовных ценностей, и это необходимое обновление всего общества. Новая парадигма образования, нацеленная на развитие человеческого капитала, ставит перед педагогической общественностью задачи воспитания и обучения ученика, умеющего критически и креативно-творчески мыслить, владеющего иностранными языками, знающего свою историю, культуру, обладающего позитивным духовным внутренним миром. Этот капитал будущего, от которого зависит вхождение Казахстана в число 30-ти наиболее развитых стран, намеченное «Стратегии «Казахстан-2050». Поэтапное системное выполнение задач Послания Президента поднимет на высокий уровень систему образования, если мы, педагогическая общественность, будем поддерживать импульс, постараемся переломить стереотипы негативной реакции, преодолеть инерцию на развитие и обновление. Наш вклад в будущее страны – использовать весь свой потенциал, знания ради будущего поколения.

ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ-ТУҒАН ЖЕР ТҰТАСТЫҒЫ МЕН ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Рахимғалиева Гульзира Турлановна

*Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті
С.Шарипов атындағы мектеп-интернатының
тарих пән мұғалімі*

Туған жер – адам өмірінде киелі **орын** алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесі.

Елбасының **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының **алты** бағдарын ұсынған. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін атап өткім келеді. Елім деген әр азамат осы бағдарламаның дамуына үлес қосуы керек. Халқымыз «Отан отбасынан басталады» дейді. Яғни, Отанды сүюдің іргетасы алдымен туған жерге деген

сүйіспеншіліктен қаланады. Доссор кентімізде Тәуелсіздік мерекесіне орай Доссор кентіндегі «Ұлы Жеңіске – 50 жыл (1945-1995)» атты монументалды ескерткішінің толық жөндеуден өтіп, тарихымызды тасқа қашағандай болып жанаруы елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. «Туған жерге туыңды тік!» — деген дана халқымыз. Бұл – әрбір адамның кіндік қаны тамған жеріне сүйіспеншілікті білдіреді. Яғни, кез-келген азамат өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлай білуі керек. рухани жаңғыру шыныменде ұлттың, елдің болмысына тән құбылыс және халыққа ортақ ұғым, ортақ ұстаным, тарихи қажеттілік. Ұлттық сана елдің тархы мен мәдениетіндегі тәжірибелер арқылы ұрпақтың уақытымен үйлессе елдің тұтас ұлттық зердесі қалыптасады немесе заман талабына сай өрісін кеңейте түседі. Бұндай ұлттық сананың құбылысы тарихымызда үнемі өзінің танымдық қызметін атқарып отырған. Бүгінгі ұрпақ үшін рухани жаңғыру ұлттық қасиеттеріне ие болу және мәдениеттілікті, еңбек пен білімді иеленіп, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қабілеттілікті көрсете білу, өмір жолында өз ісіне адалдық танытып, өзіне бағындырған құндылықтарды халықтың игілігіне айналдыра алатын деңгейге қол жеткізу, сол арқылы мемлекетінің мүддесіне, ұлтының болмысына күш беру. Елбасы айтқандай, «Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады». Осы себептен тарихтың тәжірибесінен, уақыттың елегінен өткен құндылықтарды сақталып, Қазақ ұлтының ата мекен кеңістігін игеру, қорғаудағы ұстанымы да осы қағидамен жүзеге асып отырған. Әр ғасырдың ұрпаққа жүктелетін міндеті мемлекеттің қажеттіктерін өтеу мәселелерінен туындайды. Қазақ хандарының заманында мемлекетті қалыптастырып нығайту, оны үнемі ел болып қорғап отыру ұрпақ міндетіне жүктелді. Сол кездегі ата бабаларымыз өздеріне жүктелген міндетті ұлттық парыз деңгейінде түсініп қабілетті, білікті, есті, кемеңгер, ерік жігері мол жауынгер болуға ұмтылды. Уақыт бір орында тұрмайды, заман алға жылжиды. Уақыт өрісіндегі заман болмысының ерекшеліктері мен белгілері ұрпаққа жүктелетін міндетіне тәуелді. Жеке адамның білімге деген құрметі оның толыққандық білім алуына, рухан деңгейінің қалыптасуына қыпал етеді. Абай мен алаш зиялыларының заманында ел тұрмысының қиыншылығына қарамастан көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларының шығуына ықпал еткен қазақтың өнер, білім және ғылым туралы кемел түсінігі. Осы тұрғыдан алаш зиялыларының болмысына, тархи қызметтеріне қарайтын болсақ рухани жаңғыру ұрпақтың тарих, отан, келер уақыт алдындағы кісілік қасиеттерімен тұлғалық ұстанымының әлеуметтік ортада қатар сақталуы. Алаш зиялысы Әлихан Бөкейханов жазып кеткендей, «Әділдік жоқ жұртта, береке бірлік

болмайды. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар, қысты күні үңгірде жатып өз аяғын сорған аю мысалында ғой, қанша қомағайланса да, сорғаны өз аяғы» Туған жерін ұмытпайтын адам туған елін қадірлейді. Елді қадірлеу туған жердің рухын бойға сіңіріп өсуден басталған. Сондықтанда елде туып, елде тұрып елге жаны ашымаған адам зиялылар қатарында болған емес. Зиялылықтың бірінші шарты адамның туған жерге, халыққа және ұлт болашағына деген шынайы жанашырлығынан бастау алмақ. Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады. Мемлекет басшысы мақалада атап көрсеткендей ұлттық сана, ұлттық код рухани жаңарудың түп қазығы, ұлттың негізі арқылы жеке адамның, халықтың, елдің уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы, уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қатар қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін дүниелерді қалыптастырады.

Алаш ордасының 100 жылдығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасына толық сәйкес келеді. Алаш көсемдерінің ойлаған ойларына толық жеттік деп ойлаймын. Алаш қозғалысы - қазақ тарихының ең маңызды бөлігі. Бұл қозғалыс автономия үшін күресіп, қазақ халқының Тәуелсіздігі үшін аянбай күресті. Сол себепті, жас буын осы игі істің басында тұрған тұлғаларды ұмытпауы тиіс. Туған жерге сүйіспеншілік туған тарихынды тереңнен білуден басталады. Еліміздің әрбір тауы мен өзені, сайы мен қыры – тұнып тұрған тарих. Оған сай сол өлкеде халқына пана бола білген, ел есінде қалған біртуар перзенттер бар. Ал, олар жайында жас ұрпақтың білгені абзал. Сондықтан, білім беру саласында өлкетану жұмыстарын жүргізіп, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру қажет. Ел Президенті ұсынған «Туған жер» бағдарламасының мәні – осында.

Қорытындылай келе Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Қазақ елінің бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамуға ұмтылуы заңдылық. Дегенмен, ең бастысы жаһандық өзгерістер кезеңінде біз ұлттық ерекшелігімізді, құндылығымызды сақтай білуіміз керек.

**«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік
қоғамының филиалы
Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін
арттыру институты
«Педагогикалық идеялар панорамасы» тақырыбында диалогтік алаң**

ҰСЫНЫСТАРЫ

1. Жаңартылған оқу бағдарламасындағы өзгерістер, ерекшеліктері мен бағалау қағидаттарын негізге ала отырып, педагогтардың кәсіби біліктілігін шыңдаудың үздіксіздігін жеделдету;
2. Білім беру жүйесіндегі оқыту үдерісін ғылыми-әдістемелік қолдау қызметін дамыту;
3. Білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етуде педагог мамандардың біліктілігін арттыруды бәсекеге қабілеттілік пен табыстылық негізі ретінде дамыту;
4. Жалпы білім беру саласында өлкетану жұмыстарының кешенді жүргізілуін жандандыру;
5. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының тұжырымдамалық идеясының негізінде білім беру ұйымдарында қазақстандық отаншылдық тәрбие бойынша жұмысты арттыру;
6. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейтуге бағдарлау.
7. Жеке тұлға тәрбиелеудің маңызын ескере отырып, ұжымдық тәрбиеге де үлкен назар аудары. Осы тұрғыдан Шығыс елдерінің тәжірибесіне басшылыққа ала отырып, балалардың эгоистік мінез-құлықтарының қалыптасуына тосқауыл қою;
8. Мектептерде кәсіби бағдар жұмысын тұрақты жүргізуді дамыту. Берілген білімнің тәжірибелік жағына назар аудару.
9. Мектеппен әртүрлі мекеме арасында байланысты жолға қою.

«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ ФИЛИАЛЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ

«БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС: ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ» НЕГІЗІНДЕ ЖАС ҰРПАҚТЫ ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ- АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Чекетаева Роза Саркытбекқызы,
*«БАҰО «Өрлеу» АҚ ШҚО ПҚ БАИ
аға оқытушысы, т.ғ.к*

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді», - деп Елбасы айтқандай кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени даму деңгейі білім беру жүйесінің деңгейімен анықталады. Тарихта даму бағыттарының мақсаттарын білім берумен байланыстырған әлемнің ірі мемлекеттерінің стратегиялары жемісті болып шығып, олар индустриялық дамыған мемлекеттерге айналып отыр. Тарихи тұрғыда қарасақ оқу мен тәрбие ісінің әрқашан ең көкейкесті мәселелер қатарында қала беретіндігімен тығыз байланысты, оқу мен тәрбие әлеуметтік прогрестің берік іргетасын қалайтындығын әлемдік өркениет тәжірибесі толық дәлелдеп отыр. Білім мен біліктіліктің қайнар көзі мектепте қалыптасатыны көп дәлелдеуді қажет етпейтін математикалық аксиома сияқты. Білім беру жүйесі басқа да қоғамның әлеуметтік-мәдени институттары сияқты үздіксіз жетілу жағдайында болуы қажет. Елімізде патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбиелеу қазіргі күнде де мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Сондықтанда соңғы жылдары ұлттық тарихымыз түбегейлі өзгеріп, қазіргі тарих ғылымының алдында тарихи деректер негізінде жаңаша теориялық-методологиялық көзқарас пен тарихи сананы қалыптастыру міндеті тұр [1].

Жас ұрпақты өз елінің патриоты етіп тәрбиелеу үшін мұғалім «Нені оқыту керек?» деген сауалмен қатар «Қалай оқыту керек?» деген сауалға да жауап іздесе оқушылардың елінің тарихын, салт-дәстүрін білуге деген қызығушылықтары артып, функционалдық сауаттылықтары қалыптасқан, алған білімін әртүрлі жағдаяттарға сай қолдана білетін, ойын, пікірін толық, түсінікті, жүйелі жеткізе алатын, білім алуға ынталы, патриоттық сезімі қалыптасқан жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасалар еді.

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты мақаласында «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», - деп ХХІ ғасырдағы Ұлттық сана туралы бөлімде қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттары ретінде бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық

бірегейлікті сақтау, ілімнің салтанат құруы, қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы ұсынған.

Ал, жаңартылған білім мазмұны бойынша бағдарламаларға білім берудің құндылықтары ретінде: құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, өмір бойы білім алу, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, ашықтықты берген. Яғни, жас ұрпақты патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбиелеу мәселелеріне бүгінгі күні ерекше мән беруде. Сол үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім», «Атамекен», «Рухани қазына», «Ақпарат толқыны» бағыттарының әр қайсысы бойынша бірнеше бағдарламалар, жобалар жасалды. Мемлекет тарапынан қадағаланып, жүзеге асырылуда.

«Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», - деген ҚР Президентінің Жолдауында көрсетілгендей отанға деген сүйіспеншілік отбасынан, туған өлкеннен басталады. Тұлғаның патриоттық құндылығы - елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресетін, өзінің ана тілін, дінін, салт дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіретін, ұлтаралық мәдениетті дамытатын тұлғаның маңызды қасиеті.

Төрт кіші бағдарламаның бірі — «Атамекен» бағдарламасы аясында «Туған жер» арнайы жобасы жүзеге асырылып жатыр. Облыстан шыққан елге танымал азаматтарды, кәсіпкерлерді өңірдің елді мекендерінің әлеуметтік дамуына өз үлестерін қосуға, отансүйгіштік сезімді қалыптастыру мақсатында аймақта «Туған жерге тағзым» акциясы қолға алынды. Төрт кіші бағдарламаның бірі — «Атамекен» бағдарламасы аясында «Туған жер» арнайы жобасы жүзеге асырылып жатыр. Облыстан шыққан елге танымал азаматтарды, кәсіпкерлерді өңірдің елді мекендерінің әлеуметтік дамуына өз үлестерін қосуға, отансүйгіштік сезімді қалыптастыру мақсатында аймақта «Туған жерге тағзым» акциясы қолға алынды.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. -296 б.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ПОНАРАМАСЫ»
АТТЫ ДИАЛОГТІК АЛАҢЫНЫҢ ON-LINE РЕЖІМІНЕ АРНАЛҒАН
БАЯНДАМА**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Жексембаева Ж. А.,
*Шәкәрім атындағы үш тілде
оқытатын көпбейінді гимназия
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары*

Рухани жаңғыру – бұл адам сана сезімінің, сенімі мен сапасының, білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткіші. Ал, жастардың рухани байлығы дегенде бірінші кезекте, олардың білімділігі, ана –тілін білуі мен мәдени деңгейі, дүниетанымдық ой-өрісі тұрады. Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жарақтануы, халықаралық коммерциялық һәм концептуалды жобаларды ілгерілетуі маңызды. Бұл – Қазақстан көшбасшысы айтқан «бәсекеге қабілеттіліктің» бір шарты.

Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Сондықтан да, Елбасының бағдарламалық мақаласы жастарға арналған деп ойлаймын. Өйткені, болашақ –жастардың қолында. Қоғамдық сананы жаңғыртудың басты басымдығы ұлтымыздың жахандық қоғамдастықта бәсекеге қабілетті болуы екендігі сөзсіз. Бұл ретте өзіміздің бірегейлігімізді, құндылықтарымыз бен дәстүрімізді сақтауға тиіспіз.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі Даниал Кенжетайұлының тапсырмасы бойынша «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Туған жер» жобасын жүзеге асыру мақсатында мектеп түлектерімен кездесу жүктелген болатын. Осы орайда мектебімізде ауыз толтырып айтарлықтай біршама іс-шаралар болды. Оған дәлел әр сенбінің таңында мектебіміздің табысты түлектерінің, туған өлкеміздің танымал тұлғаларының жүріп өткен жолынан сыр шертетін «*Дара жол*» бағдарламасы. Аталмыш бағдарламаға 9-11 сынып оқушылары мен мектеп ұстаздары қамтылған. «Дара жол» бағдарламасының негізгі мақсаты: жас ұрпақты патриоттыққа және рухани-адамгершілікке тәрбиелеу. Өмір жолында жетістікке жеткен аға буыннан үлгі-өнеге алу. Бір сөзбен айтқанда жас ұрпаққа бағыт-бағдар беру.

«Дара жолдың» алғашқы қонағы болып, тұсауын кескен дарынды күйші, ұлағатты ұстаз, мектебіміздің түлегі - Рахымғали Ниязбекұлы болды.

«Шәкәрім» атындағы СМУ дың жас ғалымдары өнер мен ғылымды қатар алып жүрген мектебіміздің түлектері айтыскер ақын Қарлығаш Әубәкірова және Мұратбек Байжұмановпен оқушылармыз жүздесіп, емен жарқын әңгіме құрды. Филология ғылымдарының докторы, аға оқытушы Талғат Болатұлымен, танымал тарихшы, этнограф Мұхаметқазы Мухамадиұлымен болған кездесу де оқушы жүрегіне жол таба білді.

Бағдарлама барысында кейіпкер өмірнен сыр шертіліп, шығармашылығы дәріптеледі, өздерінің соңынан ерген жас ұрпаққа жүрек жарды лебіздерін білдіреді. Бұл дегеніміз – ұрпақтар сабақтастығының басты дәлелі. Жарқын болашаққа жетудің алғашқы қадамдарының бірі.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Қазіргі дамып келе жатқан қоғамның өмір сүру қағидасының жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. Біз бұл мәселелерге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, орындалуын міндетті санап, бір жеңнен қол шығарып, білек сыбана кірісек, ұл болашағының жарқын болары сөзсіз.

ОБУЧЕНИЕ ДОШКОЛЬНИКОВ ТРЕХЪЯЗЫЧИЮ В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ В РАМКАХ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

Макагонова О. Г.,

*заведующая дошкольным учреждением
№99 «Жемчужинка» КГУ НИСЦ шк РО «Восток»
УО ВКО г.Усть-Каменогорск, 2018 год*

«Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан» на 2016-2019 годы, начиная с дошкольного возраста, ориентирует педагогов на целенаправленность, целостность и системность действий по формированию интеллектуального, физически и духовно развитого гражданина нашей Республики. Поэтому основная цель деятельности нашего дошкольного учреждения - обеспечение качества освоения ГОСО дошкольного воспитания и обучения.

А качественный состав педагогических работников нашего дошкольного учреждения имеет определенный уровень зрелости и стабильности, так как ежегодно возрастает потенциал творческого развития педагогов, ведь основные направления программы «Рухани жаңғыру» ориентируют нас, что «каждому казахстанцу необходимо обладать набором качеств, достойных XXI века».

Приоритетные направления деятельности дошкольного учреждения основаны на сохранении национальной идентичности нашего Государства: реализации трехъязычия, сохранении национальных традиций и обычаев, духовно-нравственного воспитания, музыки, литературы народов,

проживающих на территории Казахстана. Данное направление реализуется через предметы образовательных областей, а также тематические мероприятия, раскрывающие духовно- нравственные ценности.

Одной из первоочередных задач дошкольного учреждения «Жемчужинка» выступает – формирование этнической, языковой толерантности, поэтому на сегодня остается актуальной - формирование личности ребенка в условиях трехязычия.

Проблема трехязычия рассматривается через активное внедрение языков в организованно-учебную деятельность (казахский язык, английский язык), а также через активное внедрение технологии биллингвального обучения в свободно-игровую деятельность и режимные процессы. Повышая качество изучения языков и воспитание уважения к иным культурам, английский язык внедрялся как вариативный компонент для детей старшего дошкольного возраста с 2010 года по авторской программе «Первые шаги в английский». На сегодня в обучении английскому языку старших дошкольников руководствуемся Типовой программой обучения и воспитания дошкольников, а для детей среднего возраста с 2016 года разработана авторская программа обучения английскому языку и внедряется как вариативный компонент (0,5 часа в неделю). Результаты мониторинга владения детьми английским и казахским языками говорит о ежегодной положительной динамики словарного запаса, монологической и диалогической речи дошкольников.

Согласно программе «Рухани жаңғыру» - открытость сознания каждого человека – это готовность к переменам, поэтому преподаватели казахского и английского языков дошкольного учреждения «Жемчужинка» постоянно находятся в поиске и обновлении методов и средств обучения языкам, они учатся у других и предлагают свой опыт работы в авторских изданиях (программы, словари, сборники дидактических игр).

жететінін, заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болу керектігін ұлт көшбасшысы атап көрсетті. Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруде. Мемлекеттік тілмен қатар ұрпағымыз орыс тілі мен ағылшын тілін еркін білуі тиіс, нәтижесінде, біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді қатар меңгеретін болады. Сонда ғана нағыз азаматтық қоғам құрылады. Біздер, ұстаздар қауымы, Елбасы жолдауын жаңғыртудың жаңа қадамы деп есептеп, саяси жаңғыртулардың жалғасы деп білеміз, мемлекет дамуының жаңа сатысын құруды жөн деп санаймыз. Білім саласының қызметкерлері үшін елбасының әрбір бастамасына білім саласының қызметкерлері өз қолдауын әрқашан да білдіреді.

Елбасымыздың дәстүрлі жолдауын халқына деген үндеу өсиеті деп білемін. Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт-бағдар берді.

Елбасының нар жүгіндей көтерген сарабал саясаты, ғажайып парасаты мен пайымы ұрпаққа үлгі. Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа мензеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық!

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰРПАҒЫНЫҢ РУХАНИ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ш. Т. Жұматаева,
*№18 «Еркежан» балабақшасы
МКҚК меңгерушісі, Тараз қаласы*

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Болашаққа бағдар алған, рухани жаңғырудың аясындағы Қазақстанымызда бала тәрбиесі еш уақытта қоғам назарынан тыс қалған емес. Өйткені бала–басты байлығымыз, елдің болашағы. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгілік қалуға тиіс» деген болатын. Яғни, еліміздің мәңгілік болуы біздің өсіріп тәрбиелеп отырған ұрпағымызға байланысты болмақ. Мектеп жасына дейінгі баланың тұлға болып қалыптасуына отбасы тәрбиесімен қатар, балабақшадағы ұлттық педагогикалық тәрбиенің орны ерекше. Себебі, балабақшада оқып, тәрбиеленген бала мектепке жақсы даярланады, әлеуметтік ортаға жеңіл бейімделеді, қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді, жалпы ұлттық, тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Олай болса, бүлдіршіндерді балабақша қабырғасынан отансүйгіштікке тәрбиелеу, еліміздің мәңгілік жасауының алғы шарты болмақ.

Бүгінгі күні біздің балабақшаның педагогтар ұжымы үлкен инновациялық, шығармашылық тақырып көлемінде жұмыс атқаруда. Мектеп

жасына дейінгі бала тәрбиесіне ұлттық педагогика құндылықтарын, бабалар мұрасын заманауи үлгіде жүзеге асыру арқылы «Елім» деген ұл-қыздардың санын арттырып, «Мәңгілік Ел» ұрпағының рухани тұлғасын қалыптастыру басты міндетіміз. Ол қалай жүзеге асырылуда? Қысқаша тоқталып өтейін.

Инновациялық бағыттағы жұмысымыз жоспарға сәйкес кезең-кезеңдермен «Асыл мұра» жобасы аясында вариативтік бөлім арқылы жүргізіледі.

«Асыл мұра» бағдарламасы тоғыз жобадан тұрады:

- «Қазақ халқының тұрмысы» жобасы,
- «Ұлттық киімдер» жобасы,
- «Музыкалық аспаптар» жобасы,
- «Ұлттық тағамдар» жобасы,
- «Ұлттық ойындар» жобасы,
- «Қазақ халқының қол өнері» жобасы,
- «Ұлттық мерекелер» жобасы,
- «Туған өлкем-Қазақстан» жобасы,
- «Салт-дәстүрлер» жобасы т.б.

Мысалы «Ұлттық киімдер» жобасында балалар өз қолдарымен қағаздан, матадан ұл балаларға және қыздарға арналған ұлттық киімдердің суреттерін салып, қиып, макеттерін жасайды. Балалар халық даналықтарымен танысады, тәжірибелер жасайды, зерттейді, таниды. «Ұлттық тағамдар» жобасында сүттің айранға айналуы, айранды іріту, айраннан майдың шығуы, сүзбедең құрт жасау, қаймақтан май былғау бидайдан ұн тарту, келіге арпа, бидай түю т.б. тәжірибелер жасау арқылы балалар дайын өнімнің қалай жасалатыны жөнінде мәлімет алады. Сол затты халқымыз қалай жасағаны туралы дүниетанымдық білімді меңгереді, еңбек етуге үйренеді.

Жоба барысында балаларға ою ою, текемет, сырмақ, түс кілемге қажетті геометриялық фигураларды жасау, қазақ ертегі сюжеттерінің пазлдарын құрастыру, ұлттық киімдер қию, киіз үй жабдықтарын әзірлеу арқылы сенсорлық дамуды жүзеге асырамыз.

Халқымыздың «Орамал тастамақ», «Теңге алу», «Неше асық», «Алтын сандық», «Кебеже», «Тазы мен түлкі», «Ыдыс-аяқ», «Сақина салмақ» т.б. ұлттық-дидактикалық ойындары оқу іс-әрекеттерінде жиі пайдаланылады.

Балабақшаның шығармашылық тақырыбы бойынша «Ұлттық дүниетаным орталығы» кабинеті жабдықталды, балалардың бос уақытын ұйымдастыруға арналған «Мирас» үйірмесінің жұмыс жоспары жасалды. «Ұлттық дүниетаным кабинеті» балалардың жас ерекшеліктеріне сай, заманауи үлгіде, ұлттық нақышта жабдықталған. Арнайы сөрелерде ұлттық ойыншықтар, дидактикалық материалдар, қол моторикасын дамытуға арналған ұлттық заттар мен бұйымдар, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін кіші макеттермен жабдықталған. Жұмсақ ойыншықтар, ұлттық-дидактикалық ойын атрибуттары, түрлі геометриялық пішінде қиылған қазақ ертегілерінің сюжетті пазлдары, көркем әдебиеттер балаларға қол жетімді орналастырылған. Тәрбиешілердің оқу іс-әрекетінде қолдануына арналған демонстрациялық құралдар, көрнекі материалдар кешені де жасалған.

Жыл сайын тәрбиешілерге арналған қалалық семинар өткізіп, шығармашыл педагогтарымыздың озық іс-тәжірибелерімен бөлісіп, ұжымдық өнертабысымызды ұсынамыз. Әсіресе «Ғажайып киіз үй» мен «Сиқырлы диірмен» көпшіліктің көңілінен шығып, қолдау тапты.

Жұмыс барысында ЖОО, БАҚ байланыс орнатылды. Педагогтарымыз түрлі байқаулар мен іс шараларға қатысып бірнеше рет марапаттауларға ие болды.

Бүгінгі таңда балалардың жас ерекшелігіне сай тәрбиелеу мен оқыту үрдісінде этнопедагогиканың әдістерін қолдану бойынша білім беру саласының 5 бөліміне арналған әдістемелік құралдар мен қазақ ертегілер желісінің негізінде жасалған логопедиялық жаттығулар кешені дайындалуда. Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М. Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек», – дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет.

Ол үшін балаларға жастайынан салт - дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын діңгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалап, ата-аналармен бірлесіп жұмыс атқаруымыз керек. Өйткені ұлттық тәрбиенің ошағы бірінші–отбасында, екінші – балабақшада болғандықтан, ата-ана мен балабақша, яғни педагогтар мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты. Даналық сөздермен оза білген қазақ халқымызда «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген сөз бар.

Қорыта айтқанда, «Мәңгілік Ел» ұрпағының рухани тұлғасын қалыптастыруға– **балабақшада ұлттық жобаларды енгізіп**, этнопедагогика әдістерін пайдаланудың орны ерекше. Осы ретте:

1. Ұлттық тәрбиені насихаттауды оқу-тәрбие үрдісінде қолданудың тиімді жолдарын қарастыру: вариативтік бөлімге енгізу, үйірмелер ашу;
 2. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұлттық жобаларды енгізу;
 3. Заман ағымына икемделе отырып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртудың мультимедиялық-электронды кешендерін әзірлеу;
 4. Іс-тәжірибемен тікелей айналысып отырған тәрбиеші-педагогтардың озық тәжірибесін ғылыми тұрғыдан жүйелеуде ЖОО мен біліктілікті арттыру институттарымен үздіксіз байланыс орнату сияқты ұсыныстарым бар.
- Осылайша ата салтымыздың мұраларын ұрпағымыздың санасына сіңіре білсек, еліміздің болашағы жарқын, мәңгі боларына сенімім мол!

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Конаров Асылбек Серикович,
*Т. Рысқұлов атындағы орта мектебі,
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы*

Ата Заңымызда анықталғандай, Елбасы мәртебесі мен міндеттерінің бір парасы жыл сайын халыққа арналған Жолдауын жариялау болып табылады. Алғаш рет осынау конституциялық міндетін Тұңғыш Президент Н.Назарбаев 1997 жылы атқарған еді. Содан бері жылдың басты оқиғалары қатарына кіргеніне қоса, Жолдау әрбір қазақстандық асыға күтетін құбылысқа айналды. Оның басты себептері мынаған саяды: біріншіден, құжат еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін назардан тыс қалдырмайды. Балабақша, білім беру, денсаулық сақтау, зейнетақы, жәрдемақы мәселелерін ешбір Жолдау айналып өткен емес. Екіншіден, азаматтардың ірілі-ұсақты тіршілік түйткілдерін шешкен жолдауларда ұлы міндет – тәуелсіздікті бекемдеу, мемлекеттілікті қалыптастыру, елішілік ынтымақ пен келісімді сақтау көзделді, нақты тетіктері дәйектелді, діттеген межелер нақтыланды. Құрғақ уәдеге, даңғазалыққа, дарақылыққа орын берілмей, халықтың сенімі мен қолдауына ие болды. Үшіншіден, жолдаулар Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуіне, бәсеке мен сын-қатерлерден бойды аулақ салмай, төтеп беруге, аман-есен өтуіне, халықаралық қатынастардың танымал да белсенді субъектісіне айналуына қызмет еткенін ерекше атап өтуіміз керек.

Ел болу мәселесі, ұлтты сақтау, жерді, туған атамекенді қорғау мәселесі қазақ халқы үшін қашанда тарихи даму тұрғысынан маңызды болып келе жатқаны белгілі. Олар әр түрлі тарихи кезеңдерге байланысты көкейкестіленіп, қоғамдық ой-сананың өзегіне айналып отырған. Бүгінде осы мәселелер тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің алдында тұр. Елбасы өзінің Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында да «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи астарына тоқтап өтті. «Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары - «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», - деп атап өткен болатын. Ендеше осы тарихымызға біраз шолу жасақ. Біз XV- ғасырдың орта шенінде қазіргі ұлттық республикамыздың шегінде Қазақ Ордасы аталатын айбынды мемлекет құрдық. Бұл қуатты ұлыс төрт жүз жыл бойы кең даланы еркін жайлап, өзгеше тұрпатты озық мәдениет жасады. Бай болды, бағлан болды. Елімізді, жерімізді еркін сақтап тұрды, ешкімге кеудесін бастырған жоқ. Нәтижесінде осыншама бай, ұлан-байтақ жерді иеленді, өзіне лайық ұрпақ өсірді. Қазақ хандығының құрылуы жөнінде бірден-бір дерек «Тарих-и Рашиди» дерегіне сүйенетін болсақ, Қазақ хандығының негізін қалаушылар Керей мен Жәнібек хан Шайбан

әулетінен шыққан Әбілқайыр ханмен саяси күрес, жауласудан кейін оның билігінен бас тартып, соңына ерген жұртымен көтеріле көшіп, Шу өзінің бойындағы Қозыбасы дейтін қоныста дербес Қазақ хандығының туын көтереді. Алғаш туымыз тігілген Қозыбасы жері XIV-XV- ғасыр басында өмір сүрген Монғолстан мемлекетінің батыс бөлігіндегі аумақ. Қозыбасы атауының түп мағынасы – төңірегіндегі жоталардан оқшау тұрған қозының басындай ғана жұмыр, аласа шоқы-төбені білдірсе керек. Қазақ Ордасы құрылғанда алдымен үлкен Керей ақ киізге хан көтеріліпті. Керейдің нақты қай жылы қайтыс болғаны белгісіз. Одан соң Жеңібек хан әмір жүргізеді. Сірә, қазақ жұртының Әбілқайырдың жеңіп, біржола іргеленуі Жәнібек тұсында болса керек, жана хандықтың өзіндік құрылымы мен заң жүйесі де осы Жәнібек заманында жөнге түскен сияқты. Жәнібектің қазақ тарихындағы айрықша тұлға екендігінің бір белгісі – ол халық санасында әулиеге пара-пар, ақылды әрі әділетті әмірші ретінде таңбаланған, ұлттық тарихымызда жай ғана Жәнібек хан деп аталмайды, Әз-Жәнібек хан деп аталады. Әз-Жәнібек – қазақ жұртының іргесін бекітіп, ордасын орнықтырған ұлы хан ғана емес, сол халықтың бар игілігіне ұйытқы болған асыл ұлық, ұлы әулеттің де негізін салушы. Қазақ Ордасының құдіретті әміршілері, қазақ халқының ұлы перзенттері: Қасым хан, Хақ-Назар хан; Әз-Тәуке хан, Абылай хан, ең соңы Кенесары хан, ұлы ғалымдарымыз Шоқан, Алаш-Орда көсемі Әлихан Бөкейханов – барлығы да осы әулие Әз-Жәнібек ханның тікелей ұрпақтары. Түрік жұртының бұған дейінгі мың жылдық тарихында сыннан өткен жол-жора, қалыптасқан жүйе негізінде соңғы екі жарым ғасыр орайында ер халықтың, мерт халықтың жиын ортасынан жарып шыққан, бар тілегі туған елінің мұратымен берік астасқан асыл тұқым – Шыңғыс хан – Жошы хан – Орыс хан - Әз-Жәнібек хан әулеті өз жұртын тарихтың барлық қиын өткелінен алып өтті. Әбілқайырдың 1731 жылы Ресей бодандығын қабылдап, сол бодандықтың шырамауынан шығу үшін Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Исатай мен Махамбет, Есет бастаған күресімен, 1916 жылғы тар жол тайғақ кешуді бастан өткерген, 1930-1932 жылдардағы ашаршылық, 1936-1938 жылдардағы қуғын-сүргін, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы қазақ жастарының қасқалдақтың қанымен келген бұл тәуелсіздік бізге оңайлықпен келмеді. Осындай жолмен жеткен тұғырлы көк байрағымызды аспанда желбіретіп ұстау енді келешегі кемел білімді болашақ ұрпақтың еншісінде. Ата-бабаларымыздың аңсап келген «Мәңгілік ел» болу өсиетін қазақ халқының маңдайына біткен көрегендігі мен даналығы, әрбір ісін халқы үшін жасап отырған «Елін сүйген, елі сүйген» елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізіп отырған сындарлы саясатының арқасы. Бүкіл дүние жүзі халықтары бүгінгі күнде қазақ халқын картадан ғана емес, оның жер байлығы мен экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттердің санатындағы мемлекеттің бірі болуының өзі Елбасымыздың көреген саясатының жемісі. Сонау Қасым хан негіздеген «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» мен Елбасы салған сындарлы сара жолымен жүріп келе жатқан және «Қазақстан – 2030 стратегиясының» бүгінгі күнде мерзімінен бұрын орындалып, 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі, Әлемдік діндер

ұйымының конференциясының өтілуі, 2010 жылы Қысқы Азияда ойындарының өтілуі, EXPO-2017 көрмесінің ұтып алуы бұл қазақ халқының дүние жүзі алдындағы бірлігі жарасқан, толерантты мемлекет екенін дәлелдеді.

Керей мен әз-Жәнібек құрған қазақ хандығының жалғасын бүгінгі күні 24 жыл бойы Тәуелсіз Егеменді елдің көк байрағын көкке желбіретіп, әнұранымен рәміздерін, халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін дүниежүзіне мойындатқан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегінің нәтижесі. Оған дәлел биылғы 2014 жылғы 11 қарашадағы Елбасының «Нұрлы жол» халыққа жолдауында «Біздің Жалпыұлттық идеямыз - Мәңгілік елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, XXI- ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы! «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін - Елдің бірлігі. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған соңғы Жолдауында жаңа қазақстандық патриотизм туралы: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. 2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» деп патриотизм мәселесіне жан-жақты тоқталып өткен болатын. Отаншылдық патриотизм – бұл елдікті, мемлекеттілікті саналы түрде сезіну. Мәселен, кез келген адамның өзі туып-өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен қарауы, өз Отанының мүддесін ойлау, туған жеріне деген адалдық, өз елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерін мақтан ету, өз Отанының бостандығы мен Тәуелсіздігін қорғау, ата-бабаларың мен

Отаныңның тарихына құрметпен қарау, сондай-ақ, өзіңнің табанақы, маңдай теріңді туған еліңнің гүлденуіне арнау – бұлардың барлығы да қазақстандық патриотизм деген ұғымның ішіне сияды. Жастардың бойына жоғары патриоттық сезімді және Отанына деген адалдықты қалыптастыру қажет. Ол үшін әр адам өз Отанының мүддесін қорғауда азаматтық борыштары мен конституциялық міндеттерін атқаруға әрқашан дайын болуы тиіс. Парасатты қоғам құру, қазақстандық балалардың тәрбиесін қалыптастыру - әрбіріміздің қасиетті парызымыз болуы тиіс. «Патриотизм-Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, яғни патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күні және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді» -дейді Б.Момышұлы. Патриотизм- санаға біртіндеп қалыптасатын, тынымсыз тәрбиенің нәтижесінде орнығатын ұлы сезім. Әркімнің өскен ортасына, қалыптасқан қоғамына қарай түрліше дамып, алуан сатылы деңгейде болатын, үздіксіз тәрбиенің жемісі. Жолдаудағы маңызды бағыт – қазақстандық патриотизм. Жалпы, барлық құнды еңбектер, жаңалық атаулы тек отан сүйгіштіктің арқасында дүниеге келеді. Қоғамның қай саласына болмасын, ең алдымен патриотизм керек. Қазақстандық ұмтылыс, толыққанды білім мен сапалы өнімнің түкпірінде Отанға деген үлкен сүйіспеншілік пен құрмет, намыс жатыр. «Біздің болашағымыз – жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек» деген болатын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Әрбір жас қазақстандық қыз-жігіттердің ой-санасында: «Мен – қазақстандықпын! Мен – елімнің патриотымын! Өзімнің бар білімімді, еңбегімді, тәжірибемді осы мемлекеттің бүгінгі мен болашағына арнауым керек!» деген ой болуы керек. Сондықтан жас ұрпақты Отанын сүйуге, ол үшін аянбай қызмет етуге, елжандылық пен ерлікке тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз болмақ

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н. Ә. Назарбаев. «Қазақстан - 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы 12 желтоқсан 2012 ж, akorda.kz.
2. Н. Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, 27 желтоқсан 2012 ж, akorda.kz
3. «Қазақстандық Ұлы жол» Егемен Қазақстан 2012 ж 1 қаңтар
4. «Мәңгілік Ел» мәйегі тарихтың алтын дәйегі» Егемен Қазақстан 2015 ж 12 қыркүйек
5. «Қазақстандық патриотизм» Қазақстан тарихы әдістемелік журнал 2014 жыл 12 ай

О ПРИОРИТЕТЕ НРАВСТВЕННО - ДУХОВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

Кулен Фарида Жумабековна,
*Тренер центра уровневых программ
Филиала Акционерного общества
национального центра повышения квалификации
«Өрлеу» педагогических работников по Жамбылской области*

Современная образовательная политика Республики Казахстан в связи с происходящими социально-педагогическими, экономическим, политическими преобразованиями определила основные приоритетные, взаимосвязанные задачи, решение которых невозможно без эффективного развития личности учащегося.

Перемены, происходящие в общественно-политической жизни страны за последние десятилетия, неизбежно, повлекли за собой изменение нравственно-духовных ориентиров, идеалов, содержания всех форм общественного сознания. Реализация задач духовно-нравственного образования рассматривается в качестве важнейшего условия сохранения отечественной культуры как целостного явления и главной предпосылкой духовной безопасности общества. Занять место в передовой группе, сохраняя прежнюю модель сознания и мышления, невозможно. Поэтому важно сконцентрироваться, изменить себя и через адаптацию к меняющимся условиям взять лучшее из того, что несет в себе новая эпоха.

Из статьи Президента Н. А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

- Даже в значительной степени модернизированные общества содержат в себе коды культуры, истоки которых уходят в прошлое. Первое условие модернизации нового типа – это сохранение своей культуры, собственного национального кода. Без этого модернизация превратится в пустой звук. Но это не значит консервацию всего в национальном самосознании – и того, что дает нам уверенность в будущем и того, что ведет нас назад. Новая модернизация не должна, как прежде, высокомерно смотреть на исторический опыт и традиции. Наоборот, она должна сделать лучшие традиции предпосылкой, важным условием успеха модернизации. Без опоры на национально-культурные корни модернизация повиснет в воздухе. Я же хочу, чтобы она твердо стояла на земле. А это значит, что история и национальные традиции должны быть обязательно учтены. Это платформа, соединяющая горизонты прошлого, настоящего и будущего народа. Убежден: важнейшая миссия духовной модернизации заключается и в примирении различных полюсов национального сознания.

История казахской педагогической мысли своими корнями уходит вглубь веков. Констатация глубинных истоков проблемы духовно-нравственного воспитания свидетельствует об историческом, этнокультурном

и национальном богатстве казахского народа. Анализ источниковедческой литературы позволил прийти к выводу о том, что в творческом наследии великих гуманистов Степи указаны реальные пути по формированию ценностных ориентиров молодежи. Взгляды мыслителей отличаются высотой философских суждений.

Педагогическая мысль в период раннего средневековья развивалась в учениях аль - Фараби, Ибн Сина, Юсуфа Баласагуни, Кейкауса и других мыслителей. Идеи о воспитании раскрывались через такие понятия как справедливость, щедрость и благородство души, светлый разум. Человек, воспитанный на этих добродетелях, наделен нравственностью. Образец уникальных самобытных идей по воспитанию подрастающего поколения представляет история педагогической мысли периода Казахского ханства. Идея национальной целостности, благополучия и гуманизма отражались в деятельности социальных институтов воспитания - институт биев, институт акынов и жырау, ана мектебі, которые опирались на принципы Жеті Ата, народно - педагогический опыт воспитания подрастающего поколения, идеи развивались в наследии мыслителей.

О важности духовно-нравственного образования говорили великие казахские классики. Ыбырай писал: «Знания человека являются результатом познания действительности. Они приобретаются людьми в жизненном опыте». В «Словах назидания» Абай, обращаясь к подрастающему поколению, призывал: «Сила человека заключается в его разуме и знаниях. Справедливость - мать всех благодеяний. Понятия совесть и честь исходят от справедливости. Стремление к благотворительности порождается умением довольствоваться малым. Не теряйте чувства справедливости, не уставайте творить добро. Без справедливости нет ни веры, ни человечности. Искусство – вот подлинное, неиссякаемое богатство, учиться ему - самое благородное дело. Знания должны служить справедливости. Человек обязан быть благодетельным и не только восхищаться благотворительностью других, но и самому неустанно творить добро»

Идеи бескорыстного служения обществу, науке, стремления к достижению истины нашли отражение в научных трудах Шокана Уалиханова, выдающегося казахского ученого-просветителя. Он очень высоко оценивал нравственное воспитание.

Шакарим Кудайбердыулы предлагал ученым разработать и ввести, как обязательную для всех образовательных организаций «науку Совести».

Перед общеобразовательной школой ставится задача подготовки ответственного гражданина, способного самостоятельно оценивать происходящее и строить свою деятельность в соответствии с интересами окружающих его людей. Решение этой задачи связано с формированием устойчивых духовно-нравственных качеств личности.

В связи с этим нельзя не оценить роль и значение Программы нравственно – духовного образования «Самопознание», инициированной в 2001 году Первой леди Республики Казахстан Сарой

Алпысовной Назарбаевой: «Правильно организованное образование строится на общечеловеческих ценностях. Именно через образование мы хотим возродить в нашем обществе духовные ценности, чтобы каждый человек мог в полной мере воплотить заложенные в нем от рождения способности, тем самым принести пользу государству, всем людям»

Можно сказать, что сегодня мечта Шакарима Кудайбердыулы осуществилась, так как уроки самопознания, которые ведутся во всех общеобразовательных школах Казахстана, – это и есть уроки совести.

Приоритет на духовность определяет выбор содержания, методов и приемов обучения. В «Самопознании» актуализируется целостное человеческое существо во всем многообразии его состояний и проявлений, отсюда принципы и методы определяются целостностью, ориентацией на человеческую личность, где в контексте культуры и национально-этнического самосознания производится формирование общечеловеческих ценностей истины, мира, праведного поведения, любви, ненасилия. Основу содержания духовно-нравственного образования составляют общечеловеческие ценности, которые помогают каждому человеку последовательно пройти путь духовного самопознания и прийти к пониманию истины жизни и смысла человеческого предназначения.

Данный подход согласуется со стратегией целостного осмысления человеческой реальности, включая структуру духовного, психического и физического. Руководствуясь этими мировоззренческими положениями, определяющими характер образования и воспитания в современную эпоху, «Самопознание» предполагает смену психологической и педагогической парадигм, глубинное переосмысление сущности, назначения целей образования, направленных на приоритет духовного.

В век глобализации, мировой интеграции и информатизации, когда не существует границ для общения, когда весь мир находится в одном современном устройстве, очень важно воспитать у подрастающего поколения национальное самосознание, выработать собственную модель казахстанского патриотизма, привить беззаветную любовь и гордость к родной земле. Особенно важно, чтобы наша молодежь знала свою страну, памятные и священные места, героев своей земли, выдающихся деятелей искусства, культуры, науки, великих педагогов и инженеров, великих батыров и героев военных действий, героев мирного времени.

Духовное возрождение – это важный шаг на пути к светлому будущему. Это должен осознать каждый казахстанец. И не просто осознать, а широко пропагандировать эту идею.

Литература:

1. Из статьи Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».
2. Назарбаева С. А. Өмір әдебі – Алматы, 2001.

3. Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики. Кн.1, 2. – М.: Амрита-Русь, 2012
4. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. – М., 1995.
5. Глассар У. Школа без неудачников. Пер. с англ. / Общ. ред. и предисл. В.Я Пилиповского. М., 1991.
6. Квинтилиан М. Фабий. О воспитании оратора, 1, 2, 9. (Примечание Брюннского издания.)
7. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. – М: Учпедгиз, 1939. – Т. 2.
8. Кульневич С.В., Лакоценина Т.П. Совсем необычный урок: Практическое пособие. Ростов-на-Дону, 2001.
9. Монтень М. Опыты: Избр. Главы. М, 1991.
10. Нысанбаев А.Н., Соловьева Г.Г. Изменимся вместе с детьми (философское обоснование предмета «Самопознание»). Алматы, 2002.
11. Переводы воспоминаний учеников и современников Витторино сделаны Н.В. Ревякиной по изданиям: E. Ga-rin. Educazione umanistica in Italia. 9 ed. Roma-Ban, 1975; E. Garin. Geschichte und Dokumente der aben-diandischen Padagogik. Reinek bei Hamburg, 1964.
12. Радугин А.А. Философия. – М.: Центр, 2001
13. Сердце отдаю детям // Избранные педагогические сочинения: В 3 т. М., 19179-1980. Т. 1: 1979.
14. Трансформация системы образования: взгляд философов. – Алматы: Арыс. – 2000.
15. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения Н.И. Пирогова // Избр. Педагогические сочинения: В двух томах. – М.: Педагогика, 1974. – Т. 1.
16. Шацкий С.Т. Школа для детей или дети для школы // Избранные педагогические сочинения: В 2 т. М., 1980. Т. 2.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАСИЕТТІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Маткаримова Балнур Ермековна,
*№36 орта мектебі, директордың
 оқу-әдістемелік ісі жөніндегі
 орынбасары, Тараз қаласы*

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында сондай-ақ «Туған жер» бағдарламасына ерекше мән беріп №36 орта мектеп «Туған жер» бағдарламасына арнайы жоспар құрылып, ұстаз шәкірт болып бірігіп жұмыс жасап келеміз. Аталған жобаның басты мақсаты – оқушыларды өз тарихын, отанын сүйюге, рухани өмірді жандандырып, өлкекетануын танып білуге тәрбиелеу. Оқушылармен тарих география пәндерінің мұғалімдері Тараз қаласының тарихи жерлеріне саяхат жүргізіліп тұрады. Осы мақсатта 2017-2018 оқу жылынан бастап мектепте 7-8 сыныптарда

оқу жоспарларына «Туған өлке тарихы», «Өлкетану» арнайы курстары енгізілді. Арнайы курсының мақсаты – білім алушыларды туған халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына деген танымдық қызығушылығын арттыру, тарихи, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған тұлғалар туралы білімдерін кеңейту, өскен өңіріне, туған жеріне деген сүйіспеншілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де, жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» – деген еді. Адам баласы қай жерде жүрсе де өз тегін, кіндік қаны тамған атамекенін ұмытпауы тиіс. Әсіресе, қазіргідей жаһандану үрдісінің қарқыны адамзаттың дамуына көп ықпалын тигізіп отырған кезеңде жас ұрпаққа осыны айтып отыру артық болмайды. Осыны ескере отырып Елбасымыздың рухани жаңғыру бағдарламасында Қазақстанның революциялық емес, эволюцияның дамуы тақырыбында тарих пәнінің мұғалімдерімен бірлескен дөңгелек үстел ұйымдастырып отырмыз. Бұл тақырыпты алудағы мақсатымыз биыл Алаш орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толды. Елбасымыз айтқандай биыл Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр аумағын астаң-кестең еткен 1917 жылдың қазан айындағы оқиғаға 100 жыл толады. Күллі XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті.

Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа.

Біреуге өзіңнің көзқарасыңды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ. Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды.

Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді.

Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады.

Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды.

Әрине, тарих тек ақтаңдақтардан тұрмайды.

XX ғасыр Қазақстанға бірқатар игіліктерін де берді.

Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады.

Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды. Бірақ, бұл – ұлттың емес, аумақтың жаңғыруы еді.

Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Тек оның формасы мен мазмұны түбегейлі өзгерді.

Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді.

Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Бірақ, қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес. Сол себепті, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды. Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз.

Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысы екені айтылды.

Президент эволюциялық дамуға шақырды. «Бұл да революция, бірақ эволюциялық, адам өлтіру, ұлтты бөлу, азаматтық соғыс жоқ революция. Міне, біз өзімізді де, балаларымызды да осыған тәрбиелеуіміз керек», - деді Нұрсұлтан Назарбаев. № 36 орта мектептебінде Рухани жаңғыру мақаласындағы бақыт бағдар беру мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда. «Бүгінгі түлек-ертеңгі тірек » тақырыбында мектеп түлектерімен кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар желтоқсан айында Өрлеу орталығының «Қазақстан Тәуелсіздігі- ақталған үміт, өлшеусіз құндылық» тақырыбында үлкен іс-шара ұйымдастырылып, дөңгелек үстелде «Рухани жаңғыру-Тәуелсіз еліміздің болашағы» тақырыбында баяндама оқып, Тәуелсіздік күніне «Ата-баба аңсаған Тәуелсіздік» өлеңім оқылды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбында семинар өткізілді.

17.01.2018 жылы жоғары сынып оқушыларымен, мұғалімдер арасында кітапханашылардың ұйымдастыруымен Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтің «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабына шолу жасап, таныстырылды. Кітапта «Қазақстандық даму үлгісінің» табиғаты мен эволюциясы, басты ұстанымдары мен қозғаушы күштері сараланған. Қазақстанды жаңғыртудың үш толқыны ашып көрсетілген. Үшінші жаңғыртудың мақсаты-елімізді қалыптасқан жаңа жаһандық ахуал жағдайында жаңғырта отырып, әлемдегі ең өркенді 30 мемлекеттің қатарына қосу екендігі айтылған. Сондай-ақ «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты дөңгелек үстел жүргізілді. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы талқыланды. Жолдаудың жетінші міндеттемесінде Адами капитал –жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы бұл дегеніміз Орта білім беру саласында жаңартылған білім беру мазмұнына көшу. Қазіргі таңда (мектептен тыс жерлерде) өткізу үшін көрсетілген пәндерін «Туған жер» бағдарламасын іске асыру барысында сабақты мұражайларда, мәдени ұйым салаларында, тарихи ғимараттарда өткізілуін атап көрсеткен. Осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін менің ұсынысым ауылды жерлерде мұражайлар ашылса, сонымен қатар Тараз қаласында Жамбыл Жабаев атынан мұражай ашылса деген ұсынысым бар.

ЛАТЫН ҚАРПІ - ЖАҒАНДАҒЫ ЗАМАНУИ ҚАЖЕТТІЛІК

Тлепова А. З.,

№60 орта мектебі, Тараз қаласы

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласында жаңғыртуды экономикалық өрлеуге немесе технологиялық жетілдіруге жинақтау – бұл жалпы өзгерістер жобасының бір бөлігі ғана екеніне көңіл бөле отырып, жаңғырту процестері шеңберінде еліміздің рухани қайта өрлеуінің тұжырымдамалық бейнесін жеткізеді.

«Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үлесімізді толығымен түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Осылайша, тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – деді Президент..

Президенттің «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы Тәуелсіздік күні қарсаңында 14 желтоқсанда болды. Оны бәріміз тыңдадық. Жолдауда Қазақ елінің болашақ даму стратегиясы айқындалды, соның ішінде қазақ тілінің латын әліпбиіне көшетіні туралы қорытынды пікір айтылды.

Тіл білімі институтының директоры академик Әбдуәли Қайдар, Елбасына хат жолдады, хатта көптеген түркітілдес елдер Кеңес Одағы құлағаннан кейін латын әліпбиін игергенін, сондықтан Қазақстан да сол елдердің ізімен жүруі керек екендігін атап жазған болатын. Хатқа Тіл білімі институты әзірлеген латын жазуына көшудің тұжырымы және латын жазуына негізделген қазақ әліпбиінің алғашқы жобасы тіркелді. Ұсыныс мұқият қарастырылды.

Латын жазуына кезең-кезеңмен көшу туралы мәселенің жаңа «Қазақстан – 2050» стратегиясында» көтерілуі қисынды. Президенттің 2012 жылғы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қазақ тіліне жаңғырту жүргізетін кез келді делінген. Сол кезде қазақ жазуының латын жазуына көшуінің нақты датасы 2025 жыл деп көрсетілген.

Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты мақаласында қазақ жазуын латын графикасына көшіру тақырыбын нақтылай келе, мамандар мен Үкіметтің алдына мынадай міндеттер қойды:

2017 жылдың соңына дейін жаңа графикадағы қазақ әліпбиінің бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау;

2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді оқытатын кадрлар даярлау мен орта мектептерге арналған оқулықтар даярлауды бастау, қазақ тілін латын қарпіне көшірудің нақты кестесін әзірлеу;

2025 жылдан бастап іс қағаздарын латын қарпінде жүргізу, мерзімді баспасөзді, оқулықтар мен басқа басылымдардың барлығын латын қарпінде жариялау.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қажеттілігі туралы айта келе, Елбасы қазақ тілін латын қарпіне көшіру процесі жақсы дайындықпен және байыпты түрде жүргізілуге тиіс деп атап көрсетті. Бұл біздің әлемдік өркениетпен ықпалдасуымызға, ағылшын тілін және интернет тілін үйренуімізге жағдай жасайды.

Не үшін латын қарпі таңдалды? Алдымен латын қарпінің тарихына оралайық:

1929 жылдан бастап Қазақстан аумағында жаңа, латынға бейімделген әліпби —«Бірыңғай түркі әліпбиі» пайда болды. Латын жазуына негізделген бұл жазу 1939 жылға дейін қолданылып, 11 жылдан кейін латын жазуының орнына кирилл әліпбиі келді. 1940 жылы «Латын жазуына бейімделген қазақ жазуын орыс жазуының негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды.

Латын графикасына көшуге байланысты жиі қойылатын сұрақтардың бірі: «Не үшін кирилл қарпінен бас тартуымыз керек және не үшін қазақтар 900 жыл бойы пайдаланған арабтың өрме жазуын емес, латын қарпін таңдаймыз?»

Мәселенің басты себебі – әлемнің жаһандану процесіне ұмтылуында. Латын қарпі қазіргі кезде жаһанданудың графикасына айналды. Латын қарпі жаңа технологиямен, компьютермен, сапалық жетістіктермен байланыстырылады. Тіпті жапон тілінде аталатын жапон фирмаларының өздері атауларын латын қарпімен жазғанды дұрыс санайды. Тіпті, Қытайда экономиканың бірнеше секторларында әлемдік нарыққа шығу үшін, әлемдік деңгейдегі тұтынушыға түсінікті болу үшін латын қарпі қолданылатындығы белгілі.

Латын қарпі брендтік графикаға айналып отыр. Латын қарпіне көшу уақыт талабынан қалмау үшін, әлемдік кеңістікке табысты интеграциялану үшін, бір қызығы, интеграцияланып қана қоймай, өзінің кескін-келбетін сақтап қалу үшін маңызды болып отыр.

Кирилл қарпін, керісінше, әлемнің көп елі біле бермейді. Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Болгария, Сербия және Македония сияқты елдерді қоспағанда, оны тіпті ешкім қолданбайды десе де болады. Кейбір славян мемлекеттері, мысалы, Польша, Чехия кирилл қарпін емес, латын қарпін қолданады және бұрынғы кеңестік елдер, мысалы, түркітілдес мемлекеттерді айтпағанда, Молдавия бірден латын қарпіне көшіп, жалпыәлемдік ақпараттық кеңістікке еніп отыр.

Шет елдерде тұратын қазақтар өз қандастарымен ана тілінде сөйлескенде, латын қарпіне негізделген замануи ақпараттық желілерді пайдалануды барған сайын арттырып отыр. Қазақстан жастарының шет тілдерін меңгеруге деген ұмтылысы, қоғамды компьютерлердіру, интернетті пайдалану, шығыс мәдениетінің телевидение, кино арқылы ықпал етуі, еуропалық сапаға ұмтылу – осының барлығы біздің қоғамды «латын қарпінің құшағына» еріксіз әрі біртіндеп тартып келеді. Латын графикасына көшудің таза лингвистикалық

сипаттағы бірқатар себептері де бар. Латын қарпіне көшу қазақ тілін дамытуға жаңа серпін береді. Өйткені бұл процесс тілдің грамматикалық, әсіресе фонетикалық жүйесі үйлестіруге жәрдемдеседі. Ғалымдар латын графикасы пайдалануға өте қолайлы әрі қазақ тілінің фонетикалық жүйесін дәл береді деген пікірде. Қазіргі қазақ әліпбиінде 42 әріп бар, оның 33-і орыс тілінің және тоғызы – қазақ тілінің төл әріптері. Ал қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі дыбыс саны – бар-жоғы 28. Лингвистика заңдарына сәйкес, дыбыстарға қарағанда әріптер саны аз болуы керек. Ал қазақ тілінде керісінше болып отыр, өйткені біз орыстың барлық әріптеріне қазақ тіліне тән дыбыстарды білдіретін әріптерді қостық. Егер біз латын қарпіне көшсек, бір дыбыс белгілі бір әріппен ғана таңбаланатын болады.

Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес.

Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс. Әрине, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады. Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ САНА-СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мирзалиева Эльмира Бексултановна,
*«Өрлеу БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл
облысы бойынша ПҚ БАИ, PhD докторы*

Адамның адамшылдығы – ақыл,
ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы
құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты ұлттық идеологиялық бағытының маңыздылығы: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді, табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адаса бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» деп айтылған [1].

Рухани құндылықтардың ұлттық негіздерін жаңа қоғамдық қатынастар талабына бейімдеу, оны рухани өмірдің өзегіне айналдыру – тек философиялық, дүниетанымдық мәселе ғана емес, сонымен қатар саяси мәселе. Рухани құндылықтарды терең түсінбеудің салдарынан қыздардың, ұлдардың теріс жолға түсуі, ата-аналарын қарттар үйлеріне апарып тастау, жастардың түрлі жалған ұстанымдарға бой алдырып, оның соңы лаңкестік әрекеттерге ұласуы. Имандылықты, тазалықты, пәктікті түсінбейтін және түсінгісі келмейтін еліктегіш жастардың ұнамсыз қылықтары: ерсі киім киюі, темекі тартуы және жөзекшілікпен айналасуы, өзінің ішінен шыққан шарананы қоқысқа, әжетханаға тастауы жатады. Рухани құндылықтардан алыстаған қоғам азғындайды, ал адамзат санасындағы бос кеңістікті жалған дүниедегі зұлымдық, менмендік жаулады. Сондықтан бүгінгі таңда рухани құндылықтардың маңызы мен ұлттық ерекшеліктерін анықтап жете меңгеріп, жан-жақты жаңғыртып ұлттық сана-сезімімізді қайта түлетуге ықпал етуіміз керек. Жас ұрпақты рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуде адамгершіліктің ақ жолынан айнымаған бұрынғы өткен ақыл-ой алыптарының мұра етіп қалдырған өсиет сөздері және ғұламалардың ғибраттары арқылы қоғамымызда салауатты өмір салтын қалыптастыруымызға болады. Сонда ғана бүкіл жер бетінде, әсіресе, жастар арасында бой көрсетіп жатқан маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, паракорлық, дүниеқоңыздық, көреалмаушылық сияқты кеселдерден мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпағымызды қорғап қаламыз және аман сақтаймыз.

Жас ұрпақ өз халқының мәдениетін түбірінен түсінуі қажет, оның ерекшелігі мен артықшылығын айқын ажыратып, аялай білуі тиіс. Өз халқының салт – дәстүрі мен мәдениетінің тұғырында өрбіп, жетіліп, өмірден өз орнын табуы және оның құндылықтарын молайтып, болашақ ұрпаққа аманат етуі қажет.

Мектеп өмірі, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру проблемасы әріптестік педагогиканы талап етеді. Және мектеп пен ата-ана, қоғам бірлескен кезде ғана тәрбие үрдісі өз жемісін нәтижелі бере бастайды. Ынтымақ бар жерде тәрбие де бар. Ынтымақ бар жерде береке, бірлік те бар. Қоғамдық тәрбие жанұядан басталады. Ал сол жастар «рухани» байлықпен қалаптасады. Қандай бағытпен жүреді, қандай ізгі істер жасайды, қандай қоғам келешекті қалыптастырады? Ол жалғыз мектеп проблемасы болмауы керек. Оған ата-аналар да, қоғамның әрбір мүшесі де бірігіп атсалысуы қажет.

Ал, қазіргі заманда бала тәрбиесіне тек қана ана емес, телефондағы фейзбук, истограмм, интернет мен теледидар, газет-журнал, кітаптар мен кинолар, барлар мен дискотекалар жан-жақты әсер етіп, оны тәрбиелеуде. Бұл тәрбиенің жағымды жақтары да, жағымсыз жақтары да толып жатыр. Ата-аналары күн ұзақ жұмыста, бала тәрбиесіне бөлінетін уақыт күннен-күнге азайып барады. Сондықтан ұл-қыздарымыз өзімен-өзі қалып бара жатқан жайы бар.

Әйгілі түрік ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы: «Сәбиінде көкірекке түйгені Өлгенінше санасында жүреді!

Ұяда не көрсе, соны іледі, Сүтпен сіңген өле-өлгенше жүреді!» - деген бәйіті «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» деген мақалдармен үндес[2]. Яғни, Ж. Баласағұн бұл бәйіттерінде өмір есігін енді ғана ашқан жас ұрпақты отбасында және қоғамдық ортада адамгершілікке тәрбиелеудің орны бөлектігін атап көрсеткен. Міне, сонда ғана әрбір бала ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ізгі қасиеттерді, әдеп ережелерін өз өміріне серік етіп өседі дейді. Қазақ халқының ұлы ойшыл философы Абай Құнанбайұлының (1845-1904жж.) поэтикалық шығармалары мен «Қара сөздері» педагогикалық ой-пікірлерге толы. Ұлы ойшыл өзінің бүкіл саналы өмірі мен шығармашылық күш-қуатын адамды жеке тұлға етіп қалыптастыруға, адамдық қасиеттерді биіктетуге, адамды түбірінен жаңартып, оның рухани дүниетанымын байытуға, жетілдіруге сарп етті [3]. Адам мәселесі ұлы ойшыл шығармаларындағы негізгі рухани-әлеуметтік мәселе болып табылады. Ол адамның жеке тұлға ретінде әлеуметтік тұрғыда жетілуіне ықпал ететін алғышарттардың қатарында - «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымды» атап көрсеткен. Толыққанды, жетілген адам - адамгершілігі мол, білімді, еңбекқор, сабырлы, имандылығы мен ұяты жоғары, қанағатшыл болуға тиіс дейді. Ол халықты осындай қасиеттерді өз бойларына дарытуға шақырып, жалпы адамзаттық ізгілік пен рухани-адамгершілікке үндеді.

«Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған – туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады» деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтпақшы, еліміздің болашағы бүгінгі балалардың дұрыс азамат болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге байланысты. Балалардың өздеріңізге бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата – аналар, сіздерге байланысты. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ сондықтан балаларыңыз елін, Отанын сүйетін азамат болып өсіп, сіздерді бақытқа кенелтсін десеніздер бала тәрбиелеудегі кателіктерге жол бермейік,! Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті [4].

Ұл-қыздарымыздың тәрбиесін неден бастауымыз керек? Бала кезінде ұлдың жұмысы, қыздың шаруасы деп бөлген дұрыс емес. Ата-анасына көмектескісі келсе, қолын қақпау керек. Бала әкені сенімді дос ретінде санайтын болсын. Үлгі тұтатын әке болсаңыз, бала сізге адал дос, қолдаушы болады. Ұл бала ерлерге тән ойлау жүйесін, жігіттік болмыс-бітім, мінез-құлықты бойына қайдан сіңіреді? Қыздардың – анасына, ұлдардың – әкесіне еліктейтіні анық. Ұл бала әкесіне ұқсас болғанын қалайды. Ұл үшін әкесінен асып түсер мықты адам жоқ: ол көлік айдайды, ауыр заттарды оп-оңай көтереді, ештеңеден қорықпайды. Қазақта үстелдің төрінде әкенің тұрақты орны бар, оған басқа ешкім отырмайды. Балалары әкесі наннан ауыз тигеннен соң тамақтануға кіріседі, сосын әкелерінің ас қайыруынан соң ғана орындарынан тұрады. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен

өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.

Қазақтың ұлттық құндылықтары өзімен бірге мәңгі жасап келе жатқан өзінің бай тарихи мұрасында, өнері мен тілінде, салт – дәстүрінде, әдеп – ғұрпында, рухани – адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырғандағында. Оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды, себебі, олар бірін-бірі толықтыра отырып, тұтас бір ұлттың бірегейлігін, бітім-болмысын құрайды. Сондықтан қазақ елінің қайта жаңғыруы – халықтың рухани түп-тамырын толық түсінуіне деген ұмтылысы. Рухани құндылықтарды зерттеу, зерделеу, толық жетілдіріп, меңгеру, келер ұрпақтарға ұластыру қазіргі қазақ қоғамының прагматизмі мен парасатына, сана сапасына тікелей байланысты.

Тәрбие - отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата - ананың ықпалымен қалыптасады. Отбасының екі тірегі - әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата - анаға, үлкен қызмет етіп, әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін өтеу - біздің борышымыз. Атаны сыйлау, ата - бабаны, елді сыйлау, әжені құрметтеу. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» дегендей, білім бесігі мектептен отбасынан бастау алатындығын ата - анаға ұғындыру – ұстаздардың парызы.

Ата-ана балаларының тәлім-тәрбиесіне қаншалықты жауапты болса, балалар да кейін әке-шешелері қартайған шағында қамқорлық жасауға міндетті. Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Тәрбиенің негізі отбасынан басталатыны анық. Осыған байланысты ерлі-зайыптылардың отбасындағы жауапкершілігі мен бала тәрбиесіндегі ата-ананың өнегесі өзгеше болып келетіні анық. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі» дегеніміз кез келген ата-ана баласына үлгі бере отырып, дұрыс тәлім-тәрбие беруге міндетті. Оларды еңбекке, білімге баулуға, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетуге үйретулері тиіс. Бұл барлық ата-ананың мойнына жүктелген борыш. Бірақ әкелердің бәрі бірдей ұлына үлгі болып жатыр ма? «Бес саусақ бірдей емес». Өкінішке орай әкелердің де, шешелердің де мүлдем бала тәрбиесіне қатыспайтын, өз қызығымен айналысатын, балаға тіпті теріс тәрбие берітіндер де бар. Бұлар өз баласының тағдырына, отбасының қамына бейжай қарайтын ата-аналар.

Отбасының негізгі қызметі баланың бойына көне заманнан келе жатқан ұлттық тәрбиенің тағлымдары мен алдағы ұрпақтың тәжірибесін сіңіру, қоғамға пайдалы жеке тұлға тәрбиелеу болып табылады. Үлкен тәрбие мектебі – ол ата-ананың мектебі. Адамға тән рухани-адамгершілік сапа-қасиеттерді қалыптастырып, дамытудың негізгі ең алдымен отбасында қаланады. Қазақта

ұлдар әкесі немесе атасының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеуі дей отырып, баласын оқытып, жақсы көріп, баласына ат қою, баласын сау етіп өсіру, үйленер жасқа келгенде баласын үйлендіру – қазақ отбасының басты міндеттерінің бірі.

Қандай ата-ана болсын баласының дұрыс адам болғанын, өзінен артық болғанын қалайды. Бұл – ниет қана. Тәрбие беру барысында қателіктерді болдырмау, жетістікті нәтиже алуда тәрбиенің түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануы қажеттігін ата-ана ұғына бермеуі мүмкін.

Қазақ халқының әріден келе жатқан мәдениетін және білім, тәлім-тәрбие беру жүйесінің негіздерімен жан-жақты танысу бүгінгі күннің басты бағдары, талабы десек те болады. Көне заманнан келе жатқан таным-түсінік, әдеп-тағылымдарын ұғыну, білу және өмірге үйлесімдерін қажетке жарату – жастардың туған халқына деген құрметінің артып және өнегенің рухани түлей түсуіне ықпал етеді. Былайша айтқанда, елінің тарихи өткен жолы мен бұраң бұлтарысы көп болмыс-білімін ұғыну халқына деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімінің қарқынды түрде жетіле түсуіне әсерлі ықпал етумен қатар, бұл нәтижелі сапаға айналады.

Қазақ отбасында баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлген. Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету, жауапкершілікке арту әдістерін шебер пайдаланған. Баланы ерте жастан-ақ жауапты іс-әрекетке тартып отырған. Мысалы, бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосу, қозы баққызу, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу т.с.с. істерге бірге ертіп жүрген. Сондай-ақ қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелерінің қатынасының маңызы зор. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемей, алдын кесіп өтпей, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемейтіндігі деп есептейміз. Және қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі.

Үлкенді құрметтеу отбасы мүшелерінің бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған.

Қазақ отбасындағы арнайы жазылып бекітілмеген «заңдары» әке мен ұлдың, шеше мен қыз баланың, әке мен қыздың, қыз бен жеңгенің, келін мен ененің, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, бажа, жезде, бөлелердің арасындағы өзара қарым- қатынастары әрқайсысын әдептілікке тәрбиелеудің ерекше қымбат үлгісі іспетті.

Қазақта біреудің баласы жақсы азамат болса: оның әкесі немесе атасы жақсы кісі болар, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой деп мақтайды. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз».

Қазақта «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деп барлық саналы қазақ азаматтарына айтылған. Ата-бабамыз қан тазалығына, тектілікке қатаң қараған.

Жеті атаға дейін өз руының қыздарына үйленбеуге тырысқан. Халқымыз «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қаншама философиялық ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек қана анасы ғана жауапты емес, бүкіл ауыл, ру жауапты болып отырған. Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дәрекі сөйлемей, ізетті болу - халқымыздың игі дәстүрлерінің бірі.

Қазақтар ұлдарын он үш жасында отау иесі деп дайындаған. Бала дүниеге келгенде кіндігін кім кеседі, бесікке кім бөлейді сол адамға тартады деп те ырымдаған. Адамгершілік, қайырымдылық, әдептілік сияқты қасиеттер үлкендердің үлгісімен сінеді. «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» дейді дана халқымыз. Ер баланы алты жасқа дейін хандай көтер, сыйла. Алты жастан он алты жасқа дейін құлша жұмса. Он алты жасқа толғасын досыңдай сырлас, сыйлас деген қазақ халқында нақыл сөзі бар.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқаратыны белгілі.

Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз –ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата –ана және қоғам. Өкінішке орай қоғамда әкелердің де, шешелердің де мүлдем бала тәрбиесіне қатыспайтын, өз қызығымен айналысатын, балаға тіпті теріс тәрбие беретіндер де бар. Бұлар өз баласының тағдырына, отбасының қамына бейжай қарайтын ата-аналар. Осындай әке-шешені көріп өскен ұл-қыздардың ұлдардың теріс жолға түсуі, ата-аналарын қарттар үйлеріне апарып тастау, жастардың түрлі жалған ұстанымдарға бой алдырып, оның соңы лаңкестік әрекеттерге ұласуы. Имандылықты, тазалықты, пәктікті түсінбейтін және түсінгісі келмейтін еліктегіш жастардың ұнамсыз қылықтары: ерсі киім киюі, темекі тартуы және жөзекшілікпен айналасуы, өзінің ішінен шыққан шарананы қоқысқа, әжетханаға тастауы жатады. Оның себебі, рухани құндылықтарды терең түсінбеудің салдарынан ұл-қыздарына дұрыс тәриіе бермеуі.

Ұлттық тәрбиенің бұрынғы әдістерін бүгінгі күн талабымен жаңаша қарастырған жөн. Ата-бабамыз жасап, сомдап кеткен қыз-жігіттің моделін одан әрі, бүгінгі күннің талабына сай жетілдіріп өсіп келе жатқан өскелең ұрпағымыздың бойына дарыту, тағдырдың қандай тәлкегін көрсе де, қайсарлығы мен тектілігін жоғалтпаған дана халықтың ұрпағы екендігін ұғындыру, олардың бойына мақтаныш сезімін туғызу ата-ананың бірден бір міндеті. Кейінгі жылдары ұлдар арасында тым жұмсақ мінезділер де кездеседі. Мамандар мұны ер-азаматтардың ұрпақ тәрбиесінен мүлде сырт қалуының салдары дейді. Кей уақытта бала әкесіз өсіп, анасының тәрбиесінде болады.

Алайда, баланың жігіт болып өсуі тән кейбір қасиеттерін бойына жинап өсуі де осыдан. Жүрегі жұмсақ аналарымыз кейде ұлды тым еркелетіп жібергенде, әкенің салмақты сөзі таза ауадай қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.
2. Баласағұн Ж.Құтты білік. –Алматы: Жазушы, 1986 – 175-б.
3. Абай. Қара сөз, поэмалар. –Алматы Ел, 1993.-36 б.
4. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». (Жолдаудың толық мәтіні) 2014 жылғы 17 қаңтар
5. Макаренко А.С. Ата-аналар кітабы. –А., 1985.
6. Кенжахметұлы С. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері». Алматы, 2004ж.
7. Ахмет Жүнісов «Бабалар дәстүрі» Алматы. 1992 ж.
8. Бабаев С.Б. Тұлғалық педагогика-Алматы,2013.
9. Асанова Г. «Отбасы – бастапқы тәрбие мектебі» Қазақстан мектебі №1, 2007 ж.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ- ҰЛЫ ДАЛАНЫ АСҚАҚТАТУ

Есмырзаева Аманкуль Орынбаевна,
*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Жамбыл
облысы бойынша ПҚБАИ, Тараз қаласы*

Елбасының «Болашаққа бағдар: Ұлттық жаңғыру» атты мақаласында ендігі бағыт-бағдар қандай болмақ. Таңын қай жақтан атады, күнің қай жақтан шығады-осының бәрін де ап-анық етіп баяндап берген. Бұл ұлы мақсатты іске асыру үшін ең алдымен береке-бірлік керек. Қазақ үш жүзге бөліну үшін емес, Үш жүз боп бірігу үшін, біртұтас ел болу үшін – Мәңгілік Ел болу үшін алысты, жұлысты. «Ақтабан шұбырындыны» басынан кешті, ақ патшаның боданында болды. Қызыл империяның қолтығында күн кешті, ел бостандығы үшін құрбан болған Алаш ардақтыларының қасіретін көріп күңіренді. Осының бәрін әрдайым есінде ұстап отырған Елбасы: «Біріңді қазақ бірің дос, Көрмесен істің бәрі бос!» дегенді жиі айтады. Мақсаты сол: бірін-бірі көре алмаса тұра алмайтын қазақты, бірін-бірі көре алмаса тұра алмайтын қазаққа айналдыру! Кешегі ұлы жиын - Қазақтардың әлемдік Құрылтайында Президент осы ойын бұрынғыдан да кеңейтіп, тереңдетіп, шетте жүрген бауырларды мейлінше жақындата түсудің қажеттігіне жұрттың көзін жеткізді.

Жастар тәрбиесі, ұлттық құндылық, ұлттық тіл мәселелері. Ерлік рухы, отаншылдық, ұлттық намыс деген ұлттық құндылықтардың айқын көрінетін тұсы «Қазақстандық патриотизм» деген ұғымның құрамында біртіндеп қалыптасып келеді. Осы бағытта біршама тәрбиелік мәндегі жұмыстар істеліп жатыр.

«Қазақ патриотизмін» өсіріп, өркендет үшін бағытты, байсалды, әрі табанды патриоттық тәрбие керек.

Елбасымыз бұған дейін де тың бастамалар көтеріп, серпінді ойлар, айтқан болатын. «Туған жер», «Туған ел», «Туған глобал» бағдарламасымен бірге қазақ жерінің тарихи-туристік белдеулерін түзу, ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсмайтын, дербес орны бар ұлт болу мақсатында «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру, заманауи қазақ қоғамының қалыптасуына үнсіз ғана үлес қосып жүрген 100 азаматтың жаңа есімдерін анықтау, қазақ зиялылары мен олардың шығармаларын шет елдерде насихаттау деген ойларын қуана құптаймыз.

Ұлттық мүдделеріміздің іске асуы оның тарихи кеңістікте ұзақ өмір сүруін қамтамасыз етеді. Адам факторының бар мәні де, маңызы да, құндылығы да осында. Жаңа адам – тек жас адам емес, болмысын, санасын жаңартқан адам. Ұлттық сана әлемдегі аумалы-төкпелі, құбылмалы кезеңде мемлекеттің қазығын қозғалтпатын басты күш. Бұл орайда болашақты бағдарлаған, кемел келешекке көз тастаған Елбасының мақаласы мемлекетке жол бастар темірқазық болады. Технология мен инновацияны, экономиканың жаңа салаларын дамытуды, инфрақұрылым құрылысын басты назарға ала отырып, рухани байлығымыз жйлы ұмытпауымыз тиіс. Ұлы ұлттар үнемі үйлесім жолын таңдаған. Рухани құндылықтың гүлденуі өмірдің барлық салаларында қоғамды әрқашан биікке жетелеген. Тек білімі жоғары, рухани бай адамдар ғана жаңа сын-қатерлерге икемді болып, дұрыс шешім қабылдай алады. Біз рухани жаңғыру жолында

Бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген ұлтымыздың ізгі қасиеттерін қайта түлетуіміз керек. Болшақты ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалатынын қадап айтты. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Қазіргі таңда компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін меңгерту, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы, – деді елбасымыз. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімдікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жарақтануы, халықаралық коммерциялық һам концептуалды жобаларды ілгерілетуі маңызды.

Бұл – Қазақстан көшбасшысы айтқан «бәсекеге қабілеттіліктің» бір шарты. Тәуелсіздік ала отырып, Қазақ елі «күрес кеңістігіне» аяқ басты. Бодандықтағы ел бәріне мойынсынуы, көндігуі ассимиляцияға ұшырап, жойылып кетуі мүмкін. Тәуелсіз елге ешқашан ертеңге енжарлық танытуға, саяси және экономикалық өмірге селқос қарауға болмайды. Оның үстіне

мемлекеттікке төнген жаһандық сын-қатерлер саны артқан сайын «күрес кеңістігі» де кеңеюде. Тәуелсіз мемлекеттер үш басты аждаһадай анталаған экстремизммен, сепартизммен, терроризммен күресуге мәжбүр. Жас мемлекеттер тәуелсіз ел ретінде өмір сүруі үшін күресуге мәжбүр. Бұл күрестен мемлекет ешқайда қаша алмайды. Қашса, тек тарихтың қойнауына, тұңғиығына ғана жол тартады. Сондықтан Мемлекет басшысы жат идеологияларға ұлттық құндылықтарымыз бен отаншылдығымыз арқылы төтеп беретінімізді атап көрсетті.

«Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады» деген.

Елбасы алдағы онжылдықтардың ұранына «реализм мен прагматизмді» ұсыынады. «Жалғандық жарға жығады» дейді қазақ даналары. Біз-бабалар батасы дарыған, та аманатын аялаған елміз. Сондықтан Елбасы Тәуелсіздік жылдары қоғамды бос демагогия дертінен арылтуға күш салды. Оның орнына елді өркендетер түбегейлі жаңаруларға жұмылдырды. Білім биігіне, ғибратты ғылымға, өнімді еңбекке бағдарлады. Бұл қалыпты өмірді қауіпті өмірге айналдырмаудың және нақты жаңғырудың қамы. Біз ұлтымыз бойындағы ек жақсы қасиеттерді дамытсақ, жат идеологияларға лайықты тойтарыс берсек, жерұйықтай мемлекетке айналамыз. Мемлекет басшысы жаңа тұрпатты басты шарты – ұлттық кодты сақтау екенін баса айтып өтті. Тарихты терең білетін, сонау түркі халқының көне жазуынан бастап барлығын ой елегінен өткізе айтқанын байқау қиын емес. Расында, халқымыз небір аласапыран замандарда көп қиындық көрді. Араб жазуынан латынға, латыннан кириллицаға көшіп жүре тұра халқымыз білімге ұмтылысының арқасында ешбір халықтан қалыс қалған жоқ. Бұл біздің жоғары мәдениеттілігімізді аңғартса керек. Тәуелсіз елде есімізді жинап, өз жазуымызды қалыптастыруымыздың сәті келген сияқты. Себебі, оң мен солымызды әбден танып, өткеннің кемшіліктері мен жетістікерін бойымызға сіңіріп нақты шешім жасайтын дәуірге жеттік. Сондықтан бұл –Елбасының сарабдал саясатының аясында жасалған үлкен қадам. Жалпы алғанда, рухани өмірдің біраз саласында көңілге қонымды баға берілген. Әсіресе, ескі мен жаңа секілді философиялық категориялардың нақты өмірге телініп айтылуы, қазақ ұлтының рухани проблемаларының ашық та бүкпесіз жазылуы. Әрине, қай елдің болса да мәдениетінің озығы да, тозығы да бар, біз ел Президентінің: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», -деген сөзімен толық келісеміз! Өйткені, қазақ ұлтының ұлттық мүддесі оның ана тілі мен ұлттық төл мәдениетінің дамуына, салт-дәстүрінің сақталуына, әдебиеті мен ғылымының өркендеуіне, рухани мұраларының жаңғыруына баййланысты. Елбасы алға қойған жаңа міндеттер Қазақстанды әлемдік деңгейге көтеретін ұлттық рухани жаңғыру аясында жаңа көкжиектер ашатынына сенімдіміз.

XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы толғамдары халықтың ел болып заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірге қадам басуға жетелейді. Қазіргі дамып келе жатқан қоғамның өмір сүру қағидасының жағымды жақтарын бойға

сіңіруіміз керек. Елбасымыз бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өткен: Бәсекелік қабілет, прагматизм, Ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы. Сонымен қатар таяу жылдардағы міндеттерімізге де тоқталған. Біз бұл мәселелерге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, орындалуын міндетті санап, бір жеңнен қол шығарып білек сыбана іске кірісуге тиіспіз.

Рухани жаңғыру өскелең ұрпақтың болашақтағы дамуына аса зор мүмкіндік береді. Сондықтан заман талаптарына сай өмір сүріп жүрген жастардың түйсігіне сіңдіру мақсатында Елбасының аталған мақаласының іс жүзінде жүзеге асырылуына қолдау көрсетіп, күш-жігер салуға ықпал ету үшін насихаттау міндеттіміз. Жаңғырудың маңыздылығы мемлекет пен ұлттың саналы түрде жаһандық үрдістерге бейімделуіне септігін тигізетіндігіне сенім білдіреміз. Елбасымыздың рухани жаңғыруының әрбір тармақтарының өзектілігіне мән бере отырып, алға басатын қадамымызды үш ойлап, бір басуымызды ұмытпайық.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-ҰЛТТЫҚ ТӘРИЕ БАСТАУЫ

Скакова Биби Аргынбаевна,
*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Жамбыл
облысы бойынша ПҚБАИ, Тараз қаласы*

Бүгінгі таңда жаһандану бүкіл әлемдегі ең өзекті мәселелердің бірі екендігі мәлім. Біздің басты міндетіміз – жаһанданудың қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік серіктестігі түсінігін жеткізу болып табылады. Осыған орай, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында білім беру саласына байланысты нақты тапсырмалар қатарын ұсынды. Жолдауда білім беру саласын дамыту үшін, алдымен жас ұрпақтың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын жетілдіруге бағыттау қажеттігі атап өтілді. Яғни, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жаңа мүмкіндіктерді табу, жаңалықтар енгізу, білім беру сапасын арттыру – бүгінгі заман талабы.

Білім беру кеңістігіндегі білім берудің барлық жүйесін жаңғырту үдерісі мектептегі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруға жаңа талаптар жүктеп, бұл үдеріс барысын педагогикалық әдіс-тәсілдер, инновациялық технологиялар арқылы тиімді ұйымдастыру жолдарын іздеуді қарқындатады. Бұл туралы Ұлт көшбасшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылған. Аталған мақала жаһандану табалдырығында тұрған еліміздің жаңа бастауына жол нұсқап, болашаққа батыл қадам жасауға бағыт сілтеді десек артық айтқандығымыз емес. Өйткені, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – ел дамуының жарқын үлгісін

көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды да мәнді бағдарламалық құжат.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Сонымен бірге, Елбасы: «Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым - әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл – мағынасы өте терең сөздер», - деп «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды [1].

«Туған жер» бағдарламасын қолға алу ісін жүзеге асыруда тарих пәні мұғалімдеріне зор жауапкершілік жүктері анық. Себебі, бұл бағытта кешенді жұмыстар жүргізу, семинарлар, конференциялар, экскурсиялар, лекторийлер т.б. жұмыс түрлерін жүйелі ұйымдастыру оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу ісінде өте маңызды болып табылады. Яғни, жас ұрпақ өкілдерін туған аймағының археологиялық ескерткіштерімен, тарихтан қалған жәдігерлерімен таныстыру керек. Әрбір жас өзінің кіші Отаны – туған аймағында тарихтан қалған жәдігерлерінің мән-маңызын жете білгенде ғана олардың туған өлке тарихын білуге, құрметтеуге деген сезімі оянары анық. Демек, рухани жаңғыру – ұлттық тәрие бастауы.

Қазірде еліміздегі мектептерде тарих пәндерін оқытуға арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан басты мәселені анықтап, зерттей білуді талап етеді. Қоғамның заманауи даму сатысында мектептегі педагогикалық үдерістердің инновациялығы – оқушылардың дамуына зор ықпал етуде. Білім берудің болашағы қоғамның даму үдерісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын, ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда оқу орындарындағы білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін ұстаздардың ғана жұмысы жемісті болмақ.

Пайдаланылған әдебиет:

1. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУ КЕЗЕҢІ

Бәйтен Қанатбек Әзімбайұлы,
*Ыбырай Алтынсарин атындағы
орта мектебінің директоры, Байзақ ауданы*

Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебінде «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясында жоспар құрылды. Жоспар бойынша жеке адамның, халықтың тұлғаға айналатындығын ата бабаларымыз жете білген батырлықтың, шешендіктің, тума талант иесі болып ұлт өнерінің тарихта терең арнасын қалдырудың өзі қазақ баласының тарихтағы жасампаздық рухының биіктігін көрсетеді. Ұлтына игілік әкелетін жасампаздық қасиет бұл жаңашылдыққа биім, өресі биік адамның ғана қолынан келетіндігін көрсете білді. Сонымен қатар сырттан келетін, елді әлсірететін, ең соңында елді тәуелсіздіктен айыратын нәрселерге тарихтағы қазақ жастарының рухани деңгейімен қарсы тұруы, ауызбіршіліктің, білімі арқылы саясаты мен тәжірибесі күшті жаумен иығын теңестіре білуінде. Бұл жаста болса қазақтың ұл, қыздарының заманынан қалмай болашақты зерделеп, ұлттық мүдде деңгейінде ойланған деңгейін көрсетеді. Қоғамда интеллектуалдық ой өріс болу үшін ұрпақ болмысы мінсіз болуы қажет. Елдің тұрмыс тіршілігімен тыныс алып, өмірімен етене байланысып өскен ұрпақ өмірге ширығып өседі. Өмірге ширыққан адам елге жаны ашитын, бойында бар қабілетті, қолы жеткен бар игілігін елге арнайды. Елге жаны ашитын зиялы адам өз заманының жетістігін білімге, өнерге, ғылымға жастарды бағыттау оның жетістігіне елдің қолын жеткізу деп түсінеді. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. «Патриотизм- бұл өскен ауылыңа, қала мен өңірің, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.» Құмжота ауылымыздың батыс бөлігінде «Кіші Бурыл» деп аталатын жота бар. Сол жотаны ерте заманнан бері халық ақындары Қобыланды батырдың атымен байланысты аңыздарды кейде қысқа, кейде ұзақ көлемде жыр етіп ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып келген. Солардың ішінде ең көлемділері: Марабай, Мергенбай, Айса, Нұрпейс сияқты бірнеше версиялары бар. Осы жырларда айтылған Қобыланды батырдың аты Тайбурылдың астауы Құмжота ауылы Бурыл тауынан табылған. Қазір облыстық Өлкетану мұражайында тұр. Тайбурыл өте жүйрік болған, шапқан сайын үдей бергендігі жырларда да кездеседі.

Мысалы: Қарсы келген қабақтан,

Аманбайдың «Ақ тіккен»,

Бурыл қарғып жөнелді,- деп суреттеуді жырлардан көруге болады. Бурыл жотасы ауылымызда болғандықтан мектеп оқушыларымен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстары бойынша ТИГУ профессорларымен кездесу ұйымдастырып, зерттеу жұмыстарын жалғастыру қолға алынды. Осы айтылған аңыз жырлардың желісіменен «Тайбурылдың» ескерткіш-мүсінін жасауды

қолға алдық. Сонымен қатар, ауылымызда көпұлтты өкілдер тұратындықтан «Отаным -тағдырым» бағдарламасы бойынша «Береке бірліктен басталады» тақырыбында түрк ұлт өкілдерінің қазақ жеріне келіп, өмір сүріп жатқандарына 73 жыл толуына байланысты ауқымды іс-шара өткізілді. Іс-шараға Жамбыл облыстық түрік диаспорасының «Ахыска» орталығының өкілдері қатысып, теледидардан көрсетіліп, газетке жарияланды. Бұндай ұлттық сананың құбылысы тарихымызда үнемі өзінің танымдық қызметін атқарып отырған. Мәселен түркі қазақ жұртының Мәңгілік Ел болу идеясы ұлттың зердесінен туған дүние. Мемлекет басшысы мақалада атап көрсетілгендей, неғұрлым адам өзінің бар мүмкіндігін тарихтың елегінен өткізген сайын уақыт талабын игеруге қабілетті келеді. Осы орайда ауыл азаматтарының да өз мектебі үшін қосқан үлестерін атап айтуға болады. Мысалы, ардагер ұстаз Екейбаева Күміскүл өз қаражатына мектептің бір оқу бөлмесінің еденіне линолиум төсесе, «КХ кіші Бурыл» шаруақожалығының төрағасы Орманов Сейтжан мектепке «Рухани жаңғыру» тақырыбында стенд жасап берді. Мәслихат депутаты Тастанов Алтай «Елдіктің белгісі- Мемлекеттік рәміздерімізді» жаңа заманауи үлгіде жасатып, мектептің безендіру жұмысына өз үлесін қосты. Осы іс-әрекеттері арқылы өскелең ұрпаққа үлгі бола білді. Ауыл әкімі Аликулов Ерік Елубайұлы тарапынан мектептің күзгі абаттандыруына мектеп ауласына сәнді ағаштарын отырғызып берді. Рухани жаңғыру шыныменде ұлттың, елдің болмысына тән құбылыс және халыққа ортақ ұғым, ортақ ұстаным, тарихи қажеттілік. Мемлекет халықтың ортақ үйі, сол үйді күтіп баптайтын, рухын сақтайтын, қорғайтын адам мемлекеттен, қоғамнан бөлінбейді, мемлекетінің мүддесінен, төл мәдениетінің болмысынан қол үзбейді. Керісінше мемлекеті, халық үшін, ұрпақтың келешегі үшін заманның талабын зерделеп, одан өтудің жолын білімімен іздейді. Адамды, халықты бұндай дәрежеде ойлауға жетелейтін ұлттық сана. Ұлттық сана елдің тархы мен мәдениетіндегі тәжірибелер арқылы ұрпақтың уақытымен үйлессе елдің тұтас ұлттық зердесі қалыптасады немесе заман талабына сай өрісін кеңейте түседі. Адамзат қанша өркениет биігіне шығуға қол жеткізгенімен әлі осы күнге дейін сананың табиғаты толығымен зерттеліп болған емес. Бірақ барлығына мәлім нәрсе сананың табиғаты үнемі жаңғыруды қажет етеді. Адам баласының рухани жаңғыру қызметінің негізінде сананың дамуымен қатар жүретін нәрселер еңбек, білім, адамгершілі және кісілік деңгейде ойлау. Әр ұлттың болмысы мен мүддесінің қозғаушы күшіне айналған сана қашанда әлеуметтік және тарихи құбылысқа ие болады. Бұндай деңгейдегі сананың түрін ұлттық сана дейміз. Сондықтанда ұлттық сана қашанда рухани жаңғырудың негізі болып қала бермек.

Жеке адамның өзіндік санасының ұлттық санаға айналуы ұлттың руханияты арқылы жүзеге асады. Ұлттың руханияты ұлт болмысының интеллектуалдық өрісі мен деңгейін біріктіре отырып, ұрпақтың тулғалық қалыптасуы мен ел болмысының тұлғалануын қамтамасыз етіп отырады. Ұлттық санамен қалыптасқан және ұлттық зердеге бағынатын жеке адамның рухани ізденістерінің негізінде ел игілігіне ортақ, оның болашағына қызмет ететін танымы, бойындағы қасиеттері, білімі, тәжірибесі мен идеясы

қалыптасады.. Ұлттық код жеке адамды өзінің күшімен, рухымен, қасиетімен теңестіреді. Сондықтанда халық игілігін зерделеген адамға алға қойған мақсат, өзі бағындырған белес, шыққан биігі қабілеті, білімі, шығармашылығы арқылы келуі тиіс. Жеке адамның тұлғалануын, ел азаматы, зиялы адам ретінде танытатын қасиет жаңа тұрпаттағы рухани жаңғырудың негізгі үлгісі болып табылады. Бүгінгі ұрпақ үшін рухани жаңғыру ұлттық қасиеттеріне ие болу және мәдениеттілікті, еңбек пен білімді иеленіп, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қабілеттілікті көрсете білу, өмір жолында өз ісіне адалдық танытып, өзіне бағындырған құндылықтарды халықтың игілігіне айналдыра алатын деңгейге қол жеткізу, сол арқылы мемлекетінің мүддесіне, ұлтының болмысына күш беру.

Ұлттық санада шынайылық, туралық, ұқыптылық орын алмаса әлеуметтік ортаның даму күші әлсірейді. Осы себептен тарихтың тәжірибесінен, уақыттың елегінен өткен құндылықтар сақталып, адамның қоғамдық ортадағы іс-әрекеті, қоғамдық психология сонымен реттеліп, кез-келген ел мүддесіне қажет нәрсе прагматикалық және реалистік принципте зерделенуі тиіс. Қазақ ұлтының ата мекен кеңістігін игеру, қорғаудағы ұстанымы да осы қағидамен жүзеге асып отырған. Уақыт бір орында тұрмайды, заман алға жылжиды. Уақыт өрісіндегі заман болмысының ерекшеліктері мен белгілері ұрпаққа жүктелетін міндетіне тәуелді. Өз дәуірінің ел болашағымен біріктіретін міндетін дұрыс орындай білген ұрпақана мемлекетінің мүддесін сақтап, өзінен кейінгі буынға табыстап кетеді. Аға ұрпақтың кейінгі буынға табыстайтын дүниелері ұлттық құндылықтар. Олардың кейінгі дәуірде өмір сүруіне ықпал ететін ұлттық қасиеттер. Ұлттық қасиеттер болмаса ұрпақтың бірегейлікте өмір сүру ұстанымы қалыптаспайды. Абай айтқандай ұлттық сана болмаса қара басының қамынан аса алмаған, бас басына би болған өңкей қықым ұлттық рухы жоқ адамнан шығады. Осы себептен ұрпақтың заман талабына сай ізденуіне, рухан кемелденуіне, бірігуіне ықпал ететін ұлттық код.

Рухани жаңғырудың негізі ұлттың қасиеттері мен рухан құндылықтарға тәуелді болса, оның әлеуметтік өрісі қашанда білімге, еңбекке және табандылыққа келіп тіреледі. Қазақ баласына білімнің рухын түсіндерген. Жеке адамның білімге деген құрметі оның толыққанды білім алуына, рухан деңгейінің қалыптасуына қыпал етеді. Абай мен алаш зиялыларының заманында ел тұрмысының қиыншылығына қарамастан көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларының шығуына ықпал еткен қазақтың өнер, білім және ғылым туралы кемел түсінігі. Ұлттық тәрбедедегі уақыттан қалмайтын және білімі тозбайтын құндылықтар олардың талапты, арлы, жігерлі, еңбекқор, қиындыққа төзімді, ақылды және рухани терең болуына ықпал еткен. Осы тұрғыдан алаш зиялыларының болмысына, тархи қызметтеріне қарайтын болсақ рухан жаңғыру ұрпақтың тарих, отан, келер уақыт алдындағы кісілік қасиеттерімен тұлғалық ұстанымының әлеуметтік ортада қатар сақталуы. Ұлттық кодынан қол үзбеген жеке адам заманынан қалмайды, өз заманында алға ұмтылады, өз заманның жетістіктеріне қол жеткізеді және оны ұлт игілігіне айналдыра алады. Алаш зиялысы Әлихан Бөкейханов жазып кеткендей, «Әділдік жоқ жұртта,

береке бірлік болмайды. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар, қысты күні үңгірде жатып өз аяғын сорған аю мысалында ғой, қанша қомағайланса да, сорғаны өз аяғы» Рухани жаңғыру жаңашылдыққа қол жеткізу, заманның жетістігін бағындыру. Жаңашылдық әлеуметтік ортадағы мәдениеттілікпен өлшенуі тиіс, паракорлық, жемқорлық күш алған тұста жеке адамның, әлеуметтік ортаның рухани жаңғыруы, жаңашылдығы тежеліп отырады.

Туған жерін ұмытпайтын адам туған елін қадірлейді. Елді қадірлеу туған жердің рухын бойға сіңіріп өсуден басталған. Сондықтанда елде туып, елде тұрып елге жаны ашымаған адам зиялылар қатарында болған емес. Зиялылықтың бірінші шарты адамның туған жерге, халыққа және ұлт болашағына деген шынайы жанашрылығынан бастау алмақ. Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады. Мемлекет басшысы мақалада атап көрсеткендей ұлттық сана, ұлттық код рухан жаңарудың түп қазығы, ұлттың негізі арқылы жеке адамның, халықтың, елдің уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы, уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қатар қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін дүниелерді қалыптастырады.

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ПАНОРАМАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДИАЛОГТІК АЛАҢ

ҰСЫНЫСТАРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» Бағдарламалық мақаласының басым бағыттарын талқылау бойынша «Педагогикалық идеялар панорамасы» тақырыбында өткен Республикалық on-line диалогтік алаң қатысушылары келесі ұсынымдарды қабылдады:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын одан әрі насихаттау үшін шағын Отанының тынысы, өздерінің туған өлкесінің тарихына деген қызығушылығын арттыру, жас ұрпақты танымал тұлғалармен таныстыру мақсатында жұмыстар жүргізу;

2. «Туған жер» бағдарламасы аясында меценаттар мен демеушілер тарту арқылы тарих және мәдениетпен байланысты ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды, ішкі туризмді және т.б. дамытуды көздейтін «Рухани қазына» бағытында іс-шараларды жүзеге асыру.

3. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша сертификатталған мұғалімдердің ассоциациясын құру арқылы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеясын жүзеге асыруда оқудан тыс іс-әрекет және ата-аналар қауымымен жұмыс жүргізу;

4. Қарт адамдар және мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қолдау бойынша айлық өткізу. Қарт кісілерді шақырумен мектептерде іс-шаралар өткізу жұмыстарын арттыру;

5. «Қазақстанның мәдени мұрасы» бағдарламасы бойынша педагогтер арасында ұлттық ойындар түрлерінен турнир ұйымдастыру;

6. «Туған жер» арнайы жобасы бойынша облыстың көрнекті жерлері мен тарихи орындарын жастарға таныстыру мақсатымен әр түрлі зерттеулер жүргізу және каталог дайындау;

7. «Туған жер» бағдарламасы аясында қоғамдық сананы жаңғырту бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға арналған облыстық форум өткізу;

8. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеші-педагогтерінің ұлттық-патриоттық тәрбие жұмысы бойынша озық тәжірибесін ғылыми тұрғыдан жүйелеуде ЖОО және біліктілікті арттыру институттарымен үздіксіз байланыс орнату;

9. Оқушыларды жоба жұмыстарына тарту үшін PBL – бағдарламасын жобалау жұмыстарында қолдану, мектептердің тәжірибесінде насихаттау.

**«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ «БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ»**

Елдос Сафуллин,

*«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік
қоғамының филиалы «Батыс Қазақстан облысы бойынша
педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»
директорының оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары*

Цифрлық технологиялар заманындағы педагог

1) Өнеркәсіптік революциялар

Елбасымыз 2018 жылы 10 қаңтарда жариялаған Жолдауында Төртінші өнеркәсіптік революцияның елімізге әкелетін игіліктері мен сын-қатерлерін ескере отырып, мемлекетімізге қойылатын жаңа он міндетті айқындады.

XXI ғасырдың көзіқарақты оқырманы ретінде Жолдаудағы міндеттерді ұғыну мақсатында Google шешімін пайдаланып, мектепте оқыған алғашқы екеуін қайталап, мектепте оқытылмаған соңғы екеуі (өнеркәсіптік революциялар) туралы танысып шықтым. Сонымен бұл төңкерістер туралы әлемдік эксперттердің ұсынған шартты хронологиясын былайша жинақтауға болады екен:

- 1) 1784 жылы Бу двигателінің пайда болуы 19-ғасырда еңбек өнімділігінің күрт көтерілуімен;
- 2) 1870 жылы Электр двигателінің, генераторының өндіріске енгізілуі 20-ғасырда жаппай өнеркәсіптік дамуға;
- 3) 1970 жылы Компьютерлердің жаппай шығарылуы көптеген салаларды автоматтандыруға әкелді;
- 4) 2015 жылы Төртінші өнеркәсіптік немесе цифрлық революция әлемдік эксперттердің басым бөлігінің тұжырымдары бойынша басталды. Бұл кезеңде өндіріс пен цифрлық технология қабысып, толықтай цифрлық өнеркәсіптің пайда болуына әкеледі. Жаңа өндірістік жағдайдың басты қатеріне жыл сайын жүздеген миллион адамның жұмыссыз қалу қаупі мен жаңа жағдайға бейімделу үшін адамдардың қайта оқуларына уақыттарының тапшы болуы жатады. Сонымен қатар, замана көшіне ілесе алмаған мемлекеттердің қай-қайсысы да озық елдерге экономикалық жағынан тәуелді болу салдарынан арыла алмайтыны және бар. Осындай ақпараттармен қанығу нәтижесінде Елбасымыздың 2018 жылдың 10 қаңтарда жариялаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбындағы жолдауында аталған он міндеттің неліктен сегізінде цифрлық, смарт, заманауи технология деген ұғымдардың аталатыны түсінікті болады.

Смартфон, смарт теледидар, смарт тақта, смарт үй, смарт тоңазытқыш, смарт кір жуғыш машина, смарт сағат, квадрокоптер, 3D принтер тәрізді

цифрлық революцияның тірек құралдары қазірдің өзінде күнделікті өмірімізге ене бастады.

Цифрлық революцияның пайдалы тұстарын қоғамның игілігіне жарату, қатерлерінен сақтанудың алғышарты ретінде дүниежүзілік эксперттер адамдарға «оқу, оқу және оқу» формуласын ұсынады. Осы тұрғыдан келгенде 2012 жылы Президентіміз Н.Назарбаев жариялаған «Қазақстан-2050» Стратегиясынан бастап әр жылғы Жолдауларды, 12 сәуір 2017 жылы «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде жарияланған Президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын талдай отырып, бірнеше мәрте қайталап оқу еліміздің сауатты азаматтарына көп пайдалы болар еді деп ойлаймыз. Себебі, интернет көздерінде 2016 жылдарда жариялана бастаған эксперттердің кеңестерін қарасақ, ол бағдарлардың 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиямызда айқын көрсетілгеніне куә боламыз. Мысалы, Стратегияның 7 бөлімінің 4-ші «Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары» бөліміндегі:

- Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, **білім берудің онлайн-жүйелерін** белсене дамыту керек болады;
- Біз қалайтындардың барлығы үшін **қашықтан оқытуды** және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз;
- Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге, сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет;

деген мәтіндердің өзектілігі бүгінгі күні айқындала түскендей.

2) Қашықтық курстары

«Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасы Г.Ахметованың 2016 жылдың 4 сәуіріндегі педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың қашықтық курстарын жасақтау тапсырмасына орай институтымызда «Қашықтық курстары» жобасы іске қосылды. «Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» 2016 жылдың 26 сәуірінде облыс бойынша Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың қашықтық курстарын ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже дайындады және бекітті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылы 28 қаңтарда №95 бұйрығымен бекітілген «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары» бойынша тұңғыш рет біліктілікті арттыруды еңбек қызметінен қол үзбей қашықтан оқу арқылы жүзеге асыруға болатыны рәсімделді. Әрине, қазіргі 5 жылда бір рет өткізетін 36, 40, 72, 80 сағаттық дәстүрлі қысқамерзімді курстарымыздың мазмұнын сол күйінде қашықтан оқыту үлгісіне қабылдай салуға болмайды. Себебі, ол жүйе үздіксіз білім алу ұстанымын толыққанды жүзеге асыра алмайды. Біліктілікті

арттыру институттарында курстарды тікелей өткізудің олқы тұстары бізді көптен ойландырады:

- Педагог еңбек қызметінен қол үзеді және оның жұмыс орнындағы міндеттері өзге педагогке жүктеліп, жұмыс ырғағы өзгеріске ұшырайды;
- Жіберуші мекеме іссапар шығындары мен курстағы педагогті алмастырушы педагогке төленетін шығындарды көтеруіне тура келеді;
- Педагогтің тұрғылықты орны курс өтетін жерден өзге болғанда отбасынан да уақытша алшақтап, қиыншылықтарды бастан кешіреді;

Жоба ережесі бойынша тыңдаушының жүру жолы 7 қадамға бөлінеді.

1) Онлайн өтініш. «Онлайн өтініш» батырмасын шертіп, ашылған терезеде өзіңіз туралы және бізбен байланысты ұстауға байланысты 8 ақпаратты толтырасыз.

2) Ұсыныс. Институттағы жоба мүшелері түскен өтініштерді сұрыптап, мектеп басшылықтарына хабарласып, мәліметтер расталған жағдайда өтініш иесінің жұмыс орнына қатынас қағаз жібереді. Ол хатта аталған мұғалімдерді онлайн курсқа жолдау туралы бұйрық шығарып, бізге сканкөшірмесін жолдау сұралады.

3) Мектеп бұйрығы. Бізден жолданған хатқа сәйкес мектеп директоры ұжымымен кеңесе келіп, онлайн тыңдаушыға бұйрық шығаруы мүмкін.

4) Институт бұйрығы. Бастапқы 3 ақпаратты қорыта келіп, институтқа онлайн тыңдаушыларды курсқа қабылдау туралы бұйрық шығарамыз.

5) Оқу үдерісі. Ережеге сай күніне 1 сағаттан, 4 күнге созылады.

6) Микроемтихан. Әзірге жоба аясындағы жұмыстардың нақты көрінісін бағалауымыз үшін қала мұғалімдерінен құралған онлайн тыңдаушыларды бір күнге институтқа шақырып, тексеру сұрақтары мен тапсырмалары қойылады. Тыңдаушылардың ұсыныстары қабылданады. Бұл қадам бейне және фототіркеулерді қажет етеді.

7) Сертификат. Бейнесабақтан меңгерген білімін көрсете алған тыңдаушы сертификатталады.

Жобаның I кезеңінде өз қызметкерлеріміз осы курстарда оқыды және 24 педагогтің 21-і сертификатқа ие болды. Жобаның II кезеңінде қала мектептері мен колледждерінен 18 педагог оқыды және 13-і сертификатталды. III кезеңде облысымыздың 37 педагогі оқытылды және 26 педагог сертификатталды. Сонда барлығы 79 педагог оқытылып, оның 60-ы сертификатталған екен.

3) Бейнесабақтар

Елбасымыздың 2018 жылдың 10 қаңтарда жариялаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбындағы жолдауында аталған 7-міндет «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталады. Және осы бөлімде:

- Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс.
- Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет.

- Орта мектеп пен колледждер және жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының **видеосабақтары** мен видеолекцияларын **Интернетте орналастыру керек.**
- Бұл барлық қазақстандықтарға, оның ішінде шалғайдағы елді мекен тұрғындарына озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге жол ашады.

Президентіміздің өзі видеосабақ туралы нақты тапсырманы атаған кезде білім берудің түрлі салаларындағы үздік педагогтер анықталуы және олардың видеосабақтарын түсіріп, өңдеу, кейін интернетке орналастыру тәрізді жауапты, әрі ауқымды істердің тұрғаны мәлім болды. Аталған тапсырманы орындау үшін «Саннан сапаға жету» ұстанымына жүгіну қажет деп санаймыз. «Рухани жаңғыру» бағдарламасында

«... Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі тиіс» – деп елбасымыз айтқандай, әр салада, әр мекемеде өміршең идеяларға негізделген істер болуға тиіс. Біліктілікті арттыру институтында өткізілетін байқаулар педагогтің кәсіби өсуіне үлкен мүмкіндік, күшті серпін береді. Мысалы бізде өткізілетін «Сабақтың үздік контенті» облыстық байқауы 5 жыл ішінде мектептегі барлық пәндер бойынша секциялар ашып, 633 облыс педагогін қамтып, 37 жеңімпаз бен 160 жүлдегерді дипломдармен, 436 қатысушыны куәліктермен марапаттады. Әдістемелік қызметте үздік педагогикалық тәжірибенің таратылуына ерекше мән беріледі. Тәжірибені кітапша түрінде баспа материалы өнімі тәрізді тарату – білім беру жүйесінде жақсы орныққан. Қазіргі уақытта контент баспадан шыққан мәтін түрінде ғана емес, аудио, видео нұсқаларда жасалады.

Демек, Стратегиядан бастау алған осы тектес жұмыстарымыз бүгінгі Жолдаудағы міндеттерді орындауға берік база бола алады деп санаймыз. Елбасымыздың 2011 жылғы Жолдауындағы «...Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс - Личным кредо каждого казахстанца должно стать «образование в течение жизни» деген қағидасы баршамыздың өмірлік ұстанымымызға айналады деп сенеміз!

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

Ш. У. Арыстанова,
«Өрлеу» АҚ БҚО ПК БАИ,
ДБО тренері

Жас ұрпақ тәрбиесі қай заман болмасын уақыт сөресінен түскен емес. Бір баланы адам етіп өсіргенше бір шаһар апат болады дейді Шығыс даналығы. Ал жеке тұлғаның адамгершілігін қалыптастыру үшін қыруар уақыт пен тер төгетін үлкен жауапкершілік қажет. Халық мұғалімі жас ұрпақтың рухани дүниесінің мүсіншісі, ол өзінің ең қымбаттысы, ең құндысы саналатын балаларға өзінің үмітін артып, болашағын сеніп тапсыратын қоғамның сенімді

өкілі. Осы арада ізгі және өте қиын кәсіп ұстаздан өз өмірін оқу-тәрбие ісіне арнаған тұрақты шығармашылықты талап етеді.

Мұғалімнің сыртқы келбет мәдениеті, өзін-өзі басқару шеберлігі, мұғалімнің моральдық қасиеттеріне қойылатын талаптар оқу-тәрбие жұмысының табиғатына қарай күн сайын жаңарып, жаңа сипатқа ие болуда. Мұның өзі қоғамның үздіксіз дамуынан, ғылым мен техниканың өркендеуінен туындап отыр.

Ежелден-ақ барлық халықтарда мұғалімнің рөлі бастапқыдан ұлы болған, мұғалімдердің міндеттері ата-аналар мен мемлекеттің міндеттеріне сәйкес келген. Бұрынғы кезде мұғалімдерді «шебер» деп атаған, мұның өзі және ұрпақтың тәрбиесі сеніп тапсырылған адамдарға деген құрметті білдірген.

Мұғалім кез-келген қоғамда сұранысқа ие, өйткені әлеуметтік ортаны құру солардың қолында, олар ғасырдан ғасырға келешек ұрпақты өмірге даярлап келеді.

Адамгершілік қағидаттары мен интеллектуалдық қабілеттерді иеленген рухани- адамгершілікті және дене жағынан салауатты, нағыз патриоттарды тәрбиелеу, еркін ойлай алатын, белсенді әрекет ете алатын болашақ азаматтарды құру заманауи әлемдік маңызды рөл атқарады. Қазіргі білім берудің, қоғамның және мемлекеттің басты мақсатының бірі жоғары адамгершілікті, бастамшыл, шығармашыл, жауапкершілігі мол, құзіретті Қазақстан азаматын тәрбиелеу, әлеуметтік-педагогикалық қолдауды құру мен дамыту болып табылады. Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу үшін жағдай жасау –үкімет қызметінің және Қазақстан Республикасының Президентінің басым міндеттерінің бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының прагматизм бөлімінде: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек...Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану- мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл заманауи- әлемдегі бірден бір табысты үлгі» деп атап көрсетті. Мемлекеттің басты міндеті де осы.

Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесі заманауи білімдік жүйенің алдыңғы қатарлы міндеті және білім беру жүйесі үшін әлеуметтік тапсырыстың маңызды құраушысы болып табылады.

Ғылыми-педагогикалық зерттеулерде ғалымдар адамның құндылықтық-мәнді сферасын қалыптастыру мәселесін жиі қарастырады, бұл оларды өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік білім беру проблемасына әкеледі. Көптеген зерттеулерге ортақ нәрсе бойынша руханилыққа адамның өз-өзімен жұмыс істеуі үдерісінде қол жеткізіледі. Жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі педагог-мұғалімнің рөлін қарастыратын болсақ, онда ол барынша зор назар аударуы тиіс. Табысты тұлға дамытудың факторы ретінде, сондай-ақ бүкіл мектептің, жоғары оқу орындарының білімдік үдерісінде педагогтің жеке үлгісі маңызды болып табылады. Педагог рөлі, оның адамгершілік және кәсіби

беделі еліміздің рухани-адамгершілікті, жауапкершіл, бастамшыл және күзіретті азаматын тәрбиелеу ісінде түйінді маңызға ие. Бүгінде педагог тек білімдік жетістіктерге ғана емес, сонымен қатар жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне жауап береді, тәрбие үдерісін ізгілендіреді және бір мезетте ұлттық мәдениеттің, халық даналығының бүкіл адами тәжірибесін есепке ала отырып, қоғамдық шындықты құрады. Заманауи қоғамның қажеттіліктері сапалы оқыту міндетін ғана емес, заманауи әлемде болып жатқан үдерістерге бейімделе алатын жоғары адамгершілікті, рухани бай Адамды тәрбиелеуді жүктейді.

Біздің әрқайсысымыздың белгілі бір тәсілдермен тұлғалық қалыптасуымызға ықпал еткен алғашқы мұғаліміміз бар. Алайда жеке тұлғаның білімдік дамуынан өзгеше оның рухани-адамгершілік біліміне жауапкершілікті педагог өз мойнына алатынын естен шығармау қажет.

Мұғалімнің басты қызметі, нақ осымен, яғни жалпы алғанда, өскелең ұрпақтың рухани әлемін, адамдық ережелер мен сенімдерін қалыптастыруымен анықталады. Мұғалім баланың жастайынан-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарын ашады, әлем туралы түсінігінің дұрыс қалыптасуын тәрбиелейді, осыған сәйкес мінез-құлқын реттей алуды, мейірімділік, қайырымдылық, шыдамдылық, басқаларға құрмет пен ізгілік қағидатында өмір сүруге үйретеді.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру жобасының авторы С.Алпысқызы былай деп жазды: «Біз білім беру жүйесі арқылы қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртқымыз келеді. Сол арқылы әр адам өз бойындағы игілігіне пайда келтіре алатындай болуы керек...

«Отбасында, мектепте, қоғамдық орындарында үлкендер мен бала арасындағы сыйластық, махаббат пен мейірімділік, шапағат шуағы мен ізгілік нұрына бөленуі тиіс».

Риясыз мейірімділік риясыз сүйіспеншілікпен ұштасып жатыр.

Адамның санасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым оның риясыздық дәрежесі жоғары болады. Сана сезімнің пайда болуы оның мақсатқа бағытталған саналы «өзін-өзі қалыптастыру» үдерісін тудырады.

Ш.Амонашвили мұғалім тұлғасын былай түйіндейді: «...Педагогикалық үдерістің жетекші күші мұғалім тұлғасы, тәрбиеші тұлғасы болып табылады. Оның мінез-құлқы, дүниетанымы, талпынысы, мәдениеті, оның рухани-адамгершілік әлемі, білімі, өмір салты, әдеттері, оның балаларға, өз мамандығына сүйіспеншілігі, жалпы оның бүкіл тұлғасы педагогикалық үдеріс сапасын анықтайды. Бұл сапалар жақсы бағдарлама, оқулық, әдістер, «жаңа технологиялар», құралдар-жабдықтарға қатысты емес, ең алдымен мұғалімнің тұлғасына қатысты болмақ. Сондықтан мұғалімнің рухани-адамгершілік әлемі-оның шарықтауы мен кемелденуі».

Қорыта айтқанда мұғалімнің өз кәсіби қызметі мен өмірінде басшылыққа алатын адамгершілігі, моральдық, нормалар, оның өзінің педагогикалық еңбегіне, оқушыларына, әріптестеріне қарым-қатынасы - осылардың бәрі өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесі үшін аса маңызды

болып табылады. Егер педагог білім алушылар үшін адамгершілік және азаматтық тұрғыдан тұлғалық үлгі бола білмесе, ешбір тәрбиелік бағдарлама тиімді болмайды.

Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесі тиімді ұйымдастырудың маңызды шарты тәрбиелік жүйе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Егеменді Қазақстан газеті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Н.Назарбаев 12 сәуір 2017 жыл.
2. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасындағы мұғалімнің рөлі.-Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2016 жыл
3. Көшбасшылық мәдениеті.9-11 сынып. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. - Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2016 жыл

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Улянова Алмагүл Утешовна,
*Баспа қызметі және қоғаммен
байланыс бөлімінің жетекші
маманы*

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында мәдени, рухани құндылықтар жайында көп дүние айтылған. Атап айтқанда, латын әліпбиіне көшуді жеделдетуден бөлек, «Туған жер», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиялық белдеуі», сондай-ақ «Жанында жүр жақсы адам», «100 жаңа есім» атты бағдарламалық жобалардың түп-төркінінде патриоттық рухты көтеру, ізгілікті арттыру жатқаны анық. Адам рухани дамымай, ел мүддесін де, болашағында ойлай алмайды.

Ел Президенті қоғамның рухани жаңғыруына халықтың дәстүрі мен ұлттық мәдениеті негіз болуы тиіс екенін атап айтты. Мұндай бағытты ұстану кешегі күн мен бүгінді, бүгін мен ертеңді жалғастырады. «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», - деген еді Н.Ә.Назарбаев. Яғни, осындай ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, әлемдік деңгейге көтерілуіміз қажет.

Жаңғыру ұғымының өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп Елбасы айтқандай бүгінгі сананың жаңғыруы тамырын тереңнен тартатын ұлттық құндылықтарымызбен тығыз байланысты. Олар: ана тіліміз, мәдениетіміз, діліміз, тарихымыз, дініміз.

Әрине, салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ. Кез келген халықты өзінің төлтума рухани құндылықтары

мен ізгі қасиеттері біріктіреді. Біз ата-бабамыздың мыңдаған жылдар бойы ұстанған әдет-ғұрпына құрмет танытар болсақ, жас ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпесі анық.

Жасыратыны жоқ, кеңестік кезеңде, халықтық қасиетімізді, адамгершілік түсінігімізді, бауырластығымызды, намыс пен елдігімізді, әдет-ғұрпымызды жоғалтып ала жаздадық. Бұның өзі ұлттық тіліміздің, дініміздің әлсіреуіне әкеліп соқты. Салт-дәстүріміз арқылы халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын, мемлекеттік құрылымын жандандыра алатындығымыз туралы мүлде ойланбадық.

Бүгінде Тәуелсіз ел атанып, өзге елдермен тереземіз теңесті. Өткенге құрмет танытып, ата-бабамыздың салған сара жолын үлгі тұта бастадық. Нәтижесінде «өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды», осы уақытта салт-дәстүріміз, жоралғыларымыз бен ырым-тиымдарымыз өмірімізге енді.

Салт-дәстүрдің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор. Ұлтымыздың ұлттық сөз өнері, аспаптары, мерекелері, қонақ күту дәстүрі өзге елдерден біздің биік тұрғанымызды көрсетеді. Осындай мәдени мұраны көне деп қарамай, оны байырғы байлығымыз деп бағалап, халқымыздың тұрмысына, қажетіне тиімді пайдаланып, сол жолда жастарды тәрбиелеу – баршаның міндеті. Қазақта «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген мақал бар. Бүгінгі жас ұрпақ ұлттық құндылықтарымызды заман талабына сай қолданып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп, жеткізе білсе рухани жағынан кемелдене түсеріміз сөзсіз.

XXI ғасыр – өзгерістер ғасыры. Қазір әлемде «жаһандану үдерісі» қарқынды жүріп жатқан кезең. Бұл әрбір халықтың ұлттық мәдениетіне, оның мазмұнына айтарлықтай кері ықпал етеді. Жаһандану – ұлт тіліне де қауіп төндіреді. Демек, біз өз тілімізді қорғауымыз қажет. Яғни тіліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруымыз қажет. Оның негізі – тілдің өміршендігі, үнемі сұраныста болуы, қолданушылар санының көп болуы, ғылым мен білімнің, бизнестің, технологияның, т.б. әлеуметтік салалардың тіліне айналуы. Қазақ халқының негізгі рухани құндылықтары тілі арқылы қалыптасып дамыды. Тіл – ұлт ретінде сақталу кепілі. Туған тілін өз халқы қаншалықты құрметтейтін болса, сол халықтың да дәрежесі соншалықты биік болады. Ана тіліміздің қадір-қасиетін бәріміз бір адамдай сезінсек, ұтылмаймыз.

Біз тарихы терең ел екенімізді әлемге танытуға тиіспіз. Оның барлығы тіл арқылы, өнер мен мәдениет арқылы жүзеге асады. Біз мұндай құндылықтардан кенде емеспіз.

Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі, жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір.

Жаңа әліпбиге көшу латын графикасы негізіндегі жазуды қолданып отырған түркітілдес бауырластарымызбен әдеби, мәдени байланыстарымыздың нығаюына, дамуына ықпал етіп, қазақ тілінің мемлекетаралық қатынастағы қолданылу мүмкіндігіне жол ашады, ұлттық жазудың елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде беделін көтереді.

Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Туған жер» жобасына ерекше тоқталған. Осы бағытта өлкетану жұмыстарын жандандыру, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру басты назарда болмақ. Елбасы: «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», – деп, ел болашағы жастардың ел тарихын танып білуін басты мақсат етіп қойды. Тарихымыз рухани байлығымыз екенін атап көрсетті. Осы мақалада айтылған «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы да рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі болып саналады.

Бұлардың бәрі ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға бағытталған құнды дүниелер екендігі даусыз.

Елбасы мақаласында осындай мәні зор ұлттық жобаларды жүзеге асыруда ақпараттық құралдар атсалысу қажеттігін нақтылады. Осы аталған бағдарламалық мақаланы халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында біздің институтымыздағы Баспа қызметі және қоғаммен байланыс бөлімінің жұмыс жоспары бекітілді. Институтта шығарылатын облыстық «Ұстаз» журналы және «Жайық ұстазы» газетінде «Рухани жаңғыру», «Туған өлкенді танып біл», «Тарихыңды таны», «Бүгінгі күн тақырыбында», «Жаныңда жүр жақсы адам» айдарлары бойынша мақалалар, пікірлер, педагогтердің көзқарастары жарияланып келеді. Институтта Елбасының бағдарламалық мақаласында айтылған жобалар бойынша ұйымдастырлыған іс-шараларға да белсене қатысып, баспасөз беттерінде жариялап отырады.

Осылайша мемлекет басшысының сарабал саясатын жұртшылыққа түсіндіруде бөлім қызметкерлері жақсылықтың жаршысы болып келеді.

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ПАНОРАМАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДИАЛОГТІК АЛАҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

Үстіміздегі жылдың 29 қаңтары күні «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асырудағы «Педагогикалық идеялар панорамасы» тақырыбындағы диалог алаңы өткізілді.

Шараға институт кафедраларының профессорлық-оқытушылық құрамы, аудандық, қалалық әдістемелік кабинет әдіскерлері, жалпы білім беретін мектептердің, лицей, гимназиялардың пән мұғалімдері қатысты.

Мақсаты: ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы мазмұнына сәйкес бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, мәдени ашықтық бағыттарын жүзеге асыру бойынша пікірлер алмасу, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Алғысөз алған директордың оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Елдос Сафуллин қатысушыларға алғыс айта отырып, диалог алаңы жұмысының сәтті өтуіне тілектестік білдірді.

Сонымен қатар өткізіліп отырған диалог алаңы аясында: «Цифрлық революцияның пайдалы тұстарын қоғамның игілігіне жарату, қатерлерінен сақтанудың алғышарты ретінде дүниежүзілік эксперттер адамдарға «оқу, оқу және оқу» формуласын ұсынады. Осы тұрғыдан келгенде 2012 жылы Президентіміз Н.Назарбаев жариялаған «Қазақстан – 2050» стратегиясынан бастап әр жылғы Жолдауларды, 12 сәуір 2017 жылы «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде жарияланған Президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын талдай отырып, бірнеше мәрте қайталап оқу еліміздің сауатты азаматтарына көп пайдалы болар еді деп ойлаймыз, себебі интернет көздерінде 2016 жылдарда жариялана бастаған эксперттердің кеңестерін қарасақ, ол бағдарлардың 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиямызда айқын көрсетілгеніне куә боламыз, – деп пікірін білдіріп өтті.

Бұдан кейін сөз алған «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «БҚО ПҚ БАИ» ТТЖӘ кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к. Жанабек Жақсығалиев «Ұлттық сана: жаңғыруға ұмтылыс-жарқын болашаққа бетбұрыс» тақырыбында толғамды ой қозғады.

«Президент атап өткендей, «Рухани жаңғыру тек бүгін басталған жұмыс емес. Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды істер атқарылды». Мұны мойындамау – ақиқатқа қиянат. Басқасын айтпағанда, 2004 және 2013 жылдары қабылданған «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында» бағдарламаларының өзі неге тұрады?! Немесе 2014 жылы Ел тәуелсіздігінің 23 жылдығына орай салтанатты жиында жасаған баяндамасында Елбасының: «Ұлан-ғайыр жері бар, ұлы мұратты елі бар, бабалары жазған ұлы тарихы мен

ұрпағы бар, көз тіккен ұлы болашағы бар менің халқым – Ұлы халық» деп айтқан жан тебіренерлік сөздері әр қазақтың ет-жүрегін елжіреткен еді. Президент мақаласының кіріспесін: «Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім» деп түйіндеді. Бүгінде бұл мақаланы тек қазақ қоғамы емес, алыс-жақындағы шет ел сарапшылары асқан ыждағатпен жан-жақты талдап-тарқатып, егжей-тегжейлі саралауға кіріскені мәлім», –деп Елбасының бағдарламалық мақаласына өз пікірін білдірді.

Шараға арнайы шақырылғын «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «БҚО ПҚБАИ» ИТЖҒЖ(Г)ПОӘ каф. профессоры, ғылым докторы Ғабит Хасанов: «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласын оқығанда жақсы әсер алдым. Мұнда маған жағымды әсер еткені мақаланың қазақ тілінде жарық көруі еді. Жалпы президенттің осының алдында жариялаған «Ұлытаудағы сөз» және «Нұрлы жол» атты Жолдауынан кейін маған ұнаған осы тарихи құжат. Елбасы өз сөзін ұлттық санадан бастайды, бұл тегін емес, себебі сырты қазақ, іші мәңгірт адамнан не пайда, не қайыр? Ұлттық санасы жоқ адамнан ұлтқа деген бір әрекет күтудің өзі қиын екенін білуіміз керек. Ұлттық санаға, ең алдымен, әсер ететін күш – ана тілі. Тілімізді реформалау ұлттық сананы жаңа деңгейге көтеретін қадам», – дей келе, тіліміздің беделін әлем елдері алдында көтере түсетін латын әліпбиінің енгізілуін қолдайтынын айтты.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «БҚО ПҚБАИ» ДБО тренері Шынар Арыстанова: «Өзін-өзі танудағы мұғалімнің рөлі» тақырыбында сөз сөйлеп мұғалім кез келген қоғамда сұранысқа ие, әлеуметтік ортаны құру ұстаздардың қолында екенін айта келіп: «Ғылыми-педагогикалық зерттеулерде ғалымдар адамның құндылықтық - мәнді сферасын қалыптастыру мәселесін жиі қарастырады, бұл оларды өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік білім беру проблемасына әкеледі. Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін тиімді ұйымдастырудың маңызды шарты тәрбиелік жүйе болып табылады. Мыс: А. Дистерверг, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, Я. Корчак, Ш.Амонашвилидің сөздерін басшылыққа алып, өзін-өзі тануына, өзгеруіне рухани-адамгершілік тәрбиенің ықпалы, өмірлік тәжірибеде мұғалімдердің санасының өзгеруіне: зиян әдеттерден, кешірімді болуға үйренді. Мыс: Мұғалімдер арасында темекінің тастауы, ажырасқан отбасының қайта қосылуы тәрізді мысалдар дәлел бола алады. Мұғалім өзін-өзі танығанда ғана жас ұрпаққа ойы, сөзі, әрекеті арқылы үлгі бола алады», – деп өзі көзқарасын білдірді.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «БҚО ПҚБАИ» ДБО тренері Сәуле Файзуллина «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы Рухани жаңғыру идеясын жүзеге асырудың негізі ретінде» тақырыбында өз ойын айта отырып: «Білім саласында Рухани жаңарудың ең маңызды миссиясы – бұл Ұстаздың рухани жағынан жаңғыруы, ұстаздың жүрегінің жаңғыруы.

Оқыту, ойлау және түсіну – осының бәрі бес сезім мүшелері арқылы сананың ішінде жүретін үдерістер – білім арқылы сананы тазарту ұстаздың маңызды рөлі.

Рухани жаңғырудың маңызды миссиясы осы дүниенің бірлігі мен үйлесімділігінде – рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды», – деп түйінді пікір айтты.

Сонымен қатар осы шараға қатысқан «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Батыс Қазақстан облысы бойынша ПҚБАИ» кітапхана меңгерушісі Индира Бадакова «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында институт кітапханасындағы «Бірге оқимыз» жобасы туралы әңгімелеп өтті. Институт кітапханасындағы кезекті «Тыңдаушы, өзіңмен бірге кітап ала кет» жобасына да тоқталды. Кітапханадағы көпшілік сұранысына ие кітаптарға QR-код жапсырылып, әр тыңдаушы аталмыш кітаптағы кодты сканерлеу арқылы сол кітаптың электронды нұсқасын смартфонға жүктеп, өзімен бірге алып кетуіне мүмкіндік жасалғанын, аталмыш жоба «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Цифрлық Қазақстан» жобасы аясында жүзеге асырылып отырғанын жеткізді.

Институттың Баспа қызметі және қоғаммен байланыс бөлімінің жетекші маманы Алмагүл Улянова «Ұлттық құндылығымыз – басты байлық» тақырыбында бағдарламалық мақала аясында рухани құндылықтарымыздың маңызына тоқтала отырып, облыстық «Ұстаз» журналы, «Жайық ұстазы» газеттерінде Елбасы мақаласын насихаттау бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Шара соңында қатысушылар «Латын әліпбиіне көшудің тиімділігі қандай?», «Рухани жаңғыру деген не?», «Рухани жаңғыру аясында атқарылып жатырған шараларға қандай баға бересіз?», т.б. өз сауалдарын қойып, тұщымды жауап алды. Жоғары деңгейде өткен басқосуға қатысушылар ризашылықтарын білдірді.

**«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ
ФИЛИАЛЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ»**

**«МӘНГІЛІК ЕЛ» – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
САНА-СЕЗІМІН РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУШЫ ИДЕЯ**

**Абдықалықов Қожанасыриден,
Жусупбекова Сандугаш Инкарбековна,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы
бойынша ПҚ БАИ, №57 мектеп-лицей, Қарағанды қ.**

Қазақстандық қоғамның «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін дайындаудың өзектілігі білім беру ұйымдарының ұлттық мәдениетті меңгеру, бекіту, көріну және трансляциялауына ықпал ететін білім алушы тұлғасын рухани, ұлттық теңестіру мен әлеуметтендіруге бағдарлау қажеттілігімен айқындалады.

Оқушы жастардың санасында білімнің беделділігі, өз денсаулығын сақтаудағы экономикалық мүдделілік сияқты жаңа позитивті трендтер артуда; отбасы, достары, денсаулығы, материалдық игіліктер, қызықты жұмыс, мансабының өсуі оқушылардың дәстүрлі өмірлік құндылықтары болып қала беретінін социологиялық зерттеулер көрсетіп отыр.

Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеге жеткізу ұстаздық шеберлікті қажет етеді.

Сабақтан тыс уақытта оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің мынадай жолдарын ұсынуға болады:

- халықтың алдыңғы қатарлы дәстүрлерін нақты мысалдармен ашып көрсету;
- халықтар тағдырының ортақтығына, әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің ортақтығына назар аудару;
- көрнекі қайраткерлердің де, қарапайым халық өкілдерінің де тарихтағы, халық алдындағы қызметін, еңбегін көрсету;
- туған өлке материалдарын тиімді пайдалану;
- отансүйгіштік сияқты тамаша қасиеттерді өркендетуге байланысты мемлекет пен үкімет тарапынан қабылданған құжаттарды пайдалану.

Бұл тақырып аясында берілген материалдар «Мәңгілік ел» Ұлттық идеясының басты құндылығына – «Қазақстанның тәуелсіздігіне» арналған. Оны Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізілетін мектептік апталықта немесе сыныпта өткізілетін отаншылдық тәрбие іс-шараларында ұсынуға болады.

Отаншылдық дегеніміз – елі мен жері, халқының бостандығы және мемлекет ретінде жер бетінде сақталуы үшін, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау. Отаншылдықты қазақ ұлтжандылығы деп те қарастыруымызға болады. Отаншылдық – ұлт бостандығы, елі мен жерінің тәуелсіздігі, білім мен ғылым,

мәдениет, спортта әлем сатыларының биік шыңынан көрінуі негізгі ұстаным болып табылады.

«Қазақстан - 2050 Стратегиясы» бағдарламасында қазақ тілі және тілдердің үштұғырлылығы мәселесіне ерекше маңыз берілген. Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс. Мемлекеттік тілмен қатар Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдағы уақытта да жалғастыра беретін боламыз. Екі немесе одан да көп тілде оқытатын аралас мектептерді дамыту қолға алынбақшы.

Біртектілік пен бірлікке қол жеткізу үшін жасалатын 5 қадам қатарында «Мәңгілік ел» патриоттық актісі жобасын әзірлеу және «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу мен жүзеге асыру, мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу жоспарлануда.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы еліміздің білім беру саласы басты назарды адам, Отан, туған өлке, денсаулық, салауатты өмір салты, білім, мәдени мұра, достық, еңбек, тіл ұғымдарынан тұратын базалық құндылықтарға аудару керектігін негіздеген.

Барлық оқыту процестерінде әрбір тұлғаның Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде рухани-адамгершілік тұрғыдан әбден жетілуі үшін отаншылдық сана-сезімнің қалыптасуы, отбасылық құндылықтардың кеңінен насихатталуы, құқықтық сананың қалыптасуы мен дамуы, жалпыадамзаттық сапалық қасиеттер негізінде көпмәдениетті тұлғаның қалыптасуы, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастырудың кешенді, үздіксіз және тұрақты жүйесінің болуы шарт. Патриоттық сананы қалыптастырудың ұлтжандылық құндылықтарына саналы оң қарым-қатынас қалыптастыру; белсенді азаматтық ұстанымды іске асыруға ұмтылысты қалыптастыру; Отанға, мәдениетке, тарихқа, фольклорға, Қазақстанның салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен құрметті тәрбиелеу; мемлекеттік рәміздерді білуді насихаттау; еліміздің жетістіктеріне жауапкершілік және мақтаныш сезімдерін дамыту міндеттері жүктелген.

2020 жылға дейінгі «Жастар – Отанға!» Стратегиясында «Болашақ қазақстандық» – ол әлеуметтік белсенді, өзгерістен қорықпайтын, шапшаң, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, кәсіби шеберлігі жоғары маман... Оның ақыл-ойы кез келген өте күрделі міндеттердің өзін шешу үшін әбден жаттыққан болуға тиісті. Оның жүрегі Отанға деген шексіз сезімге толы. Ол денсаулығы мығым, шыныққан және шымыр» – делінген.

«Назарбаев Зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымы тәрбие жұмысының үлгісінде тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру негізіне азаматтық белсенділікті, ұлтжандылықты және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру таңдап алынған.

Осындай мәліметтер «Мәңгілік ел» – қазақстандық оқушылардың сана-сезімін рухани жаңғыртушы идея» конференциясының мазмұнына да өзек бола алады.

Конференция жұмысының бағыты ретінде төмендегі тақырыптарды алуға болады:

1. «Қазақстандық жол - 2050»: ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ» Жолдауында патриоттық тәрбиенің басымдылық ретінде танылуы.

2. Білім беруде қазақстандық отаншылдықтың құндылықтарын қалыптастыру.

3. Қосымша білім беру жүйесінде отаншылдық тәрбиені ұйымдастыру.

Конференцияның регламенті төмендегідей:

1. Конференция тақырыбына кіріспе.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымының жиынтық мағынасы – «Мәңгілік Ел» идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!

2. Конференция регламентін хабарлау (баяндамаға 10 минут)

3. Конференция тақырыбына сай оқушылардың баяндамалары.

3.1. «Қазақстан - 2050 Стратегиясы» бағдарламасындағы тілдердің үштұғырлылығы – ұлтжандылықты дамыту құралы.

3.2. «100 нақты қадам» бағдарламасы: қазақстандық отаншылдықтың құндылықтары.

3.3. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы отаншылдықты отбасында қалыптастыру мәселелері.

3.4. Оқыта тәрбиелеу процесіндегі базалық құндылықтар.

3.5. «Жастар – Отанға!» Стратегиясындағы отаншыл азамат бейнесі.

3.6. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ тәрбие жұмысының үлгісінде отаншылдық және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру.

3.7. Діни сананы қалыптастыру және діни төзімділікті сақтауға бағытталған шараларды жетілдіру жолдары.

3.8. Білім беру ұйымдарында рухани жаңғыруды жүзеге асырудың міндеттері.

4. Баяндамаларды талқылау.

5. Конференция жұмысының қорытындысы.

Ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру оқушы бойындағы сана - сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қала алатын отаншыл - азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндігіміздің бар екендігін айғақтады.

Конференция жұмысының нәтижесінде қазақстандық оқушылардың отаншылдық сана-сезімін қалыптастырушы үлгі құрылымын (1 - кесте) жасақтауға болады.

Кесте 1 – Оқушылардың отаншылдық сезімін қалыптастырудың үлгісі

Құраушылар	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық (сендіру, қажеттілік, эмоциясы, идеалдары, орнықтылығы)	Рухани құндылықтарға дұрыс қарым-қатынас	- рухани құндылықтарды игеруге қажеттілікпен ұмтылу; - отаншылдыққа тәрбиелеудегі рухани құндылықтардың маңыздылығын түсіну; - рухани құндылықтарды сезімталдықпен қабылдау; - рухани құндылықтарға саналы қызығушылық және аялы қатынас; - рухани құндылықтарды игеру үдерісінде пайдаланылатын мәдени мұраның әлеуметтік маңызын сезіну; - Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің тарихына қажеттілік пен қызығушылық
Танымдық (білім)	Рухани құндылықтар негізінде білім аясының болуы	- рухани құндылықтардың отаншылдық әлеуетін білу және түсіну; - отаншылдыққа тәрбиелеудегі рухани құндылықтардың мүмкіндіктерін білу; - рухани құндылықтарды игеру үдерісінде пайдаланылатын мәдени мұра шығармаларының идеялық отаншылдық маңызын білу; - Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің рухани құндылықтарын білу; - Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің тарихын білу
Мінез-құлық, іс-әрекеті (тәртібі, өзін ортада ұстай білуі)	Рухани құндылықтар әлеуетін қабылдау, бағалау және пайдалану	- рухани құндылықтарды тұтастай қабылдай және дәйекті бағалай білу; - рухани құндылықтардың отаншылдық мазмұнын қабылдай білу; - рухани құндылықтарды игеру үдерісінде пайдаланылатын мәдени мұраны дұрыс пайдалана білу; - рухани құндылықтарды талқылау үдерісінде өз ұстанымын дәйекті қорғай білу; - рухани құндылықтарды талқылау үдерісінде басқаның дәйекті ұстанымын дұрыс қабылдай білу; - рухани құндылықтар туралы шабытпен қызықтыра әңгімелей білу; - Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарау

Жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға құзыретті тәлімгер заманауи технологияны кешенді қолдана білуге тиісті.

ҰЛЫТАУ: РЕАКРАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСТАН-ТУРИЗМДІ ДАМУ

Баймагамбетова Батима Абдигалиевна,

биология пәні мұғалімі,

Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласы

«№27 ЖОББМ» КММ

*«Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-
географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де
бізді кез-келген рухани жұтаңдықтан сақтап,
аман алып шығатын символдық қалқанымыз
әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы»
Н. Назарбаев*

Педагогикалық идея өзектілігі: Адами капитал сапасын жақсарту – елдің инновациялық дамуының басты факторы екенін баса айтуы мемлекет басшысының дүйім елді жалт қаратқан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде жарияланды.

Жалпы жұрттың санасы бір демде сілкінуіне себепкер болған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – Ұлт Көшбасшысының елдік ұстаным тамырларын мейлінше тереңдете түсуге қатысты әр кезде жалықпай айтып жүрген мазмұны көшелі әрі көрегенділік сипаттағы ой-пікірлерінің бір арнаға жүйелі негізде тоғысуының көрінісі.

Рухани жаңғыру – сана-сезімдегі соны серпіліс, түбі тоқырауға жетелеуі мүмкін таптаурын түсініктерден арылу. Ұлттық құндылықтардың қадірі мен қасиетін терең бағамдауға бет бұру. Елбасы ертеңгі күндері ел болып жұмыла атқаруға кірісетін әрекеттердің маңызы мен мәнін «...Біздің санамыз ісімізден озып жүруі яғни, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» деп баршаға түсінікті түрде дәйектеп берді.

Сындарлы шақта бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, жаңаша білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы секілді рухани жаңғыру бағытындағы басты қажеттіліктерді жіпке тізгендей даралап көрсеткен.

Педагогикалық идея мақсаты: Туған жердің байлығын сақтап, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту арқылы экологиялық және экономикалық жағынан өте тиімді, өнімділігі жоғары жаңа технологияларды жетілдіру

Педагогикалық идея міндеттері:

– өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиені ұйымдастыруда озық педагогикалық тәжірибені және инновациялық идеяларды насихаттау;

– экологиялық және экономикалық жағынан өте тиімді, өнімділігі жоғары жаңа технологияларды жетілдіру үшін идеялар қосу;

– қасиетті Ұлытау аймағында рекреациялық ресурстар туризмді дамыту алғышарттарын іске асыру;

Күтілетін нәтиже:

– -өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиені ұйымдастыруда озық педагогикалық тәжірибені және инновациялық идеяларды насихаттайды;

– экологиялық және экономикалық жағынан өте тиімді, өнімділігі жоғары жаңа технологияларды жетілдіру үшін идеялар толықтырады;

– қасиетті Ұлытау аймағында рекреациялық ресурстар туризмді дамыту алғышарттарын жүзеге асырылады.

Болашақ Ұлытау туризм орталығының бағыттары

Туризм экономиканың тиімді саласы. Еліміздегі ірі туристік орталыққа айналуы ықтималдығы басым әрі туристік тиімділігі жоғары Қазақстанның аймақтарының бірі бай туристік әлуетке Орталық Қазақстандағы Ұлытау өңірі. Бұл өңірдің табиғи-туристік ресурстары, тарихи-танымдық, ғылыми-археологиялық, этникалық, экзотикалық, туризм түрлерін дамытудың қолайлы жағдайлар жасалды. Жаратылыстану бағытындағы пәндерде оқу бағдарламасының мазмұнын айқын көрсетеді.

Ұлытаудың қазіргі уақыттағы рекреациялық ресурстары

№	Формалары	Түрлері	Мерзімі	Себептері
1	Курорттық-санаторлық емделу орталығы	Спелеотерапия, рогейн, «Бұлақ пен денсаулық» бұлақ суымен емделу	2018ж	қасиетті үңгірлер, лабиринттер мен бұлақтардың көп болуы
2	Экскурсиялық көрмелер	Хайкинг, трекинг, топтық серуендеу	2018ж	Атақты Едіге шоқысы, қазақтың ұсақ шоқылары, әсем табиғат көрінісі
3	Спорттық демалыс	Жаяу жүргіншілер, велосипед пен мотоцикл, авто көлік туризмі	2018ж	Ұлан-ғайыр қазақтың даласы
4	Аграрлық туризм	Агро-экотуризм бизнесі	2019ж	Аймақтық табиғи жерлерді қорғау
5	Далалық экологиялық жорықтар	Көне тарихи ескерткіштерге саяхат	2018ж	Алашахан, Домбауыл, Жошыхан тарихи орындары
6	Қонақжайлылық туризмі	Маркетинг қонақжайлылық	2020ж	Ұлттық құндылықтар

		туризмі		салт-дәстүрі
7	Туристік индустрия	Инвестициялық курорттық жылжымайтын мүлік	2020-2030ж	Жұмыс орындары, кәсіпкерлік

Ұлытаудың туристік әлеуетін толығымен тексеріп, тарихи ескерткіштердің жағдайын толық зерделеп туристік инфрақұрылым орталығына айналдыру кезек күттірмейтін мәселе яғни, Қасиетті Ұлытау-еліміздің рухани орталығына айналу керек. Ол үшін жақында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі шаралар жасауға ниеттенуі қуантарлық жағдай. Туристік ұйымдар мен «ҚазАвтожол» компаниясымен бірлесе отырып, Ұлытауды аралауға қанша уақыт кететінін, жолдардың жағдайы қандай, туристердің жүріп тұруына нендей шаралардың қажеттілігін анықтады.

Шешімін табатын күндер де алыс емес. Сайып келгенде, тарихқа бай өңірдің туристік орталыққа айналуына арналған алғышарттар жасалуда. Олай болуы заңды да. Сайын дала төсінде бабалар өткен жолдан белгі бергендей болып бой көтеріп тұрған балбал тастар, күмбезді мазарлар, тастағы таңбалар кім-кімді болса да өзіне шақырып тұрғандай. Өткенді білгісі келген, тарихпен танысқысы келген жан алдымен Ұлытауға келсе, ұлт туралы ұғымы кеңейіп, ой –өрісі өркендей түсеріне күмәніңіз болмасын. Демек, қарт Ұлытау қайта жасарып келеді десек, қателеспейміз. Ұлтымыздың тарихи астанасы атанған Ұлытаудың атына заты сай асқақ тұрғаны қай-қайсымыз үшін де қымбат емес пе? Сондықтан, жаһандану үдерістері дендей енген қазіргі күндері Ұлт бесігі – Ұлытау өзінің тарихи миссиясын жаңаша сипатта атқарып, елдің рухани жаңғыруына селкеусіз себесін болары күмәнсіз. Өйткені, ол – ұлт ұлағатының ұстанымы.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 2018ж 10қаңтар.
2. Н. Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы 2017ж. 13 сәуір
- 3 «Ана тілі» газеті – 2011ж .19 қаңтар

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯ «ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ГЕОКЭШИНГ» СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сатыбалдина А. М.,
№ 59 ЖББОМ,
Рыскулова А. К.,
№ 92 гимназия

Педагогикалық идеяның маңызы: географиялық геокэшинг сыныптан тыс іс-шаралар арқылы оқушылардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін, елжандылығын дамыта отырып, шығармашылық әлеуетін арттырып, өз өлкесінің табиғатын аялауға бағыттап, экологиялық тәрбие беру.

Педагогикалық идеяның мазмұны: облыстық «Географиялық геокэшинг» сыныптан тыс іс-шаралар өткізудің бағдарламалар жинағын шығару.

Педагогикалық идеяның авторлары: Сатыбалдина А.М., № 59 ЖББОМ, Рыскулова А.К., № 92 гимназия

Жалпы ережелер

1. Осы жалпы ережелер сыныптан тыс іс-шаралардың өткізудің ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Байқау ұйымдастырушысы – «Өрлеу» БАҰО АҚ Қарағанды облысы ПҚБА институтының басқару және сапа .

3. Байқау мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жалпы білім беретін мектептердегі география пәні мұғалімдерінің өлкетану жұмыстарына байланысты географиялық геокэшинг сыныптан тыс іс-шарасын ұйымдастыруда әдістемелік көмек, қолдау көрсету, кәсіби шеберліктерін арттыру;

4. Байқау міндеттері:

– облыс мектептерінің география пәні мұғалімдерінің сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда уәжін арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту;

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасын насихаттай отырып географиялық өлкетану материалдарын жинақтауда педагогикалық идеяларды дамыту, біріктіру;

– географиялық геокэшинг арқылы оқушыларға өлкетану және рухани – адамгершілік тәрбие беруде, география пәні мұғалімдерінің іс-тәжірибесін тарату.

5. Байқауға облыстың жалпы орта білім беретін мектеп, лицей, гимназия, колледж педагогтары қатыса алады.

Байқауды өткізу шарттары мен тәртібі.

6. Байқауды өткізу мерзімі – 17.09-26.10.2018 жыл

Өткізу кезеңдері:

– байқау материалдарын қабылдау: 17.09-17.10 2018 ж.

– байқау жұмыстары қаралады: 17.10-24.10.2018 ж.

– байқау жеңімпаздарын анықтау: 25.10.2018 ж.

7. Байқау келесі номинациялар бойынша өтеді:

- бағдарламаның мазмұны жергілікті өлкетану материалдарына бағытталуы керек;
- жұмыстың шығармашылық бағытта орындалуы (бағдарламалар, өткізу жоспары, эссе, фото-суреттер);
- географиялық геокэшинг спорттық іс-шара бағытында өткізіледі.

Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

8. Байқау материалдары жекелей және топтық авторлар жұмыстар ретінде қабылданады.

9. Материалдарды қабылдау формасы: өтініш және байқау материалдары электронды түрде қабылданады (1-қосымша).

10. Байқау жұмыстарын безендіру (2-қосымша):

- жұмыс көлемі 3 беттен кем болмау керек.
- А4 формат, мәтін теру RS Word Times New Roman (жол аралық интервал – 1, шрифт көлемі – 14, азат жол – 2 мм.

Өтініш пен байқау жұмысы бөлек 2 файлмен қабылданады:

- АТӨ, өтініш, білім беру ұйымы, қала/аудан
- Мысалы: Асқарова А.С., №12 ЖББОМ КММ, Қарағанды қаласы.

11. Байқау материалдары 17.10 2018 жылға дейін _____ электрондық адреске қабылданады

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

12. Бағалау критерийлері:

- авторлық жұмыстың өзектілігі;
- материал байқаудың мақсаты, міндеттерімен тақырыбына сай келуі;
- материалаалдың нақтылығымен іс-тәжірибелік маңыздылығы;
- география пәнінен сыныптан тыс іс-шараларда өлкетану жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға және қолдануға мүмкіндік алу;
- жергілікті жердің өлкетану материалдарын жинақтауда авторлық құқықтың сақталуы;
- мазмұндылығы және техникалық талаптарға сай келуі.

13. Байқау материалдары әділ қазылардың критерийлерге сай ұпай қоюымен бағаланады.

14. Байқау қорытындысында жеңімпаздар марапатталады.

15. Үздік жұмыстар «Географиялық геокэшинг» жинағына жарияланады, жинаққа енгізілген жұмыстар «Сертификатқа» иеленеді.

Күтілетін нәтижелер

16. Байқау нәтижесінде:

- географиялық геокэшинг өткізу арқылы оқушылардың бойына туған өлкеге деген патриоттық сезімдерін, өз өлкесін аялауға және экологиялық тәрбие беру дағдылары қалыптастыру;
- географиялық геокэшинг өткізудің тиімді формаларын анықтау арқылы географияда сыныптан тыс жұмысты шығармашылықпен өткізу;
- география пәні мұғалімдерінің үздік педагогикалық іс-тәжірибесін тарату.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯ «ГЕОМЕТРИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА «GEOGEBRA» ЖӘНЕ «CABRI3D» БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ»

Елубаева А. А.,

Н. Нұрмақов атындағы

№20 мектеп интернат Қарағанды қаласы,

Педагогикалық идея: Жалпы орта білім берудің барлық деңгейінде геометрия пәнін оқытудың сапалы және тиімді жолдары.

Мақсаты: Білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген «Geogebra» және «Cabri3D» сынды бағдарламаларды планиметрия және стереометрия оқу курстарында оқу құралы ретінде қолдану.

Күтілетін нәтиже: Тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, тұлға аралық қатынастар мен әлеуметтік байланыста кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілетіне, сонымен қатар, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыратын қабілеттерге ие тұлға өсіп шығады.

Өзектілігі: ХХІ ғасырдың заманауи талаптарына даярлаудың қамымен «Цифрлық Қазақстан», «Үш тілде білім беру», бағдарламаларына бағыт алған заманда жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызын ескере отырып, геометрия пәні арқылы білім алушының шығармашылық ойлау қабілетін, оларды өз шамасынша зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт берумен қатар, азаматтық жауапкершілік пен ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы білім алу құндылықтарын басшылыққа алып, бәсекеге қабілетті, өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өзі иелік ете алатын, болашағын жоспарлай алатын білімді, білікті, ашық та зерделі тұлғаны жетілдіру.

Қатысушылар: мектеп оқушылары

Орындалатын мерзімі: оқу жылы барысында, үнемі

Ресурстар: Арнайы бағдарламалар «Geogebra», «Cabri3D» немесе онлайн интернет желісі.

Әлеуметтік эффект:

- геометриялық есеп шығаруда оқушылардың геометриялық интуициясы, геометриялық ойлауы, геометриялық көзқарасы дамиды. Яғни, бұл – қазіргі таңда әлсіз көрсеткіш көрсетіп тұрған геометрия пәнінің сапасының артуына бірден-бір себеп туғызады;
- геометрия курсына стандартты түрдегі есептер көп кездеспейді, әрбір есеп «жеке» талдауды керек етеді. Қиын есептерді шығаруда бірнеше әдістердің комбинациясы қолданылады. Ал, мектеп геометриясында бұл әдістері жете оқытылмайды. Жоғарыда аталған бағдарламалар геометрия курсына дағы

планиметриялық және стереометриялық есептердің әзірленген сызбасы бойынша есептерді жылдам шешудің тиімді жолдары;

– бүгінде оқулықта берілген әрбір геометриялық есептердің берілгенін және есептің сұрағын түсінуде қиналатын оқушылар үшін мұғалімнің геометриялық сызбаларды әсіресе стереометриялық есептерде 3D фигураларды тақтаға сызып кескіндеуге жұмсаған еңбегін жеңілдетеді әрі уақыт үнемделеді;

– «Geogebra» және «Cabri3D» бағдарламалары арқылы геометриялық есептерді шешу процесінде барлық деңгейдегі оқушылар бар білімдерін пайдаланып, үнемделген уақыт негізінде бір есептің бірнеше шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік табады, зерттеу жұмыстарымен айналысуға әрі компьютерлік білімі арқылы қызығушылығы оянып, бағдарлама құруға, топпен, жұппен ұйымдаса жұмыс жасауға, сонымен қатар жеке-дара ізденуге тұлғалық дағдыларын қалыптастырады;

– Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отқан кезеңде еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін мұғалімдерге өте маңызды жауапкершілік жүктелуде. Жас ұрпақтың теорияны түсіне отырып, образды ойлауын, логикалық ойлауларын және кеңістіктік елестетулерін дамыту, жан-жақты шешім қарастыра алуын, болашағына бағыт алатыны мектеп қабырғасында басталады. Бұл дағдылар мен қабілеттер геометрия пәнін оқыту процесінде тиімді бастау алады.

Орындалуы: Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылы шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауында атап айтқандай: «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлық Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы».

Жолдауда айтылған мақсаттар мен міндеттерді көздей отырып, төмендегідей жобамызды ұсынып отырмыз. Мектеп геометрия курсын оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Әсіресе геометриялық есептердің берілгенін түсінуінде, геометриялық фигураларды сызуда, кескіндеуде оқушылар үшін қиындық туғызып жатады. Геометриялық есептерді шешу есептерді шығарудың әр кезеңдерінің логикалық байланысын түсіне отырып, нақты және жүйелі ойлануды қажет етеді. Геометриялық есептерді тиімді шешу жолдарының өзіне тән ерекшеліктері бар: олардың алуан түрлілігі, формальды сипаттау қиындығы, қолдану облысының нақты шекараларының болмауы және т.б.

Геометриялық есептер оқушының ақыл-ойын дамытудың маңызды құралы болып табылады. Осындай есептерді шешуге оқыту мақсаттарының

ішінде негізгілері – оқушылардың логикалық ойлауларын және кеңістіктік елестетулерін дамыту. Геометриялық есептерді шешу процесінде оқушылар білімдерін пайдаланып кеңістіктік фигуралар сияқты кеңістіктегі жазық фигуралардың бейнелерімен де жұмыс жасайды. Бұл жағдайда сурет, яғни фигураның және оның элементтерінің параллель проекциядағы кескіні кеңістіктік конструкцияның моделі болып табылады. Мұндай модельдермен жұмыс өздерінің ерекшеліктеріне ие болады. Сызбамен, яғни шартты графикалық кескінмен жұмыс жасай отырып, оқушы оның нақты геометриялық кеңістіктегі геометриялық түпбейнесін «ойда ұстайды». Бірақ шартты кескінді салу заңдарын білу есептің шешімін іздестіру мақсатымен бұл кескінмен жұмыс жасау кезіндегі динамикалық кеңістіктік елестетулердің бар болуын әлі қамтамасыз етпейді.

Сол себепті геометрияны оқытуда оқытылып жатқан материалдың көрнекілігі және оның моделдеу немесе басқа да бейнелеу құралдарын пайдалану арқылы нақтылануы осындай қиындықтарды жеңуде үлкен роль атқарады. Біз ұсынып отырған бағдарламаларды математика пәні мұғалімдерінің бірі білсе, бірі біле бермейді. Білген жағдайдың өзінде өз пәндерінде қолдана бермейтін мұғалімдер де жеткілікті. Сондықтан, осы бағдарламаларды барлық математика пәні мұғалімдеріне насихаттап, сабақ барысында қолдануына жеңілдіктер орнатып, қосымша оқу құралы ретінде пайдалануын ұсынып отырмыз.


1. GeoGebra-ны қолдану неге тиімді?

GeoGebra – бұл тегін, білім берудің барлық деңгейлері үшін кросс-платформалы динамикалық математикалық бағдарлама. Құрамында геометрия, алгебра, кестелер, бағандар, статистика және арифметика секілді бөлімдері бар бағдарлама. Сонымен қоса, бағдарламаның функциямен жұмыс жасау мүмкіндігі мол.


Геогебра – оқу құралы ретінде:

Бағдарлама тегін болғаннан кейін оны кез-келген компьютерге орнатып, қолдануға болады (5 МБ.). Проекторы бар әр сыныпта математиканы көрнекі түрде түсіндіру мүмкіндігі бар. Оқушылар абстрактілі түсініктерді өз көздерімен «көре алады». Әсіресе бұл бағдарлама жаңа тақырыпты түсіндіру барысында тиімді. Әрі математикалық формулалармен шешілген есептерді көрнекі түрде графиктер салу арқылы тексеруге болады. Бұл әдіс оқушыларға ерекше қызық болып, формулаларды түсінікті түрде жеткізеді. Оқушылардың геометрия пәніне қызығушылығы артады, топпен, жұппен жұмыстарда ұйымшылдыққа, ынтымақтастыққа үйретеді. Іздену, зерттеу, жеке жұмыс жасау, шығармашыл ойлау және еңбектену дағдыларын қалыптастырады.


Геометриялық сызбаларды дәлме-дәл өлшемдермен кескіндейді, параметрлерді өзгертуге болады. Пәнаралық байланысты немесе геометрия пәнінің өмірмен байланысын тікелей көрсете алады.



2. CABRI 3D немесе интерактивті стереометрия



Геометриялық ұғымдарды қалыптастыру үшін осы ұғыммен сипатталатын объектілер туралы түсініктер маңызды роль атқарады. Түсініктердің ролі қандай да бір ой тұжырымдарын алу процесінде де өте маңызды. Кеңістіктегі фигураларды жазықтыққа (тақтаға) сызып көрсету өте қиын әсіресе қималар мен айналдыруға берілген есептерді түсінуде оқушыларға, сондай-ақ түсіндіруде мұғалімдерге де қиындықтар кездесіп жатады. «Стереометрияның салу есептері» курсын оқып-үйрену терең геометриялық білімді қажет ететін мамандыққа дайындалуды, сондай-ақ математикаға қызығушылық танытқан оқушыларды ғана емес, өздерінің жалпы геометриялық білімдерін көтеріп, практикалық біліктіліктері мен дағдыларын шыңдауды мақсат тұтқан барлық оқушылар үшін де пайдалы Компьютерлік Cabri 3D бағдарламасын қолдану курс материалдарын көрнекі жеткізу мүмкіндігін береді. Оқушылардың кеңістіктегі фигураларды көз алдына елестете алуына мүмкіндік береді. Мысал ретінде Cabri 3d бағдарламасымен әзірленген бірнеше суреттерді көрсетіп отырмыз.



Қорытынды:

Бұл бағдарламалар арқылы неге қол жеткіземіз? Ең алдымен, мектеп оқушыларына жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз. Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік

қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім ордасы аудиторияларында қаланады.

ПРЕЗИДЕНТ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «БІЗДІҢ ЕЛБАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА

Акышева Гулнур Капиятовна,
«№82 ЖББОМ» КММ мұғалімі

Идеясы: Шәкірт жүрегінде Елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеу. Ұлтының азаматы, патриоты болуға шақыру.

Идеяның сипаты

«Біздің Елбасы» тақырыбындағы сыныптан тыс іс-шараның жоспары

1. Аталған жоспар шараның ұйымдастырылуы мен өткізілу ретін анықтайды.
2. Шараны ұйымдастырушы - **Акышева Гулнур Капиятовна**, «№82 ЖББОМ» КММ мұғалімі
3. Мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ халқының тұңғыш президенті, ұлттық көшбасшы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру. Елбасы өмір жолын үлгі ала отырып, Отанын, халқын сүйуге, азаматтық, патриоттық тәрбие беру.
4. Міндеттері:
 - мемлекеттік тіл қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, өзге ұлт оқушыларының Елбасына және қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, құрметтеуге баулу;
 - мемлекеттік тіл мәртебесінің биіктеуіне үлес қосуға, оны сүйуге, асылымызды ардақтауға баулу;
5. Қатысушылар: 4-сынып оқушылары, мұғалімдер.
6. Жүзеге асыру мерзімі: 29.11.2017ж
7. Шараның өткізілу тілі: қазақ тілі
8. Ресурстар: Елбасы суреттері, слайдтар, буклеттер, бейне роликтер, суреттер, интербелсенді тақта, сөзжұмбақ, кәде сыйлықтар, әнұран, т.б.
9. Шараның барысы

Әнұран ойналады.

1-жүргізуші:

- Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Мен үшін елімді дамыған елдердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен

мақсат жоқ» десе «Қазақтың өзінің ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау Президенттік те, перзенттік парызым», - деген болатын.

2-бастаушы:

Осы мерекеге орай:

- Ана тілі қазағымның қаймағы,

Тілің сенің өміріңнің айғағы.

Бүгін міне, «Елбасы» туралы сайысқа,

Білгірлері әр сыныптың шығады.

Сайысымызды бастамас бұрын сайысымыздың әділқазы мүшелерін сайлап алайық.

Әділқазы мүшесі:

1. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: Қазыбаева Ж.Х

2. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: Бекимова А.Т

3. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: Абдильдина Г.Т

1-бастаушы:

Сайысымыз төрт турдан тұрады.

1-тур: «Сәлемдесу» және «таныстыру».

2-тур: «Жыр парағы»

3-тур: «Сөз мәйегі»

4-тур: «Кім көп біледі?»

2-бастаушы:

Кім білімді, өнерпаз, білейікші,

Оқушылар алғыр деп жүрейікші.

Әділқазылар алқасына тек әділдікті,

Сайыскерлерге сәттілік тілейікші

1- тур: «Сәлемдесу» және «Таныстыру».

Бірінші топ: «Жасұлан». Біздің ұранымыз:

«Біз Жасұлан әрқашанда біргеміз,

Бар күшімізді білімге сап жүреміз.

Қазақ елін мақтан тұтып әрқашан,

Болашағын ойлаймыз деп сөз бермекпіз.»

Екінші топ: «Бәйтерек»тобы. Ұранымыз:

Бәйтеректей биік болу әрқашан,

Елбасымыздай ел басқару біздің арман.

1-бастаушы:

2-тур: «Жыр парағы»

Әр топ Елбасыға арнаған арнау өлеңдерін айтады.

Бірінші топ: «Жасұлан»

Елбасымыз саған мәңгі разымыз,

Үлкен-кіші, ағайындар – бәріміз.

«Ұлтым, елім» деп қайғырған ұлы жан,

Сіз біздердің піріміз де, әніміз.

Халқым айтқан жер көтерер ел даңқын,

Елім айтқан ел көтерер жер даңқын.

Президентім, елбасы, аман болғай,
Мәңгі жаса, жас қазағым, өр халқым!

Екінші топ: «Бәйтерек»тобы

Аяны орындалып берген баба,

Нұрсұлтан бола алды елге аға.

Елі үшін халқы үшін күресетін,

Ойы нық ұстамы тік ұлы дана.

Нұрсұлтан! Қазақстан! Астана!

Танымал болды бүгін бар ғаламға.

Өр азамат тағдыры ескеріліп,

Жасалуда жағыдай әр адамға.

Еліне арнап даналық сөз жолдаған,

Мерейіңіз үстем болсын Елағам.

Келешегін Сізге сеніп тапсырды,

Халық әркез өзіңізді қолдаған.

Елім менің, ер еңбегін қолдайық,

Елбасына тірек бола білейік.

Барлық арман –жоспарлары іске асып,

Елу елдің қатарына енейік.

1-жүргізуші:

3-тур: «Сөз мәйегі»

Екі топқа ортақ нақыл сөздер беріледі, мұнда нақыл сөздердің арасында бір сөз жасырын келеді. Соны анықтап, орысша аудармасымен айту керек болады.

1. Құлақтан кірген...

Жүрекке барып мұз болар. (Сөз-слова)

2. Таза мінсіз асыл ...

Су түбінде жатады,

Таза мінсіз асыл сөз,

Ой түбінде жатады. (тас-камень)

3. Бас кеспек болса да, ...кеспек жоқ. (тіл – язык)

4. Сөз анасы – құлақ, ... анасы – бұлақ. (су – вода)

4-тур: «Кім көп біледі?»

Екі топқа Елбасы туралы сұрақтар беріледі.

1. ҚР Президенті кім ?

(Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев)

2. Н.Ә.Назарбаев қай жылы дүниеге келген?

(Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 6 шілде 1940 жылы Алматы облысы Қаскелең ауданындағы Шамалған ауылында дүниеге келген.)

3. Н.Назарбаевты қай жылы президент етіп сайланды?

(1991 жылы, 1 желтоқсанда)

4.Тәуелсіздік қашан тойланады?

(16 желтоқсан)

5.ҚР мемлекеттік тілі қай тіл?

(қазақ тілі)

6. «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде», - деген стратегияны кім айтқан?

(Н.Ә.Назарбаев)

1- бастаушы:

Мемлекет басқару ісі – машақатты да, мәртебелі міндет. Басшы басқарған ел – ең бай мемлекет, халқы ең бақытты халық.

2- бастаушы:

Қазір тәуелсіздігімізді алдық, біз – бақытты елміз. Елбасымыздың «2030 бағдарламасы» бойынша көптеген істер атқарылып келеді. Қалалар көркейіп келе жатыр.

1-бастаушы:

Сөз кезегі әділқазы мүшелеріне беріледі.

2-бастаушы: Әділқазы мүшесі бүгінгі сайысымыздың жеңімпаз тобын айқындайды.

1-бастаушы:

Ана тілі – асыл күні бабамның,

Қуатымсың ақ сүтіндей анамның.

Сәби шақтан бесігіме жыр тыңдап,

Туған тілді жаттап өскен баламын.

2-бастаушы:

Уа, халқым, сөз қадірін білесің.

Жаңбыр жаумаса, жер жетім,

Басшысы болмаса, ел жетім.

Көсіле шабар жерім бар,

Тау көтерген елім бар.

Қол бастайтын ерім бар,

Атадан қалған сара жолым бар,- деген екен Төле би атамыз.

Осы тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін ұрпақ екенімізді сезіне білейік!

10. Күтілетін нәтиже:

- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы туралы мағлұмат алады;

- Елбасын құрметтейді, мақтан тұтады.

Мемлекеттік тіл мәртебесінің биіктеуіне үлес қосады, патриоттық сезімдері оянады.

11. Әлеуметтік ықпал:

- патриотизмді насихаттау;
- өз еліне, Елбасына деген құрмет;
- мемлекеттік тілді насихаттау.

«КӨНЕНІҢ КӨЗІ СЫР ШЕРТЕДІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ МЕКТЕП МҰРАЖАЙЫНЫҢ АШЫЛУЫ

Музапарова Загираш Есентайқызы,
Қарағанды облысы, Шет ауданы,
«Ақой ЖОББМ» КММ

Идеясы: мектеп мұражайының ауқымын кеңейту, мектеп жертөлесін Карлаг оқиғасына байланысты жәдігерлермен толықтыру, безендіру.

Идеяның сипаты

«Көненің көзі сыр шертеді» тақырыбындағы мектеп мұражайының ашылу жоспары

1. Аталған жоспар шараның ұйымдастырылуы мен өткізілу ретін анықтайды.
 2. Шараны ұйымдастырушы - Музапарова Загираш Есентайқызы, Қарағанды облысы, Шет ауданы, «Ақой ЖОББМ» КММ
 3. Мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында туған жердің тарихын жаңғырту, ұрпақ санасына елін сүю, көненің құндылықтарын сақтауды дәріптеу.
 4. Қатысушылар: мектеп оқушылары, аудандық білім бөлімінің қызметкерлері, қонақтар. Жас ерекшелігіне шектеу жоқ.
 5. Жүзеге асыру мерзімі: 15.11.2017ж.
 6. Шараның өткізілу тілі: қазақ тілі
 7. Ресурстар: мектеп мұғалімдерінің, оқушылардың көмегімен жиналған жәдігерлер.
 8. Шараның барысы
- Ақой жалпы орта білім беру мектебіндегі мұражай туралы мәлімет.

Мұражай — алтын босаға

3. Всемерно популяризировать традицию изучения истории семейного рода, малой родины как главного фактора патриотизма; системно приобщать обучающихся к ценностям многонациональной культуры

4. Расширить практику проведения региональных мероприятий нравственно-патриотической направленности для педагогов и обучающихся;

5. Открывать новые диалоговые площадки для обмена опытом в области патриотического воспитания, генерирования новых идей как на региональном, так и международном уровнях;

6. Использовать современные инновационные технологии в контексте обновления содержания образования;

7. Осуществлять методическое сопровождение учителей, работающих над реализацией проекта по полиязычию;

8. Уделять особое внимание информационному сопровождению тематических мероприятий, акций, проектов по вопросам патриотического и нравственно-духовного воспитания детей в местных, региональных СМИ.

**«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ
ФИЛИАЛЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ»**

**«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: «СЫР ҚОЙНАУЫ»
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Орманова Мария Айтбайқызы,
*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда
облысы бойынша ПҚ БАИ
аға оқытушысы, п.ғ.м.*

Қағидасы:

*Жалпақ жұртыңды, исі Алашыңды құрметтеу
өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан,
адамдарын ардақтаудан басталады.*

Н. Ә. Назарбаев

Елбасы ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін қалыптастырудың негізгі бағдарын ұсынды.

Тарихи құжаттың мақсаты— ұлттың ұлы мұраты. Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бой күйездік комплекстерінен тұтастай арылту.

Тарихи құжаттағы бағдардың бірегейі республикалық «Рухани жаңғыру» және ҚР орта білім беру мазмұнын жаңартудың тұжырымдамалық негіздері» аясында «Туған ел» кең ауқымды мақсатқа бағытталған «Туған жер» бағдарламасын дамыту болып табылады. Осы мақсатта барысында аймақтық **«Сыр қойнауы» бағдарламасын** «Педагогикалық идеялар панорамасына» ұсынамын.

«Сыр қойнауы» бағдарламасының мақсаты — Қызылорда облысында «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында тәуелсіз Қазақ елінің даму тарихындағы өлке деректерінің құндылығын тану;

— Балалардың танымдық қызығушылықтары және зияткерлік — шығармашылық әлеуетін ынталандыру;

— Оқушы бойында «Туған жер» тарихына деген құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру, өлкетану деректерін насихаттау.

— Патриоттық тәрбие беру мен рухани-адамгершілік тәрбие беруді үздіксіз дамыту;

— Педагогтар мен оқушылардың және ата-аналардың ынтымақтасты әрекеттерін дамыту;

— Облыстық білім беру мекемелері арасында «балалар мен жастардың азаматтық және патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, өлкетану деректерін

жандандыру жолымен рухани-адамгершілік тәрбиесін беруге бағытталған ауқымды шаралар ұйымдастыру.

Міндеттері:

- Қызылорда облысының білім беру мекемелерінде өлкетану деректері аясында педагогтардың кәсіби интеллектісін арттыру және оқушыларға патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбие беру мен оқушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту;
- Аймақта патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие беру бойынша кешенді жұмыстар жүргізу;
- Білім беру мекемелерімен тығыз қарым-қатынас орнату; тарихи орындарға экспедициялар ұйымдастыру;
- Зерттеу және жинақталған ақпараттарға сүйене өлкетану жұмыстарын насихаттауға бағытталған әдістемелік құралдар әзірлеу.
- Мультимедиялық аудио-бейнелік таспалар шығару.

Нәтижесі:

Педагог қызметкерлер, оның ішінде сынып жетекшілері мен мектеп оқушылары арасында өлке тарихын зерттеуге, туған жер тарихына деген құрмет көзқарастары қалыптасады, көнеден келе жатқан жәдігерлерді жинақтау жұмыстары жүреді;

Жоба аясында 20 000 ға жуық адамға түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Білім беру мекемелері арасында бірлескен жұмыстарды тиімді ұйымдастыру үшін көшпелі іс-шаралар (кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинар-тренингтер, кәсіби байқаулар, акциялар, жоба жазу жарыстары мен экспедициялық жорықтар, телемарафон, форумдар және т.б.), сынып жетекшілері арасында кәсіби байқаулар ұйымдастырылады.

Бағдарлама жұмыстарын ұйымдастыру формасы: жеке, топтық, жұптық, ұжымдық (фронтальды)

БАҒДАРЛАМА БАҒЫТТАРЫ

I. «Мен-зерттеушімін» бағыты

1. Туған жер тарихын білу-парыз- туған өлкенің тарихын зерттеуге, тарихи-мәдени ескерткіштер мен жергілікті ауқымдағы мәдени объектілер жайында ақпараттар (халық арасында, бұқаралық ақпараттар беттерінен) жинақтау.

2. «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғалар»: Жалаңтөс Баһадүр, Жанқожа, Көкен, Жанназар, Бұхарбай, Бақтыбай батырлар, т.б. –эсселер жазу

3. «Туған өлкені тану – менің парызым»-жоба қорғау

а) «Ата мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз» –бастауыш сынып оқушылары арасында;

ә) «Сыр бойындағы тарихи жерлер мен киелі орындар» –5-9-сынып оқушылары арасында;

4. Ата салтын ардақтайық –салт-дәстүрлерді тану және түсіну, талдау.

II. «Мен еліктейтін Тұлғалар» бағыты

а) «Тарихыңды таны – тұлғаңды құрметте» – танымал Сыр перзенттері жайында сыныптан тыс шаралар ұйымдастыру

ә) Біздің мектеп түлегі – ел мерейіне үлес қосқан тұлғаларды тану: елдің басқа өңірлеріне қоныстанған бизнесмендер, шенеуніктер, зиялы қауым өкілдері есімдерімен, еңбектерімен танысу.

б) Тәрбие негізі-отбасы–отбасы құндылықтары жайында танымды-ақпаратты шаралар жүргізу, тек, ген туралы ақпараттарды білу, отбасылық альбом-шежірелермен жұмыс.

Ұл ұяты- әкеге, қыз ұяты –анаға қағидасымен жұмыс.

III. «Руханият мұрағаты» бағыты

1. «Сыр сұлейлері оқу» –жыр додасы жарысы

2. Тағылым-таным бағыты- Өз өңірлерінен шыққан қазақ елінің тарихы, мәдениеті, әдебиеті мен өнеріне, халық шығармашылығы дамуына үлес қосқан аға ұрпақ еңбектерімен танысу.

б) Баспа беттерінен қайта оралған есімдер мен атаулар жайында деректер жинау

3. Қарттарым-асыл қазынам – этножорығын ұйымдастыру: ұнтаспалар жинақтау, ескі мұрағаттар қоржыны

в) Даналық ұлағаты–халықта- жергілікті халық арасынан, ел аузынан халық даналығын, өсиет, мақал-мәтелдерді, ой иірімдерді жинақтау.

4) Шебердің қолы ортақ-қолөнер, зергерлік бұйымдармен танысу.

а) Оқушылар тоқыма өнімдері көрмесін жабдықтау.

5. «Туған жерге тұың тік» экспедициясы. ЮНЕСКО тізіміне енген мәдени ескерткіштер: Сығанақ, Жанкент, Кескен күйік, Шірік-Рабат, Бәбіш-мола, Жент, Баланды қалашықтары, Жетіасар және Сауысқандық петроглифтері бойынша тұрғындарға арналған әдістемелік құралдар, жадынамалар, бүктемелер әзірлеп, жоғары сынып оқушыларына арналған экспедиция жасау. Туризмде үлкен рухани-адамгершіліктік әлеует жатыр. Экскурсиялық қызметті ұйымдастыру балаларды өз халқының, өз елінің тарихына, мәдени мұрасына тартуға ықпал етеді.

6. «Қоршаған орта және біз» бағыты

а) Қоршаған ортадағы дәрілік өсімдіктер мен аң-құстар

ә) Туған жер табиғаты қамқорлық тілейді.

7. «Туған жерге тұың тік» – экспедициялық жорығы.

а) «Жазғы шатырлы лагерьдің үш күні» – облыс төңірегіндегі тарихи орындарға жорық.

Бағдарлама бойынша жүргізілетін іс- шаралар.

– «Қарттарым- асыл қазынам» – естеліктер жинақтаудың этножорығын;

– «Туған жер тарихын таны» атты экспедициялық жорығы;

– «Сырдың тарихи тұлғалары» –сынып жетекшілерінің облыстық байқауы

– «Ата мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз»-бастауыш сынып оқушыларының Ғылыми жоба қорғау жарысы;

– «Сыр бойындағы ежелгі қалалар мен тарихи орындар» – негізгі мектеп оқушыларының Ғылыми жоба қорғау жарысы;

– «Ата-ана – асқар тау, ағар бұлағым» - ата-аналармен жұмыс;

- Қайырымдылық, мәдени-шығармашылық, экологиялық, тазалық, үнемшілдік, жол қауіпсіздігін, денсаулықты сақтау акцияларын жүзеге асыру;
- Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту;
- Танымдық қызығушылық пен сыни ойлауды қалыптастыру;
- «Жасыл желек» аллеясын жасау;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті– Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
2. ҚР Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсанда №1118 жарлығымен бекітілген «ҚР білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»;
3. ҚР Білім және ғылым министрінің 16 қараша 2009 жылғы № 521 бұйрығымен бекітіліп, «ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы»;
4. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 12.04.2017 ж.
5. ҚР Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
6. ҚР Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсанда №1118 жарлығымен бекітілген «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».


«GEOGEBRA» КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫНДА БЕРІЛГЕН ФУНКЦИЯНЫҢ ГРАФИГІН АЙНАЛДЫРҒАНДА ШЫҒАТЫН АЙНАЛУ ДЕНЕЛЕРІНІҢ МОДЕЛЬДЕУ

Пернеев Арыстанбек

*№45 «Ақ Орда» мектеп-гимназиясының
математика пәнінің мұғалімі*

«Математиканы өмірмен тиісті түрде байланыстырмай,
көрнекілікті пайдаланбай оқыту логикалық ойлаудың дамуына
бөгет жасайды, оқушы жастардың математикалық дайындық
деңгейін төмендетеді»

А.И. Маркушевич



Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қарқындап дамуы білім беру сапасын арттыруға өз септігін тигізіп келеді. Олар күнделікті сабақтың құнды принциптерін іске асыруға, сабақтың «ақылды» мақсаттарына жетуге кеңінен мүмкіндік береді.

Мен математика пәні бойынша өз сабағымды жоспарлауда мынадай өзекті мәселеге мән беремін: «Менің сабағымдағы ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану білім беру сапасының деңгейіне тигізетін ықпалы, рөлі қандай болады?». Осы мәселенің шеңберінде сабақтың көрнекілік принципін іске асыруға, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға ықпалы бар, олардың өзбетімен білім алуын үйретуге ыңғайлы «Geogebra» компьютерлік бағдарламасын іс-тәжірибемде қолданамын. Төменде 11 сыныпта алгебра пәні бойынша «Айналуденелерінің көлемін табуда анықталған интегралды қолдану» тақырыбы бойынша өткен сабақ жоспарымды ұсынамын. Бұл сабағымның оқыту нәтижесінде оқушылар «Geogebra» компьютерлік бағдарламасында синус, косинус тригонометриялық функцияларының қасиеттерін қолданып айналу денелерінің интерактивті анимациялық модельдерін жасауды үйренеді, виртуалды кеңістікте (3D-үш өлшемді) оларды айналдыра қалаған ракурста көре алады, айналу денелері өмірде кездесетініне көздерін жеткізеді, көлемдерін анықталған интегралды қолданып есептеп шығара алады, кеңістікте геометриялық фигураларды елестету дағдыларын, танымдық қабілеттерін дамытады, білімдерін жетілдіреді.


Қысқа мерзімді жоспар

	Алгебра	11 сынып
Сабақ тақырыбы	Айналу денелерінің көлемін табуда анықталған интегралды қолдану	
Сабақтың мақсаты (SMART, Блум таксономиясы бойынша)	Оқушы сабақтың соңында «Geogebra» компьютерлік бағдарламасын қолданып, қисық сызықтармен шектелген фигураны Ох немесе Оу осьтерінен айналдыра бұрғанда кеңістікте шығатын геометриялық дененің интерактивті анимациялық моделін жасайды, көлемін анықталған интеграл арқылы есептеп шығарады.	
Сабақтың мақсатына жеткен деңгейін анықтайтын индикаторлар	Егер оқушылар сабақтың соңында қиындығы және мазмұны мынадай: Фигураны берілген ось арқылы айналдырғанда пайда болған дененің көлемін табындар: 1) $y(x)=x^2$, $y(x)=x$, Оу 2) $y(x)=4-x^2$, $x-y+2=0$, Ох 3) $y^2=2x$, $2x+2y-3=0$, Оу есептерді шығара алса, онда олар сабақтың мақсатына жетеді	
Сілтеме	ҚР Білім беру стандартты, WWW.spm.kz –порталының материалдары, 11 сынып. Оқулық :«Алгебра және анализ бастамалары»	

	Алматы «Мектеп» 2015 Авторлары: А.Әбілқасымова, З.Жұмағұлова, А.Абдиев, В.Корчевский
Оқыту нәтижесі	Оқушылар «Geogebra » компьютерлік бағдарламасында айналу денелерінің интерактивті анимациялық модельдерін жасауды үйренеді, көлемдерін анықталған интегралды қолданып есептеп шығара алады, кеңістікте геометриялық фигураларды елестету дағдыларын, танымдық қабілеттерін дамытады, білімдерін жетілдіреді
Түйінді идеялар	«Geogebra » компьютерлік бағдарламасында айналу денелерінің интерактивті анимациялық модельін жасау , оның көлемін табу .
Ресурстар	«Geogebra » компьютерлік бағдарлама, интерактивті тақта, ноутбуктер.
Оқыту әдістері:	Оқытудың жаңа әдістері: сұрақ- жауап, зерттеушілік әңгеме, «Ізді фигуралар» ойыны(авторлық идея), БББ(Білемін, Білдім,Білгім келеді), ЖАДА
Оқытудың түрлері	жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар арқылы жүргізу
Бағалау түрлері	Формативті бағалау: топтағы жұптардың бағалауы, топтардың өзара бағалауы, оқушылардың түсіндірулері. Суммативті бағалау: «Жетістік үшбұрышын» (авторлық идея) құрастырудағы топтардың жинаған ұпайлары
Тапсырмалар:	Ауысша есептеу жүргізіп квадраттық функция құру, графикті оқу, модулі бар квадраттық функциялардың графиктерін салу


Сабақтың барысы:

	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Кіріспе 5 минут	Оқушылармен амандасу. Топқа бөлу Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн, Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін, Тартады аққу көкке, шаян кейін Жұлқиды суға қарай шортан шіркін. Бұл туындыны математикамен қалай байланыстырар едіңдер?	Кеңістіктегі декарттық координатаның : «Ордината» өсі- аққуның бағыты, «А _y а» өсі- шаянның бағыты, «Апликата» z шортанның бағыты. 

	 Кеңістікте (3D –үш өлшем) декарттық координатаның : «Ордината» , «Абцисса», «Апликата» осьтерінің атауларын қолданып 3 топқа бөлу. Үй тапсырмасын тексеру Интерактивті тақтада үйге берілген есептердің шешімдерін көрсету, «Жетістік үшбұрышын» құрастыруға арналған таблодо есептеулер жүргізу	Таңдау, топқа бөлініп отыру Топ мүшелері келесі топ мүшелерінің дәптерлерін тексереді және бағалайды
Тұсаукесер	«Миға шабул» Қисық сызықтармен шектелген фигураның ауданын табуды білеміз, енді осы қисық сызықтар қалай орналасуы мүмкін деп ойлайсыңдар деп сұраймын	Оқушылар өз ойларымен бөліседі
Негізгі бөлім	«Ізді фигуралар» ойыны(авторлық идея,айналу денелері туралы түсінік қалыптастыру): кеңістікте орналасқан нүктені, кесіндіні, тікбұрышты үшбұрышты, тіктөртбұрышты, параболаны іздері қалатындай етіп айналдырғанда шығатын фигураның атауын айту. Топ мүшелерінің жауаптары дұрыстығын анимациялық модель арқылы көрсетіп, «Жетістік үшбұрышын» құрастыруға арналған таблода дұрыс жауап берген топтардың ұпайларына есептеулер жүргізу	«Фигура атауы-Айналдыру –Фигура атауы» реттілігі бойынша кезекпен топтар «ізді фигураларды» айналдырғанда шығатын жаңа фигураның атауларын айтады, Мысалы, «Ордината» тобы-Нүкте десе, ал «Абцисса» тобы-Айналдыру дейді, «Апликата» тобы Шеңбер деп дұрыс жауап беру керек. Топтық бағалауға қатысады
	Айналу денелерінің интерактивті анимациялық модельін жасау нұсқаулығы. Топ әр мүшелеріне нұсқаулық	Нұсқаулықты өздері оқиды, топта талқылайды, әр топ 2 жуан және 1 жіңішке

	жазылған парақшаларды беру, «Жетістік үшбұрышын» құрастыруға арналған таблода есептеулер жүргізу.	сұрақ құрастырады, қойылған сұрақтарға жауап береді, Топтық бағалауға қатысады
--	--	--

	ЖАДА(жақын арада даму аймағы) Мұғалім оқушылардың жауаптары бойынша оқулықтағы №442 1) $y=x^2$, $y=x$, Oy; тапсырманы бірлесіп орындайды, яғни бірлесіп модель жасайды. «Жетістік үшбұрышын» құрастыруға арналған таблода есептеулер жүргізу	Модель жасау барысында оқушылар мұғалім қойған сұрақтарға жауап беріп, белсенді іс-әрекет жасайды. Белсенді қатысқан топ мүшелерін бағалауға қатысады
	Әр топқа есептер беремін. Алдымен жеке шығарады, топпен талқылаймыз.	Оқушылар өздері орындайды. Жұпта диалог арқылы ой бөліседі. Топ болып және жұпта бір бірімен диалог арқылы талқылайды. Интерактивті тақтада жасаған модель
VI. Математика тілінде жазылған функцияны «Geogebra» бағдарламасына енгізіп графигін салу 2 минут Топтық жұмыс	Функциялар жазылған таратпа материалдарды ұсыну. Математикалық функциялардың «Geogebra» бағдарламасында жазылу инструкциясын көрсету. «Жетістік үшбұрышын» құрастыруға арналған таблода есептеулер жүргізіп	Математика тілінде жазылған квадраттық функциясын «Geogebra» бағдарламасына енгізуге, инструкцияны тиімді қолдануға ықпал ету. Топтық бағалауға қатысу
VI. Рефлексия (1 мин)	Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстары туралы сұрау.	Білемін... Білдім... Білгім келеді... Парақшасына сабақ бойынша алған әсерін жазып, кері байланыс жасайды



«GeoGebra » компьютерлік бағдарламасында айналу денелерінің моделін жасау нұсқаулығы:

«GeoGebra » компьютерлік бағдарламасында геометриялық дененің интерактивті анимациялық моделін жасау , оның көлемін табу :

1. Берілген $F(x)$ және $G(x)$ функцияларын **Ввод** алаңына еңгізу арқылы олардың графиктерін салу
2. **Ввод** алаңына $(y < G(x)) \wedge (y > F(x))$ немесе $(y > G(x)) \wedge (y < F(x))$ теңсіздіктерін еңгізу арқылы қисық сызықтармен шектелген фигураны анықтау
3. Қисық сызықтардың қилысу нүктелерін **Точка** құралы арқылы белгілеп, интегралдау шектерін (төменгі және жоғары шек) анықтау
4. Негізгі менюден **Вид - Полотно 3D** – командаларын таңдап, Полотно 3D -кеңістік алаңына көшу
5. **Список команд -3D - Поверхность** командалар тізбегін орындап, **Ввод** алаңында

Поверхность[<Выражение>,<Выражение>,<Выражение>,<Параметр 1>,<Начальное значение> , <Конечное значение>,<Параметр 2>,<Начальное значение> , <Конечное значение>] командасына айналу дененің өрнектерін, параметрлерін еңгізу:

Оу ордината осынен айналдыра бұрғанда шығатын дене үшін

Поверхность[$k \sin(t), Y(k), k \cos(t), k, X1, X2, t, 0, 360^0$]

Поверхность[$k \sin(t), G(k), k \cos(t), k, X1, X2, t, 0, 360^0$]

Ох абсцисса осынен айналдыра бұрғанда шығатын дене үшін

Поверхность[$k, Y(k) \cos(t), Y(k) \sin(t), k, X1, X2, t, 0, 360^0$]

Поверхность[$k, G(k) \cos(t), G(k) \sin(t), k, X1, X2, t, 0, 360^0$]

Түсініктеме:

k параметрінің мәні қисық сызықтардың қилысу нүктелерінің абсциссаларының арасындағы сандық мәндері бойынша анықталады :
 $k \in [X1; X2]$

t параметрінің мәні бір айналым жасағанда шығат толық бұрыштың мәндері бойынша анықталады $t \in [0^0 : 360^0]$






Нәтижесінде қисық сызықтармен шектелген фигураны Ох немесе Оу осьтері бойынша айналдыра бұрғанда кеңістікте геометриялық дененің интерактивті анимациялық моделі жасалынады .

6. Список команд-Функции и ичисление-ИнтегралМежду командалар тізбегін орындап, Ввод алаңында ИнтегралМежду[<Функция 1>,<Функция 2>,<Начальное значение x>,<Конечное значение x>] >] командасына айналу дененің көлемін табу формуласын қолданып, функцияларды(кері функцияларды) және интегралдау шектерін енгізу:

$V=3.14*\text{abs}(\text{ИнтегралМежду}[G(x)^2,F(x)^2,X1,X2])$

Нәтижесінде геометриялық дененің көлемінің мәні табылады

Оқушылардың сабақ соңында «Geogebra » компьютерлік бағдарламасында айналу денелерінің жасаған интерактивті анимациялық модельдері




Қосымша

«Жетістік үшбұрышы» сабақтың жетістік критериясы (авторлық идея)

Сабақтың жетістік критериясы ретінде айналдыру денелердің интерактивті анимациялық моделін құрастыру және оның көлемін табуға байланысты берілген есептерді ынтымақтастықпен шығара отырып «Жетістік үшбұрышын» құру болып табылады. Топ мүшелері әр тапсырманың орындау нәтижесі бойынша топтың қоржынына ұпай қосып отырады. Ол әр топтың білім шеңберінің кеңейуіне ықпал етеді. Үш топтың шеңберлері өз ара қиылысқан

жағдайда ғана «Жетістік үшбұрышы» салынады. Бұл оқушылардың ынтымақтастықпен жұмыс жасауға түрткі болады деп ойлаймын.

Күтілетін нәтиже:



МҰҒАЛІМ – БОЛАШАҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫСШЫСЫ

Г. А. Ахметжанова,

112 орта мектептің қазақ тілі мен

әдебиеті пәні мұғалімі

Қызылорда қаласы

«Саяси және экономикалық жаңғырту мен қатар қазіргі заманның сын-тегеуіріндері мен қауіптеріне қарсы тұра алатын жас ұрпақтың санасын қалыптастыру аса маңызды міндет болып табылады».

Н. Назарбаев

Адам өмірге келеді, әр түрлі деңгейде қысқа ғұмырын өткізіп, өзінің мәңгілік мекеніне жөнеледі. Әдетте айтып жатады «о дүниеге алып кетерің - 25 метр ақ мата ғана» деп. Жоқ! Мен бұған келіспеймін, адам өзімен бірге өмірлік тәжірибе мен оқу, тұлғалық қалыптасуын да, яғни рухани байлығын алып кетеді.

60-70 жылдары дүниеге келген кісілер бүгінгі ұрпақпен өздеріңізді салыстырыңыздаршы. Біз қолдан ойыншық жасап өстік. Бүгінгі ұрпақтың қолында сенсорлы құралдар. Ойланыңыздаршы, ләңгі тепкен адам мол ақпарат жинай ма, әлде әріп танымаса да ғаламторды ашып қажет ақпаратын алып отырған бала ма? Осындай жан-жақты ақпараттандырылған, зымыран уақыттың желіне ілесіп келе жатқан баланы қозғалыссыз, оқулық бетіндегі ақпаратпен шектеп қою әділетсіз.

1998-2002 жылдар аралығында жоғары оқу орнын бітіріп өз туған ауылымда, кезімде өзім білім алған ұстаздарыммен білім беру жүгін қатар көтерістім. Үйрене жүріп үйретуге тырыстым. Сол кезде байқағаным, бала тек қана білім алушы емес, мені ізденуге итеруші күш екен. Әр сабағымды

қызықты өткізу үшін қосымша ақпараттар іздеумен болдым. Оқулық аясында шектеліп, білім таяздығын көрсетпеу үшін талпындым. Сонда байқағаным, балалар өзара бағалауға, өзін бағалауға әркез дайын. Бір сабақта қойылатын бір ғана бағаны қанағат тұтпайды. Сондықтан мен бір әдіс қолдандым. Белсенді оқушы бір сабақта бірнеше баға алуына мүмкіндік бердім: Дәптердің соңғы бетін арнайы бағалау парағы ретінде қалдырып, әр тапсырманы дұрыс орындағаны үшін бір таяқша, шала орындалса дөңгелек салғызып отырдым. Сабақ соңында сол таяқшаларды есептеп, бағаға айналдырамыз. Баға шығару формуласы өздерімен келісіп жасалғандықтан оқушы өзі есептеп сабақ соңында өз бағасын айтып келіп журналға, күнделікке қойғызатын.

Мен бұл мысалды не үшін келтірдім? Бүгінгі күнде жаңартылған бағдарлама туралы әр түрлі пікірлер айтылуда. Үш айлық деңгейлеп оқыту курсы аясында 2014 жылы Алматы қаласындағы «Өрлеу» БАҰО» АҚ педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты филиалынан сертификатталдым, 2016 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық орталығы әзірлеген «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша мектеп тренерлерінің оқыту курсы бітірдім. Менің педагогикалық тәжірибемнің жетілуі үшін зор үлес қосқан жылдар деп атасам артық болмас. Осы курстарды игеру кезінде өткенге ой тастай отырып түйгенім:

- Жас маман бола жүріп ізденгенім, сабағымды қызықты өткізуге талпынысым- мамандық таңдауда қателеспегенімді көрсетсе керек;
- Дәптер соңына қойылатын таяқшаларымыз –қалыптастырушы, ал формулаға салып есептеп шығарғанымыз - жиынтық бағалау екен;
- Баланы оқыту методикасын тек студентпен жұмыс істеген профессорлардан гөрі өмірін бүлдіршін балаға арнаған мұғалім өз тәжірибесін бөлісу мақсатында жазуы қажет;
- Өз білгенін өзгеге үйрету үшін ең тиімді жолдарды қарастырып, қатып қалған ізбен емес, авторлық әдістерін де тәжірибеге енгізуі қажет.

Еске түсіре кетсек, дәстүрлі оқыту сабақ жоспарында үш түрлі мақсат болатын: Білімділік – сол күнгі тақырып бойынша ұғындыру, түсіндіру. Дамытушылық – танымын, білгенін дамыту. Тәрбиелік – көбіне «жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру» деп алатынбыз. Енді, ойланайық, 45 минут ішінде «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғаны «қалыпқа» құя салатын болсақ, біздің алдымызда отырған - әр түрлі дәрежедегі қабылдауы бар тірі жан емес, саз балшық болды ғой?! Тұлға деп – өзіндік ойлау қабілеті бар, оң шешім қабылдай алатын, әр ісін жауапкершілікпен атқаратын адамды атасак, біздің алдыңғы алған мақсатымыз – көзбояушылық. Сондықтан елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында атап өткеніндей, «қазіргі заманның сын-тегеуіріндері мен қауіптеріне қарсы тұра алатын жас ұрпақтың санасын қалыптастыру» үшін әрбір ұстаз өзін жаңашыл, ізденімпаз екендігін дәлелдеп, әдіс-тәсіл қолдануда да жаңашылдық көрсетіп, тер төгуі қажет.

Мен мектеп тренері ретінде жұмыс жасай жүріп, өз басымнан өткен және әріптестерім арасындағы пікірлерді тыңдай жүріп курс кезінде ең қиыны – 2000

сөзден тұратын рефлексиялық есеп жазу екендігіне көз жеткіздім. Ал қиындықты жеңу адам санасының өрлеуіндегі ең басты шарт екендігін ескерсек, осы қиындықты жеңілдетуге бір айла табу мен үшін басты мақсат болды. Іздене, ойлана келе бір слайд арқылы көп жұмысым жеңілдейтінін түсіндім. Слайд «**3 жолаушы немесе 4 «Қ» картасы**» деп аталады. Курсыңызда оқып жатқан 25 кісінің алтауын алты бекеттің басшысы етіп қалдырасыз да қалған 18 тыңдаушыны әр топта үшеуден келетіндей етіп өзіңізге тиімді әдіспен алты топқа бөліңіз.



Бірінші үштіктің тапсырмасы – Курс тыңдаушысы бола жүріп сабақта «қайсы» тәсілді қолдануға талпындыңыз? Әр тыңдаушы бір ғана әдісті өз сабағында қолдану барысын 111 сөзден тұратын мәтінмен жеткізуі тиіс. Сонда үштіктің әрқайсысынан үш дәйектеме 333 сөз түрінде жеткізіледі.

Екінші үштіктің тапсырмасы – «Қалай» жүзеге асырмақ едіңіз? Жаңаша әдісті қолданудағы мақсаттары 111 сөзден құралған мәтін түрінде жеткізілуі тиіс. Сонда 3 тыңдаушыдан 3 мақсат айқындалады.

Үшінші үштік – «-» тәжірибе кезіндегі қиындықтар, 3 кісі бір қиындықты ғана атап өту арқылы үш түрлі кедергіні көрсетеді. Жоғарыда аталған шарт бойынша 333 сөзден құралған мәтін береді.

Төртінші үштік – «+» үш оң нәтиже, үштіктің әрбірі өз тәжірибесіндегі бір оң нәтижені 111 сөзбен жеткізеді.

Бесінші үштік – Тәжірибе соңында қандай ой түйдіңіз? Міндетті түрде үш кісі бір-бір түйінді ойын 111 сөзден тұратын мәтінмен жеткізгенде бұл үштікте де 333 сөзден тұратын қорытынды шығады.

Алтыншы үштік – тәжірибеде кеткен кемшілікті түзеуге «қашан» әрекет жасамақсыз және оң нәтижелерді жетілдіруге жоспарыңыз? Бұл да жоғарыда

аталған шарт бойынша жүзеге асырылуы тиіс. 111 сөз – жай сөздер жиынтығы емес, іс-әрекеттің жүзеге асырылуын баяндайтын мәтін түрінде жазылуы тиіс.

Тапсырманы орындауға небары **6 минут қана уақыт** беріңіз. Осы уақытта адам 111 сөзді жазып үлгере алады.

111 сөз* Задам* 6 команда+ 2сөз түйін = 2000 сөзден құралған рефлексиялық есептің жабайы сұлбасы дайын. Осы картамен толық оқып танысқан тыңдаушының көңілінде рефлексиялық есептің жалпы картинасы құрылады және сол картинаны ортаға салып талқылауға да түрткі болады. Нәтижесінде ой түйіп, жобасы көңілде құрылады. Адамдар қай кезден қауымдасып тірлік жасаудың өмір сүру үшін оңтайлы екендігін дәлеледеп келеді. Сол сияқты жеке тапсырмаларды орындай отырып, үштіктер мәтіні біріккенде сіздің тобыңыздағы 100 сағаттың да нәтижесі де көрініс береді. Есеп жазудың үлгісін көре алады. Ал соңғы екі сөз «бес жолды өлең» тәсіліндегідей зат есім мен сын есім түрінде айтылғаны дұрыс, бұл түйінді сөзді тренер айтса да артық емес деп ойлаймын. Аялдама басшылары карта бойынша жинақтап, А3 форматына жазылған 111сөзді реттілігімен еденге қойып шығып, әр үштіктің мүшелері бір-бірінің жұмысын оқып танысуы үшін мүмкіндік беріп тұруы қажет, яғни аялдама тәртібін қадағалайды.

Слайдта кері қайтарылған үлкен бағдаршаны байқап тұрсыз. Ол не үшін қажет? Ол – **Рефлексиялық есеп** сіздің әр жұмысыңызды қортындылап ертеңгі күнге жоспар жасауыңыз үшін қажет екендігін еске салушы құрал. Өз іс-тәжірибеңізде, күнделікті сабақта да рефлексиялық есеп ұйықтар алдында күнді қалай өткізгеніңізге есеп бергендей ертеңгі күні қателікті жөндеуге, бүгінгі сабақтан ертеңгі сабағыңыз сәтті болуы үшін жасалатын қажеттілік. Рефлексия арқылы сабақты бекітіп, кемшіліктерді сараптайсыз және жетілдіру жұмысын келесі сабақтың білу кезеңімен байланыстыра отырып, жаңа сабағыңызды жалғастырып әкете аласыз.

Мен бұл әдісті көпшілікке ұсынудағы мақсатым – жеке тәжірибеде аталған дәйектемелерді барлығы бірдей өз есебіне жазып, клондық есеп жазғызу емес. Бұл курс тыңдаушыларына есеп жазуға түрткі болу және «көз-қорқақ, қол - батыр» идеясын түсінуге ықпал жасау ғана болып табылады. Әрбір қиындықты жеңу үшін рухани демеу қажет. Менің мектеп тренері ретінде атқаратын басты ұстанымым - әріптестеріме рухани дем беріп, шығармашылық шабыт сыйлау. Бұл әрине қатып қалған әдіс емес, әр тренер өз қабілетіне қарай түрлендіріп қолдануына болады.

Сіздің, Елбасымыз Н. Назарбаев сенім артып отырған әрбір ұстаздың дарынды, талантты бала тәрбиелеуге мол мүмкіншілігі бар. Ол үшін керегі тек қана ізденіс, ізденіс болуы қажет. Ендеше құрметті әріптестер, болашақ ұрпақ алдында ұялмай жауап беру үшін, шаршамай-талмай жұмыс жасау міндетін адал атқаралық.

1 сабақ

Уақыт	Тренер әрекеті	Қатысушы әрекеті	Қалыптастыру-шы бағалау	Ресурс
10 минут	Сергіту жаттығуы: «Оригами немесе жапондық саудагер» Топқа қағаздың түсіне қарай бөлу; Бағалау критерийлерін еске түсіру	Түрлі-түсті парақтардан өздері қалаған бір зат жасап шығарып, өз жұмысын мақтай отырып коршіге сатуы керек. Ал сатып алушы оны саудалауы қажет.	Сыни тұрғыдан бағалау	Қайшы, клей түрлі түсті қағаздар
5 минут	Рефлексия: базардағы бағалау мен оқуды бағалаудың айырмашылығы?	Бағалау критерийлерін қаншалықты меңгергенін көрсетеді. Өзін бағалау үшін әрекетіне есеп беріп, оң нәтиже мен теріс нәтижені көріп, сараптама жасау	Өзін-өзі бағалау	Презентация
20 минут	«Кезбе журналист» Бағдарламаны табысты игерудің үш критерийін анықтау, талқылау. Шағын топтарда есептерге қойылатын талаптарды талқылау. Топтық жұмыс: Сергіту сәтіндегі әрекеттерге есеп бере отырып	<u>Бағдарламаның түйінді идеясы неде деп ойлайсыз?</u> <u>Қалай қолдандыңыз?;</u> <u>Қалай дамытар едіңіз?</u> Сұрақтары төңірегінде үш топ журналист микрофонымен кездеседі. Журналист түйіні: <i>1. Бағдарламаның түйінді</i>	Мақтау, мадақтау	Микрофон, камера

	тыңдаушыны өз тәжірибесіне рефлексиялық есеп беруге көшіреді. Жетекші Сұрақтар: 1.Сіз әр сабақтан соң қандай іспен шұғылдандыңыз? 2.Осы сабақтан соңғы жасаған ісіңіз қандай нәтиже берді? 3.Қалай ойлайсыз, осыны әдетке айналдыру қажет пе? 4.Ендеше осыны үнемі жасағанда сабағыңызда ілгерілеу болды ма? Егер рефлексиялық есеп нәтижеге жетудің маңызды бөлігі болса осы Бағдарламаның есебін жазуға қадам жасайық.	<i>идеяларын білу және түсіну.</i> <i>2. Өзінің оқыту және оқу тәжірибесінде Бағдарламаның түйінді идеяларын қолдану.</i> <i>3. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді енгізу туралы ойлану және одан әрі дамытуға арналған тәсілдер мен идеяларды белгілеу.</i>		
5 минут	Жұптық жұмыс. 1, 2 санағы бойынша жұптасып, бірінші-1, екінші-2 санды адам өз ойын айтады. «Айт. Тыңда. Ой бөліс»	Екеуара мұғалімдер бағалау парағымен танысып, есептің ауызша қысқаша нұсқасын талқылайды	Сыни бағалау	<u>Мұғалімдерді бағалау</u> <u>(Білім беру платформасын қараңыз).</u> Үлестірме материалдар 401 бет
7 минут	Сабақ қорытындысы. «Мен айтайын, Сіз тыңдаңыз»	Рефлексиялық есеп жазу не үшін қажет? сұрағы төңірегінде	Өзін-өзі бағалау	

	Әр тыңдаушы сабақ бойынша 1 қорытынды тұжырымдайды, тренер тыңдайды	ізденеді		
--	---	----------	--	--

2-сабақ

Уақыт	Тренер әрекеті	Қатысушы әрекеті	Қалыптастырушы бағалау	Ресурс
10 минут	Сергіту сәті: шеңбер болып отырып бір киындығын, екінші айналымда бір қызығын айтады. Екі айырмашылықты қағаздың екі бетіне жазады, киындықты жой деген тапсырма берілгенде жақсы жағы еш ақаусыз калуы қажет. «жаманды да жақсыға айналдыру өз қолыңызда» Милтон Эриксонның бес қағидатын таратып ұстанымға айналдыруға ұсыныс жасау	қиындықты түбегейлі жою кезінде жақсы тұстардан да айрылып қалуы мүмкін екендігін, мұғалім өз ұстанымына «тікенекті де гүлге айналдыру» девизін алуы қажет екендігін түсінеді	Өзін-өзі бағалау	Қағаз, қалам Қағидат 205-бетте
10 минут	Жұптық жұмыс: есептердің үзіндісін өзара бағалау.	Не істедім? Қалай істедім? Неліктен? Қандай қиындық? Болашаққа жоспар. (айналмалы бекет)	Өзара бағалау	

25 минут	«Үш жолаушы немесе 4 «Қ» картасы» Үш адамнан топтасып әр сұраққа түйінді үш сөз айтады. Әр түйіннің шешуі ретінде 111 сөзден тұратын анықтама жазғызады. Алты қадамды аяқтап еденге төсегенде үш жолаушы картасы шығады. Немесе мұны «есеп жазудың алты қадамы» деп атауға да болады.	<u>111*3*6+2=2000</u> <u>есебі бойынша жұмыс жасайды</u> Есептің қай бөліміне неше сөзден қоюға болатындығына ой жүгіртеді. Ушеуден бірігіп 6 топ құрылады әр бекетте бір адам жұмыстың нәтижелілігін бақылайды. Бір адам тайм-спикер. Әр түйінге 6 минут уақыт беріледі.	Мақтау, мадақтау	Слайд
7 минут	Топтық жұмыс: өзара топтар рефл. есептің алғашқы нұсқасын бағалайды. Негізгі назар бағдарламаны түсіну мен талдау жасай білуіне аударылады.	Екі үштік бірігіп бір топ болады. карта жасау кезінде бақылаушы болған адам енді курьер қызметін атқарады.		
15 минут	Я личность! Мультфильмін ұсыну	Мұғалімдер өздерінің жай ғана күнкөріс қамымен емес, болашақ ұрпақты тәрбиелеп жүргендігін түсінеді.	Өзін өзі бағалау	Интернет көзінен алынған материал

5 минут	Сабақтың қорытындысы. Сырласу кеші: «Сіз өз мамандығыңызды мақтан ете аласыз ба?» дөңгелек үстел			Стикер
5 минут	Рефлексия.	Стикерге бүгінгі күннің өзекті сұрақтарын жазу		

ҮЙІРМЕ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Кикбаев Алтынбек Камаламұлы,
№62 мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі
Қызылорда облысы, Арал ауданы

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»

Н. Назарбаев

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып жас ұрпақтың бойындағы іскерлік қабілетін ашу және оларды шығармашылыққа баулу туындайды. Қазіргі кездегі білім берудегі негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Жас бала не нәрсені болса да білуге құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді жақсы көреді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру сабақтың жақсы ұйымдастырылуына байланысты. Сондықтан, әрбір сабақта бұрыннан белгілі мәліметтерді қайталай бермей, жаңа әдіс-тәсілдерді іздестіру қажет. Сабаққа қызығушылығы артқан оқушы, шығармашылықпен жұмыс істейді. Оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, пәнге деген ынтасын арттыру мақсатында өзімнің іс-тәжірбемді SMART технологиясы мен STEAM – білім беру технологиясын қолдана отырып, үйірме жұмысын ұйымдастырып жүргізудің маңызы зор екеніне көзімді жетті. Қашықтан оқытудың бір әдісі SMART технологиясын пайдалана отырып, оқушыға сапалы білім беруді алға мақсат етіп қойдым. Осы технология арқылы үйірме жұмыстарына мүмкіндігі шектеулі оқушыларды тарта отырып жұмыс жасаудамын. SMART технологиясы оқушыларға қолайлы уақыт пен орын, қашықтықтан білім алуды жүзеге асырады, үздік білім ресурстарына қолжетімділігі артады, денсаулығы шектеулі білім алушылардың білім алу мүмкіндігі пайда болады, оқытушымен

үздіксіз қарым-қатынас және білім алудың қолайлы күнтізбесі жасалады. Мектебіміздегі интерактивті тақта, интернет желісі, планшеттер, activote құрылғыларын және ұялы телефондарды тиімді пайдалана отырып өмірге бейімдейтін болашақта мамандық тандауға көмектесетін екі және үш өлшемді бағдарламаларды қолға алып оқытып жатырмын.

Ақпараттық технологияның даму қарқынын тиімді пайдалана отырып, үйірме мүшелерінің шығармашылық қабілеттерін арттыруы, үйірме жұмысының қаншалықты дұрыс ұйымдастырылғанына байланысты. Егерде жұмыс дұрыс ұйымдастырылса оның білімі мен тәрбиелік мәні өте зор. Ол жұмыстар оқушылардың практикалық дағдысын дамытып, шығармашылық қабілеттерін арттырады. Оқушылармен үйірме жұмысын жүйелі түрде жүргізіп отырған жөн. Біздің мектебізде әртүрлі үйірмелер жұмыс жасайды. Үйірмеге әр түрлі жастағы балалар қатысады және оған қатысатын оқушылардың әрбірінде ашылмаған байлық, талант жатыр. Сол талантты ашу, оны ары қарай дамыту, арттыру жолында жұмыс жасап келемін. Қазіргі компьютерленген жаңа заманда әр оқушының заман талабына сай әлемдік дәрежеде білімді меңгерту, шығармашылық қабілетін арттыру - ең басты міндетім.

Информатика пәнінің үйірмелерінің оқытудың негізгі мақсаты:

1. Оқушылардың ақпараттық білімі мен іскерлік дағдыларын қалыптастыра отырып, дамыта оқыту жүйесіне сай білім беру;

2. Оқушыларды белсенді, толыққанды өмірге және ақпараттық қоғам ортасында жұмыс дайындау, шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыру.

Осы мақсатта жас ерекшеліктерін сақтай отырып информатика пәнінен 5 сыныптарға «Ойындар елі», 6-7 сыныптарға «Роботтехника», 8-9 сыныптарға «Web» және 10-11 сыныптарға «Үшөлемді модельдеу» атты үйірме және клубтар ашып оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізіп келемін.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының негізгі міндеттерінің бірі баланың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болса, Қазақстан Республикасының дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау көрсетіп дамыту концепциясы шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған білім беру кеңістігін туғызуды талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқу бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Қашықтықтан оқыту технологиясын тиімді пайдалану жолдары негізінде ақпараттық технологияны пайдалана отырып, өз тәжірибемде қазіргі заман талабы бойынша қашықтан оқыту технологиясын пайдаланудың өте тиімді жолдарын қарастырдым. Мен өз тәжірибемде қашықтықтан оқыту технологиясында жұмыс жасауды сайттар, бағдарламалар, ұялы телефондар, онлайн сабақтар және электронды пошта арқылы офф-лайн түрінде жүзеге асырып келемін.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту барысында жеке шығармашылық тапсырмаларды, тест, блок-схемалар, ребустар, сөзжұмбақ құрастыруды, Компьютерлік ойындарды, логикалық есептерді және Монтессори технологиясын, СТО технологиясының, ойын технологиясының әдіс-тәсілдерін қолданамын.

Білім алушының шығармашылық қабілетін дамытуда түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың бір-біріне жолдастық, достық, қарым-қатынасы, бір-біріне ынта-жігерімен көмектесуге, үйретуге, өз беттерімен ізденіс жасауды, пәнге қызығушылығы артуы, өз білім деңгейлеріне талдау жасуы, білім сайысына түсіп, өздерін қорғай алулары, шығармашылық ізденісі артады, көрсете білуге дағдылары қалыптасуы сияқты жетістіктерге жетуге болады. Компьютерлік сауаттылығы артып, білімді, ақпараттық бәсекелестік қабілеті жоғары жеке тұлға қалыптасады.

“ОЙЫНДАР ЕЛІ” үйірмесі

5 сынып

Мақсаты: Ақпараттық технологияны терең меңгерген оқушыларға өз ойынан ойындар құрастыру үлгілерін үйрету және Construct бағдарламасында жұмыс жасауды дамыту.

Міндеттері:


- Ақпараттық технологияларды үйретіп, пайдаланушылардың әр түрлі бағдарламаларда білімін тереңдету
- Ақпараттық технологияны пайдаланушыларға Construct және GameMaker бағдарламасында жұмыс жасау жолдарымен таныстыру.
- «Construct және GameMaker» бағдарламасында жұмыс жасау жолдары туралы толық мәлімет беру.
- «Construct және GameMaker» бағдарламасындағы күрделі шарттармен жұмыс жасауды жетілдіру.

Күтілетін нәтиже: Ақпараттық технологияны пайдалану және пайдаланушының білімін тереңдету. Өз ойынан құрастырып ойындар жасау. Күнделікті пайдалану, күрделі элементтерді пайдалану.

Негізгі идея: Пайдаланушы «Construct және GameMaker» бағдарламасындағы жұмыс жасау қабілетін арттыру. Әр түрлі ойындар жасау жолдарын үйрету.

Теориялық маңыздылығы: Ақпараттық технологияның бағдарламаларының мүмкіншіліктерін үйренеді. «Construct» бағдарламасындағы шеберлігі артады, пайдаланушының білім деңгейі дамиды.

Практикалық мәнділігі: Бейне таспалар арқылы «Construct» бағдарламасының жұмысын көрсету және түсіндіру. Информатика пәні бойынша әр түрлі бағдарламалармен зертханалық жұмыстар жасау. Пайдаланушыға практикалық жұмысты тез және түсінікті жасау жолдарын көрсету.



«РОБОТТЕХНИКА» клубы

6-7 сынып

Роботтар – қарқынды дамып келе жатқан болашақтың жоғарғы технологияларының бірі. Қазіргі кезде роботтар өміріміздің көптеген саласына, атап айтқанда, ғарышты игеру, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қорғаныс ісі және басқа да салаларға еніп үлгерді.

Мақсаты: Робототехника курсын үйрету, қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, қарқынмен дамып келе жатқан қоғамда кәсіби маман болып қалыптасуына бағыт беру.

Міндеттері:

- Бағдарламаны үйрету арқылы оқушылардың танымдық, біліктілік қабілеттерін дамыту;

- Оқушылардың компьютерлік графикамен жұмыс жасау барысында олардың кәсіби маман болуына ықпал жасау;

Негізгі идея: Мектеп базасы қалыптаспаған білім ордаларында «Робототехника» клубын жүргізу жолдары және пайдаланушы роботтардың модельдеуде жұмыс жасау қабілетін арттыру. Әр түрлі роботтарға жан бітіруді үйрену.

Күтілетін нәтиже: Ақпараттық технологияны пайдалану және пайдаланушының білімін тереңдету. Өз нысандарын құрастырып роботтардың бейнелер жасау. Күрделі элементтерді жасау және күнделікті пайдалану



8-9 сынып


Қолданбалы курстың негізгі мақсаты:

Microsoft FrontPage қосымшасын және негізгі HTML тіл конструкциясын қолдану арқылы оқушыларға Web-құжат жобалау технологиясын менгерту.

Қолданбалы бағдарламаның міндеттері:

- ақпаратты тарату және қолдану;
- Web-беттер құру;
- Интернетте материалды жариялау;
- Web-дизайн негіздерін білу;
- дүниежүзілік ақпараттану әлемі жөнінде түсінік алу;
- компьютерлік технологиялардың жаңалықтарын өзінің білім саласында жүйелі түрде өзін-өзі дамыту ретінде қолдану.

Күтілетін нәтижелер: осы берілген курс бойынша оқушылар тәжірибе алып, болашақта ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы алған білімдері мен біліктіліктері практикалық проблемаларды шешуге көмектеседі .



«ҮШӨЛШЕМДІ МОДЕЛЬДЕУ» үйірмесі

10-11 сынып

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

Үшөлшемді модельдеу программасында жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру; заман талабына сай компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін еркін пайдалана білуге үйрету; нәтижелі жұмыс жасауға баулу; оқушыларға білім алудың қарапайым түрлерін қолдана отырып, графикалық редакторлардағы жаңа ұғымдармен таныстыру, көркемдеу, безендіру жұмыстарын орындауда құрал-жабдықтардың қызметтерін есінде қалатындай етіп қабылдауға үйрету.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- Бағдарламаны үйрету арқылы оқушылардың танымдық, біліктілік қабілеттерін дамыту;
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, кәсіби бағдар беру.
- Оқушылардың компьютерлік сауаттылығын дамыта отырып, кәсіби маман болып қалыптасуына ықпал жасау;



Үйірме жұмысындағы оқушылардың жетістігімен суреттер топтамасы



Қорытынды

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Тіпті бірқатар дамыған елдерде бұл идея ұлттық қағидаға айналған. Сондықтан халықаралық ұйымдар әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің рейтингін анықтауға кірісті. Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.

Үйірмеге қатысқан оқушылар әр түрлі деңгейдегі мәселен қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық дәрежедегі шығармашыл сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болуда.

Бүгінгі күні ХХІ ғасырдың ақпараттанған, жан-жақты мәдениетті, іскер, өмірге икемделген, бәсекеге қабілетті дарынды шәкірт тәрбиелеу барша ұстаздың міндеті. «Білемін», «Үйренемін», «Білгенімді іске асырамын» деген өмірлік принциптерді бала бойына қалыптастырып, олардың шығармашылық ізденістерін арттыруда қолдан келгенше ұстаз ретінде еңбек етемін.

SWOT- АНАЛИЗ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Ж. К. Кунарова,

учитель русского языка и литературы

школы-лицея № 14 им.Н.К.Крупской

Кызылординская область, Аральский район

В настоящее время наиболее востребованными для современной личности являются инициативность, владение системным и критическим мышлением, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, готовность обучаться в течение всей жизни, способностью рождать новые решения, технологии, инновации. «В обществе, - по словам Президента Н. А. Назарбаева,- должен доминировать инновационный, креативный тип поведения». Эти функциональные качества личности становятся главными в условиях решения стратегически важной для страны проблемы формирования функциональной грамотности личности, которая в современном, быстро меняющемся мире становится одним из базовых факторов, способствующих активному участию людей в социальной, культурной, политической и экономической деятельности.

Существование данной проблемы в Казахстане подтверждается одним из наиболее известных международных оценочных исследований, основанных на концепции функциональной грамотности. Эта Международная программа оценки учебных достижений (Program for International Student Assessment -

PISA) проводится под эгидой Организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР).

Уникальность исследования в том, что PISA оценивает способности 15-летних подростков использовать знания, умения и навыки, приобретенные в школе, для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, а также в межличностном общении и социальных отношениях. В ходе тестирования в рамках PISA оцениваются три области функциональной грамотности: грамотность в чтении, математическая и естественнонаучная грамотность.

Являясь учителем-словесником, более подробно хочу остановиться на направлении – грамотность чтения. Международные эксперты выработали следующее определение данного направления. Грамотность чтения – способность обучающихся к осмыслению письменных текстов и рефлексии на них, к использованию их содержания для достижения собственных целей, развития знаний и возможностей, для активного участия в жизни общества. В 2009 году Казахстан впервые принял участие в исследовании PISA. Казахстан относится к группе стран - членов ОЭСР, результаты которых по грамотности чтения статистически ниже среднего результата – 390 баллов. Казахстанские учащиеся 15-летнего возраста имеют рейтинг, находящийся на 59 позиции среди 65 стран. Доля казахстанских школьников, готовых адекватно использовать более или менее сложные учебные тексты и с их помощью ориентироваться в повседневных ситуациях, составляет 5 % от числа участников исследования грамотности чтения.

Анализ результатов по уровням чтения показал, что 6-ой уровень оказался сложным для наших школьников, а на задания 5-го уровня смогли ответить лишь 0,4 % учащихся, что говорит об отсутствии навыков логического мышления, умении оценивать незнакомый текст, соответственно находить, извлекать и интерпретировать необходимую информацию. Уровень способностей казахстанских учащихся в области чтения соответствует первому уровню: задания этого уровня требуют от учащихся определения основной темы текста и взаимосвязи между информацией, представленной вразброс по тексту. Таким образом, можно сделать вывод, что в наших школах существуют проблемы в формировании таких практических навыков, как способность обучающихся к осмыслению текстов различного содержания, формата и рефлексии на них. Кроме того, в отечественной системе образования понятие чтения не совпадает с тем, что предлагается в исследовании, в котором чтение должно быть функциональным, то есть с целью поиска информации для решения конкретной задачи или выполнения определенного задания. Одной из причин невысоких результатов называют неумение работать с текстами разных стилей. Современные методики преподавания русского языка ориентированы на практическое овладение его нормами и предусматривают владение единицами языка в различных ситуациях речевого общения. По моему мнению, текстоцентрический подход – необходимое условие достижения нового качества образования. В связи с этим я выбираю коммуникативно -

деятельностный подход в обучении русскому языку. Коммуникативный, так как ученик изучает язык, овладевает нормами речи на основе работы с текстом и словом как единицей высказывания, и деятельностный, так как процессы учения выступают как деятельность (речевая деятельность, речевое поведение, речевой поступок). Данный подход обеспечивает создание особого учебного пространства, где ученик становится деятелем: он самостоятельно ориентируется в деятельности учения и выбирает удобные способы освоения учебного материала, включается в коллективный поиск истины, высказывает и аргументирует собственное видение ситуации, выслушивает и понимает альтернативные точки зрения, отстаивает свое мнение в диалоге, формирует личную позицию. Учебным продуктом такого рода деятельности также будет текст или высказывание (в устной и письменной форме).

Для реализации поставленной цели - формирования функционально грамотной языковой личности через работу с текстом - я поставила перед собой следующие задачи:

1) внедрение на уроках русского языка форм и методов работы с текстом, способствующих развитию функциональной грамотности и навыков функционального чтения;

2) подбор текстового материала, разработка способов практической работы с информацией и различными информационными источниками, направленной на развитие навыков анализа, синтеза, обобщения и систематизации языковых и текстовых единиц;

3) вовлечение учащихся в учебную, исследовательскую и практическую деятельность с целью развития их творческих способностей, выявление одаренных в лингвистическом отношении детей.

Наиболее результативными, на мой взгляд, являются следующие формы и методы организации работы с текстом:

- комплексная работа с текстом;
- лингвостилистический анализ текста;
- атрибутивный анализ текста;
- сопоставление двух текстов (одного автора, одного стиля и жанра)
- «самодиктанты»;
- различные виды диктантов с изменением текста;
- сочинение-рассуждение, эссе;
- редактирование текста;
- интеллектуально-лингвистические упражнения;
- работа с текстами-миниатюрами;
- составление синквейнов, диамантов, кластеров к тексту (технология критического мышления);
- коммуникативные и игровые ситуации;
- диалектический анализ текста (SWOT- анализ).

В своей работе особое внимание уделяю такому виду работы как комплексная работа с текстом. Очень важны критерии отбора текстов. Тексты

должны быть интересными с точки зрения орфографии, отличаться стилем, типом речи, лексикой, содержать различные синтаксические конструкции.

Среди словесных текстов, оказывающих наиболее сильное влияние на формирование языковой личности, особую роль приобретают тексты, направленные на развитие духовно-нравственных качеств личности: о культуре памяти, об отношении к прошлому, настоящему и будущему, о национальных традициях, о проблемах экологии и т.п. Это должен быть текст, вызывающий эмоции и побуждающий желание поразмышлять. При этом нужно обратить внимание на эмоциональное звучание текста, то есть необходимо передать то настроение, которое передает автор.

Примерный план комплексного анализа текста любого типа речи:

1. Выразительное чтение текста. 2. Словарная работа. 3. Тема и идея текста. 4. Проблематика текста. 5. Тип текста. 6. Стиль текста. 7. Выразительные средства речи и их роль. 8. Орфографическая и пунктуационная работа.

На основе «образцовых» текстов можно проводить и самодиктанты. Ребята должны произвольно запоминать такие тексты, уметь легко их воспроизводить. Тексты для самодиктантов – это отрывки из произведений наших классиков, которые читаются на уроках литературы, кроме того, это тексты упражнений учебника или «мудрые мысли».

Еще более стимулируют коммуникативно-познавательную деятельность учащихся диктанты с изменением текста (творческие, свободные, восстановленные, диктанты по аналогии, диктанты с продолжением). Применение диктантов развивает логическое мышление учащихся и учит мыслительной переработке материала. Приемы работы с текстами-миниатюрами, а также сравнение двух текстов - это путь от восприятия текста, понятия текста (через его анализ) к созданию собственного высказывания, сочинения, что важно и для развития памяти, внимания, мышления учащихся.

Особенно эффективны при развитии творческих способностей учащихся инновационные педагогические технологии (например, технология развития критического мышления). Создание синквейнов, диаманта (двойного синквейна) кластеров, инсера к тексту позволяет учащимся осмыслить всю полученную информацию, присвоить новое знание, сформировать у каждого ученика собственное отношение к изучаемому материалу.

Подробнее остановлюсь на новом для меня методе работы с текстом на уроках русского языка в старших классах. SWOT- анализ представляет собой всесторонний диалектический анализ текста. Этот метод был разработан в 1960 году Майклом Портером для подробной оценки состояния окружающей среды и ответов на конкурентную борьбу. Название представляет собой аббревиатуру: S (strength)- сильные стороны; W (weakness)- слабые стороны; O (opportunity)- благоприятные возможности; T (threat) – угрозы. Как видим, данный анализ позволяет диагностировать положение дел на двух уровнях - существующем, реальном (S и W) и гипотетическом, возможном (O и T).

Этапы работы при использовании SWOT- анализа:

1. Отбор текста. В методическом плане это очень важно: в нем должно быть содержательно и проблемно описано явление, хорошо знакомое ученикам и побуждающее желание размышлять.

2. SWOT- анализ будет более эффективен, если ему предшествуют задания по осмыслению содержания текста:

- ответы на вопросы проблемного характера;
- сжатый пересказ текста с сохранением его особенностей - жанровых, композиционных и стилистических.

3. SWOT- анализ как всесторонний диалектический анализ текста начинается с четкого формулирования поставленной в нем проблемы.

4. Затем предлагается учащимся заполнить таблицу «Диалектический анализ проблемы с помощью SWOT- анализа». Для начала приводят дословные выдержки из текста, а затем обобщают их. При заполнении таблицы важно следовать логике: действие сильных сторон может привести к реализации благоприятных возможностей, действие слабых – к угрозам (в обоих случаях прослеживаются причинно-следственные связи). В то же время действуют антонимические связи «сильные - слабые стороны», «благоприятные возможности - угрозы» как проявление закона единства и борьбы противоположностей. Такое рассмотрение проблемного явления не только позволяет развивать мышление и речь ученика, но и помогает ему принять верное решение, опираясь на законы развития общества и человека.

Strength - сильные стороны существования проблемы.....

Weakness - слабые стороны существования проблемы.....

Opportuniti - благоприятные возможности существования проблемы.....

Threat – угрозы существования проблемы.....

5. Далее можно организовать беседу по материалам таблицы. Например: что чаще проявляется в жизни – сильные или слабые стороны? Как связаны между собой сильная сторона и благоприятные возможности, слабая сторона и угрозы? Что чаще наблюдается в жизни: благоприятные возможности или угрозы? и т.п. В плане воспитания функционально грамотной языковой личности важно по результатам беседы сформулировать выводы мировоззренческого характера с опорой на содержание текста.

6. В условиях реализации коммуникативно-деятельностного подхода в обучении русскому языку и необходимости формировать комплекс компетенций SWOT- анализ должен органично вписаться в систему работы по тексту. Его логичным продолжением должна стать дискуссия, творческий пересказ с продолжением, сочинение по мотивам проанализированного текста.

Итак, предлагаемый метод дает возможность управлять развитием мышления и речи учащихся, уделяя особое внимание его смысловой, содержательной стороне. Это позволяет целенаправленно формировать лингвистическую, коммуникативную, когнитивную, культурологическую компетенции. Вместе с тем диалектический анализ текстовой информации помогает старшеклассникам адекватно воспринимать проблемы и решать их в условиях нравственного, познавательного и интеллектуального саморазвития.

Многоаспектная работа с текстом позволила мне достичь следующих результатов:

- обучающиеся умеют создавать самостоятельные связные высказывания различных стилей, типов и жанров речи;
- у большинства учащихся сформировалась положительная мотивация изучения русского языка и литературы, возросло стремление к исследовательской и практической деятельности;
- более эффективно происходит развитие интеллектуальных умений и навыков учащихся, формируется умение творческого подхода к решению учебных задач;
- повышается культурный уровень, что позволяет учащимся добиваться реальных успехов в учебе, различных конкурсах;
- учащиеся умеют работать с информацией и различными информационными источниками;
- повысился уровень коммуникативной компетенции.

Таким образом, формирование коммуникативной компетенции посредством работы с текстом способствует разностороннему развитию функциональной языковой личности ученика.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ «Педагогикалық идеялар көрсетілімі» тақырыбында облыстық пікірталас алаңы өткізілгені туралы анықтама

2018 жылғы 29 қаңтар күні «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ базасында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы мазмұнындағы «Туған жер» жобасын және ҚР орта білім беру мазмұнын жаңартудың тұжырымдамалық идеяларын жүйелі жүзеге асыру, жас ұрпақты патриоттық және рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде инновациялық идеяларды, шешімдерді және озық педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату мақсатында «Педагогикалық идеялар көрсетілімі» тақырыбында қалалық, аудандық орта білім беру мекемелерінен 62 педагог қызметкерлерінің қатысуымен облыстық пікірталас алаңы өткізілді.

Пікір талас алаңында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ директорының орынбасары С. Серікбаев сөз алып, қатысушыларды облыстық пікірталас алаңының мақсатымен таныстырып өтті. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына кеңінен тоқталып, қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқандығын, мақаланың мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болатындығын, Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отырғандығын, ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың

феноменін анықтап беріп, әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынғанын баса айтты.

«Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізінде ұйымдастырылған іс-шара барысында ұстаздардың көптеген тың ойлары мен ұсыныс-пікірлері, жаңаша бағыттағы жұмыстары, іс-тәжірибелер ортаға салынып, қызу талқыланды. Нәтижесінде ортақ ұсыныстар бойынша үздік деп танылған Қызылорда қаласындағы 112 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Г. Ахметжанованың «Мұғалім – болашақтың құрылысшысы» тақырыбындағы «3 жолаушы немесе 4 «Қ» картасы» және №45 «Ақ Орда» мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі А.Пернеевтің «Geogebra» компьютерлік бағдарламасында берілген функцияның графигін айналдырғанда шығатын айналу денелерін модельдеу», Арал ауданындағы №62 мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі А. Кикбаевтың «Үйірме арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру» мен № 14 мектеп-лицейінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж. Кунарованың «SWOT-анализ на уроках русского языка и литературы как средство развития функциональной грамотности учащихся», сонымен қатар «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ аға оқытушысы М.Орманованың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. «Сыр қойнауы» бағдарламасы» тақырыптарындағы педагогикалық идеялар ұсынылды.

«Педагогикалық идеялар көрсетілімі» тақырыбында өткізілген облыстық пікірталас алаңының қорытындысы бойынша ұсынымдар:

Облыстық білім басқармасы әдістемелік кабинетіне:

- облыс көлеміндегі орта білім беру ұйым педагогтерінің тың идеялар базасын жасақтау;

- шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтерді анықтап, олардың іс-тәжірибелерін облыс, республика көлемінде таратуға ықпал ету.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына:

- педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарындағы көшпелі тәжірибелік сабақтарында алаңның үздік жұмыс іс-тәжірибесін насихаттау;

- алаңның үздік жұмыстарын республикалық, облыстық баспа беттерінде жариялау;

- алаңда қорғалған үздік жұмыстар негізінде мұғалімдерге авторлық бағдарламалар дайындауға әдістемелік көмек беру.

**Қызылорда қаласындағы 112 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі Г. Ахметжанованың «Мұғалім – болашақтың құрылысшысы»
тақырыбындағы «3 жолаушы немесе 4 «Қ» картасы»
педагогикалық идеясына негіздеме**

Біліктілік арттыру курсы кезінде ең қиыны 2000 сөзден тұратын рефлексиялық есеп жазу екендігіне көз жеткізген тренер қиындықты жеңу – адам санасының өрлеуіндегі ең басты шарт екендігін ескере отырып, осы қиындықты жеңілдетуге бір айла табу мақсатында «3 жолаушы немесе 4 «Қ» картасын» ойлап шығарған. Әдістің негізі мынада: курс бойынша оқып жатқан 25 кісінің алтауын алты бекеттің басшысы етіп қалдырып, қалған 18 тыңдаушыны әр топта үшеуден келетіндей етіп өзіңізге тиімді әдіспен алты топқа бөлінеді. Тапсырманы орындауға бар болғаны 6 минут уақыт беріледі. Осы уақытта адам 111 сөзді жазып үлгереді.

Нәтижесінде $111\text{сөз} \times 3\text{адам} \times 6\text{команда} + 2\text{сөз түйін} = 2000\text{ сөзден}$ құралған рефлексиялық есептің жабайы сұлбасы дайын болады. Осы картамен толық оқып танысқан тыңдаушының көңілінде рефлексиялық есептің жалпы картинасы құрылады және сол картинаны ортаға салып талқылауға да түрткі болады. Сол сияқты жеке тапсырмаларды орындай отырып, үштіктер мәтіні біріккенде топтағы 100 сағаттың нәтижесі де көрініс береді және есеп жазудың үлгісін көре алады.

Г. Ахметжанованың «3 жолаушы немесе 4 «Қ» картасы» педагогикалық идеясын көпшілікке ұсынудағы мақсаты – жеке тәжірибеде аталған дәйектемелерді барлығының бірдей өз есебіне жазып, клондық есеп жазғызу емес, курс тыңдаушыларына есеп жазуға түрткі болу және «көз – қорқақ, қол – батыр» идеясын түсінуге ықпал жасау, әрбір қиындықты жеңу үшін рухани дем беріп, шығармашылық шабыт сыйлау болып табылады.

**Қызылорда облысы, Арал ауданы №62 мектеп-лицейінің
информатика пәні мұғалімі А. Кикбаевтың «Үйірме арқылы
оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру» тақырыбындағы
педагогикалық идеясына негіздеме**

Пән мұғалімінің негізгі мақсаты – оқушылардың ақпараттық білімі мен іскерлік дағдыларын қалыптастыра отырып, дамыта оқыту жүйесіне сай білім беру, шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыру.

Педагогикалық идея оқушылардың жас ерекшеліктерін сақтай отырып, информатика пәнінен 5 сыныптарға «Ойындар елі», 6-7 сыныптарға «Роботтехника», 8-9 сыныптарға «Web» және 10-11 сыныптарға «Үшөлемді модельдеу» атты үйірме жұмыстары мен клубтарын жүргізуге негізделген.

Үйірме барысында мұғалім SMART және STEAM білім беру технологиясын қолдана отырып үйірме жұмысын ұйымдастырып жүргізудің маңызы зор екеніне көз жеткізіп отыр. Сондай-ақ, осындай технология арқылы үйірме жұмыстарына мүмкіндігі шектеулі оқушыларды тарта отырып жұмыс жасауды ерекше назарға алған. Себебі, SMART технологиясы оқушыларға қолайлы уақыт пен орын, қашықтықтан білім алуды жүзеге асырады және үздік білім ресурстарына қолжетімділігі артып, денсаулығы шектеулі білім алушылардың білім алу мүмкіндігі пайда болады, оқытушымен үздіксіз қарым-қатынас пен білім алудың қолайлы күнтізбесі жасалынады.

Үйірмеге қатысатын оқушылардың әрбіріндегі ашылмаған талантты әрі қарай дамыту, арттыру жолында жұмыс жасап келе жатқан Алтынбектің ең басты міндеті – қазіргі компьютерленген жаңа заманда әр оқушының заман талабына сай әлемдік дәрежеде білімді меңгерту, шығармашылық қабілетін арттыруды көздейді.

**Қызылорда қаласы №45 «Ақ Орда» мектеп-гимназиясының
математика пәнінің мұғалімі А. Пернеевтің «Geogebra» компьютерлік
бағдарламасында берілген функцияның графигін айналдырғанда
шығатын айналу денелерін модельдеу» тақырыбындағы педагогикалық
идеясына негіздеме**

А. Пернеев қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы күнделікті сабақтың құнды принциптерін іске асыруға және сабақтың «ақылды» мақсаттарына жетуге кеңінен мүмкіндік беретінін негізге ала отырып, «Geogebra» компьютерлік бағдарламасын өз сабақтарында тиімді пайдалану барысын көрсетеді және сабақты жоспарлауда өзекті мәселелерге мән береді.

Педагогикалық идея білім беру саласындағы көптеген мәселелер шеңберінде сабақтың көрнекілік принципін іске асыруға, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға ықпалы бар, олардың өз бетімен білім алуын жүзеге асыруға ыңғайлы «Geogebra» компьютерлік бағдарламасын өз іс-тәжірибесінде қолдануға бағдарланған. Мұғалім үлгі ретінде 11 сыныпта алгебра пәні бойынша «Айналу денелерінің көлемін табуда анықталған интегралды қолдану» тақырыбы бойынша өтілген сабақтың жоспарын ұсынып отыр. Тақырыпты игерту барысындағы мұғалімнің мақсаты оқушылар «Geogebra» компьютерлік бағдарламасында синус, косинус тригонометриялық функцияларының қасиеттерін қолданып айналу денелерінің интерактивті анимациялық модельдерін жасауды үйренуімен, виртуалды кеңістікте (3D-үш өлшемді) оларды айналдыра отырып, қалаған ракурста көре алуымен сипатталады және айналу денелері өмірде кездесетініне көздерін жеткізеді,

көлемдерін анықталған интегралды қолданып есептеп шығара алады, сондай-ақ кеңістікте геометриялық фигураларды елестету дағдыларын мен танымдық қабілеттерін дамытады.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ аға оқытушысы М. Орманованың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. «Сыр қойнауы» бағдарламасы» педагогикалық идеясына негіздеме

М. Орманованың дайындаған бағдарламасының мақсаты Қызылорда облысында «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында тәуелсіз Қазақ елінің даму тарихындағы өлке деректерінің құндылығын тану, балалардың танымдық қызығушылықтары және зияткерлік-шығармашылық әлеуетін ынталандыру, оқушы бойында «Туған жер» тарихына деген құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру, өлкетану деректерін насихаттау және патриоттық тәрбие беру мен рухани-адамгершілік тәрбие беруді үздіксіз дамытуды көздейді.

Бағдарлама «Мен-зерттеушімін», «Мен еліктейтін Тұлғалар», «Руханият мұрағаты» «Туған жерге туың тік» экспедициясы, «Қоршаған орта және біз» бағыттарынан құралған. Жоба аясында білім беру мекемелері арасында бірлескен жұмыстарды тиімді ұйымдастыру үшін көшпелі іс-шаралар (кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинар-тренингтер, кәсіби байқаулар, акциялар, жоба жазу жарыстары мен экспедициялық жорықтар, телемарафон, форумдар және т.б.), сынып жетекшілері арасында кәсіби байқаулар ұйымдастыруды жүзеге асыру жоспарланған.

Білім беру ұйымдарында бағдарламаны игерту барысында сынып жетекшілері мен мектеп оқушылары арасында өлке тарихын зерттеуге, туған жер тарихына деген құрмет-көзқарастары қалыптасады, көнеден келе жатқан жәдігерлерді жинақтау жұмыстарын жүргізу алға қойылған. Мұндай педагогикалық идея пән мұғалімдері үшін таптырмас әдістемелік көмек болып табылады.

Қызылорда облысы, Арал ауданы № 14 мектеп-лицейінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж. Кунарованың «SWOT- анализ на уроках русского языка и литературы как средство развития функциональной грамотности учащихся» тақырыбындағы педагогикалық идеясына негіздеме

Қазіргі таңда заманауи тұлғаға ең қажеттісі – бастамашылдық, жүйелі және сыни ойлауды меңгеру, шығармашыл ойлау мен стандартты емес

шешімдерді қабылдай білу, өмір бойы білім алуға дайын болу, жаңа шешімдер, технологиялар, инновациялар ойлап табуға қабілетті болу.

Автор тіл маманы ретінде сауаттылық бағытына егжей-тегжейлі тоқталған. Халықаралық сарапшылардың пайымдауынша, оқу сауаттылығы – білім алушылардың жазбаша мәтіндерді түсіну қабілеті, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдалану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімдерін және мүмкіндіктерін дамыту.

Осы орайда, автор орыс тілін оқытуда куммуникативті-қызметтік тәсілді таңдап жұмыс жасайтынын айтқан. Алға қойған мақсаты – мәтінмен жұмыс істеу арқылы функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру. Осы бағытта жоғары сыныптарда орыс тілін оқыту барысында SWOT-талдау – мәтінмен жұмыс жасаудың жаңа әдісін пайдаланудың жолдарын қарастырған.

Ұсынылып отырған әдіс мәндік және мазмұндық жақтарын ескере отырып, білім алушылардың ойлау және сөйлеу дағдыларының дамуын басқаруға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз оқушының лингвистикалық, коммуникативтік, когнитивтік құзыреттіліктерін мақсатты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мәтіндік ақпаратты диалектикалық талдау жоғары сынып оқушыларына мәселені шынайы қабылдап, оны танымдық және зияткерлік жағдайда шешуге көмектеседі.

Осылайша, мәтінмен жұмыс жасау арқылы коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру оқушының функционалдық тілдік тұлғасын жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

**«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІГІН АРТТЫРУ
ИНСТИТУТЫ**

**ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ МЕН
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ
ТҮРЛЕНДІРУ ТАЛАПТАРЫ**

Марал Әділгерейқызы Сахарбаева,
*«Өрлеу» БАҰО» АҚФ
Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ,
Мұғалімдердің кәсіби дамуын
психологиялық-педагогикалық қолдау
кафедрасының аға оқытушысы, тренері*

Менің педагогикалық идеям:

**ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ МЕН
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ
ТҮРЛЕНДІРУ ТАЛАПТАРЫ**

Мақсаты:

**МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ЖҮЙЕЛІ ҰЙЫМДАСТЫРУДА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ӨЗ БЕТІМЕН ІЗДЕСТІРУІН
ДАМУ**

Қазақстандық педагогика қоры қандай? Мектептегі мұғалім мен оқушының іс әрекеті қалай дамытылуда? Ол оқушының білім алуына жеткілікті ме, заман ағымымен даму үстінде ме? деген сұрақ білім саласында тынбай еңбек етіп жүрген қауымды ойландыруда.

Білім жүйесі ғылым жетістіктерін өз тәжірибелерінде қолдана білетін, шығармашылықпен ойлана алатын, өзінің кәсіби қызметіне талдау жасап, дамыта алатын мұғалімдерді қажет етіп отыр.

«Жаңаның бәрі ұмыт қалған ескі» демекші кейбір әдістемелік құралдардың қайта жаңарып жатқан жағдайы бар. Педагогикалық әдіс-тәсілдерге, сабақ формаларына өзгерістер енгізілуі мұғалімдер мен оқушыларды, қала берді ата-аналарды да елең еткізіп қызықтыруда.

Сонау заманда педагог Я.А.Коменскийдің салып кеткен сынып-сабақтық жүйемен, орыс елінің, шетелдің педагог-психологтерінің әдіс-тәсілдерін, тәжірибелерін пайдаланып жатқанымыз рас.[6, б.32] Дегенмен, осыған қанағат етіп қоймай, өзге ұлт өкілдерінің көшірмесі болмай, өз ұлтымыздың ерекшелігіне, тәлім-тәрбиесіне орай құрылған Отандық педагогика қоры жасақталып, заман талабына сай педагогтардың тәжірибелік еңбектері жинақталып, педагогикалық құралдар, технологиялар, әдіс-тәсілдер

ойластырылып, әдістемелік жинақтары молынан жарық көруіне үлес қосқымыз келеді.

Білім беру үдерісін ұйымдастыруда мұғалімдегі басты қиындық, бекітілген стандарт талабын оқушының орындай алмауы басты мәселе болып отыр.

Оқушының барлық пәнді игеріп, міндетті деңгейден шығып, «білу керек» стандарт талаптарынан шыға алмауы мүмкін. Осы жерде мынадай сұрақ туындайды. «Оқушы барлық пәнге икемді ме, пәнді меңгеру қабілеті бірдей ме?» Әрине, жоқ. Осыны біле тұра мұғалімдер оқушыларды «зорлықпен» өз пәндерін жақсы көруіне жұмыстанады. Мұғалімдердің қолданатын қаруы ұрсу-қорқыту, «екі» қою, ата-анасын шақыру т.б. агрессивті іс –шаралар. Бұдан екі жақ та:

Мұғалім ашушаң болып, шаршап, оқушылармен ата-аналармен конфликтіге барса, оқушылар пәнді жек көріп, мектепке келгісі келмей, әлеуметтік ортада өзін ұстауы, қарым-қатынас жасау қиындықтары туындайды.

Жалпы «қиын бала» деп психологтар атап тағып жүрген балалардың көбінің бұзықтық жасауына осындай мұғалімдердің қатаң талаптары мен бағалары оқушыны бұзып, артынан сол қиын баламен жұмыстанып, «түзету» жұмыстарын жүргізіп, бір жұмысты екі рет жүргізіп жүруіміз ақылға сиымсыз.

Мектепте оқушылардың жас ерекшелік модулін басшылыққа алу ескерілмейді, бұл тек оқушы жасы емес, мінез-құлқы, танымы, көзқарасы, қызығушылығы. Бұларды ескермеген жағдайда оқушының жақсы көрсеткіш көрсетуі мүмкін емес.

Мұғалімдердің қателігі барлық оқушылар «4» пен «5» оқысын деуі. Ол мүмкін емес жағдай. Мұғалімдер осы міндетті деңгейді меңгертем деп, «қасқасы қайнайды». Неліктен оқушының мүмкіндік деңгейін ұмытып кетеміз?!

Әрине, мұғалімдердің бұл жерде кінәсі жоқ, себебі, басшылар сапа сұрап, талап етіп отыр. Сондықтан сол межеге жету үшін мұғалімдер педагогика заңдылықтарын бұзып, былыққа белшесінен батады.

Міндетті деңгейдің меңгерілмеудің басты себептері неде десек:

1. Мұғалімнің әдіс–тәсілдерінің тиімсіздігі, инновациялық әдіс–тәсілдердің жетіспеуі;
2. Мұғалім мен оқушының жақсы адами қарым қатынасының болмауы.
3. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру жеткіліксіздігі.
4. Стандарт талаптарының дәстүрлі білім беру жүйесінен шыға алмауы;
5. Деңгейлік (дифференциациялық) тапсырмалар, сұрақтардың оқушылардың жас ерекшелігіне сай берілмеуі.

Шешу жолдары:

Бұл қиындықты шешуге мұғалімнің жеке әлі келмейді, ол үшін жалпы білім жүйесін басшылық құрылымды өзгертуді қарастыру қажет, қиындықтан шығу жолын бірге іздестіру керек.

Идея, ұсыныстарды, талаптарды ұсынуды «төменнен» «жоғарыға» қарай жүргізу қажет.

Ең тиімді жолы эксперименттен өткен шетелдік білім жүйесін басшылыққа алып, сүзгіден өткізіп, жаңа, тиімді басқару жүйелерін енгізу жолдарын қарастыру.

Соның ішінде ең бастысы стандарт талаптарын өзгерту. Ол үшін:

Жаңартылған білім беру жүйесі бойынша оқушыларды ерте жастан кәсіпке баулу бастамасын жалғастыру керек, тиімділігіне көз жеткіздіру;

Оқушының «барлық сабақтан беске оқу керек» деген жалған стереотивті жою қажет;

Тапсырмалардың оқушы деңгейіне сай (дифференциалық) құрылуын ылғи назардан шығармау;

Оқушы портфолиосын қолға алу, сол арқылы оның қай пәнді ұнататынын анықтау жұмыстарын ұзақ, әрі сапалы жүргізу;

Стандарттың, пән бойынша бағдарламалардың мүмкіндік деңгейі мен міндетті деңгейлерін қайта қарастыру қажет.

Сол арқылы оқушылардың пәнді сүйіспеншілікпен оқып, түсінуіне жол ашып, әрі қарай мамандық таңдауына көмектесуіміз керек.

Курс кезінде мұғалімдерге бұл қиындықтардың уақытша екенін, себебі, ескі білім беру жүйесі мен жаңа білім беру жүйесінің тоғысқан мезгілінде тұрғанымызды ескертеміз.

Барлық қиындықтардың шешімі табылар, алайда осы қиындықтардың оқушылардың мінез-құлқына әсер етпей, жанын жарақаттамай, жақсы азамат болып өсуіне жағдай жасап, шешімін табуымыз керек болып тұр.

ПЕДАГОГТЫҚ ӘДЕП ЖӘНЕ ҰСТАЗДЫҚ ШЕБЕРЛІК

Сисенова Ардақ Тынымжанқызы,
*Өрлеу» БАҰО» АҚФ Маңғыстау облысы
бойынша ПҚ БАИ, Мұғалімдердің кәсіби дамуын
психологиялық-педагогикалық қолдау
кафедрасының аға оқытушысы, тренері*

Педагогтық әдеп-мұғалімнің ең етене кәсіптік белгісі. Ол белгі адамның үйреншікті әдетінен, сөйлеген сөзінен, тіпті киген киімінен де байқалуы мүмкін.

Қазір бізде ұстаздық шеберлік туралы көп айтылып жүр. Мұның өзі заңды да. Шеберлікті ұдайы шыңдамайынша, мектеп алдына қойған міндеттерді жүзеге асыру мүмкін емес.

Ұстаздық шеберлік дегеніміз не? Ұстаздық шеберліктің негізі, біріншіден мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның сол жұмысқа берілгендігі. Мұғалімдер ең алдымен оқушыларды елдің азаматтығына отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Ұстаздық шеберлік, екіншіден, пәнді жетік білуі.

Үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін міндетті түрде

меңгеруі. Педагог көп біліп қана қоймай, алған білімін оқушыларға бере білуі.

Оқушыларға мұғалім тарапынан дәрежелік көрсету біздің заманымыздың рухына қайшы. Балаларды оқыту мен тәрбиелеу бұл педагогикалық әдеп болып есептеледі. Әдетте, әдепті мұғалімнің бойынан кішіпейлілік, басқаны түсіне білушілік, тапқырлық елгезектік, ұстамдылық, байсалдылық, әзілкештік өзгенің пікіріне құлақ асушылықты байқауға болады.

Қазіргі таңда мектепке келген жас мамандар мен шәкірттің арасындағы байланысқа тоқталсақ:

«Жақсы ұстаз боламын» деп алдына мақсат қойған жас маман Ш.А.Амонашвилидің педагогикалық еңбектерінен сабақ ала жүруі қажет сияқты.

«Мұғалім, мені шығармашылыққа шабыттандыр!»

«Балалар, асығыңыз: біз ұшуға үйренеміз!»

«Күлкім менің, қайдасын?»

«Рух батыры болып өмірімізді сүрейік пе?»

«Балаларды түсіну дегеніміз - өзімізді олардың орнына қоя білу деген сөз».

Мектепті реформалаудың қажеті жоқ, мұғалімнің жан дүниесін реформалау керек – деген Ш.А.Амонашвилидің сөздерін әр жас маман есте ұстап жүру қажет.

Алай да зер салып байқасақ, жалпы әдеп бар да, педагогтық әдеп бар ғой. Кез келген тәрбиелі де мәдениетті адамның бойынан педагогтық әдеп табыла бермейді. Педагогтық әдеп – медицина қызметкерлерінің дәрігерлік этикасы сияқты мұғалімнің кәсіптік сапасы.

Педагогтық әдеп, кең мағынасында алғанда-мұғалімнің әрбір нақты іс үстінде тәрбие мәселесінің ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданып, оқушыларды еліктіріп әкететін кәсіптік сапа.

Педагогтық әдептің негізі оқушыларға шынайы ықыласта және олардың адамдық ар-ұятында деген адалдықта жатыр. Педагогтық әдетке баланы адам деп сыйлау деген анықтама беруге болады. Ұлттық мектептің алға қойған мақсаты да осы. Баланы құрметтеу қажет екенін көптеген ұлы педагогтар айтып кеткен болатын. «Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол-бала дәл сондай бола алады»-деп баса көрсетсе В.А.Сухомлинский, Я.А.Коменский «...алдымен баланы сүю керек, сонан соң оқыту қажет»-деген ұстанымды әр мұғалім естен шығармауы керек.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық мақаласын түсіндіру бағытындағы «Педагогикалық идеялар панорамасы» пікірталас алаңының Маңғыстау филиалы бойынша талқылау нәтижесі мен ұсынылған нұсқаулықтары

29 қаңтар 2018 жылы сағат 10.00-12.00 аралығында «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқармасының Төрағасының Бірінші орынбасары Ж.Қараевтың 24.01.2018 жылғы №15-7-08-01-29-54 хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық мақаласын түсіндіру бағытындағы «Педагогикалық идеялар панорамасы» пікірталас алаңы ұйымдастырылды. Алдын –ала дайындалған алаң бағдарламасына сәйкес пікірталасқа үш тақырып ұсынылды.

Рет саны	Пікірталас тақырыбы
1	«Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық мақаланың орындалысындағы БА жүйесінің ролі
2	Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мен біліктілігін арттыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді түрлендіру талаптары
3	Педагогтық әдеп және ұстаздық шеберлік – «Рухани жаңғыру» негізі

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық мақаласының маңызы көрсетіле отырып, пікірталаста аталған Жолдаудың орындалысындағы біліктілік арттыру саласы мамандарының жұмыс мақсаттарына енгізілетін негізгі бағыттар, олардың орындалысына сай жасалатын жұмыс бағыттары қамтылды және орындау жолдарына көңіл бөлінді.

Барлық экономикалық жетістіктер негізі – білімде. Ал мұғалімнің құзіреттілігі, әдістемелік, теориялық және адами капиталды тәрбиелеудегі жетілуі – бұл біліктілік арттыру жұмысының, оның жүйелі жүргізілуінің нәтижесі екендігіне баса көңіл аударылды. Осыдан туындайтын басты міндеттің бірі мемлекет қаржысын үнемдеуге, жеке тұлғаның өз бетімен жұмыстануына әсер ететін біліктілік арттырудың жаңа формасы – аралас оқытуды меңгеруіне, оның тиімділігін арттыру мәселесіне мән берілді. Сонымен бірге біліктілік арттырудағы филиалдардың біліктілік арттыру курстарының жергілікті педагогтар сұранысына сай бағыттағы ақылы курстарды ұйымдастыруына министрлік бекіткен тақырыптардан тыс тақырыптарды да қамтуға мүмкіндік, еркіндік берілу қажеттігі айтылды.

Екінші сұрақ бойынша жаңартылған білім мазмұнына көшу жағдайындағы мемлекеттік оқу стандарты, оны орындаудағы оқушының үлгерімі мен нәтижеге жетудегі қиындықтары сөз болды. Аталған мәселедегі оқушының жастық ерекшелігіне сай психологиясының толық зерттелмеуі, жеке мұғалімдердің оқушы психологиясының өзгерістеріне ілесе алмауы,

инновациялық технологиялар мен педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану қабілетінің оқушы үлгеріміне әсері сөз болды.

Аталған тақырыппен келесі педагогтық әдеп және ұстаздық шеберліктің «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының орындалысындағы ролі де тікелей байланыста қарастырылды. Аталған мәселеге қатысты ой білдірген педагогтар педагогтық әдеп мәселесінің кең ауқымды мағынасында талдай отырып, жаңартылған білім мазмұнын енгізу жағдайындағы тиімді ролдеріне тоқталды.

Аталған бағыттағы педагогикалық идеяларды талқылай отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастырумен өткізіліп отырған «Педагогикалық идеялар панорамасы» пікірталас алаңына қатысушылар төмендегідей өз пікірлерін ұсынады:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық мақаласынан туындап отырған, біліктілік арттыру саласы қызметкерлерінің алдына білім мазмұнының жанаруына байланысты қойылып отырған міндеттердің өзектілігі атап көрсетілсін.

2. Әр аймақтың педагогикалық қауымының сұраныстарының ерекшеліктерін ескеру бағытында филиал базасында сұраныс бойынша бекітілген бағдарламалар тізімінен тыс бағыттарда да жергілікті жерде бағдарламалар жасақтай отырып, ақылы біліктілік арттыру курстарын өткізу мүмкіндігін қарастыру қажеттігі ескерілсін;

3. Жаңартылған білім мазмұнына қатысты өткізіліп отырған біліктілік арттыру курстары болашақта барлық пәндердің негізін түзетін болғандықтан бұл курстарды «Математика (физика, қазақ тілі мен әдебиеті т.т.) пәнінің пәндік мазмұны мен әдістемесі» тақырыбында алынғаны дұрыс болады.

4. Болашақта мұғалімнің өз біліктілік санатын көтеруге қатысты аттестация талаптарының бастысы мұғалімнің аталған біліктілік арттыру курсынан өтуі болып табылуы қажет.

5. Біліктілік арттыру саласы мамандарының жоғары білімді мамандармен жұмыс жасайтындығын ескере отырып, «Өрлеу» БАҰО» АҚ әр филиалдан ең болмағанда жылына екі маманның мемлекет тарапынан бір магистратураға, бір докторантураға оқу мүмкіндігін алуын қарастыру қажет.

6. Пәндік бағдарламаларды жасақтау барысында стандарт талаптарының минималды деңгейінің толық орындалысын қамтамасыз ету қажеттілігі қамтамасыз етілуі қажет, немесе бағдарлама стандартқа сай жасақталуы қажет;

7. Мектептердің бес күндік оқу аптасына көшуіне байланысты әрбір елді мекенде қосымша білім беру нысандарын дамыту қолға алынуы қажет;

8. Жеке оқушылардың ғылымға қызығушылығын арттыру, республикадағы интеллектуалдық еңбек дәрежесін насихаттау бағытында мемлекеттік гранттарды бөлу барысында республикалық пәндік олимпиадалар жеңімпаздары сол пән бойынша конкурстан тыс грантқа ие болу мүмкіндігі қарастырылуы қажет;

**«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІГІН АРТТЫРУ
ИНСТИТУТЫ**

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Айтқазина Самал Оспанқызы,
Павлодар қаласы
«Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы 10 лицей-мектебі» директоры,
Павлодар облысы бойынша
«Рухани жаңғыру» жобалық офисінің бас менеджері

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз еліміздің жаһандану дәуіріндегі кеңістікті рухани құндылықтармен толтыра түсетін, ұлттық код пен ұлттық болмысты негізге алып оны заманауи, әлемдік өзгерістермен үйлестіретін, келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжаттардың бірі екенін білесіздер.

Аталмыш мақала жариялғалы бері ұстаздар қауымы өз орталарында қызу талдап, іс-шаралар жоспарын құрып, біршама жұмыс атқарғаны белгілі. Бүгінгі күні, Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты мұрындық болып өткізіп жатқан пікір алмасу алаңы аясында бағдарламаны тәжірибемен ұштастыра талқылып, жасап жатқан ісімізге аралық талдау жасап, болашақ қадамдарымызды тағы бір екшелеп, айқындап алудың жолы деп түсінуіміз қажет.

Қазіргі таңда, қай мектеп қабырғасында өткізіліп жатқан іс-шараны алып қарасақ та, мақсаты мен міндеті сәйкессе де, сәйкеспесе де рухани жаңғыру бағдарламасына телу көп кездесіп жатады. Сондықтан да бағдарламаны тереңінен түсініп, оны өн бойынан өткізіп, сана елегіне салған абзал. Осы ретте, елбасымыздың «Егер жаңғыру ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адаса бастайды» деген сөзі көкейге оралары хақ.

Жалпы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында облыс әкімдігі жанында «Рухани жаңғыру» жобалық офисі құрылған, онда әр басқармаға тиесілі кіші бағдарлама, одан өрбитін базалық бағыттар бойынша ұсынылған жобалар сараптамадан өтіп, жүзеге асырылуда. Бірақ, жобаларға қатысты да түсінік әртүрлі, бір рет өткізілетін іс-шараны жоба деп атап жатқанымыз баршылық. Сондықтан да жоба мен іс-шараның ара жігін ажыратып алған жөн болар.

Атқарылып жатқан ісімізді толыққанды түсіну үшін баяндамамды, біздер, ұстаздар қауымына қатысты, «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы аясында «Не атқарылды?», «Болашаққа бағдар қандай?» деген сұрақтар төңірегінде,

«Рухани жаңғыру бағдарламасын жобалар негізінде жүзеге асыру» тақырыбында өрбітуді жөн көрдім.

Жалпы, «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының «Өлкетану», «Саналы азамат», «Отаным-тағдырым» атты үш базалық бағыты бар. Өткен жылы облыс көлемінде 6 облыстық жоба, 2 іс-шара, оның ішінде 4 жоба Білім беру басқармасының тарапынан, біреуі Тілдерді дамыту басқармасы, екіншісі Жастар саясаты басқармасы тарапынан өткізіліп, жүзеге асты.

2017 жылы жүзеге асырылып, ағымдағы жылы жалғасын тауып жатқан «Асық ойнайық!», «Тарих толқынында», «Тарихыңды таны», жексенбілік бренч «Отбасымен бірге үш тілді үйренейік!» жобалары, «Атамекен» кіші бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан «Мектебіме тағзым», «Жас волонтер» жобалары да өз жалғасын таппақ. Атап айтсақ:

- Мектеп түлектерінің өздері түлеп ұшқан алтын ұя мектептерінің дамуына үлес қосуы арқылы, білім саласында әлеуметтік-мәнді жобаларға қатысу арқылы меценаттық пен қамқорлықты дамыту мақсатында еліміз бойынша біздің өңірімізде ғана жүзеге асып жатқан бірегей жоба - «Мектебіме тағзым» жобасы;

- Өскелең ұрпақты төл мәдениетімізге баулу, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге негізделген «Асық ойнайық!» жобасы;

- Мектеп мұражайларының жұмысын жандандыру және білім мекемелерінің тарихын баяндайтын «Әр мектептің өзінің естелік кітабы сыр шертеді» айдарымен кітаптар мен қысқаметражды фильмдер шығаруға негізделген «Тарих толқынында» жобасы;

- Халық арасында аймағымыздың тарихын тарихи-өлкетану, этнографиялық және археологиялық жұмыстар және кэмпингтік мәдениет арқылы белсендіру, насихаттауға негізделген «Тарихыңды таны» жобасы;

- Кәсіптік және техникалық білім мекемелерінде «Студенттер оқушыларға» волонтерлық қозғалысты, орта білім беру мекемелерімен сабақтастықты дамытуға негізделген «Жас волонтер» жобасы.

Жоғарыда аталып өткен жобалар бағдарламада көрсетілген бәсекелік қабілет, Прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы бағыттарын қамтитын жобалар болып табылады. Десек те, аталған жобалардың ішінде «Мектебіме тағзым», «Асық ойнайық!» жобалары қарқынды жүзеге асқанымен, қалған жобаларды жүзеге асытуда бәсеңдік байқалады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы қосымша 9 облыстық деңгейде, 35 республикалық деңгейде жүзеге асыру жоспарланды.

Кітап оқуды насихаттайтын «Кел, балалар, кітап оқиық!» жобасы. Бүгінгі таңда Білім беру басқармасы тарапынан мектеп жасындағы балаларға оқуға арналған 100 кітап таңдалған. Сонымен қатар, таңдалған кітаптардың электрондық нұсқасын жасау жоспарлануда. Жоба аясында «Менің сүйікті кітабым» айдарымен облысқа танымал адамдардың кітаптарын презентациялау да қарастырылған.

Отансүйгіштікті, туған жерінің тарихын біліп, тану сақтауға негізделген тарихи-өлкетану бағытындағы жобалардың бірі- «Е.Бекмаханов атындағы турнир».

Бәсекелестіктің айқын нышаны болып табылатын жобалардың бірі «Көптілділік олимпиадасы». Аталмыш олимпиада ШҚО, Қарағанды, Алматы және Астана ққ. аймақтық серіктестік аясында өткізілмек.

Осы орайда мұғалім мамандығының мәртебесін көтеру мақсатында өткізілетін «Шебер ұстаз» жобасының екендігін атап өтуге болады.

Оқушылардың туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру, зерттеу, агротехникалық жұмыс түрлерін үйрету және еңбекке баулу мақсатында «Жасыл желек» жобасы жүзеге асырылмақ.

Кәсіптік және техникалық мамандықтарды, оның ішінде жұмысшы мамандықтарды насихаттау, жастар ортасында кәсіби бағдар беру алаңын ұйымдастыру мақсатында «100 жол - 1 мамандық» және 2 іс-шара жүзеге аспақ.

Сонымен қатар, Павлодар облысы мәдениет басқармасымен бірлесе мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жобасы аясында актерлік шеберлікке баули отыра оңалту бағдарламасының бір бөлігі іспеттес болатын «Шекарасыз театр» жобасы іске аспақ.

Бір қарағанда қарапайым жобалар, десек те осы бағытты шаблон ретінде емес, жүргізудің жаңа формаларына салып, заманауи келбетте, қалыптан тыс, діттеген мақсат – міндетіне сәйкес жүргізсе құба-құп болар еді.

Елбасымыз: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс» дейді. Бізде қалай? Тағы бір мәрте ойланатын сұрақ. Ойланып қана қоймай, өзіміздің өзгеруімізге негіз ету керек деп білемін. Себебі, білімнің салтанат құруы және оның жалпыға ортақ болуы Сіз бен бізге байланысты екені хақ.

КРАЕВЕДЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ И ПАТРИОТИЗМА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Жаксылыкова Жанара Жумагуловна,
*учитель начальных классов
школы – лицея № 16 города Павлодар*

Глава государства в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» подчеркнул, что одним из главных условий модернизации общественного сознания является сохранение собственного национального культурно-генетического кода, фундаментальная основа которого – патриотизм. Патриотизм рассматривается как часть национальной стратегии государства, и одна из его основ закладывается в любви к своему городу – малой родине, родной земле – Туған жер. От малой родины

начинается любовь к большой родине – родному краю, к родной стране, планете в целом.

Я уверена, что воспитание любви к Родине начинается с любви ко всему окружающему: деревьям, цветам, тишине и покою, отчему дому. Нам не воспитать любовь к народу, не воспитав любви к окружающим людям – к сверстникам и взрослым. Любовь и преданность Родине начинается с признательности матери, отцу, бабушке, школьному учителю, тренеру; с ощущения сердечного тепла, которым окружен ребенок, с переживаний красоты родных мест.

Возрастные особенности младшего школьника позволяют ученику увидеть многообразие окружающего мира с позиции детского воображения: любоваться первым снегом, радоваться журчанию ручейка, испытывать гордость за выполненную работу, открыто демонстрировать свои чувства, любовь и доброту. Любовь и доброта проявляются в отношениях ребёнка к окружающему миру, поэтому изучение родного края является деятельностью, направленной на формирование патриотических качеств младшего школьника.

В рамках реализации базового направления «Өлкетану» подпрограммы «Туғанжер» в школе-лицее №16 запущен проект «Прошлое, настоящее и будущее исторического природного памятника «Гусиный перелет». Этот вид деятельности направлен на сохранение и популяризацию историко-культурного наследия «Гусиный перелет» в черте города Павлодара. В ходе этого проекта учащиеся изучают природный памятник, историю его возникновения, значение его в жизни Прииртышья. Ребята не только пропагандируют идею сохранения этого памятника, но и работают над благоустройством территории, разрабатывают туристические маршруты. Я уверена, что с такими маленькими защитниками в будущем мы сможем сохранить не только «Гусиный перелёт», но и другие заповедные места нашей планеты.

В процессе работы над проектом «Жизнь в фотографиях» была проведено исследование по изучению архитектурного облика города Павлодара через фотографии Д.П. Багаева, Н.Мохерева. Учащиеся познакомились с жизнью людей, чем они занимались, как развивались различные отрасли и профессии горожан. Были проведены встречи со старожилами города. Из архивов семьи Каримовых, узнали, что в г. Павлодар, помимо коренного и русского населения, переезжали и люди других национальностей. Данная фотография демонстрирует первых представителей семьи Каримовых, переехавших из Казани и обосновавшихся в нашем городе.

Из архивов семьи А.Г. Копосовой учащиеся узнали об истории села Приозёрный Качирского района, в строительстве которого Ангелина Григорьевна участвовала. Теперь он остался лишь в ее памяти и на фотографиях в ее альбоме.

В ходе работы над проектами учащиеся познакомились с семейными архивами и представили «жизнь в фотографиях» своих семей. Были представлены интереснейшие факты и истории из жизни семей. Такая исследовательская работа вызвала живой интерес у детей, гордость за свою

семью, классный коллектив, родной город. Учащиеся научились работать с информацией, систематизировать ее, взаимодействовать друг с другом, уважать свои семейные традиции, делать выводы, формулировать свои высказывания.

Эти навыкигодились моим ребятам и в выполнении коллективной работы. Был создан классный альбом «25 шагов нашего класса». Учащиеся пришли к выводу о необходимости сохранения традиции ведения семейных альбомов, которая на сегодняшний день утрачена, так как современные гаджеты позволяют делать фотографии, но не могут сохранить их надолго, как семейные альбом.

Успешный человек – это человек, у которого есть семья, в которой царят любовь и забота, где уважают младших и чтят старших, бережно относятся к своим истокам и традициям. Изучение истоков и привитие семейных ценностей является основой формирования гражданственности младшего школьника.

В качестве примера приведу работу над проектом «Родословные как способ сохранения преемственности поколений» АйгеримАхатовой. Ученица в своем проекте смогла определить основные вехи развития рода Райымбековых, описала жизнь своих знаменитых предков, продемонстрировала готовность продолжить дело одного из аксакалов рода, который, изучая архивы, сохраняя семейные истории и реликвии, пытался передать своим потомкам, какой вклад внесла семья от далеких предков до современного поколения в историю страны.

Такой способ изучения поколений рода позволил создать семейное дерево. Наглядный пример подрастающему поколению, который хочет узнать свои корни, - создание семейной родословной книги «Ұрпаққа ұлағат» («Назидание поколению»), в которой представлена история семьи с 1770 г. по 2009 г., презентация данной книги на конференции «Достойные сыны Отечества» в Жезказганском историко-археологическом музее, создание домашнего музея, проектирование семейного герба и оттиск его на чайном сервизе, который стала «новой» реликвией семьи.

Работа вызвала огромный интерес среди учащихся школы, поэтому были созданы условия для представления другими учениками информации об их семьях на классных часах и внеклассных мероприятиях. Видя с какой ответственностью они собирают информацию о своей семье, с какой гордостью представляют аудитории, я сделала вывод, что учащиеся в будущем будут достойными продолжателями традиции своих предков.

Исследовательская работа такого рода является доказательством того, что уважать и чтить историю своей семьи и передавать её по наследству – истинная сила общества, страны и мира в целом.

Если ученик, приходя в школу, ежедневно будет соприкасаться с продуктом своей деятельности, то это будет развивать в нем чувство гордости, желание познавать и рассказывать об этом окружающим. Недавно мы оформили стенд, который являлся результатом работы всей школы, итогом проекта «Мой край родной», целью которого было изучение достопримечательностей родного края. В течение года в классных коллективах

были организованы классные часы, внеклассные мероприятия, на которых был отработан, проанализирован и собран богатейший материал о родном крае: история создания городов и районов области, доказана значимость предприятий в жизни города и страны, предпосылки строительства культурных и оздоровительных объектов нашего региона. Этот вид деятельности позволил учащимся самостоятельно определить содержание стенда, разработать его дизайн. Представленный материал является доказательством заинтересованности учащихся в качественном выполнении задания, умения сопереживать и оценивать значение исторических событий в их жизни и в истории области в целом.

Патриотическое воспитание младшего школьника – процесс сложный и многогранный. Именно краеведение закладывает в ребенке те «зернышки», которые должны потом «прорасти».

Сегодня могу с полной уверенностью могу сказать, что изучение моими учениками родного края прививает любовь к родине, своему народу. В будущем они вполне смогут стать лидерами процветающего Казахстана, проложить путь в новое будущее страны, сделав свой народ, как обозначил Н.А. Назарбаев, "нацией сильных и ответственных людей".

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА МЕКТЕПШІЛІК «МИРАС» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Кузембаев Аян Сансызбаевич,
тарих пәнінің мұғалімі,
№19 ЖОББМ, Павлодар қ.

Жобаның мақсаты, міндеттері және өзектілігі

Бұл бағдарлама «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі ережелерін жүзеге асыруды көздейді, оқу және тәрбие үдерісінде бәсекеге, прагматизмге қабілетті, тұрақты білімі бар, сананың ашықтығы мен өзінің ұлттық кодының бірегейлігін түсінетін Тұлға қалыптастыру.

Негізгі міндеттер:

Адамгершілік/рухани салада: қоршаған ортаға адамгершілік қатынасы, адамдарға мейірімділік көрсету принциптері негізінде Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеу;

Әлеуметтік салада: қоғамға әрбір оқушының ықпалдасуына әсер ететін қоғамдағы белсенділік дағдыларын дарыту;

Танымдық салада: өз бетінше білім алу дағдыларын, ғылыми-зерттеу жұмыстарына дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.

Нәтижелер көрсеткіші: Өз мектебінің, өз аймағының және тұтастай өз елінің тарихына, құрметпен қарайтын тұлғаны тәрбиелеуге ықпал ететін тәрбие жұмысының жүйесі құрылады.

Жобаның негізгі бағыттары: өлкетанушылық, патриоттық, кәсіби-бағдарлық бағыттар.

Жүзеге асырылу мерзімдері:

1-кезең - 2018 -2020

